

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ 811.161.1:811.111'25

Қолжазба құқығында

**МАНАПБАЕВА ЖАННУРА ЖАРҚАНБЕКОВНА**

**С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы**

6D020700 – Аударма ісі

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
филология ғылымдарының  
кандидаты, профессор м.а.  
С.Д. Сейденова  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD, профессор  
Микель Эдо Хулия (Испания)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	3
<b>КІРІСПЕ</b> .....	5
<b>1 РЕАЛИЯ – АУДАРМАТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЫСАНЫ</b> .....	12
1.1 Көркем мәтіндегі реалияның сипаты .....	12
1.2 Реалиялардың жіктемесі.....	16
1.3 Көркем мәтіндегі реалияны анықтау .....	23
1.4 Көркем шығармадағы реалиялардың қызметі.....	27
1.5 Көркем шығармадағы реалиялардың берілу барабарлығы .....	29
1.6 Көркем шығармадағы реалиялардың берілу стратегиялары мен тәсілдері ..	32
1-тарау бойынша тұжырым.....	41
<b>2 С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫ МЕН ҰЛТТЫҚ-ТАРИХИ ЛЕКСИКАСЫ</b> .....	44
2.1 Мәтінді аударма алдында талдау үдерісі.....	44
2.2 Романдағы этномәдени ақпараттың лексикалық деңгейде көрінісі .....	51
2.3 «Ақ боз үй» трилогиясындағы ұлттық реалиялардың жіктемесі.....	53
2-тарау бойынша тұжырым.....	57
<b>3 С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯЛАРДЫҢ БЕРІЛУ БАРАБАРЛЫҒЫ</b> .....	59
3.1 Реалия-сөздердің берілу барабарлығы.....	61
3.1.1 Географиялық реалия-сөздердің берілу барабарлығы .....	61
3.1.2 Этнографиялық реалия-сөздердің берілу барабарлығы.....	76
3.1.3 Әлеуметтік-саяси реалия-сөздердің берілу барабарлығы.....	150
3.2 Метареалиялардың берілу барабарлығы .....	168
3-тарау бойынша тұжырым.....	177
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	187
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	190
<b>ҚОСЫМША А С. Елубаймен сұхбат</b> .....	200
<b>ҚОСЫМША Ә Үштілді параллель корпус</b> .....	203

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды:

**Аналоцизм** – сөздің түпнұсқадағы мекендік ақпаратты бұрмалайтын сөзбен аударылуы, аударма қателігінің бір түрі.

**Анантропизм** – сөздің түпнұсқадағы кейіпкер бейнесін бұрмалайтын сөзбен аударылуы, аударма қателігінің бір түрі.

**Анахронизм** – сөздің түпнұсқадағы тарихи шындықты бұрмалайтын сөзбен аударылуы, аударма қателігінің бір түрі.

**Аударма реципиенті** – аударма мәтінін қабылдаушы, аударма үдерісінің қатысушысы.

**Аударма скопосы** – аударманы жасау мақсаты.

**Гиперониммен беру** – түпнұсқадағы тар мағыналы бірліктің кең мағыналы бірлікпен аударылуы.

**Гипониммен беру** – түпнұсқадағы кең мағыналы бірліктің тар мағыналы бірлікпен аударылуы.

**Денотативті мағына** – сөздің оның қандай түрлік/типтік класқа жататынын білдіретін семантикалық компоненті.

**Дидактикалық аударма** – реалияның лексикалық мағынасын көркем проза аудармасының стиліне нұқсан келтіріп аудару, реципиентке шамадан тыс ақпарат беру, аударма қателігінің бір түрі.

**Доместикация** – аудармашының түпнұсқаны аударма мәдениетіне барынша жақын етіп аудару стратегиясы.

**Калька** – сөзді бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аудару тәсілі.

**Контекстуалдық аналог** – сөзді түпнұсқадағы контекстуалдық мағынасын өтейтін, бірақ лексикалық мағынасы мүлде басқа сөзбен аудару тәсілі.

**Мәдени аналог** – түпнұсқадағы реалияның аударма тілінде ұлттық бояуы бар ең жақын бірлікпен аударылуы.

**Метареалия** – түпнұсқада меңзелген не жасырылған реалиялар. Метареалиялар интермәтін, пресуппозиция, аллюзия, т.б. түрінде көрініс табады.

**Микроконтекст** – сөз тіркесі не сөйлем аумағындағы контекст.

**Макроконтекст** – бірнеше сөйлем, бөлім не тұтас мәтін аумағындағы контекст.

**Реалия-сөз** – түпнұсқада қандай да бір сөз не сөз тіркесі түрінде көрініс табатын реалиялар.

**Реалия аудармасының барабарлығы** – аудармада реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояуының, контекстуалдық маңызды семантикалық компоненттерінің түпнұсқа мәтін стиліне, реалия формасына сәйкес берілуі.

**Реалияның траекториясы** – реалияның түпнұсқадағы және аудармадағы кездесу реті, саны және сипаты.

**Сөздік реалия** – реалияның аударма тіліне еніп үлгерген, аударма реципиентіне таныс, сөздіктерде көрініс табатын, жалпы қабылданған аудармасы.

**Тарихи бояу** – сөздің лексикалық мағынасында оның қандай бір тарихи кезеңге, тарихи оқиғаға қатыстылығын білдіретін семантикалық компонент.

**Транскрипция** – сөздің түпнұсқадағы айтылу формасын аударма тілінің тілдік құралдарымен беру тәсілі.

**Транслитерация** – сөздің түпнұсқадағы жазылу формасын аударма тілінің тілдік құралдарымен беру тәсілі

**Ұлттық бояу** – сөздің лексикалық мағынасында оның қандай бір ұлтқа, этникалық топқа, т.б. жататындығын білдіретін семантикалық компонент.

**Форенизация** – аудармашының мәтінді түпнұсқа мәдениетіне барынша жақын етіп аудару стратегиясы.

**Функционалдық аналог** – түпнұсқадағы реалияны аударма тіліне түпнұсқадағы ұлттық бояуы бар синонимімен аудару тәсілі.

**Экспликация** – сөздің лексикалық мағынасын аударма мәтінде қосымша бір не бірнеше сөз арқылы сипаттап аудару тәсілі.

## КІРІСПЕ

Қазақ тіліндегі көркем шығармаларды өзге тілдерге аудару жұмысы ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталған-ды. Дәл осы тұста қазақ аударматану ғылымы қалыптаса бастады. Кеңес үкіметі тұсында қазақ тіліндегі шығармалар орыс тіліне кеңінен аударылғанымен, әлемдік тілдерге аудару дұрыс қолға алынбаған болатын. Соңғы жылдары «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында төл әдебиетімізді БҰҰ-ның алты тіліне аудару жұмысы жүріп жатыр. Бұл жоба Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі. Осыған орай Ұлттық аударма бюросының жұмысы аясында қазіргі қазақ прозасы мен поэзия жинақтарын алты тілге аудару қолға алынды. Бірқатар қаламгерлеріміздің шығармалары шет тілдеріне тәржімаланды. “Бүгінде төл әдебиетіміздің көкжиегі кеңейіп, әлем әдебиетінің даму көшіне қосылды. Қазақ қаламгерлерінің туындылары арқылы дүниежүзі жұртшылығы ұлттық руханиятымызды танып, білуде. Қазақстандық 30 жазушы мен 31 ақынның шығармалары БҰҰ-ның 6 тіліне аударылып, жарыққа шыққалы отыр. Осы туындылар 5 құрлықтағы 90-нан астам елге, яғни, 2,5 млрд оқырманға тарайды”, – дейді Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев.

Әлемдік тілдерде жарық көріп жатқан төл туындыларымыздың аудармаларын талдау жұмысы да кеңінен қолға алына бастады. 2000-жылдарға дейін аударматану саласындағы салыстырмалы-салғастырмалы талдаулардың көпшілігі негізінен қазақ-орыс тілдік жұбына арналған болса, қазіргі таңда орыс тілімен қатар түрік, ағылшын, француз, испан, қытай, т.б. тілдердегі аудармалардың сапасы зерттеле бастады.

Қазіргі таңда өзге тілдерде, атап айтқанда, ағылшын тілінде басылып шыққан төл туындыларымыздың аудармаларының сапасы үлкен мәселеге айналған, себебі олардың көпшілігі аралық орыс тілі арқылы аударылады. Осы аудармалар негізінде жүргізілген зерттеулерді қарасақ, кез-келгенінде аударма мәтіндегі семантикалық қателіктер туралы сөз қозғалады. Қазақ тілімен қатар қолданылатын ресми тіл болғандықтан, орыс тіліндегі аудармалардың сапасын анықтау біздің аударматанушылар үшін де, жалпы реципиенттер үшін де біршама жеңіл. Ал елімізде шет тілі саналатын ағылшын, т.б. тілдердегі аудармалардың сапасы турасында ақпарат аз. Оған қоса, ағылшын тілді оқырмандардың пікірін алу да қол жетімсіз. Төл әдебиетіміздің, төл мәдениетіміздің әлемге қандай сапада таныстырылып жатқанынан бейхабармыз. Осы орайда әлем тілдерінде жарық көріп жатқан аудармаларды ғылыми тұрғыда зерттеудің өзекті қажеттілігі туындады. Мұндай зерттеулер қазақтың ұлттық құндылықтарын ашуға ықпал ететін «Мәңгілік ел» мемлекеттік жобасының ұлттық идеясының мақсаттарына жауап береді.

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Докторлық диссертациялық жұмыс белгілі қазақ жазушысы С. Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясындағы қазақ ұлттық реалияларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармада берілу барабарлығын, аударма стратегиялары мен тәсілдерін,

олардың тиімділігін, қандай да бір тәсілді таңдауға әсер ететін факторларды, реалияларды аударуда кездесетін қателіктерді зерттеуге арналған.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** С. Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясы осы уақытқа дейін аударматану саласында тарихи реалиялардың тәржімасы, мәдени аударма тұрғысынан қарастырылды. Дегенмен, трилогиядағы ұлттық реалиялардың аудармасы жеке зерттеу нысаны ретінде алынбаған әрі трилогияның екінші және үшінші кітаптарының аударылуы зерттеу еңбектерінде қарастырылмаған.

С. Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары реалияларды аудармада беру тәсілдерін салыстыруға, олардың тиімділігін, қолдану ерекшеліктерін зерттеуге, белгілі бір «сәйкессіздіктерді» анықтауға және аудармашылардың түпнұсқа мәтіндегі ұлттық реалия сөздердің ерекшеліктерін жеткізуде жетістіктерін зерттеуге арналған релевантты материал болып табылады.

Аударматанудағы реалия мәселесінің өзектілігі жоғары. Реалия баламасыз лексиканың бір түрі болғандықтан оны аудармада барабар беру аудармашы үшін үлкен міндетке айналады. Осы баламалылық пен барабарлық мәселелері әлемдік аударматануда әлі де шешімін таппай келеді. Оған қоса, қазақ тіліндегі реалиялардың басқа тілдерге аударылуы туралы зерттеулер санаулы.

Қазақстандық аударматануда реалия тақырыбындағы зерттеулердің саны жылдан жылға артып келгенімен, олардың сипаты негізінен дескриптивті. Мұндай зерттеулерде қандай да бір шығармадағы реалиялар мен олардың аударма тіліне қандай тәсіл арқылы аударылғандығы сипатталады, ұлттық-тарихи ақпараттың сақталуы не сақталмауы деңгейі анықталады, бірақ болашақ аудармашыларға нұсқау боларлық прескриптивті тұжырымдар жеткіліксіз. Сол себепті, қазақ тіліндегі көркем шығармаларды, әсіресе баламасыз реалияларды өзге тілдерге аударуда қолданылатын ережелерді, барабарлық талаптарын тұжырымдаудың маңызы зор.

Кейінгі жылдары қазақстандық аударматануда реалиялардың аудармалары турасындағы зерттеулер қандай да бір реалия-сөздің белгілі бір микроконтекстегі аудармасын қарастыратын микроскопиялық талдауларға негізделді. Сол себепті, реалияларды түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіндегі барлық қолданыстарының санын, ретін, сипатын, т.б. ескеретін макроскопиялық тұрғыда зерттеудің өзектілігі айқындалып отыр. Мұндай зерттеулер корпусстық лингвистика әдістерін пайдалануды қажет етеді және қазіргі таңда мұндай үрдіс әлемдік аударматануда кеңінен байқалады. Осындай зерттеулер аясында ағылшын, т.б. әлем тілдерінің параллель корпустары жасалып, автоматтандырылуда. Мұндай технологияларды қазақ аударматануына да енгізу кезек күттірмейтін жұмысқа айналуы тиіс.

**Зерттеудің нысаны** – С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясы және оның орыс (“Одинокая юрта”, аударған: Л. Космухамедова, “Молитва” және “Бранный мир”, аударған: А.Ж. Жақсылықов) және ағылшын тілдеріндегі (“Lonely yurt”, аударған: К. Фитцпатрик) аудармалары.

**Зерттеу жұмысының материалдары.** С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясынан алынған қазақ ұлттық реалиялары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан тұратын үш тілді параллель корпус. Корпусқа 420-ға жуық реалия-сөздің 2555 микроконтекстегі қолданыстары мен метареалияның 80-ге жуық қолданыстары кіреді.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Диссертацияда реалия-сөздер мен метареалиялардың жіктемесі, көркем мәтіндегі сипаты, орыс және ағылшын тілдеріне аударылу тәсілдері мен аударма барабарлығы қарастырылады.

**Зерттеудің мақсаты** – С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне берілу барабарлығын анықтау. Аталған мақсатты орындау үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- аударматанудағы реалия түсінігін, жіктемесін, өзге тілдік бірліктерден айырмашылығын, мәтіндегі қызметін анықтай отырып зерттеудің теориялық базасын айқындау;

- көркем шығармадағы реалияны аудару стратегияларын, тәсілдері мен техникаларын талдау;

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” романын аударма алдында талдау, романдағы ұлттық-тарихи лексикалық ерекшеліктерді ашу, ұлттық реалияларды анықтау және жіктеу;

- романдағы реалия-сөздер мен метареалиялардың аударылу тәсілдері бойынша сандық талдауын жасау, доместикация және форенизация деңгейін анықтау;

- роман-трилогиядағы реалия-сөздер мен метареалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығын талдау және ең жиі кездесетін қателіктерді анықтау;

- реалия аудармасының барабарлығына қойылатын талаптарды нақтылау;

- аудармашының таңдауына негіз болатын факторлар мен барабарлыққа жетудің ең ұтымды тәсілдерін анықтау;

- көркем прозадағы реалия аудармасының негізгі ережелерін, аудармашыларға арналған кеңестерді тұжырымдау.

**Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер.** Зерттеу барысында мәтінге аударма алдындағы талдау жасалды. Түпнұсқадағы реалиялар анықталып, олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары кіретін үш тілді параллель корпус жасақталды. Корпус реалия аудармаларына микроскопиялық және макроскопиялық талдау, статистикалық талдау жасауға мүмкіндік берді. Реалия аудармаларының барабарлығын айқындау мақсатында компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау, этимологиялық талдау әдістері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері** ретінде отандық және шетелдік зерттеушілерді этномәдени бірліктердің, реалиялардың аударылуы турасындағы іргелі еңбектері алынды. Жұмыста А. Алдашева, Б.Ш.Баймусаева, С. Абдрахманов, Г. Бельгер, Ж.Д. Дәдебаев, Л.Н.Дәуренбекова, А.С. Ермагамбетова, Т.О. Есембекова, А.Ж. Жақсылықов, Ж.А. Жақыпов, А.Қ.Жұмабекова, М.Е. Куантаева, Ә. Сатыбалдиев, Ә.С. Тарақов, т.б. секілді

отандық ғалымдардың және Ф. Айсела, И.С. Алексеева, М.Л. Алексеева, Л.С.Бархударов, С. Баснетт, М. Бейкер, Ж. Вине және Ж. Дарбельне, Л. Венути, В.С. Виноградов, С. Влахов пен С. Флорин, И.К. Ербулатова, Д. Катан, В.Н.Комиссаров, Д. Кэтфорд, Л.К. Латышев, И. Левый, Р. Леппихалме, Н.М.Любимов, И.К. Мирзаев, В.Л. Муравьев, Ю. Найда, К. Норд, П. Ньюмарк, К. Райс, Я.И. Рецкер, В. Россельс, Г.Д. Томахин, Г. Тури, А.В. Федоров, Н.А.Фененко, Дж. Холмс, С. Хэрви және Я. Хиггинс, Г.В. Чернов, Г.В. Шатков, А.Д. Швейцер, И. Эспиндола, т.б. секілді шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Берілген диссертациялық жұмыста аударматану саласындағы реалия ұғымына жан-жақты талдау жасалды. Реалияның өзге тілдік бірліктерден айырмашылығы анықталып, негізгі екі белгісі айқындалды: аударма тілінде не мәдениетінде баламасының болмауы және ұлттық-тарихи бояуының болуы.

Мәтіндегі сөз не сөз тіркесі түрінде көрініс табатын реалиялармен қатар, мәтінде меңзелетін, жасырылатын метареалия ұғымы ашылды. Реалия-сөздер мен метареалиялардың тақырыптық, тілдік, уақыттық, мекендік, аудармашылық, т.б. жіктемелері толық талданды.

Үштілді параллель корпусты пайдалану нәтижесінде реалияның түпнұсқа мәтіндегі және аударма мәтіндегі траекториясы ұғымы ашылды. Бұл ұғым реалияның аудармасына әсер ететін факторлардың бірі ретінде сипатталды.

Қазіргі таңға дейін ұсынылған реалиялардың аудармада берілу тәсілдерінің таксономиялары талданды және метареалиялардың аударма тәсілдері анықталды.

Көркем прозадағы реалияның аудармасына қойылатын барабарлық талабы нақтыланды: көркем прозадағы реалияның аудармасында реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық-тарихи бояуымен қатар лексикалық мағынасындағы актив семантикалық компоненттердің контекстуалдық маңызы, реалияның формасы ескерілуі керек әрі аударма көркем проза стилімен үйлесуі тиіс.

Реалия аудармасында кездесетін қателіктердің түрлері толықтырылды: анантропизм және дидактикалық аударма қателіктері типтері анықталды.

Жалпылай келе, бұл теориялық тұжырымдар аударма теориясы пәніне, реалиялардың аударылуының теоретикалық мәселелерін зерттеуге үлкен үлес қосары анық.

**Зерттеудің практикалық маңызы.** Жұмыста реалия аудармалары бойынша жан-жақты, әрі терең практикалық нәтижелер алынды. Зерттеудің ең негізгі практикалық жетістігі – реалиялардың аудармаларын талдауда үш тілді параллель корпустың қолданылуы. Бұл корпусты «Ақ боз үй» трилогиясының ағылшын тіліне аударылмаған екінші және үшінші кітаптарын тәржімалауда қолдануға болады.

Ұсынылған зерттеу әдісін аударматанушылық зерттеулерде, қазақ тілінің параллель корпусын жасауға үлгі ретінде қолдануға болады.



Зерттеу жұмысы нәтижесінде алынған қорытындылар мен тұжырымдамаларды аударма теориясы мен тәжірибесі бойынша арнайы курстар даярлауда, көркем аударма тәжірибесі пәнінде оқу материалдары ретінде, аударма ісі мамандығы бойынша оқу-әдістемелік құралдарын жасауда, қазақ ұлттық реалиялары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан тұратын үштілді аударма сөздіктері мен анықтамалар құрастыруда, қазақ тіліндегі ұлттық көркем фильмдерді орыс және ағылшын тілдеріне тәржімалауда пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының жаңалығы.** Зерттеу жұмысында:

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне берілу барабарлығы аударма ғылымының теориясы тұрғысынан алғаш рет қарастырылып отыр;

- дәстүрлі реалия-сөздермен қатар интермәтін түрінде көрініс табатын метареалиялардың да аудармада берілу сипаты алғаш рет анықталды;

- қазақ аударматануында зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет ұлттық реалиялардың үш тілді параллель корпусы пайдаланылды;

- үш тілді параллель корпусын пайдалану нәтижесінде реалиялардың түпнұсқа мен аударма мәтіндердегі траекториясы ұғымы алғаш рет айқындалды, ауқымды мәліметтер негізінде доместикация және фореизация деңгейі анықталды;

- көркем прозадағы реалия аудармасының траекториясына әсер ететін факторлар толықтырылды;

- реалия аудармасында кездесетін қателіктердің типтері толықтырылды;

- көркем прозадағы реалияны аударудың ең ұтымды тәсілі ретінде транскрипция/транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликация ұсынылды;

- көркем прозадағы реалияларды аударудың бөгде мәдениетті сыйлау, үнемділік, тіркесімділік, бірізділік ережелері алғаш рет тұжырымдалды.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

- реалия сөз және сөз тіркестерімен қатар, мәтіндегі интермәтіндік элементтер түрінде де көрініс табады;

- аударматанушылардың еңбектерінде әр түрлі аталғанымен, аударма тәсілдерінің мән-мағынасы шамалас;

- романдағы реалиялар мен оның аудармаларынан құралған үш тілді параллель корпус реалиялардың аудармаларына, олардың барабарлығына, қателіктерге, қолданылған ең тиімді тәсілдерге микро- және макроскопиялық талдау жасауға мүмкіндік береді;

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы реалиялардың орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларында доместикация стратегиясы басым;

- түпнұсқадан аударылған аударма аралық тілден жасалған аудармаға қарағанда барабар болып келеді. Аралық тілден жасалған аудармада семантикалық қателіктер көбірек болады;

- көркем прозадағы реалиялардың аудармасында реалияның тек денотативті мағынасы мен ұлттық-тарихи бояуы ғана емес, сондай-ақ формасы, семантикалық компоненттерінің контекстуалдық маңызы ескерілуі керек;

- көркем прозадағы реалияны аударудың ең тиімді тәсілі – мәтін ішіндегі экспликациясы бар транслитерация/транскрипция;

- көркем прозадағы реалияны аударғанда бөгде мәдениетті сыйлау, аудармалардың бірізді, үнемді, тіркесімді болуын қамтамасыз ету ережелерін сақтау керек. Сондай-ақ, аударманың көркем проза стилімен үйлесуін қадағалау қажет.

**Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы.** Зерттеу жұмысының нәтижесінде отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 11 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасына кіретін ғылыми журналда 2 мақала, РИНЦ мәліметтер базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒССКК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 5 мақала жарияланды:

1. Strategies for reproduction of the national realia of Smagul Yelubay's novel 'Ak Boz Uy' in the Russian and English translations // ISJ Theoretical & Applied Science. 12(56). – Philadelphia, USA, 2017. – P. 229-232. (РИНЦ (Russia) = 0.207)

2. Көркем шығармадағы реалиялардың қызметі (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы негізінде) // ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. – №2 (170), 2018. – 52-57 бб.

3. Ақша бірліктері реалиялары аудармаларының барабарлығы (С.Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: Сборник статей Международной научной конференции (г. Алматы, 22-23 ноября 2018 г.). Ч.3. – Алматы, 2018. – 290-294 бб.

4. Аударматанудағы реалия мәселесі және реалияның жіктелімі // Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане: Сборник материалов XIII Международной научной конференции (г. Алматы, 7-8 ноября 2019 г.). – Том II. – Тараз, 2019. – 281-283 бб.

5. Өлшем реалиялары аудармаларының барабарлығы (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // Көрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жанғара Дәдебаевтың 70 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы филология ғылымдары: ұлттық код және көркемдік таным» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Кұраст.: Л. Мұсалы, Ж.Жақыпова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 252-256 бб.

6. Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – №2 (127). – Нұр-Сұлтан, 2019. – 185-192 бб.

7. С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы ұлттық тұрмыстық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері // Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Ұлы дала тұлғалары: академик Рәбиға Сыздық және қазақ сөзінің құдіреті». – Алматы, 2019. – 294-299 бб.

8. Түйе түрлері реалиялары аудармаларының барабарлығы (С. Елубайдың «Ақ боз үй» романы мен оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде) // ПМУ хабаршысы, Филология сериясы. – №3 – Павлодар, 2019. – 201-213 бб.

9. Ұлттық реалиялардың аудармаларын талдауда корпустық лингвистика әдістерін қолдану ерекшеліктері // Материалы научной конференции «Развитие казахстанской лингвистики и литературоведения в условиях глобализации и цифровизации», посвященной 175-летию со дня рождения великого казахского акына и мыслителя Абая Кунанбаева и 1150-летию со дня рождения тюркского ученого, философа Абу Насра ибн Мухаммеда аль-Фараби Алматы, 17 апреля 2020. – Алматы: ХАТУ, 2020. – 152-157 бб.

10. Pragmatic factors in the use of in-text additions as a technique for translating realia in literary translation // Skase Journal of Translation and Interpretation. – Volume 14. No. 1, 2021. – P. 109-127. (Scopus)

11. The treatment of realia in the translations of Smagul Yelubay's novel "Ak Boz Uy" // Journal of Language and Linguistic Studies. – Vol 17. No 3, 2021. – P. 1366–1378. (Scopus)

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, екі қосымшадан тұрады. Қосымшаларсыз диссертация көлемі – 199 бет. А-қосымшада С. Елубаймен сұхбат келтіріледі. Ә-қосымшада 221 бет көлемінде үштілді параллель корпус беріледі.

# 1 РЕАЛИЯ – АУДАРМАТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЫСАНЫ

## 1.1 Көркем мәтіндегі реалияның сипаты

Кез-келген тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ белгілі бір ұлттың не этникалық топтың тарихын, мәдениетін, ділін, тұрмыс-салт ерекшеліктерін жинақтаушы құбылыс. В. фон Гумбольдттің пікірінше, ұлттың өзіне тән, іштей дамиды рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа танытып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл [1, б. 349]. Шынында да, белгілі бір халықтың тілінде оның тұрмыс-салт, географиялық орта, тарихи даму, тіпті мінез-құлық ерекшеліктері, т.б. көрініс табады. Яғни тіл қандай да бір ұлт мәдениетінің көрінісі болып табылады, қандай да бір халықтың ұлттық-мәдени кодын жинақтайды.

Аударма бір тілдік ортада туындаған мәтінді екінші тілдік ортаның мәтінімен алмастыру үдерісі болғандықтан, аударма кезінде ұлттық, тарихи-мәдени ақпаратты, А.В. Федоровтың терминімен атағанда аялық ақпаратты [2, б. 165] да қоса беру қажеттілігі туындайды. Тарихи-мәдени ақпараттың айырмашылықтары аударматану мәселелерінің негізін құрайды, себебі аударма міндеттерінің бірі – бастапқы тілдегі ақпаратты аударма тіліне толық жеткізу. Дегенмен, бір тілдік ортаның тарихи-мәдени ерекшеліктері екінші ортада түсініксіз болуы мүмкін. Аударманың бұл ерекшелігі американдық лингвист және антрополог Э. Сепирдің теориясында сипатталады: «Түрлі қауымдастықтар өмір сүретін әлемдер – заттары әр түрлі аталатын бір әлем емес, әр түрлі әлемдер. Әрбір тілдік қауымдастық әлемді өзінше қабылдайды, ол басқа тілдік қауымдастықтардың қабылдауынан ерекшеленеді» [3, б. 162]. Бір ұлттың не этникалық топтың өзіне ғана тән заттары, құбылыстары, түсініктері, тарихы болады. Бұл материалдық және рухани мәдениет заттары мен құбылыстары өзге ұлттың не этникалық топтың тұрмыс-салтында болмауы мүмкін. Тиісінше, бір мәдени ортада туындаған мәтінді екінші мәдени ортаға тәржімалаған кезде аудармашы «мәдени кедергілерге» [4, б. 20], [5, б. 1-13] тап болады. Сол себепті, аудармашының міндеті – аударма барысында пайда болатын мәдени «алшақтықтардың» орнын толтыру.

Жоғарыда аталған «мәдени кедергілер» тілде әр түрлі деңгейде – морфологиялық, фонетикалық, лексикалық, синтаксистік деңгейде көрініс табады. Аударматану ғылымында әсіресе лексикалық ерекшеліктердің аударылуы кеңінен зерттеледі. Мұндай лексикалық бірліктер белгілі бір мәдениетке, ұлтқа не этникалық топқа тиесілі болғандықтан, олардың семантикасында мәдени компоненті – тарихи-мәдени бояуы бар деп саналады. Осындай мәдени сипаты бар сөздер мен сөз тіркестері әр түрлі атаумен белгілі. Ең жиі таралған атаулардың бірі – реалия [6, б. 6], [7, б. 180], [8, б. 281]. Реалия сөзі латын тіліндегі *заттық, нақты* деген мағынаны беретін *realis* көпше түрдегі сын есімінен шыққан. Бұл терминді аударматануға ХХ ғасырдың 40-шы жылдары А.Ф. Федоров енгізеді [9, б. 26]. Бұл ұғым лингвомәдениеттану, лингвоелтану, этнолингвистика, мәдениетаралық қарым-қатынас секілді ғылыми бағыттар аясында да зерттеледі.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде реалия термині тек тарихи-мәдени лексиканы ғана емес, тарихи-мәдени сипаты бар заттардың, түсініктердің, құбылыстардың, т.б. өзін де білдіреді. Бұған Л.Л. Нелюбиннің аударматанушылық сөздігіндегі реалия терминіне берілетін анықтамасы дәлел:

1. «Басқа тілде сөйлейтін адамдардың практикалық тәжірибесінде жоқ заттарды, түсініктерді, жағдайларды білдіретін сөздер мен тіркестер;

2. Берілген елдің мемлекеттік құрылымы, берілген халықтың тарихы мен мәдениеті, берілген тілде сөйлеушілердің тілдік байланыстары, т.б. секілді сыртқы лингвистика мен аударматануда зерттелетін түрлі факторлар;

3. Сөздің номинативті мағынасының негізі болатын материалдық мәдениет нысандары;

4. Тұрмыс-салттың ұлттық ерекшеліктерін білдіретін сөздер» [10, б. 178]. Қарап отырғанымыздай, сөздіктегі анықтамада реалия ретінде белгілі бір заттар, түсініктер, жағдайлармен қатар, олардың атаулары да алынады. Сәйкесінше, аударматануда реалия-зат пен реалия-сөз ажыратылады [2, б. 175], [6, б. 6]. Реалия-заттың мағынасы өте кең, тіпті оны белгілеуге бір реалия-сөз жеткіліксіз болуы мүмкін. Реалия-зат пен реалия-сөз мәселесін А.А. Кретов пен Н.А.Фененко ұсынатын реалиялардың лингвистикалық теориясынан көруге болады. Олар зат-түсінік-сөз триадасына сәйкес мынадай жүйені көрсетеді:

1. Реалия – шынайы өмірдегі зат (натурфакт, артефакт) – R-реалия.

2. Реалия – әлеуметтің өмір сүру ортасының идеалды эквиваленті (концепт) – С-реалия.

3. Реалия – мәдени концептіні атаушы. – L-реалия [11, б. 10].

Реалия-зат пен реалия-сөз арасындағы айырмашылық аталғанымен, көптеген аударматанушылар реалия терминімен реалия-затты да, реалия-сөзді де белгілей береді.

Ұлттық тарихи-мәдени сипаты бар сөздерді отандық аударматануда көп жағдайда *реалия* [12, б. 21], [13, б. 15], [14, б. 38], [15, б. 126], *баламасыз лексика* [4, б. 20], *казахизмдер* [16, б. 58] деп атайды. Ресейлік аударматануда тарихи-мәдени бояуы бар лексикалық бірліктерге *реалия* [9, б. 26], *баламасыз лексика* [17, б. 8], *экзотикалық лексика не экзотизм* [18, б. 12], [19, б. 50], *варваризм* [20, б. 139], *алиенизм* [21, б. 109], *мәдени компоненті бар сөз* [22, б. 28], *лакуна* [23, б. 95], [24, б. 120], сондай-ақ *локализм*, *этнографизм*, *фондық сөз*, *коннотативтік сөз* секілді атаулар беріледі.

С. Влахов пен С. Флорин аталған терминдер мен реалияның ара-жігін ашып береді [6, Б. 35-46]. Мәселен, ғалымдардың пікірінше, локализмдер диалектизмдер секілді белгілі бір жерге тән лексикалық бірліктерді құраса, этнографизмдер бір ұлттың тұрмыс-салтына қатысты сөздерді білдіреді. Сондықтан, бұлар реалиялардың қатарына кіріп кетеді. Бұл жағдайда локализм, этнографизм терминдерінің қажеттілігі шамалы.

Лакуна (лат. *lacuna* – ойық, бос орын) дегеніміз бір тілде қандай да бір заттың, түсініктің не құбылыстың жоқ болуы. Лакуна белгілі бір лексикалық бірлікті емес, оның жоқ болуын білдіретіндіктен, оны реалияның синонимі ретінде ала алмаймыз. С. Влахов пен С. Флориннің пікірінше, реалияларға

алиенизм мен варваризм секілді терминдер де синоним емес, себебі олар кірме сөздерді білдіреді, ал реалиялардың барлығы аударма тіліне ене бермейді. Фондық сөздер, коннотативтік сөздер, мәдени компоненті бар сөздер де реалиялардың синонимі бола алмайды, себебі бастапқы тілдегі кез-келген қарапайым сөздің қосымша коннотациясы не мәдени компоненті болуы мүмкін, яғни бастапқы тілдегі сөздердің барлығы реалия болып кетуі мүмкін.

Реалиялардың ең басты қарсылас термині ретінде экзотизм аталады. Дегенмен, экзотизм сөзінің өзі *жат*, *өзге*, *экзотикалық* деген мағыналы болғандықтан, оны реалияның синонимі деп қарастырмайды, себебі реалияның экзотикалық бояуы тек аударма мәтінде ғана көрініс табады, яғни бұл термин аясында реалияның бастапқы тілдегі ұлттық-тарихи бояуы ескерілмейді. Оған қоса, экзотизм термині өте сирек қолданылады. Өте жиі қолданылатын баламасыз лексика термині де реалияның синонимі бола алмайды, себебі баламасыз лексика құрамына реалиялармен қатар, терминдер, тұрақты тіркестер, еліктеуіш сөздер, әдеби нормадан ауытқулар, т.б. жатады [6, б. 15].

Біздің ойымызша, бір мәтін тұрғысынан қарастырғанда, мәтінде кездесетін өзге тілдердің лексикалық бірліктерін экзотизм деп атауға болады. Мәселен, қазақ тілінде жазылған шығармада өзбек халқының мәдениетіне қатысты транскрипцияланған лексикалық бірліктерді экзотизм деп санаймыз. Бұл орайда экзотизмдерді кірме сөздерден бөлек қарастыру керек. Кірме сөздер аударма тіліне сіңіп үлгерген сөздер болса, экзотизмдер сөздіктерден табыла қоймайтын, аударма мәтінде транскрипцияланған, транслитерацияланған не бастапқы күйінде қолданылатын сөздер деп білеміз.

Шетелдік аударматануда реалияларды *мәдени сипаты бар атаулар* (culture-specific items) [25, б. 21], *мәдени сөздер* (cultural words) [26, б. 96], *культурема* (cultureme) [27, б. 34], *мәдени сипаты бар атауыштар* (culture-specific references) [28, б. 159], [29, б. 2] деп атайды. Отандық және ресейлік зерттеулерде реалия термині, ал шетелдік еңбектерде мәдени сипаты бар атаулар тіркесі кеңінен қолданылады. Берілген диссертациялық жұмыста біз реалия терминін пайдаланамыз.

Тарихи-мәдени бояуы бар лексикалық бірліктердің көптеген атаулары болғанымен, ортақ келісілген анықтамасы жоқ. Ф. Айселаның пікірінше, мұның бір себебі – реалиялардың интуитивтік тұрғыда анықталуы [30, б. 57]. Яғни аудармашы болсын, лингвист болсын интуитивтік тұрғыда белгілі бір ұлтқа не мәдениетке қатысты сөздерді автоматты түрде реалия қатарына жатқызады. П.Ньюмарк реалияларға мүлде анықтама бермейді [26, б.94].

Кейбір ғалымдардың анықтамаларында реалиялардың ұлттық-тарихи сипаты ескерілмейді. Мәселен, Л. Бархударов реалия ретінде өзге тілде сөйлейтін адамдардың тәжірибесінде жоқ заттар, түсініктер мен жағдайларды білдіретін сөздерді алады [23, б. 95]. В. Россельс аударма тілінде сөйлейтін халық қолданбайтын түсініктерді, заттарды, құбылыстарды білдіретін шетелдік сөздерді реалияларға жатқызады [31, б.169]. Ғалымдардың бұл анықтамасымен келіспейміз, себебі бұл анықтама ұлттық-тарихи сипаты бар реалияларға емес, жалпы баламасыз лексикаға арналған. Мәселен, тропикалық өсімдіктер –

апельсин, киви сөздерінің қазақ тілінде баламасы жоқ, бірақ олардың ешқандай ұлттық-тарихи сипаты жоқ, сол себепті реалия ретінде санамаймыз.

Тағы бір аударматанушылардың еңбектерінде реалиялар бір тіл тұрғысынан қарастырылады. Мысалы, Ә. Сатыбалдиев қоғамдық-әлеуметтік ортаның, ұлт пен дәуірдің ерекшеліктерімен байланысты сөздерді реалия деп санайды [32, Б. 160-170]. И.С. Алексеева реалия-сөз деп қандай да бір халыққа, мемлекетке не аймаққа тән тұрмыс-салт пен әлеуметтік өмірге қатысты реалияларды білдіретін сөздерді атайды [18, б. 181]. Дегенмен, аударматануда реалиялар бір тіл тұрғысынан емес, екі тіл тұрғысынан қарастырылуы тиіс деп санаймыз, себебі реалиялар – ең алдымен баламасыз лексикалық бірліктер, ал баламалылық тек екі тіл жағдайында анықталады.

Шетелдік ғалымдардың анықтамалары да әр қилы. Бірқатар ғалымдар реалияларды тілдік бірліктер ретінде емес, мәдени бірліктер, концептілер, құбылыстар ретінде қарастырады. К. Нордтың ойынша реалия дегеніміз «Х мәдениетінде бар, ал Y мәдениетінде жоқ мәдени құбылыс» [27, б. 34]. М.Бэйкердің ойынша, бастапқы тілде аударма тілінде мүлде белгісіз концепті болуы мүмкін. Мұндай концепт «дерексіз не деректі болып, діни сенімге, әлеуметтік салтқа, тіпті ас түріне қатысты болуы мүмкін» [25, б. 21]. К. Норд пен М. Бэйкердің бұл анықтамалары аударматануға емес, мәдениеттануға тиесілі, себебі аударматануда реалиялар мәдени құбылыс қана емес, тілдік бірлік ретінде қарастырылуы тиіс.

Бірқатар ғалымдардың анықтамаларында реалиялардың ұлттық бояуы мен баламасыздығы алға шығарылады. Отандық және ресейлік траслатологияда ең жиі сілтеме берілетін анықтама әйгілі болгар ғалымдары С. Влахов пен С.Флориннің «Непереводимое в переводе» атты еңбегіндегі беріледі. Ғалымдардың пікірінше, реалия дегеніміз «бір ұлттың өміріне (тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына) тән, ал басқа ұлтқа жат заттарды атайтын сөздер мен сөз тіркестері» [6, б. 47]. Л.Н. Соболев реалияларды «басқа елдерде белгілі бір заттар мен құбылыстар жоқ болғандықтан басқа тілдерде жоқ ұлттық тұрмысқа қатысты сөздер» деп атайды [8, б. 283]. А.Д. Швейцердің пікірінше, реалия дегеніміз берілген лингвомәдениетке тән, ал салғастырылатын лингвомәдени қауымдастықта жоқ бірегей референттерді білдіретін ұлттық тіл бірліктері [33, б. 25]. Біздің ойымызша, берілген анықтамаларда реалиялардың мәтіндегі формалық шектеуі, яғни сөз не сөз тіркесі деген шектеуі дұрыс емес. Біздің пікірімізше, реалиялар ретінде В.С. Виноградовтың *ассоциативтік* [34, б. 37] деп аталатын интермәтіндік элементтерді де қарастыру керек (толығырақ: 1.2-тараушаға қараңыз).

Бірқатар шетелдік аударматанушылар реалияларды екі тіл тұрғысынан қарастырады. Екі тіл неғұрлым алшақ болса, олардың арасындағы мәдени сипаты бар лексикалық бірліктер де соғұрлым көп болады деп санайды [35, б. 19]. Ф. Айселаның ойынша, бастапқы мәтінде лингвистикалық тұрғыда көрініс табатын кез-келген референт аударма тіліне беру барысында аударма тілі мәдениетінде жоқ болуы себебінен аударма мәселесіне айналса, референт реалия саналады [30, б. 59]. Басқаша айтқанда, ғалымның пікірінше, реалия өз бетінше

емес, екі тіл қақтығысуы нәтижесінде анықталады, белгілі бір контекске тәуелді болады.

Ю. Найданың айтуынша [36, б. 130], бастапқы және қабылдаушы кодтар арасындағы лингвистикалық және мәдени қашықтық неғұрлым аз болса, [біздің аударма – авт.] мәселелері соғұрлым азырақ болады. Мәселен, ағылшын және араб тілдері бір-біріне лингвистикалық тұрғыда да, мәдени тұрғыда да ұқсамайды. Аудармашы осы тілдерді бір-біріне аударғанда тек лингвистикалық қана емес, сондай-ақ мәдени мәселелерге тап болады. Ларсонның айтуынша [37, б. 138], мәдениеттер қашық болған сайын, лексикалық бірліктердің баламасын табу да қиындайды. Найда, сондай-ақ, тілдік айырмашылықтардан гөрі мәдени айырмашылықтардың салдары ауырырақ болатынын атап өтеді [38, б. 130].

Ф. Айсела реалияларға мынадай анықтама береді: «мәдени сипаты бар сөздер дегеніміз мәтіндегі бастапқы тіл мәдениетіне (тарихына, өнеріне, әдебиетіне) қатысты, бірақ аударма тілінің реципиентіне белгісіз мәтін элементтері» [30, б. 58]. Жоғарыда аталған анықтамаларды қорытындылай келе, берілген диссертациялық жұмыста Ф. Айселаның анықтамасын негізге аламыз. Ғалымның атаған «мәтін элементіне» тек сөз және сөз тіркестерін ғана емес, мәтіндегі интертекстуалдық элементтерді, атап айтқанда мәдени символикалық, ассоциативтік семантикалық элементтерді де жатқызамыз. Берілген диссертациялық жұмыста мұндай интертекстуалдық элементтерді метареалиялар деп, ал тілде сөз не сөз тіркесі арқылы көрініс табатын элементтерді реалия-сөздер деп, ал екі типті қосып реалия деп атайтын боламыз. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде реалия-сөз термині кездескенімен, метареалия терминін осы диссертациялық жұмыста алғаш рет қолданып отырмыз. В.С. Виноградовтың ассоциативтік реалия терминін, П. Ньюмарктың ым-ишараттар мен әдет-ғұрыптар атауын қолданбауымыздың себебі – біз меңзеген интермәтіндік элементтердің ауқымы бұл ғалымдар меңзеген реалиялардың ауқымынан кеңірек. Ассоциативтік реалияны да, ым-ишаратты та, әдет-ғұрыпты та метареалияның гипонимдері деп санауға болады. И.С.Алексееваның ситуативтік реалия терминінің аясы да метареалия терминімен салыстырғанда тар. Метареалия терминіндегі мета аффиксі грек тілінен аударғанда арасында, ішінде деген мағынаны береді. Метамәліметтер дегеніміз өзге ақпарат туралы ақпарат, яғни метареалия термині біз меңзеген интермәтіндік элементтерді білдіруге қысқа әрі ұтымды термин деп санаймыз.

## **1.2 Реалиялардың жіктелуі**

Реалиялар белгілі бір ұлт тұрмыс-тіршілігінің көптеген салаларын қамтитындықтан, оларды мағыналық жағынан жіктеп алған дұрыс. Бұл тек оларды жүйелеуге ғана емес, сондай-ақ семантикалық тұрғыда бір-біріне ұқсас бірліктердің берілу стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, ақша бірліктерін, өлшем бірліктерін, ұлттық киім-кешек атауларының берілу стратегиялары айқындалуы мүмкін. Шетелдік зерттеулерде бұл бағыт өте жиі кездеседі. Мысалы, батыс елдерінде туризмнің даму деңгейі жоғары болғандықтан, қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірлерінде ұлттық ас



реалияларының аударылу ерекшеліктері, туристік брошюралардағы тарихи реалиялардың аударылу ерекшеліктері кеңінен зерттеледі [39], [40], [41].

Аударматанушы-ғалымдар реалиялардың бірнеше жіктемесін ұсынады. Бұл жіктемелердің белгілі бір негізі бар. Жалпы алғанда, аударматануда реалиялардың тақырыптық (семантикалық), тілдік, уақыттық, мекендік, аудармашылық секілді жіктемелері белгілі. Бұл жіктемелер белгілі бір ұстанымдарға негізделеді. Мәселен, тақырыптық жіктеме кезінде реалияның мағынасы, семантикалық мәні, денотаттардың, яғни референттердің қасиеттері ескеріледі. Тілдік жіктеме реалиялардың қай сөз табына жататындығын анықтайды. Мекендік жіктемеде реалияның қай ұлтқа не этникалық топқа жататындығы, ал уақыттық жіктемеде реалияның тарихи не заманауи екендігі ескеріледі. Аудармашылық жіктеме реалияның аударма тіліне ену сатысына негізделеді. Зерттеуші М.Л. Алексеева, сондай-ақ, реалияларды контекстегі «маңызы» бойынша жіктейді [42, б. 18]. Реалияларды мәтіндегі көрініс бойынша реалия-сөз және метареалия деп жіктедік (1.1 тарауды қараңыз).

Ең жиі кездесетін жіктеме – тақырыптық-тілдік жіктеме. Мұнда реалия референттерінің ортақ белгілері негізге алынады. Мәселен, белгілі бір ұлттың ас атаулары бір топқа біріктіріледі, яғни негізге алынатын белгі – референттің ас түрінің болуы. Тілдік жіктемеде белгілі бір лингвистикалық ортақ белгілер негізге алынады, мәселен жалпы есімдер не жалқы есімдер. Реалияларды семантикалық тұрғыда ең алғаш жіктеген ғалымдардың бірі – А.Е. Супрун [19, Б. 52-53]. Бұл ғалым реалияларды бірнеше семантикалық топтарға бөледі. А.А.Реформатский реалиялардың тақырыптық-тілдік жіктемесін жасап, оларды жалқы есімдер, тиындар, қызмет, киім-кешектер мен әшекей бұйымдары, тамақ және сусындар, қаратпа сөздер мен лауазымдар деп бөледі [20, б. 139].

Болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флорин реалияларды үш үлкен топқа, ары қарай әр топтың ішіндегі топшаларға бөледі [6, Б. 51-54]. Болгар ғалымдарының жіктемесін көптеген ғалымдар өз зерттеулерінің негізі етіп алады [18, б. 181], [42, б. 10]. Бірінші топты географиялық реалиялар деп атап, оған физикалық география нысандарының, метеорологияның, адам еңбегіне қатысты туындаған географиялық нысандардың, эндемиктердің атауларын жатқызады [6, б. 51]. С. Влахов пен С. Флорин ұсынған реалиялардың екінші тақырыптық тобы этнографиялық деп аталады. Ғалымдар бұл топқа тұрмысқа, еңбекке, өнер мен мәдениетке, этникалық нысандарға, өлшем және ақша бірліктеріне қатысты атауларды жатқызады [6, Б. 52-53]. Бұл ең ауқымды топ болып табылады. Үшінші тақырыптық топқа қоғамдық-саяси реалиялар, оның ішінде әкімшілік-территориалдық құрылым, билік органдары, қоғамдық-саяси өмірге қатысты реалиялар мен әскери реалиялар жатады [6, Б. 52-56]. Біздің ойымызша, ғалымдардың этнографиялық және элеуметтік-саяси топтары өте толық, әрі нақты құрылған. Алдыңғы тарауда айтып өткеніміздей, реалиялардың ерекше белгілерінің бірі – олардың ұлттық және тарихи бояуының болуы, сол себепті болгар ғалымдарының географиялық тобымен толық келісе алмаймыз. Біздің ойымызша, кейбір географиялық нысандардың, метеорологияның, эндемиктердің атауларын реалия қатарына емес, терминдер қатарына жатқызу

қажет. Реалия қатарына алу үшін бірліктің ұлттық не тарихи бояуы болуы шарт. Мәселен, қазақ тіліндегі *құралайдың салқыны* атты тіркесті алайық. Құралайдың салқыны дегеніміз «Қазақстанның орталығы және солтүстік аумақтарында шамамен 20 мамырдан басталып, оншақты күнге созылатын ауа райының құбылмалы күндері, табиғат құбылыстарына байланысты халықтық қағидаларда қалыптасқан амал» [43, б. 125]. Бұл реалияның ұлттық шаруашылық әсерінен пайда болғаны, яғни ұлттық, оған қоса тарихи бояуының бар екендігі білінеді, сол себепті терминдерден гөрі, бұл лексикалық бірлікті реалия қатарына жатқызу керек.

С. Влахов пен С. Флориннің жіктемесіндегі тағы бір кемшілік – метареалиялардың жеке топ ретінде берілмеуі, яғни ғалымдар метареалияларды ситуативтік реалиялар деп атап қана қояды. Оларды тілдік емес әлем элементтері ретінде қарастырады. Ситуативтік реалияларға ым-ишараттар, жасырын ақпарат, аллюзияларды жатқызады [6, б. 16].

Бірқатар ғалымдардың жіктемелері С. Влахов пен С. Флориннің жіктемесіне ұқсас болғанымен (мәселен, Л.К. Латышев [44, б. 182]), өзіндік ерекшеліктері де бар. Мәселен, француз реалияларының өзбек тіліне аударылу мәселелерін зерттеген И.К. Мирзаевтың тақырыптық жіктемесінде тарихи-архитектуралық ескерткіштердің, алаңдардың, көшелердің атаулары да бір топ ретінде көрініс табады [45, б. 13]. Біздің ойымызша, бұл топонимдер де баламасыз лексика болғанымен, антропонимдер секілді жеке қарастырылуы тиіс. В.Д. Уваров жоғарыда аталған топтарды жалпылама түрде материалдық реалиялар деп атап, метареалияларды психологиялық реалиялар деп ұсынады. Оларға белгілі бір тілде сөйлеуші ұлттың мінез-құлық ерекшеліктерін жатқызады [46, б. 68]. В.Н. Крупнов реалиялар қатарына жарнамалық реалияларды жатқызады [47, б. 54]. В.Д. Уваров пен В.Н. Крупновтың пікіріне біз де қосыламыз.

Біршама толық тақырыптық жіктемені В.С. Виноградовтың еңбегінен табамыз. Ғалым С. Влахов пен С. Флориннің тақырыптық жіктемесін қолдайды, дегенмен болгар ғалымдарының тек «таза» реалияларды, яғни реалия-сөздерді ғана қарастырғанын атап өтеді [34, б. 54]. В.С. Виноградов өз жіктемесіне ономастикалық атаулар мен ассоциативтік реалияларды қосады. Жоғары атап өткеніміздей, ономастикалық атаулар, яғни антропонимдер, топонимдер, т.б. жалқы есімдер аударматану ғылымында баламасыз лексика ретінде реалиялардан жеке қарастырылуы қажет. Ал ассоциативтік реалияларға келетін болсақ, В.С. Виноградов оларға вегетативтік символдарды, анималистік символдарды, түс символикасын, фольклорлық, тарихи және әдеби аллюзияларды, тілдік аллюзияларды жатқызады [34, б. 58]. Айта кететін жайт, В.С. Виноградовтың жіктемесінде ұлттық ым-ишарат пен әдет-ғұрып секілді метареалиялар аталмайды.

Отандық ғалымдардың еңбектерінде де реалияларға тақырыптық жіктеме беріледі. Мәселен, А. Алдашева «қоғам мүшелерінің әлеуметтік статусына, қоғамдағы лауазымы мен орнына қарай жіктеп атайтын номинациялар, діни

(теологиялық) атаулар» секілді реалия тақырыптарын атайды [7, Б. 200-202], дегенмен ғалым өз жұмысында реалияларды топтастыру міндетін қоймайды.

А.С. Ермағамбетова қазақ тіліндегі реалиялар негізінде тақырыптық жіктеме жасайды. Ол реалияларды үш үлкен топқа бөледі [12, б. 21]:

- қоғамдық-саяси реалиялар. Бұл топқа әкімшілік-территориалдық бірліктердің атауларын, еңбекке қатысты реалияларды, лауазым, қызмет атаулары мен қаратпа сөздерді, белгілі бір халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне қатысты реалияларды жатқызады.

- географиялық және этнографиялық реалиялар. Бұл топқа географиялық және этнографиялық түсініктерді жатқызады.

- тұрмыстық реалиялар. Бұл топқа үй түрлері, ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттар мен жиһаз, киім-кешек, әшекей бұйымдары, ас, сусын, музыкалық аспаптар, өлшем бірліктер атауларын жатқызады.

А.С. Ермағамбетованың жіктемесінде жүйелілік байқалмайды. Этнографиялық және тұрмыстық реалияларға семантикалық компоненттері бірдей реалияларды жатқызуға болады. Дегенмен, ғалымның қаратпа сөздерді реалия ретінде алуын дұрыс деп есептейміз, себебі белгілі бір ұлттың қаратпа сөздерінде ұлттық-тарихи бояу өте қанық болады.

Ж.А. Жақыпов ұлттық реалияларды зерттей отыра оларды төрт тақырыптық топқа бөледі: табиғат құбылыстарына қатысты реалия-сөздер мен этнографиялық реалиялар, фольклорлық реалия-сөздер, тұрмыстық реалия-сөздер және қоғамдық және тарихи реалия-сөздер [14, б. 38]. Ғалымның жіктемесі ауқымды болғанымен, мұнда да кемшіліктер баршылық. Мәселен, тұрмыстық реалия-сөздер жеке топ ретінде емес, этнографиялық реалиялар құрамында көрініс табуы керек еді, әрі табиғат құбылыстарына қатысты реалия-сөздер мен этнографиялық реалияларды бір топқа біріктірудің логикалық мәні жоқ.

Зерттеуші К.М. Абишева қазақ тіліндегі реалияларды мынадай топтарға бөледі:

1. қоғамдық-тарихи реалиялар (бай, мырза, атқамінер, аға сұлтан, жатақ, т.б.);

2. халықтың салт-дәстүрлерімен байланысты реалиялар (той, көрімдік, ерулік, араша);

3. ұлттық ойындарды білдіретін реалиялар (бәйге, көкпар, серке тарту, қыз қуу, тоғызқұмалақ, алтыбақан);

4. мал шаруашылығына қатысты реалиялар (көктеу, күзеу, жайлау, жұт);

5. діни түсініктерге қатысты реалиялар (құран, шариат, молда, хазрет);

6. рулар мен тайпалардың атауларына қатысты реалиялар (керей, сыбан, табын, т.б.);

7. туыстық қатынастарды білдіретін реалиялар (тоқал, бәйбіше);

8. фольклорлық түсініктерді білдіретін реалиялар (жыр, айтыс);

9. тұрмыстық заттардың атауымен байланысты реалиялар (текемет, қоржын, алаша, т.б.);

10. ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін реалиялар (ақ пейіл, бейпыл ауыз, т.б.) [48, б. 150].

К.М. Абишеваның жіктемесінде реалиялардың көптеген тақырыптары қарастырылғанымен, жүйесіз деп санаймыз. Жоғарыда аталған реалиялардың барлығын бір ортақ этнографиялық топқа да жатқызуға болар еді. Зерттеушінің бір жетістігі – діни реалиялардың аталуы, себебі көптеген ғалымдар дінге қатысты лексикалық бірліктерді терминдер ретінде қарастырады. Географиялық, әлеуметтік-саяси реалиялар аталмыш жіктемеден қалып қойған. Оған қоса, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін *ақ пейіл, бейпыл ауыз* секілді тұрақты тіркестерді реалия ретінде санаудың да жөні жоқ деп есептейміз, себебі бұл мінез-құлық ерекшеліктері белгілі бір ұлтқа тән емес, жалпы адамзаттық ерекшеліктер болып табылады.

Жан-жақты тақырыптық жіктеме қазақстандық ғалым Ж.А. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясынан көруге болады. Ғалым киім-кешек атауларының түрлі ерекшеліктерін ескере отырып, оларды бірнеше топқа жіктейді: 1) «Сырт киім атаулар: шекпен, шапан, тон, ішік, күпі, қаптама. 2) Үстінен киетін киім атаулары: бешпент, камзол, көйлек, шалбар, т.б. 3) Іш киім атаулары: дамбал, жейде, ішкөйлек; 4) Бас киім атаулары: салы//шәлі, орамал, бөрік, қарқара, кимешек, күләпара, желек, жаулық, сәукеле, айырқалпақ, тамық, тақия, шаршы, т.б. 5) Әскери киім атаулары: құяқ, қаттау, жарғақ шалбар, жалаңқат, аймауыт, т.б. 6) Аяқ киім атаулары: саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарық, т.б. 7) Киімнің құрамдас қосымша бөліктерінің атаулары: белдік, белбеу, білезік, жүзік, кісе, моншақ, сақина, сырға, түйме, шашбау, шолпы, т.б.» [49, б. 89]. Ғалымның бұл жіктемесі реалиялардың барлық тақырыптық топтарын қамтымайтыны айқын.

Реалиялардың біршама толық классификациясын А.У. Жусупованың еңбегінен көруге болады. Ғалым реалиялардың тұрмыстық, географиялық, ономастикалық, әлеуметтік-саяси деген топтарын атайды. Автор, сондай-ақ, символдық мәні бар түс атауларын ассоциативтік реалиялар қатарына жатқызады [50, б. 88]. А.У. Жусупованың бұл пікірімен біз де келісеміз.

Шетелдік аударматанушылардың еңбектерінде де реалияның тақырыптық жіктемелері беріледі. Шетелдік ғалымдар жалқы есімдерді реалиялар қатарына жатқызады. Мәселен, испан ғалымы Ф. Айсела барлық реалияларды жалқы есімдер және жалпы есімдер деп бөледі. Жалқы есім реалияларға белгілі бір тарихи не мәдени ассоциациялары бар есімдер мен атауларды ғана емес, жай есімдер мен атауларды да жатқызады. Ал жалпы есім реалияларға заттарды, ұйымдарды, әдет-ғұрыптар мен ойларды жатқызады [30, б. 59]. Эспиндола реалиялар қатарына топонимдерді, антропонимдерді, ойын-сауық түрлерін, көлік түрлерін, әдеби кейіпкерлерді, өлшем атауларын, т.б. жатқызады [51, Б. 49-50]. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, жалқы есімдерді реалия ретінде қарастырудың жөні жоқ.

Қазіргі шетелдік зерттеушілер негізінен П. Ньюмарктың жіктемесін негізге алады. Ол мынадай топтарды қамтиды:

- экология (флора, фауна, географиялық ерекшеліктер),
- материалдық мәдениет (ас, киім-кешек, көлік),
- әлеуметтік мәдениет (шаруашылық, ойын-сауық),
- ұйымдар, салт-дәстүрлер, идеялар,
- ым-ишараттар мен әдет-ғұрыптар [26, б. 95].

Шынында да, ғалымның жіктемесінде реалия тақырыптары толық дерлік. Ғалым метареалияларға жеке атау бермегенімен, оларды ишараттар мен әдет-ғұрыптар деген атаумен тақырыптық жіктемеге қосады.

Сонымен, ғалымдардың ой-пікірлері мен ұсыныстарын ескере келе, реалиялардың мынадай тақырыптық жіктемесін ұсынамыз:

#### 1 Реалия-сөздер:

- Географиялық реалиялар. Бұл топқа белгілі бір ұлттың шаруашылығына қатысты туындаған географиялық нысандардың атаулары мен мәдени сипаты бар метеорологиялық атаулар жатады. Сондай-ақ, белгілі бір ұлттың шаруашылығына қатысты туындаған флора және фауна атаулары да жатады.

- Этнографиялық реалиялар. Бұл топқа тұрмыс, еңбек, өнер мен мәдениет, этникалық нысандарға қатысты атаулар мен өлшем және ақша бірліктері атаулары жатады.

- Әлеуметтік-саяси реалиялар. Бұл топқа әкімшілік-территориалдық құрылымға, билік органдарына, қоғамдық-саяси өмірге, туыстық қатынастарға қатысты бірліктер, діни және әскери атаулар, қаратпа сөздер жатады.

#### 2 Метареалиялар:

- Символдық метареалиялар. Бұл топқа анималистік, вегетативтік символдар, түс символикасы жатады.

- Ассоциациялар мен пресуппозициялар. Бұл белгілі бір тілдік бірліктерден туындайтын ассоциациялар жатады.

- Аллюзиялар. Бұл топқа әдеби, фольклорлық, тілдік аллюзиялар жатады.

- Ым-ишарат. Бұл топқа белгілі бір ұлттық мәні бар ишараттар кіреді.

- Әдет-ғұрыптар. Бұл топқа мәтіндегі белгілі бір ұлттың әдет-ғұрыпының сипаттамасы жатады.

Жоғарыда көрсетілген метареалиялардың жіктемесі шартты және жалпылама. Берілген диссертациялық жұмыста бұл топтардың бір-бірінен айырмашылығын анықтау міндеті қойылмайды. Бірақ, тақырыпқа ену мақсатында берілді.

Реалиялардың уақыттық жіктемесін С. Влахов пен С. Флориннің еңбегінен көруге болады [6, б. 65]. Олар реалияларды тарихи және заманауи деп бөледі. Г.Д. Томахин заманауи және тарихи реалияларды историзмдер және неологизмдер деп атайды. Бұл ғалымның пікірінше «Историзмдер – өлі реалияларды білдіретін сөздер, ал неологизмдер осы уақыт аралығында пайда болған жаңа сөздер» [53, б. 8].

Тарихи реалиялар белгілі бір әлеуметтік топтың тарихындағы қандай да бір дәуірмен байланысты. Оларға тарихи оқиғалардың, құжаттардың, саяси, діни және әлеуметтік топтардың атаулары кіреді. Кейбір тарихи реалиялар белгілі бір

тілде сөйлеушілердің қазіргі тілдік қолданысында кездессе, кейбірі мүлде ұмытылған. Осындай ұмытылған реалияларды аудару әсіресе қиын. Мәселен, Кеңес одағы кезінде ТМД елдері территориясында қызыл әскер, қызыл отау секілді реалиялар пайда болған. Бұл лексикалық бірліктер қазіргі таңда қолданыста жоқ, сол себепті тарихи реалиялар қатарына кіреді. Заманауи реалиялар қазіргі тілдік қолданыста бар.

Реалиялардың уақыттық жіктелуі шартты ғана, себебі реалиялардың тарихи бояуы уақыт барысында өзгеріп отырады. Мәселен, қазақ тіліндегі шаңырақ реалиясын алайық. Бұл реалия қазақтардың көшпелі өмірі кезінде заманауи реалия болса, қазіргі таңда тарихи реалияға айналған.

Реалиялардың мекендік жіктелуі де С. Влахов пен С. Флорин ұсынады [6, Б. 57-65]. Ғалымдар бұл орайда белгілі бір мекендік емес, көбіне тілдік ұстанымға сүйенеді, яғни реалиялар бір тіл ішінде және екі тіл арасында қарастырылады. Бір тіл ішінде реалиялар өздік және өзге болып бөлінсе, екі тіл арасында ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Өздік реалияларды ұлттық, жергілікті және микрореалия деп жіктейді. Ұлттық реалияларға белгілі бір ұлтқа тән, жергілікті реалияларға белгілі бір елдің қандай да бір аймағына тән, ал микрореалияларға белгілі бір әлеуметтік топқа, тіпті белгілі бір отбасына тән атауларды жатқызады. Өзге реалиялар, сәйкесінше, белгілі бір аймаққа тән болса – аймақтық, ал бүкіл әлемге белгілі болса – халықаралық реалиялар болып бөлінеді. Ішкі реалиялар деп қарастырылып отырған екі тілдің біріне тән реалиялар аталады. Ал сыртқы реалияларға қарастырылып отырған екі тілге де жат реалиялар жатады. Болгар ғалымдарының мекендік жіктелуін толық деп есептейміз, дегенмен аударматану саласындағы зерттеулерге екі тілге қатысты жіктеменің маңызы әсіресе зор.

Аудармашылық жіктеуде реалияның бастапқы тілден аударма тіліне ену деңгейі ескеріледі. Мәселен, бір тілдегі реалиялар екінші тілге еніп, екінші тілдің толыққанды «мүшесіне» айналады. Мұндай реалияларды шартты түрде сөздік реалиялар деп атайды [6, б. 19]. Керісінше, аударма тіліне еніп үлгермеген реалияларды жаңа реалиялар деп атауға болады. Бұл атау тек екі тіл арасындағы қатынаста ғана пайдалануға жарамды.

Реалияларды жүйелеуде тағы бір жіктеменің маңызы зор. Бұл жіктемені орыс ғалымы М.Л. Алексеева ұсынады [42, б. 18]. Ғалым реалияларды контекстегі маңызына қарай екі типке бөледі. Бірінші тип реалияларының контекстегі маңызы зор, хабардың негізі болып табылады, сол себепті оны аудару кезінде түсіріп тастауға болмайды. Екінші тип реалияларының берілген контексте маңызы жоқ, яғни ол тек қана аталып қана қояды, хабардың тақырыбына әсер етпейді. Бұл реалияларды аудару кезінде түсіруге не трансформациялауға болады. Дегенмен, М.Л. Алексеева реалияларды бұл жіктеме бойынша тек Тип 1 және Тип 2 реалиялары деп атайды. Зерттеу жұмысын оңтайландыру мақсатында бұл типтерді актив және пассив деп атауды ұйғардық.

Сонымен, реалиялардың тақырыптық, уақыттық, мекендік, аудармашылық, контекстегі маңызы секілді жіктелулері бар.

Аударматанушылар реалиялардың аударылу тәсілдерін анықтағанда осы жіктемелерді негізге алады. Мәселен, берілген диссертациялық жұмыста В.С.Виноградовтың тақырыптық жіктемесі мен С. Влахов пен С. Флориннің мекендік және уақыттық жіктемесі негізінде қазақ ұлттық реалияларының аударылуы қарастырылады.

### **1.3 Көркем мәтіндегі реалияны анықтау**

Реалияларды бір тілден екінші тілге аударудың белгілі бір тәсілін таңдау үшін, жалпы реалияның лингвистикалық теориясын өрбіту үшін түпнұсқадағы реалияны анықтап алу қажет. Бұл мәселені С. Влахов пен С. Флорин ең алғаш көтеріп, реалия-сөздердің жалқы есімдерден, қаратпа сөздерден, әдеби норма бұзылыстарынан, кірме сөздерден, тілдік емес элементтерден ажыратып көрсетеді. Болгар авторлары реалия-сөздерді өзге тілдік бірліктерден қалай ажырату керек деген сұрақтың жауабын кеңінен тарқатады [6, б. 30].

Ең алдымен көзге түсетіні – реалия мен терминнің ұқсастығы. Басқа лексикалық бірліктермен салыстырғанда, терминдер мен реалиялар бірмағыналы, синонимдері жоқ сөздер мен сөз тіркестері болып табылады, олардың екеуінің де тарихи бояуы болуы мүмкін. Дегенмен, реалиялар көбінесе көркем әдебиет шығармаларында кездеседі, белгілі бір қауымдастықтың мәдениетімен тығыз байланыста болады, сол қауымдастықтың тілінде кеңінен қолданылады, ал басқа қауымдастық тіліне жат болып саналады. Ал терминдердің қандай да бір ұлттық бояуы болмайды, көбінесе ғылыми мәтіндерде кездеседі, жасанды түрде пайда болады. Дегенмен, кейде реалиялар мен терминдер тоғысып жатады, яғни сөз бір уақытта реалия да, термин де болады. Мұндай сөздерді А.Д. Швейцер термин-реалия деп атайды [33, б. 253]. Мәселен, қазақ тіліндегі түйе шаруашылығына қатысты түйе түрлерінің атаулары реалияға да, терминдерге де жатады. Бұл орайда түйе түрлерінің қолданылатын контекстісі ескеріледі. Егер түйе атауы ғылыми не ғылыми-көпшілік мәтінде кездессе, түйе түрлері атаулары термин болады, ал көркем әдебиетте кездессе, реалия болады, себебі бұл атаулар қазақтың ұлттық шаруашылық түрінен хабар береді. Реалия мен терминнің тағы бір айырмашылығы – олардың таралу көзінде. Терминдер өздері атайтын заттың не құбылыстың кең таралуымен ерекшеленсе, реалиялар көп жағдайда көркем шығармалар арқылы, яғни олардың тәржімалары арқылы таралады.

Жалқы есімдерді реалиялардың қатарына жатқызу бойынша авторлардың ойлары бір жерден шыға бермейді. Жоғары аталған С. Влахов пен С. Флорин, мәселен, жалқы есімдерді реалиялардан бөлек қарастыруды ұсынады [6, Б. 12-13], дегенмен реалиялар мен жалқы есімдердің тоғысатынын да айтып өтеді. А.А.Реформатский [20, б. 139], В.С. Виноградов [34, б. 54] реалиялар қатарына жалқы есімдерді ономастикалық реалиялар деген атаумен қосады. Шетелдік ғалым Ф. Айсела [30, б. 59] да жалқы есімдерді реалиялар қатарына жатқызады. Кез-келген жалқы есімнің белгілі бір ұлтқа тән тарихи-мәдени бояуының, ерекше коннотацияларының болуы оны реалия қатарына жатқызуға негіз болады деп санаймыз. Әсіресе, қандай да бір тарихи оқиғаларға, аңыздарға қатысы бар

«сөйлейтін» жалқы есімдер реалия қатарынан табылуы тиіс. Дегенмен, жалқы есім реалияларының аударылуы «жай» реалиялардың тәржімасынан біршама ерекшеленеді, сол себепті берілген диссертациялық жұмыста біз тарихи-мифологиялық аллюзиясы бар жалқы есімдерден басқа ономастикалық атаулардың аудармасын қарастырмаймыз.

Қаратпа сөздер де реалиялардың бір тобын құрайды. Бұл орайда қаратпа сөздер жеке грамматикалық категория ретінде емес, ұлттық-тарихи бояуы бар лексикалық бірліктер ретінде қарастырылуы тиіс. Яғни мұндай бояуы жоқ қаратпа сөздер реалия қатарына алынбайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, аударматануда реалия дегеніміз бастапқы тіл сөйлеушілерінің тарихы мен мәдениетіне қатысты, аударма тілінде сөйлеушілердің тәжірибесінде жоқ не қандай да бір атау берілмеген заттар мен құбылыстарды білдіретін бастапқы мәтіндегі лексикалық элементтер. Дегенмен, белгілі бір материалдық заттар не құбылыстар, тарихи фактілер тек бір ғана тілде сөйлеушілерге ғана емес, бірнеше тіл сөйлеушілеріне тән болуы мүмкін. Жоғарыда атағанымыздай, реалия деп тек тілдегі бірлік емес, сол бірлік білдіретін денотат та аталады.

Жоғарыда аталған реалия белгілері жетерліктей түсінікті болғанымен, реалияларды анықтау шын мәнінде үлкен мәселе тудырады. Алдымен реалия-сөздерді қарастырайық.

1-схема. Бастапқы мәдениет пен аударма мәдениеттегі денотат пен сигнификаттың салғастырылуы

Денотат (бастапқы мәдениет)	–	Сигнификат (түпнұсқа)
Денотат (аударма мәдениеті)	–	Сигнификат (аударма тілі)

1-схемада бастапқы мәдениет пен аударма мәдениеті салғастырылады:

1. Егер бастапқы мәдениет пен аударма мәдениетінде бір денотат бар болса, бірақ аударма тілінде бұл денотаттың сигнификаты болмаса, онда аударма тілінде лакуна (бос орын) пайда болады. Бұл жағдайда түпнұсқадан аударма тіліне аударылып жатқан бірлік баламасыз лексика құрамына кіреді. Ал оның реалия болуы үшін денотаттың ұлттық, тарихи-мәдени бояуы болуы керек. Мәселен, қазақ тіліндегі *нағашы* лексикалық бірлігін қарастырайық. Бұл сөз адамның анасы жағынан туған-туыстарын атайды. Орысша-қазақша аударма сөздіктерде бұл сөзге *родственники с материнской стороны* деген анықтамалық аударма беріледі, яғни оның баламасы жоқ [52]. Оның ұлттық бояуы, дегенмен, дау тудырады, себебі денотат орыс тілінде де бар, бірақ сигнификат жоқ. Екі тілдің тақырыптық топтарының сәйкес келмеуін Л.С. Бархударов та қарастырған [23, б. 78]. С. Влахов пен С. Флорин мұндай бірліктерді реалия ретінде санаудың жөні жоқ деп есептейді [6, б. 31]. Біздің ойымызша, *нағашы* қазақтың терең дамыған туыстық қатынастары нәтижесінде пайда болған сөз, оның ұлттық бояуы бар, сол себепті бұл сөзді реалия қатарына жатқызу қажет. Ескере кететін жайт, бұл сөз, сондай-ақ, туыстық терминдер қатарына да кіреді. Қазақ тіліндегі туыстық атауларды реалия қатарына қосудың және оларды аудармада ескерудің



маңызы зор, себебі қазақ ұлтының әлеуметтік қатынастарында туыстық қатынастардың рөлі ерекше, яғни ұлттық бояуы қанық.

2. Егер бастапқы мәдениетте де, аударма мәдениетте де денотат болып, аударма тілінде сигнификат болмаса және денотаттың ұлттық бояуы болмаса, онда бұл лексикалық бірлік жай ғана баламасыз лексикаға жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі *изен* лексикалық бірлігін алайық. Бұл Қазақстан аумағында өсетін шөп түрін атайды. Қазақша-орысша аударма сөздіктерде бұл лексикалық бірлік транслитерация арқылы *изен* деп беріледі [52]. Тәжірибесіз аудармашы мұны реалия-сөзге қатарына жатқызуы ықтимал, себебі оның, біріншіден, аударма сөздіктерде баламасы жоқ, екіншіден, түсіндірме сөздіктегі анықтамада «Қазақстан» сөзі бар, яғни белгілі бір территориалдық шектеу орнатылған. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл сөз реалияға жатпайды, себебі өзге тілдерде баламасы болмағанымен, оның ұлттық-тарихи бояуы жоқ. Біздің жерімізде өсетін сирек шөптің атауы болғандықтан, бұл сөзді реалия емес, термин қатарына жатқызу керек. Мұндай сөздер аударма кезінде транслитерацияланып, аударма мәтінге белгілі бір экзотикалық бояу береді. С. Влахов пен С. Флорин мұндай бірліктерді экзотизмдер деп атайды [6, б. 31].

3. Егер бастапқы мәдениетте ұлттық-тарихи бояуы бар денотат және оның сигнификаты аударма мәдениеті мен аударма тілінде бар болса, онда бұл лексикалық бірлік реалияға жатпайды. Мәселен, қазақ халқының киелі санайтын жылқы малына қатысты қолданатын жорға реалиясын алайық. Жорға – жүрісі жайлы жылқы малының түрі болып табылады. Егер бұл сөзді орыс не ағылшын тіліне аударсақ, онда оған *иноходец*, *ambler* деген балама табылады, яғни жылқы шаруашылығы бойынша қазақ, орыс және ағылшын мәдениеттері белгілі бір дәрежеде тоғысады. Сол себепті, осы үш тілдік қатынаста жорға сөзі реалияға жатпайды. Жылқы шаруашылығы дамымаған халықтардың тіліне қатысты жорға сөзі, керісінше, реалияға айналады. Сол сияқты *алаша* деген үй бұйымын алайық. Бұл зат түркі тілдес халықтардың барлығында дерлік кездеседі, сол себепті аударматануда бұл затты реалияға жатқызбаймыз. Айта кететін жайт, реалияларды зерттейтін мәдениеттану, этнография, антропология секілді салаларда *алаша* заты таза реалия ретінде алынады, себебі бұл ғылымдар алашаның бір тілдегі семантикалық мәнін, қызметін, ерекшеліктерін зерттейді.

Сонымен, реалияның өзге бірліктерден айырмашылығы – оның белгілі бір халықпен, тайпамен, қауымдастықпен, сондай-ақ белгілі бір тарихи кезеңмен байланысты болуы. Бұл реалияның ұлттық және тарихи бояуы (колориті) деп аталады. Осы орайда Г.Д. Томахиннің колорит терминіне берген анықтамасын келтіруге болады. Ғалымның пікірінше, колорит дегеніміз қандай да бір денотаттың белгілі бір халыққа, мемлекетке не аймаққа, тарихи дәуірге жататындығынан иеленетін бояуы [53, б. 21]. Көркем шығарманың ұлттық колориті көп жағдайда ұлттық реалиялар арқылы беріледі, яғни шығарма тақырыбы ұлттық тұрмысқа, стилі фольклорға неғұрлым жақын болса, оның ұлттық колориті, бояуы соғұрлым қанық болады. Тарихи бояу реалияның белгілі бір тарихи дәуірге жататындығын белгілейді. Реалия-сөздің ұлттық-тарихи бояуын сол тілдегі түсіндірме, аймақтық, энциклопедиялық, мәдени,

этнографиялық, лингвомәдени және т.б. сөздіктерден анықтауға болады. Мәселен, ұлттық бояуы бар сөздердің анықтамасында мәдени, көнерген, т.с.с. таңбалар көрсетіледі. Сонымен, реалиялардың екінші белгісі – олардың ұлттық-тарихи бояуының болуы.

Жаңаша мағынаға ие болған историзмдерді реалиялар қатарына жатқызу да біраз дау тудыруы ықтимал. Қазақ тіліндегі *шақырым* лексикалық бірлігін алайық. Қазіргі таңда бұл сөз километр терминінің аудармасы ретінде пайдаланылып жүр. Негізінде, шақырым дегеніміз айқай естілетіндей қашықтықты білдіретін ұлттық өлшем бірлік [54, б. 212]. Заманауи қолданысының салдарынан шақырым сөзін кейбір аудармашылар реалия демені мүмкін. Біздің ойымызша, мұндай сөздерді тек тарихи мазмұны қолданылған жағдайда ғана реалия қатарына қосу қажет. Егер мұндай сөздер ғылыми-техникалық мәтінде кездесе, онда термин болады, ал егер тарихи көркем әдебиетте кездесе, реалия-сөз ретінде аударылады.

1.1 тарауда біз реалия қатарына тек реалия-сөздерді ғана емес, сондай-ақ, түпнұсқа мәтінде жасырылған не меңзелетін ұлттық ақпарат бірліктерін де қосып, оларды метареалия деп атадық. Мәтіндегі реалия-сөздерді анықтаудың өзі дау тудырып жүргенде, “көрінбейтін” метареалияларды анықтаудың мәселесі бұдан да зор. Қазақ тіліндегі жусан лексикалық бірлігін алайық. Жусан – далалық аймақтарда өсетін шөптің түрі, әрі қазақ халқы үшін туған жердің символы. Бұл жағдайда символдық ақпарат реалия болып табылады. Бірақ бұл символдық ақпарат жусан сөзі қолданылатын кез-келген контексте реалия бола бермейді. Мысалы, келесі сөйлемді қарастырайық:

*Жусан арасында зар жақ шегіртке шырылдайды* [55, б. 7]

Бұл сөйлемде жусан белгілі бір шөп атауы ретінде қарастырылады, яғни мұнда жасырын символдық ақпарат жоқ. С. Мұратбековтың “Жусан иісі” атты еңбегінің атауында туған жерге деген сағыныш сезіледі, жусан иісінің қандай да бір ұлттық мәні аңғарылады. Бұл сөйлемде жусанның символдық коннотациясы “іске қосылып” тұр, яғни бұл тұста метареалияның бары анық. Егер шығарма атауын кез-келген тілге тікелей аударсақ, символдық ақпарат берілмей қалады, себебі өзге халықтар үшін жусанның мұндай символдық мәні болмауы мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды, метареалияларды анықтаудың бір жолы – мәтінді сөзбе-сөз аударып көру. Егер қандай да бір сөйлемнен тыс ақпараттың жоғалғаны білінсе, онда бұл жағдайда метареалияның бар болғаны, себебі, қарап отырғанымыздай, метареалиялар реалия емес сөздерде де «жасырылуы» мүмкін.

Метареалиялардың мәні сөздердің сөздік анықтамаларында кездесе бермейді. Мәселен, адай лексикалық бірлігін қарастырайық. Бұл этнонимнің орыс тілінде де, ағылшын тілінде де баламасы жоқ, оған қоса қазақтың руын білдіреді, сол себепті реалия-сөз қатарына жатқызамыз. Сөздіктерде бұл лексикалық бірлікке “кіші жүздің руларының бірі” деген анықтама беріледі [52]. Дегенмен, адай руы адамдарының батыл, ержүрек, қызуқанды болатыны анықтамалық сөздіктерде беріле бермейді, себебі бұл тек қазақ ұлтына аян пресуппозиция. Бұл метареалия тек белгілі бір контексте, автордың қалауымен іске қосылады. Метареалияның реалия-сөзден айырмашылығы – оның

формасында. Ал қазақ ұлтының мәдениетінен хабары жоқ аудармашыға метареалияны анықтау үшін мәтінге алдын ала талдау жасау, әрі аударма барысында сөзбе-сөз аударма жасап, ақпараттың толық, әрі түсінікті екендігін тексеріп отыру.

Жоғарыда реалия-сөздер мен метареалияларды анықтаудың жолдары қарастырылды. Бұған қоса, реалиялар тұрақты тіркес құрамында да кездесуі мүмкін. Мұндай тіркестердің аударылуын реалия аудармасынан жеке қарастыру керек деп ойлаймыз.

Сонымен, реалия-сөздердің ең негізгі белгілері олардың аударма тілінде баламасының болмауы және қандай да бір ұлтқа не этникалық топқа қатыстылығы, яғни ұлттық, тарихи-мәдени бояуының болуы. Құрамында реалия-сөздері бар тұрақты тіркестер, стилистикалық фигуралар мәдени тұрақты тіркестер деген атпен жеке қарастырылуы қажет. Метареалияларды анықтаудың бірден-бір жолы – мәтіндегі сөйлемді сөзбе-сөз аударып, қандай да бір ақпараттың жоғалуын байқап көру.

#### **1.4 Көркем шығармадағы реалиялардың қызметі**

Аударматану саласы бойынша жүргізілген ғылыми еңбектердің көпшілігінде реалиялардың өзге тілдер мен мәдениеттерге берілу тәсілдері, атап айтқанда көркем шығармалардағы тәржімасы ғана қарастырылады. Ал реалиялардың шығармадағы қызметі талдана бермейді. Алайда, бұл лексикалық топтың өзге тілдерге барабар жеткізілуі оның түпнұсқадағы прагматикалық қызметін толық анықтауға тікелей тәуелді. Реалиялардың түпнұсқадағы функционалдық-прагматикалық аспектілерін қарастыру аударманы оңтайландыруға, сапасын арттыруға, аударма мәтінінің дұрыс рецепциясына әсер етеді [56, б. 56].

Аударматанушылардың еңбектерінде реалиялар негізінен ұлттық және тарихи бояуы бар тілдік бірліктер ретінде қарастырылған. Мәселен, белгілі болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флориннің пікірінше, реалиялардың өзге сөздерден айрықша ерекшелігі – оның заттық мағынасында, яғни реалия атайтын заттың, түсініктің, құбылыстың, яғни референттің, бір жағынан, халықпен, тайпамен, қандай да бір әлеуметтік топпен немесе, екінші жағынан, тарихи уақыт аралығымен тығыз байланысында [6, б. 30]. Сәйкесінше, олардың белгілі бір ұлттық (жергілікті) және/немесе тарихи бояуы бар, яғни олар мекендік не тарихи бояу беру қызметін атқарады.

Мексикалық мәдени реалиялардың рөлі мен қызметін зерттеген И.Р.Абқадырова реалиялардың тақырыптық топтастырылуы бойынша қызметтерін анықтайды. Мәселен, табиғи-географиялық ортаға қатысты реалиялар, ғалымның пікірінше, мекендік (локализациялаушы) қызмет атқарады. Оларға географиялық атаулар, флора және фауна бірліктері жатады. Антропонимдер, оның ішінде тарихи тұлғалардың есімдері, сондай-ақ, тарихи және саяси оқиға атаулары шығармадағы оқиға уақытын білдіреді, тарихилық және шынайылық белгілерін береді. Тұрмысқа, өлшем бірліктеріне, салт-дәстүрлерге қатысты реалиялар, сонымен қатар, негізгі ұлттық концептілер

белгілі бір ұлтты ерекшелейді. Ғалымның пікірінше, ұлттық қанатты сөздер мен дәйексөздер – ұлт мәдениеті туралы қосымша ақпарат беріп, интертекстуалды қызмет атқаратын реалиялар [57, б. 17].

Д.В. Гурова өзге тілден енген сөздердің прагматикалық қызметтерін зерттеген ғалым С.И. Манинаның концепциясын негізге ала отырып, реалиялардың бірнеше қызметін анықтайды [58]:

1. Дәуірлік бояу. Бұл қызметті белгілі бір тарихи дәуірге тән реалия-персоналиялар атқарады.

2. Ұлттық (мәдени) бояу. Бұл қызметті салт-дәстүрлер атаулары, мифологиялық кейіпкерлер мен фольклор бірліктері, т.б. атқарады.

3. Географиялық (жергілікті) бояу. Бұл қызметті, көп жағдайда, топонимдер атқарады.

4. Дескриптивті қызмет ұлттық киімдердің, тағамдар мен сусындардың сипатталуында көрініс табады.

И.В. Плоткина «Прагматика реалій в двуязычном аспекте (на материале произведений С. Шелдона)» атты еңбегінде реалиялар қызметінің статистикасын анықтаған. Оның есептеуінше, зерттелген ұлттық маркері бар лексиканың 30% әлемнің тілдік бейнесін, 26% дәуірлік нақышты, 17,5% АҚШ-тың арнайы мәдени фонын, 15% АҚШ-тағы өмірдің этнографиялық ерекшеліктерін, 10,5% америкалық емес нақышты көрсету үшін қолданылған [59].

Осылайша, жоғарыда аталған авторлар реалиялардың мәтіндегі қызметтерін қарастырған. Қорыта келе, авторлардың пікірінше, реалиялар географиялық, дәуірлік, дескриптивтік, локалдық, этнографиялық қызмет атқарады. Дегенмен, реалиялардың қызметі мұнымен шектеліп қоймайды.

Н.В. Карповская реалиялардың қызметтерін үлкен екі топқа бөледі [62, б. 101]:

1. Кумулятивті қызмет белгілі бір этникалық топтың жинаған тәжірибесін, тарихын, материалдық және рухани мәдениетін, жалпы құндылықтарын көрсетеді.

2. Стилистикалық қызмет шығармаға экспрессивті-көркемдік және эмоционалды-экспрессивті мағына береді. Бұл қызмет одағай, бағалаушы мәні бар зат есімдер, мәдени мәні бар морфемалар, метафоралар арқылы жүзеге асады.

Гуменнің пікірінше, реалиялардың, сонымен қатар, бағалаушы және характерологиялық қызметтері бар. Бағалаушы қызмет оқырманға белгілі бір затты не құбылысты бағалауға мүмкіндік жасайтын ақпарат береді. Характерологиялық қызметі бар реалиялар сөз болып отырған зат туралы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді [61, б. 8].

Реалияның көркем мәтіндегі қызметі Н.А. Фененконың еңбектерінде жан-жақты талданады [60, б. 159]. Ол жоғарыда аталған қызметтерден басқа реалиялардың символдық, ассоциациялық қызметтерін атап көрсетеді. Олардың мәні – реалиялардың денотативті мағынасымен қатар коннотативті семантикалық компоненттерінің іске қосылуында.

Біздің ойымызша, реалиялардың қызметтері олардың семантикалық жіктемесімен сәйкес келеді. Мәселен, этнографиялық реалиялар барабар аударылған жағдайда аударма реципиентіне түпнұсқада суреттелген ұлт не этникалық топтың шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, құндылықтары, дүниетанымы т.б. жайлы хабар береді. Діни реалиялар, сәйкесінше, кейіпкерлердің ұстанатын дінінен, әлеуметтік-саяси реалиялар мемлекеттік құрылымы, т.б. туралы ақпарат береді. Географиялық реалиялар жоғарыда аталғандай түпнұсқада суреттелетін мекеннің метеорологиялық, флоралық және фауналық ерекшеліктерінен хабар береді.

Жоғарыда аталған этнографиялық, әлеуметтік-саяси, географиялық ақпараттардан басқа метареалиялар экспрессивтік қызмет атқарады. Автордың символдық, ассоциативтік ақпаратты ерекше формада беруі оның мәтінге қандай да бір экспрессивтік нақыш беру мақсатында жүзеге асады. Шынында да, реалия-сөздер не жай лексикалық бірліктерде ақпараттың мензелуі не жасырылуы шығарманың экспрессивтілігін арттырып, көркем шығарма эстетикасын жоғарылатады.

### **1.5 Көркем шығармадағы реалиялардың берілу барабарлығы**

Аударматануда реалиялардың, атап айтқанда ұлттық реалиялардың өзге тілдерде берілуі – өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе аударматанушылардың еңбектерінде ХХ ғасырдың ортасынан бастап қаралып келгенімен, осы уақытқа дейін бірізді шешімін тапқан жоқ. Көптеген ғалымдар реалияны *аударылмайтын* тілдік бірліктерге жатқызғанымен, біздің ойымызша “тиісті білім, анықтамалар мен сөздіктер бар болған жағдайда кез-келген мәтіннің толық аудармасын жасауға болады” [64, б. 17].

Зерттеушілер реалиялардың аударылуы ретінде реалия-сөздердің, яғни сөздердің, сөз тіркестерінің аудармасын қарастырады. Реалия-сөздер баламасыз лексика қатарына жататындықтан, олардың «аударылуы» бұрыс қабылдануы мүмкін. 1.1 тарауда біз реалияларға тек тілдік бірліктерді ғана емес, сондай-ақ метабірліктерді де жатқызған болатынбыз. Әрине, «метареалияларды аудару» тіркесінің де бұл жағдайда мәні болмайды. Сол себепті, мәтіндегі «көрінбейтін» ақпарат бірліктерін өзге тілдерде тек «көрсетуге», «беруге» (воспроизводить) болады. Жалпы, көптеген зерттеушілердің еңбектерінде реалияларды экстралингвистикалық бірліктер деп санап, оларды «аудару» мүмкін еместігі айтылады [63, б. 25]. Берілген зерттеуде реалияларды аудару деп реалия-сөздер мен метареалиялардың өзге тілдерде берілуін меңзейміз.

Реалия аудармасының сапасын сынауға арналған еңбектерде реалия аудармасына қойылатын талаптар белгілі бір жүйеге келтірілмеген. Бір ғалымдар ұлттық бояуды сақтауды бірінші қатарға қойса, екіншілері аударма прагматикасына көбірек көңіл бөледі. Сәйкесінше, аудармашылар да не түпнұсқаға «адал» боларын, не аударма реципиентіне «жақын» боларын шеше алмай, олардың жұмысы түпнұсқа мен аударма арасындағы «шала» тәржімаға айналып жатады. Оған қоса, аударма сапасын талдаушылардың да пікірі субъективті болып жатады. Реалия аудармасына арналған зерттеулерде реалия аудармасының барабарлығына қойылатын талаптар, қандай да бір ережелер

тұжырымдалмайды. Тек ұлттық бояудың сақталуы ғана алдыңғы қатарға алынады.

Біздің ойымызша, реалия аудармасының сапасын бағалауда және реалия аудармасына қойылатын талаптарды тұжырымдауда барабарлық ұғымын қолдану керек.

Реалия аудармасының барабарлығын қарастырмас бұрын, барабарлық термині туралы қысқаша айтып өтейік. Бұл терминді орыс тіліндегі адекватность және ағылшын тіліндегі adequacy терминдерінің аудармасы ретінде алып отырмыз. Қазақ аударматануында адекваттылық ұғымы көптеген ғалымдардың еңбектерінде баламалылық терминімен салғастырылып қарастырылады. Ш.Т.Сауданбекованың жұмысында бұл терминдер аударылмай, эквиваленттілік, адекваттылық деп алынады [65, б. 24]. С. Абдрахманов эквиваленттілікті баламалылық деп, ал адекваттылықты барабарлық деп атауды ұсынады [66, б. 52]. А.Қ. Жұмабекованың, Ә.С. Тарақовтың, еңбектерінде де барабарлық термині қолданылады [15, б. 92], [4, б. 45]. Л.Н. Дәуренбекованың зерттеу жұмысында адекваттылық ретінде сәйкестік термині алынады [67]. Аударматану терминдерінің сөздігінде адекватность сөзіне баламалылық пен барабарлық нұсқаларының екеуі де беріледі [68]. Ең жиі кездесетін нұсқа барабарлық болғандықтан, біз өз жұмысымызда осы терминді алуды жөн көрдік. Оған қоса, реалиялар баламасыз лексиканың бір түрі болғандықтан, «баламасыз» лексиканың «баламалылығын» анықтау қисынсыз.

Аударматануда барабарлық ұғымы баламалылық ұғымымен салғастырылады. Бұл екі ұғымның айырмашылығы неміс ғалымы К. Райстың «Аудармадағы адекваттылық пен эквиваленттілік» атты мақаласында жан-жақты түсіндірілген. Ғалым бұл екі ұғымның ара-жігі өте жиі талқыланатындығын айта келе, барабарлықты аударма барысында белгілі бір іс-әрекетті таңдаудың дұрыстығы деп атайды. Яғни аударманың мақсатына қарай, таңдалған стратегияның, үлгінің, тәсілдің, нұсқаның дұрыстығы деп атайды. Ал баламалылық түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіні арасындағы қатынас деп түсіндіріледі [69, б. 301].

А.В. Федоров та барабар аудармаға мынадай анықтама береді: «адекватный (полноценный) перевод определяют как перевод, соответствующий подлиннику по функции (полноценность передачи) и по выбору средств переводчиком (полноценность языка и стиля). Функциональная точность, характерная для адекватного перевода, не только допускает, но нередко и требует отказа от формальных, словарных соответствий» [70, б. 150]. Бұл анықтамалардан шығатын қорытынды – аударма барабар болуы үшін бастапқы мәтіннің қызметі аударма мәтінде көрініс табуы қажет, оған қоса бастапқы мәтіннің формасы мен стилі сақталуы керек [71, б. 10].

Осы орайда А. Алдашеваның пікірі өте орынды: «Реалийлер... функционалдық қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұқсан келтіреді. Сондықтан, аудармашы текстегі қолданылған, қазақ тіліне мәдени-танымдық

сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына, контекстегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс» [7, б. 180]. Ғалымның осы пікірінен реалия аудармасының барабарлығына қойылатын талапты тұжырымдауға болады – реалия аудармасы түпнұсқадағы лексикалық бірліктің лексикалық мағынасына, этимологиясына, контекстуалдық мағынасына, стильдік жүгіне сәйкес келуі керек. Мұндағы лексикалық мағына ретінде реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояу беретін коннотативті мағынасын аламыз. Ал контекстуалдық мағынасы деп қандай да бір микроконтексте белсенді болып тұрған семантикалық компонентті аламыз.

Метареалияларды аударма тіліне жеткізу мәселесі тіпті ерекше, себебі аудармашы алдымен метареалияны жеткізу не тіптен бейтараптау қажеттілігін шешіп алуы қажет. Мәселен, И. Левыйдың пікірінше, түпнұсқа авторының жасырған ақпаратын аудармада ашып көрсету дұрыс емес, тек түпнұсқа реципиенті тез түсіне қоятын, әдейі жасырылмаған ақпарат бірліктерін ғана жеткізу қажет [72, б. 50]. Біздің ойымызша, метареалиялар әдейі жасырылған болса, онда олардың «жасырылғанын» сілтемеде көрсету қажет. Ал түпнұсқа реципиенті тез түсіне қоятын мәдени пресуппозицияларға мәтін ішінде түсініктеме беру қажет.

А. Алдашеваның реалия барабарлығына қоятын талаптарына біз реалияның формасының да барынша сақталуын қосар едік. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, түпнұсқада бір сөзбен берілген реалияның лексикалық мағынасын, аудармада бір сөзбен жеткізу мүмкін бола бермейді. Дегенмен, аудармашы барлық ақпаратты қамту керек деген оймен бірнеше сөйлем қоспауы керек. Аударманың әрдайым түпнұсқамен салыстырғанда ұзағырақ екенін ескерсек, аударманы барынша үнемді ете білген абзал. Кез-келген реалияның аясында тұтас бір ұлттың не этникалық топтың мәдениетіне, тарихына, мінез-құлық ерекшеліктеріне қатысты ауқымды аялық ақпарат жатыр. Аударма прагматикасына барынша толық қол жеткізу мақсатында аудармашы аталмыш аялық ақпаратты жан-жақты беруге тырысады. Осы кезеңде аудармашы тым ауқымды тілдік бірліктерді қолдануы ықтимал. Нәтижесінде, аударма мәтін түпнұсқа мәтінмен салыстырғанда ұзағырақ болады, аударма реципиентіне қажетсіз аялық білім көп беріледі. Мұндай аударма барабарлыққа кереғар.

Реалиялардың басқа тілдік бірліктерден ең негізгі айырмашылығы – олардың баламаларының болмауы және ұлттық-тарихи бояуының болуы. Баламаның жоқтығын реалияны түпнұсқадағы формасын (жасырын, тілдік, сөз не сөз тіркесі, т.б.) барынша сақтау арқылы өтеуге болады.

Реалия аудармасының сапасына келесі факторлар да әсер етеді. Біріншісі – мәтіннің жанрлық типі. Ғылыми мәтіндегі реалия көп жағдайда термин болып саналады және терминге қойылатын талаптар бойынша аударылады. Бұл жағдайда реалияның барлық семантикалық компоненттерінің берілуін қамтамасыз ету қажет. Публицистика мен көркем әдебиет аудармасында реалияны контекстегі қызметіне қарай аударған жөн, оған қоса әрбір реалияға толыққанды түсініктеме беріп жатудың қажеті жоқ. Себебі бұл реципиентті

жалықтырып жіберуі ықтимал. Балалар әдебиетінің аудармашысы балалардың қызығушылығын сақтап қалуы қажет, ал аударма мәтіндегі «түсініксіз» экзотизмдер, әрине, балалардың қызығушылығына кері әсер етуі ықтимал. Сол себепті, балалар әдебиетінің аудармасында реалиялардың саны қысқартылады не мағынасы жалпыланады. Шавиттің пікірінше, «үлкендерге арналған кітаптардың аудармасымен салыстырғанда, балалар әдебиетінің аудармасында еркіндіктерге көбірек жол беріледі» [73, б. 112].

Екінші фактор – түпнұсқа авторының шығарманы жазудағы мақсаты. Мәселен, «Ақ боз үй» романы – қазақ халқының XX ғасырдың екінші және үшінші ширегіндегі өмірін суреттейді, көшпелі өмір салты мен отырықшылықты салыстыра сипаттайды. Яғни романның дәуірлік, тарихи ақпаратты беру мақсаты бар. Сәйкесінше, реалиялардың тарихилық сипаты аудармада міндетті түрде берілуі қажет.

Үшіншісі – аударма мақсаты. Бұл фактор неміс ғалымдары К. Райс пен Х.Фермеердің аударматанудағы скопос теориясына сәйкес келеді және аудармашыға қойылатын міндеттерді білдіреді. Бұл жағдайда аударма жасауға тапсырыс берушінің талаптары ескеріледі. Мәселен, аударма мәтін аударма тілінде бастауыш деңгейде сөйлеушілерге арналған болуы мүмкін. Бұл жағдайда тапсырыс беруші аударма мәтінді барынша жеңілдетуді сұрайды.

Төртіншісі – реципиенттің аялық білімі. Көркем аудармада реципиент ретінде аялық білім деңгейі орташа тұлға алынады. Оған қоса, бұл факторға тілдердің жақын не алшақ болуы да әсер етеді. Мәселен, орыс тілінде қазақ тілінің бірқатар реалиялары кірме сөзге айналған, яғни оларды аудару кезінде сөздік реалиялардың саны көп болады, ал түсініктемелер аз беріледі. Ал ағылшын тілі мен қазақ тілін салыстыратын болсақ, онда бұлардың арасы алшақ, яғни сөздік реалиялардың саны аз, түсініктемелер көп берілуі қажет.

## **1.6 Көркем шығармадағы реалиялардың берілу стратегиялары мен тәсілдері**

Реалиялар ұлттық-тарихи ақпараттың тасымалдаушылары болғандықтан, оларды өзге тілдерге берудегі ең бірінші ұстаным барлық ұлттарға, барлық мәдениеттерге, этникалық ерекшеліктер мен стереотиптерге деген сыйластық болуы керек. Бұл жайды П. Ньюмарк та атаған болатын [26, б. 94].

Аударма барысында аудармашының ұлттық мәдениеті мен аударма тілінде сөйлеушілердің мәдениеті тоғысып, реалияларға теріс коннотациялар қосылып кетуі ықтимал. Мәселен, қазақ халқының кәделі асы *қазыны* алайық. Бұл – қазақтың ұлттық ас реалиясы. Ол жылқы қабырғасының еті мен майын жылқы ішегіне салып дайындалатын ас түрін білдіреді. Жылқы малының етін асқа пайдаланбайтын, айталық, нигериялықтар үшін, әрине, бұл ас түрі жағымды ассоциациялар тудырмайды. Сәйкесінше, аудармашы осындай жағдайларды өз аудармасында ескеруі қажет, яғни аудармашы мәтіндегі ұлттық-тарихи ақпараттан әлдеқайда көбірек аялық білімді игеруі керек.



Реалияларды аудару стратегиялары мен тәсілдері реалияның мәтіндегі формасына, тақырыптық жіктемесіне, контекстегі маңызы мен прагматикалық қызметіне, аударма мақсатына т.б. байланысты.

Реалияларды өзге тілдерге аудару тәсілдері жалпы алғанда екі аударма стратегиясына бағытталады. Оның біріншісі – аудама мәтін оғаш не экзотикалық болып көрінсе де, түпнұсқаның ерекшеліктерін барынша сақтау. Екіншісі – аударма мәтінін аударма реципиентіне барынша таныс, түсінікті болатындай етіп бейімдеу. Бұл екі стратегия бір-біріне қарама-қайшы саналып, оларға ғалымдар түрлі атаулар беріп отырған. Мәселен, Г. Тури оларды адекваттылық пен түсініктілік [біздің аударма] (acceptability) деп атайды [74, б. 60]. Дж. Холмс сақтау (retention) және өзгерту (re-creation) [75, б. 48], Л. Венути форенизация және доместикация [35, б. 19], Хэрви мен Хиггинс мәдени трансплантация (cultural transplantation) және экзотизация (exoticism) [76, б. 174] деп атайды. Әр түрлі аталғанымен, бұл стратегиялардың мәні бір. Аталған стратегияның бірін таңдаған аудармашы ары қарай белгілі бір аударма тәсілін таңдайды.

Аударматану теориясында реалияларды аудару тәсілдері ұзақ уақыт бойы талданып келеді. XX ғасырдың 50-жылдары көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер жеке реалияларды емес, жалпы баламасыз лексика мәселелерін қарастырып, олардың азды-кемді аударылу тәсілдерін ұсынады.

Бұл мәселенің тереңірек шешімі Г.В. Шатковтың зерттеу жұмысында беріледі. Ол баламасыз лексиканы аударудың барлық тәсілдерін екі топқа бөледі: сөзді шет тілінен алу және сипаттау [77, б. 5]. Бірінші тәсілді ғалым алмастырылмайтын, жартылай алмастырылатын және алмастырылатын болып бөледі. Бұлар транслитерация, жартылай калька, калька деген тәсілдерге сәйкес келеді. Екінші тәсілдің мәні – реалияның мазмұнын бастапқы тілде жай сөздермен тұжырымдап, аударма тілінің тілдік құралдары арқылы беру.

Г.В. Черновтың пікірінше, лексика-семантикалық баламасыздықты транслитерация, калькалау не аналогты қолдану арқылы шешуге болады [17, б. 8]. Бірақ бұл ғалымның еңбегінде сипаттау мен түсініктеме беру секілді тәсілдер аталмайды.

В.Н. Комиссаров, Я.И. Рецкер, В.И. Тархов баламасыз лексиканы аударудың алты тәсілін жасап шығарды. Транслитерациямен қатар олар транскрипция, калькалау, сипаттау, түсініктеме беру және комментарий беру секілді тәсілдерді атайды [78, Б. 24-32].

Реалияларды баламасыз лексиканың бір түрі ретінде атап, олардың аударылуын жеке қарастырған ғалымдардың бірі – А.В. Федоров. Ол XX ғасырдың басында-ақ реалияларды жеке зерттеп, аялық білімнің қажеттілігін атап өтіп, реалиялардың аударылу тәсілдерін айқындайды. Ғалым толық және жартылай транслитерация, жаңа сөз жасау, жақын аударма секілді тәсілдерді атайды [79, б. 139]. Жалпы алғанда, бұл жіктеме сәтті шыққан. Тәсілдердің арасында транскрипция жоқ, бірақ бұл тәсіл тек XX ғасырдың 60-жылдары ғана кең тарала бастады. А.В. Федоровтың кейінгі еңбектерінде реалияларды аудару тәсілдерінің қатарына транскрипция, гипонимдік аударма қосылады [2, б. 206].

Сонымен, XX ғасырдың 50-60 жылдары жазылған еңбектерде реалияларды аудару мәселесі өте жалпылама түрде зерттелген. Жеке реалиялардың емес, жалпы баламасыз лексиканың, яғни тікелей лексикалық сәйкестіктері жоқ сөздердің аударылу тәсілдері сипатталып, оларды аударудың ерекшелігі айқындалады.

XX ғасырдың 70-80 жылдары жеке реалия мәселесі мен оны аудару туралы бірқатар іргелі зерттеулер жазылды. К. Райс реалияларды аударудың мынадай тәсілдерін атайды: шет тілінен сөз алу, калька, сілтеме жасау, түсініктеме беру [80, б. 79]. Шет тілінен сөз алу деп сөзді аударма тіліне өзгеріссіз беруді санайды. Бұл таксономияны жасау кезінде К. Райс тек латын әліпбилі тілдерді қарастырады, сол себепті транслитерация не транскрипция туралы сөз қозғамайды. Ғалымның сілтемелер мен түсініктемелерді екі жеке тәсіл ретінде қарастыруын дұрыс деп санамаймыз, себебі сілтеме беру де түсініктеме берудің бір түрі болып табылады. Реалияларды аударудың ұқсату тәсілдері де, мәселен гипо-гиперонимдік тәсілдер, аналог қолдану тәсілі аталмайды. К. Райс осы еңбегінде аударма тәсілінің мәтіннің функционалдық типіне, коммуникация типіне байланысты екендігін айтады.

В.Л. Муравьев өз жұмыстарында лексикалық лакуналардың түрлерін қарастырып, оларға мысалдар келтіреді [81, б. 92]. Ғалым лакуналарды аудару мәселесінде Л.С. Бархударов ұсынған транслитерация, калька, сипаттау және ұқсату тәсілдерінің тиімділігін талдайды. В.Л. Муравьевтің пікірінше, тек транслитерация мен кальканы ғана реалияларды аударуда тиімді деп санауға болады, себебі осы тәсілдердің арқасында ғана баламасыз лакуналардың саны азаяды, сөздердің аударма тіліне енуіне септігін тигізеді. Ғалымның ойынша, қалған екі тәсіл тиімсіз болып табылады [81, б. 93].

70-жылдардың соңында В.С. Виноградовтың көркем шығарма аудармасының теориясы мен тәжірибесінің лексикалық мәселелеріне арналған еңбегі жарыққа шығады. Автор аялық ақпараты бар лексиканы талдап, оның құрамында реалия-сөздерді бөліп көрсетеді және оларды аударуда ең жиі қолданылатын тәсілдерін атайды. Оларға транскрипция (сондай-ақ транслитерация), перифрастикалық (экпликациялық, сипаттаушы, дескриптивті) аударма, гипонимдік аударма, ұқсату секілді тәсілдерді жатқызады [82, б. 101]. Осы таксономияда реалияларды механикалық аударудың негізгі тәсілі ретінде транслитерация емес, транскрипцияның алынатынын байқаймыз. Дегенмен, автордың жіктемесі толық емес, себебі ол тек жиі қолданылатын тәсілдерді ғана атайды. Мәселен, жаңа сөз жасау тәсілі аталмайды.

Ағылшын ғалымы П. Ньюмарк «мәдени сөздерді» аударудың 13 тәсілін береді [83, б. 70]. Аударма тәсілдерінің осыншама көп болуының себебі – автордың баламасыз лексиканы, жалқы есімдерді және реалияларды бір-бірінен бөлмеуі. Жалпы аударма тәсілдерінің арасынан ресми қабылданған аударма (recognized translation), бірнеше тәсілдердің қосындысы (translation couplet, translation triplet) секілді қосымша тәсілдерді табамыз.

Көркем шығармадағы реалиялар мен олардың аудармасы туралы бірнеше ірі еңбектер жазған С. Влахов пен С. Флорин осы лингвистикалық феноменнің нақты анықтамасын беріп, оны аударудың негізгі екі тәсілін атайды [6, Б. 87-88]:

1. Транскрипция

2. Аударма. 1) Неологизм: калька, жартылай калька, сөзді енгізу, семантикалық неологизм. 2) Ұқсату: түрлік-типтік алмастыру, функционалдық аналог, сипаттау, түсініктеме беру. 3) Контекстуалдық аударма.

Бұл таксономияда реалияларды механикалық аударудың транслитерация не өзгеріссіз енгізу секілді тәсілдері қалып қойған. Ал сөзді аударма тіліне енгізу дегеніміз аударма тәсілі емес, аударма үдерісі болып табылады.

Сонымен, ХХ ғасырдың 70-80 жылдары жазылған еңбектерде реалия мәселесі жан-жақты қарастырылады. Осы мәселені талдауға өз үлесін қосқан В.Н. Комиссаров реалияларды аудару мүмкін екендігін, кез-келген денотат әлемнің бір бөлшегі, сәйкесінше кез-келген тілдің тілдік құралдарымен атауға ие бола алады деп жазады [84, б. 89].

Реалия аудармасында мәтіннің жанрлық типінің маңызы айқындалды. Дегенмен, бұл кезеңде бірыңғай бағыт қалыптасқан жоқ. Аударма тәсілдерінің терминологиясы сан қилы болды. Оған қоса, реалиялар тек аударматануда емес, лингвомәдениеттануда да зерттелді.

Реалияларды аудару мәселесінің өзекті болғаны соншалық, ол өз күшін ХХ ғасырдың 90-жылдары да жойған жоқ. Реалиялар аударматану, лингвоелтану, лингвомәдениеттану, мәдениаралық қарым-қатынас теориясы ғылымдары аясында зерттелді. Мәдени лексиканың түсіндірме, аударма сөздіктері құрастырылды.

Харви мен Хиггинс аударманы мәдени транспозиция деп атап, мәдени атауларды аударудың бес тәсілін көрсетеді [76, б. 28]. Авторлар аударма тәсілдерін бастапқы тіл не аударма тіл мәдениетіне жақындығына қарай экзотицизмнен бастап, мәдени кірме сөз, калька, коммуникативтік аударма, мәдени трансплантацияға дейінгі шкалаға орналастырады. Ғалымдар мәдени атауларды тәржімалаудың қиындығын атай келе, бұл үдерісті мәдени транспозиция деп атау қажеттілігін жеткізеді.

ТМД аударматанушылары негізінен С. Влахов пен С. Флориннің аударма тәсілдеріне сүйенсе, батыстық тәржіматанушылар Ф. Айселаның таксономиясын арқау етеді. Айсела мәдени сипаты бар атауларды аударудың 11 тәсілін атап көрсетеді. Жоғарыда аталған Харви мен Хиггинс секілді Айсела да бұл тәсілдерді «мәдениетаралық манипуляция деңгейін негізге алып» екі топқа жіктейді [30, б. 60]. Шкаланың төменгі жағындағы тәсілдер мәдени сипаты бар сөзді түпнұсқа мәтініне жақын етіп аударуда қолданылып, консервативті тәсілдер деген атауға ие болады. Бұларға көшіру, орфографиялық адаптация, лингвистикалық (мәдени емес) аударма, мәтіннен тыс және мәтін ішінде анықтама не түсініктеме беру тәсілдерін жатқызады. Шкаланың жоғарғы жағындағы тәсілдер сөзді аударма мәтінге жақын етіп аударуда қолданылып, алмастырушы тәсілдер деген атауға ие. Екінші топқа синонимия, шектеулі

универсализация, абсолютті универсализация, натурализация, жою, автономдық сөзжасам тәсілдері кіреді.

Д. Катан мәдени атауларды аудару үдерісін сипаттауда табиғи тілді өңдеу ғылымының концептілерін, атап айқанда, chunking стратегиясын қолданады. Мәселен, ғалым жалпылау (chunking up), нақтылау (chunking down), аналог табу (chunking sideways) секілді бір мәдени аядан екіншісіне өту концептісін ұсынады [85, б. 211]. Бұл тәсілдер генерализация, конкретизация, мәдени не функционалдык аналог табу секілді тәсілдерге сәйкес келеді.

Француз филологиясы мен аударматану саласындағы маман Н.А. Фененко реалиялардың орыс тілінен француз тіліне аударылуын талдайды [86, б. 59]. Ғалым ұқсату, жалпылау, калькалау, сілтеме беру, сөзді транслитерация/транскрипция арқылы не өзгеріссіз кіргізу секілді тәсілдерді атап көрсетеді.

XXI ғасырдың басында жазылған еңбектерде осы уақытқа дейін жүргізілген талдауларды жалпылау жұмысы, әрі қандай да бір аударма тәсілін таңдауға әсер ететін прагматикалық факторлар мен аударма тәсілдерінің жиілігін анықтау секілді жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, М.Л. Алексеева өзінің кандидаттық диссертациясында реалиялардың контекстегі маңызына қарай аударылу тәсілдерін анықтайды [42, б. 18]. Шетелдік ғалым И. Дэвис реалиялар аудармасында микроконтекстіні ғана емес, макроконтекстіні ескерудің маңызын сабақтайды [87, Б. 96-97]. Ғалым А.А. Сардарова реалия аудармасында тілдік тұлғаның әсерін талдап, бұл мәселені психолингвистикалық тұрғыда зерттейді [88]. Жалпы, қазіргі таңда реалиялардың аудармаларын лингво-мәдени аспектіде қарастыратын жұмыстар біршама. Бұл аталған мәселенің әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқандығын тағы бір дәлелдейді.

Сонымен, реалияларды аудару тәсілдерінің эволюциясын талдай келе, бұл мәселеде XX ғасырдың 50-жылдарынан бері белгілі бір үрдістің болғанын байқаймыз. Реалиялар баламасыз лексика құрамында емес, жеке лексикалық категория ретінде қарастырылады. Реалияларды аудару тәсілдерінің де белгілі бір даму үрдісі байқалады. Дегенмен, барлық аударма тәсілдерін жалпылайтын ортақ жұмыстардың өте аз болғанын байқауға болады. Келесі кезекте ғалымдардың еңбектерінде аталатын реалияларды аудару тәсілдеріне жеке-жеке тоқталайық.

1. Транскрипция, транслитерация не өзгеріссіз беру тәсілі. Бұл тәсіл трансференция (transference) [26, б. 103], презервация (preservation) [87, б. 72], мәдени кірме сөз (cultural borrowing) [76, б. 23], кірме сөз (loan word) [25, б. 21], орфографиялық бейімдеу (orthographic adaptation) [30, Б. 61-64], транскрипция не транслитерация [23, б. 97], [4, б. 25], [44, Б. 182-183], [2, б. 171] деп аталады. М.Л.Алексеева бұл тәсілдерді механикалық тәсілдерге жатқызады [42, б. 73], себебі мұндай аудармада реалияның графикалық формасы (транслитерация), дыбыстық формасы (транскрипция) аударма тілінің тілдік құралдары арқылы беріледі не сөз өзгеріссіз бастапқы тіл құралдары арқылы беріледі. Бұл тәсілдердің артықшылығы – реалияның денотативті мағынасын, формасын, ұлттық және тарихи бояуын өте қысқа түрде беруде. Егер аударма тілінде

реалияға ешқандай сәйкестік табылмаса, онда оны өзгеріссіз енгізуге болады [89, б. 87]. Кейбір транслитерацияланған не транскрипцияланған реалиялар аударма тілінің сөздіктерінде бекіген, бірақ сөздікте болғанымен, ол аударма тілі реципиентінің сөздігінде болмауы мүмкін. Сол себепті, аудармашылар мұндай аудармаларды курсивпен береді, оған қоса сілтемеде не сөздікте түсініктеме береді. Мұның мақсаты – реципиенттің назарын аудару және реалияның ұлттық және тарихи бояуын сақтау. Дегенмен, бұл тәсілмен аударылған реалияның денотативті мағынасы тек контекстінде анықталады, яғни реципиенттің толық түсіну ықтималдылығы – төмен. Бірқатар аударма теоретиктері бұл тәсілді тым көп қолданудың алдын алуды ұсынады, себебі ол «оқырманның қажетсіз экзотизмдерге сүрінуіне» алып келеді [82, б. 101]. Дэвистің пікірінше, бұл тәсілді реалияға ешқандай жақын балама табылмаған кезде қолдану керек [87, б. 73]. Реалияны өзгеріссіз енгізу тәсілі бастапқы тіл мен аударма тілі әліпбилерінің бірдей болуы жағдайында ғана пайдаланылуы қажет.

2. Сөздіктегі сәйкестік арқылы аудару. Бұл тәсілдің мәні – реалияны бастапқы тілден, сондай-ақ басқа тілдерден енген, аударма тіліне сіңіп үлгерген кірме сөздер арқылы аудару [90, б. 93]. Мұндай лексикалық бірліктерді С. Влахов пен С. Флорин сөздік реалиялар (словарные реалии) [6, б. 19], ал П. Ньюмарк қабылданған стандартты аударма (accepted standard translation) [26, б. 103] деп атайды. Сөздік реалиялар аударма мәтінде стилистикалық тұрғыда бейтарап болмайды, керісінше, мәтінге ұлттық-тарихи бояу береді.

3. Жаңа сөз жасау тәсілі. Бұл тәсілдің мәні – аударма тілінің тілдік құралдары арқылы бастапқы тілдің үлгісі бойынша жаңа сөз не сөз тіркесін жасауда [2, б. 171]. Отандық және ресейлік аударматанушылар жаңа сөз жасау тәсілінің бірнеше түрін атап көрсетеді: толық калька (франц. Calque), жартылай калька және авторлық неологизм [42, б. 71], [90, б. 106], [6, Б. 88-89]. Толық калькалау кезінде реалиядағы барлық морфемалар сөзбе-сөз аударылады, ал жартылай калькалау кезінде бірнеше морфемадан тұратын реалияның бір морфемасы ғана сөзбе-сөз аударылады. М.Л. Алексееваның пікірінше, әдетте бірнеше морфемадан тұратын, әрі морфемаларының мәні анық реалиялар калькаланады [42, б. 77]. Дэвис презервация (preservation) тәсілі ретінде транслитерация, транскрипция, өзгеріссіз беру секілді форманы сақтау тәсілдерін ғана емес, мағыналық форманы сақтау тәсілін, яғни кальканы да жатқызады. Бірақ біздің ойымызша, калька реалияларды аударудың жеке тәсілі ретінде бөлек қарастырылуы тиіс. Калькалау [23, б. 97], [4, б. 26] П. Ньюмарктың еңбегінде төте аударма (through-translation) және сөзбе-сөз аударма (literal translation) деп беріледі [34, б. 82-91, б.103].

Авторлық неологизм тәсілі толығымен жаңа сөз жасауды білдіреді. Бұл тәсіл семантикалық неологизм [90, б. 106], автономдық сөзжасам (autonomous creation) [30, б. 64] деп те аталады. Оның калькадан айырмашылығы – бастапқы тілдегі реалиямен этимологиялық байланысының болмауы. Жалпы жаңа сөз жасау кезінде бастапқы тілдің формасы сақталады, тіпті ұлттық-тарихи бояуы да беріледі, дегенмен ол, әсіресе авторлық неологизм тәсілі, «ең сирек қолданылатын өнімсіз тәсіл болып саналады» [42, б. 79].

4. Сипаттау тәсілі реалияның денотативті мағынасын қысқа не ұзақ сипаттама не түсініктеме арқылы береді. Бұл тәсіл сипаттау тәсілі [23, б. 97], [6, б. 87], [42, б. 70], [44, Б. 182-183], экспликативті тәсіл [4, б. 26], [90, б. 107], қосу (addition) [87, б. 77], қосымша (gloss) [30, Б. 61-64], [91, Б. 176-177], түсініктеме (explanation) [25, б. 34], перифраз (paraphrase) [26, б. 103], перифрастикалық аударма [34, б. 60] деген атаулармен белгілі. М.Л. Алексеева бұл тәсілге түрлі сипаттамалар мен түсініктеме беру тәсілдерін жатқызады [42, б. 70]. Ғалымдардың пікірінше, сипаттау кезінде тек реалияның мәні ашылса, түсініктеме беру кезінде реалияның сипаттамасымен қатар түсініктеме беріледі, яғни ол ұзағырақ болады [90, б. 109]. Сипаттама не түсініктеме мәтін ішінде не мәтіннен тыс берілуі мүмкін. Шетелдік ғалымдар да сипаттау тәсілінің осы ерекшелігін сабақтайды. Мәселен, Ф. Айсела мәтіннен тыс қосымша (extratextual gloss) және мәтін ішіндегі қосымша (intratextual gloss) деген екі түрін атайды [30, б. 62]. Мәтіннен тыс сипаттама бір беттегі мәтін астындағы сілтемеде, мәтін соңындағы сөздікте берілуі мүмкін. Бұл тәсілдің артықшылығы – ол реалияның денотативті мағынасының толық берілуін қамтамасыз етеді, реалияның ұлттық-тарихи бояуы беріледі. Ал кемшілігі – аударма мәтіннің көлемін ұлғайтады, аударма мәтіннің құрамдас бөлігі емес, қосымша ретінде көрінеді, аударма реципиенті реалияны білдіретін қандай да бір ықшам лексикалық бірлік ала алмайды. Яғни бұл тәсілмен аударылған реалиялар сөздікте көрініс таппайды. Сипаттау тәсілі көп жағдайда транслитерацияланған не транскрипцияланған реалиямен қатар жүреді.

5. Гипо-гиперонимдік тәсіл. Бұл тәсіл бастапқы мәтіндегі реалияның мәнін жалпылайтын (генерализация) немесе нақтылайтын (конкретизация), яғни бейтараптайтын сөзбен аударуды білдіреді. Ол глобализация (globalization) [87, б. 83], тектік-түрлік алмастыру (родо-видовая замена) [6, б. 90], [44, Б. 182-183], жалпылаушы аударма [86, б. 17], гипонимдік [2, б. 171] аударма, генерализация (generalization) [25, б. 26], жалпы универсализация (limited/global universalization) [30, Б. 61-64], бейтараптау (neutralization) [26, б. 103] деп те аталады. Нақтылаушы аударма өте сирек, ал С. Влахов пен С. Флориннің пікірінше, генерализация – ең жиі қолданылатын тәсілдердің бірі [6, б. 91]. Реалияның денотативтік мәнін бере алғанымен, генерализация тәсілі ұлттық-тарихи бояуды толығымен жояды.

6. Мәдени аналог тәсілі. Бұл тәсілді қолдану барысында бастапқы мәтіндегі реалия аударма тіліндегі мәтін реципиентіне таныс, кейде ұлттық-тарихи бояуы бар лексикалық бірлікпен аударылады. Бұл тәсілді мәдени эквивалент [26, б. 103], өз аналогымен алмастыру [42, б. 82], функционалдық аналог [6, б. 91], ұқсатушы аударма [86, б. 18], [10, б. 132], локализация (localization) [87, б. 84], мәдени сүзгілеу (cultural filtering) [92, б. 108], мәдени алмастыру (cultural substitution) [25, б. 31] деп те аталады. Н. Фененконың пікірінше, «Реалияны реципиенте жақын сөзбен аудару өте жиі қолданылады, әрі мәтіннің экзотикалық сипатын төмендетуге, лакуналардың алдын алуға» көмектеседі [86, б. 18]. Бұл тәсіл реалияның аударма мәтін реципиентіне толығымен түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Дегенмен, бұл тәсілдің бірқатар

кемшіліктері де бар. Мәселен, мұндай аудармалар аударма тілі халқының жергілікті ассоциацияларын тудырады, яғни бастапқы реалияның ұлттық-тарихи бояуын жояды. Оған қоса, мәтін бастапқы тілде емес, аударма тілінде жазылғандай сезім туады.

7. Контекстуалдық аналог тәсілі. Мұндай аудармада бастапқы мәтіндегі реалияның денотативті мағынасы мүлде басқа лексикалық бірлікпен беріледі, бірақ берілген контекст реципиентке түсінікті болады. Я.И. Рецкердің сипаттауынша, контекстуалдық аналог тәсілін пайдалану кезінде реалияның сөздіктегі сәйкестігі емес, оған логикалық тұрғыда қатысты сөз таңдалады [93, б. 45]. Бұл тәсілді контекстуалдық аналог [42, б. 86], трансформация (transformation) [87, б. 86] деп атайды. Бұл тәсіл реалияның мағынасы мен формасын, сондай-ақ ұлттық-тарихи бояуын өшіреді, яғни реалияны толығымен жояды.

8. Түсіру тәсілі. Реалияларды аударудың бір жолы ретінде түсіру тәсілі барлық дерлік ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Мәселен, түсіру (опущение) [42, б. 88], түсіру (omission) [87, б. 79], түсіру арқылы аудару (translation by omission) [25, б. 40], жою (deletion) [30, Б. 61-64], [26, б. 103] деп аталады. Егер бастапқы тілдегі реалия мәселе тудырса, аудармашының шешімімен аударма реципиентіне қажетсіз деп табылса, онда аудармашы оларды аудармай түсіріп тастауы мүмкін. Дегенмен, түсіру тәсілі белгілі бір дәрежеде мағынаның жоғалуына әкеліп соғады [94, б. 1770], сол себепті оны пайдалануда абай болған жөн.

Аударматанушылардың таксономияларының негізін жоғарыда аталған аударма тәсілдері құрайды. Оған қоса, жаппай емес, жеке бір зерттеуші ғана атайтын сирек тәсілдер де бар. Мәселен:

9. Бөгде реалиямен алмастыру тәсілі. Мұндай жағдайда бастапқы тілдегі реалия аударма тіліне үшінші бір тілге тән ұлттық-тарихи бояуы бар мағыналас сөзбен аударылады. Бұл тәсілді қолданудың мақсаты – реалияны реципиентке барынша түсінікті етуге талпыну, себебі таңдалатын лексикалық бірлік реципиентке танысырақ болады. Бөгде реалиямен алмастыру тәсілі көбінесе ресейлік ғалымдардың еңбектерінде аталады [42, б. 84]. М.Л. Алексееваның пікірінше, бұл тәсілдің басты кемшілігі – реалияның ұлттық ерекшелігінің толығымен жойылуы мен түпнұсқадағы шындықтың бұрмалануы [42, б. 84].

10. Қайталау (repetition) тәсілі. Бастапқы тіл мен аударма тілінің әліпбилері бір-біріне ұқсамаса, мәселен латын және араб әліпбилері болған жағдайда сөз өзгеріссіз, бастапқы тіл әліпбиінде берілуі мүмкін. Мұндай тәсіл қайталау тәсілі деп аталады [30, б. 63]. Біздің пікірімізше, бұл тәсілді транскрипция/транслитерация тәсілдерімен бірге қарастыру қажет.

11. Шектеулі универсализация тәсілі де Ф. Айселаның еңбегінде ғана аталады [30, б. 63]. Ғалымның сипаттауынша, бұл тәсілде бастапқы мәтіндегі реалия бастапқы тілдегі мағыналас, бірақ оқырманға әлдеқайда таныс реалиямен аударылады. Бұл тәсіл реалияның тек ұлттық-тарихи бояуын ғана емес, оның мағынасын, формасын да сақтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бойынша

реалияның микроконтестегі қызметі сақталады, сол себепті бұл тәсілді функционалдық аналог деп атауды ұсынамыз.

Осылайша ғалымдардың еңбектерінде аталатын тәсілдердің мазмұны жоғарыда берілді. Сонымен, реалия-сөздерді аударуда транслитерация/транскрипция не өзгеріссіз беру, сөздіктегі сәйкестік арқылы аудару, жаңа сөз жасау немесе калька, сипаттау, гипо-гипероним арқылы беру, мәдени аналог беру, контекстуалдық аналог, бөгде реалиямен алмастыру, түсіру, функционалдық аналог тәсілдері пайдаланылады. Куплет, триплет, т.б. (couplet, triplet, etc.) дегеніміз реалияны аударуда бірнеше тәсілдің қатар қолданылуын білдіреді [26, б. 103]. Көп жағдайда транскрипция мен сипаттаушы тәсіл қатар қолданылады. Бұлармен қатар, зерттеушілердің еңбектерінде аталатын, бірақ, біздің ойымызша, тәсілдер қатарына жатқызуға болмайтын бірқатар аударма техникалары бар. Мәселен:

1. Натурализация (naturalization) [26, Б. 82-91], [30, б. 63] бастапқы тілдегі реалияны аударма тілінің орфоэпиясына, содан кейін морфологиясына бейімдеуді білдіреді. Біздің ойымызша, натурализация тәсілін транскрипция/транслитерация тәсілінен жеке қарастырудың қажеті жоқ, себебі бұл тәсілде реалия аударма тілінің ережелеріне бейімделуі айтарлықтай маңызды емес, оған қоса екі тілдің морфологиялық ерекшеліктеріне тәуелді.

2. Компоненттік талдау (componential analysis) тәсілі де П. Ньюмарктың еңбегінде аталады. Оның мәні – «лексикалық бірлікті семаларға бөліп, аударма тіліне бірнеше сөзбен беру» [26, б. 90]. Біздің ойымызша, компоненттік талдау кез-келген аударма тәсілін таңдауда жасалады, сол себепті оны жеке тәсіл ретінде қарастырудың жөні жоқ деп санаймыз. Оған қоса, компоненттік талдау тәсілі сипаттаушы тәсілге өте жақын.

3. Белгі беру (translation label) П. Ньюмарктың еңбегінде аталады [26, б. 103]. Бұл тәсіл бойынша, аударма тіліне сөзбе-сөз аударма не транскрипция/транслитерация тәсілдері арқылы аударылған реалия тырнақшаға алынады, яғни оның реалия екендігі туралы белгі беріледі. Біздің ойымызша, мұндай техниканы кез-келген тәсілмен аударылған реалияға жасауға болады, сол себепті оны аударма техникасы ретінде санаймыз.

4. Классификатор тәсілінің мәні – транскрипцияланған не транслитерацияланған реалияға гиперонимді қоса отырып аудару [26, б. 282]. Бұл тәсілді де жеке емес, сипаттаушы тәсілдің құрамында қарастыру қажет деп санаймыз, себебі қосылатын гипероним реалияға қысқаша сипаттама береді.

5. Синонимия тәсілі (synonymy) Ф. Айселаның еңбегінде аталады. Оның мәні реалияны аударма тіліндегі синонимдес лексикалық бірліктермен аудару [30, Б. 61-64]. Алдыңғы тарауда реалияларды синонимінен бұрын, тікелей баламасы болмайтынын атап өткен болатынбыз. Сол себепті, олардың синонимі де болмайтынын мойындау керек. Сәйкесінше, реалияларды аударудың мұндай тәсілді орынсыз деп санаймыз.

6. Грамматикалық трансформация техникасы. Бастапқы тіл мен аударма тілінің грамматикалық категориялары сәйкес келмегендіктен, аудармашылар бір сөз табында реалияны (мәселен, етістік) заттап, зат есім ретінде аударып жатады.



Мәселен, қонақасы реалиясы орыс тілінде жалпыланып, угощать деген етістік арқылы берілсе, грамматикалық трансформацияның орын алғаны.

Сонымен, реалия-сөзді аударуда белгілі бір тәсіл таңдалған жағдайда, компоненттік талдау, натурализация, белгі беру, грамматикалық трансформация секілді техникалар қатар қолданылуы мүмкін.

Жоғарыда аталған тәсілдердің барлығы реалия-сөздерді аударуға арналған. Енді метареалияларды аудару тәсілдерін қарастырайық. И.С.Алексеева ситуативтік реалияларды аударуда түсініктеме (комментарий) беру тәсілін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, публицистикалық аудармада мәтін ішіндегі қысқа түсініктеме, ал көркем шығармалардың тәржімасында мәтіннен тыс түсініктеме беру керек [18, б. 173]. Дегенмен, метареалияларды аудару тәсілдері мұнымен шектеліп қоймайды. Финн ғалымы Р. Леппихалме жалқы есім аллюзияларын аударудың бірнеше тәсілін атайды [5, б. 79]:

1. Өзгеріссіз беру тәсілдері: жалқы есімді сол күйінде беру, жалқы есімге қысқаша нұсқау қосып беру, жалқы есімге сілтемеде жан-жақты түсініктеме қосып беру;

2. Алмастыру тәсілдері: жалқы есімді бастапқы тілдің өзге жалқы есімімен алмастыру, жалқы есімді аударма тілінің жалқы есімімен алмастыру;

3. Түсіру тәсілдері: аллюзияның мәнін бере отырып жалқы есімді түсіру, жалқы есімді де, аллюзияны да түсіру.

Фразалық аллюзияларды аударуда Р. Леппихалме мынадай ұсыныстар жасайды: стандартты аударманы пайдалану, сөзбе-сөз аудару, мәтінге аллюзияның бар екенін білдіретін нұсқау қосу, мәтіннен тыс түсініктеме беру, мәтінге аллюзияның бар екендігін білдіретін белгілер қосу, аударма тіліндегі мағыналас аллюзиямен алмастыру, аллюзияны басқа сөздермен жеткізу, мәтінді толығымен өзгерте отырып аллюзияның мәнін беру, аллюзияны түсіріп тастау.

Р. Леппихалменің еңбегінде, осылайша, жалқы есім және фразалық аллюзияларды аударудың жан-жақты тәсілдері беріледі. Дегенмен, символдық метареалиялардың, ассоциациялардың, ым-ишараттың берілуі қамтылмайды. Жалпы, метареалияларды аудару тәсілдері түсініктеме беру төңірегінде ғана өрбиді. Бұл жағдай метареалияларды аудару тәсілдері кеңінен зерттелмегенін дәлелдейді.

### **1-тарау бойынша тұжырым**

- Реалия тарихи-мәдени заттардың, құбылыстардың, ұғымдардың, құбылыстардың атауы ғана емес, өздерін де білдіретін жалпы термин. Реалия-сөздер терминдерден, жалқы есімдерден, қаратпа сөздерден, әдеби норма бұзылыстарынан, кірме сөздерден, тілдік емес элементтерден жеке қарастырылуы керек.

- Аударматануда реалиялар бір тіл тұрғысынан емес, екі тіл тұрғысынан қарастырылуы тиіс, себебі реалиялар – ең алдымен баламасыз лексикалық бірліктер, ал баламалылық тек екі тіл жағдайында анықталады. Екі тіл неғұрлым алшақ болса, олардың арасындағы мәдени сипаты бар лексикалық бірліктер де соғұрлым көп болады

- Ф. Айсела реалияларға мынадай анықтама береді: «мәдени сипаты бар сөздер дегеніміз мәтіндегі бастапқы тіл мәдениетіне (тарихына, өнеріне, әдебиетіне) қатысты, бірақ аударма тілінің реципиентіне белгісіз мәтін элементтері» [30, б. 59]. Берілген диссертациялық жұмыста Ф. Айселаның анықтамасын негізге аламыз. Ғалымның атаған «мәтін элементіне» тек сөз және сөз тіркестерін ғана емес, мәтіндегі интертекстуалдық элементтерді, атап айтқанда мәдени символикалық, ассоциативтік семантикалық элементтерді де жатқызамыз. Берілген диссертациялық жұмыста мұндай интертекстуалдық элементтерді метареалиялар деп, ал тілде сөз не сөз тіркесі арқылы көрініс табатын элементтерді реалия-сөздер деп атайтын боламыз. Ал бұлардың бірге реалия терминімен атайтын боламыз.

- Реалияларды жіктеу оларды жүйелеуге ғана емес, сондай-ақ семантикалық тұрғыда бір-біріне ұқсас бірліктердің берілу стратегияларын анықтауға мүмкіндік береді. Аударматануда реалиялардың тақырыптық (семантикалық), тілдік, уақыттық, мекендік, аудармашылық секілді жіктемелері белгілі. Сондай-ақ, реалияларды контекстуалдық маңызы бойынша актив және пассив деп жіктеуге болады.

- Реалиялардың бірінші белгісі – олардың аударма мәдениетінде не тілінде баламасының болмауы. Екіншіден, реалияның өзге бірліктерден айырмашылығы – оның белгілі бір халықпен, тайпамен, қауымдастықпен, сондай-ақ белгілі бір тарихи кезеңмен байланысты болуы, яғни ұлттық-тарихи бояуының болуы.

- Реалия-сөздерді анықтау үшін сөздің ұлттық-тарихи бояуын анықтап алу керек, өзге тілдердегі аудармаларын тексеру керек. Құрамында реалия-сөздері бар тұрақты тіркестерді, стилистикалық фигураларды да реалия қатарына жатқызамыз. Метареалияларды анықтаудың бірден-бір жолы – мәтіндегі сөйлемді сөзбе-сөз аударып, қандай да бір ақпараттың жоғалуын байқап көру.

- Реалиялардың көркем мәтіндегі қызметтерін олардың тақырыптық топтарының атауына қарай анықтауға болады. Мәселен, діни реалиялар көркем мәтін кейіпкерлерінің діни ұстанымдарынан хабар береді.

- Реалия аудармасының сапасын сынауға арналған еңбектерде реалия аудармасына қойылатын талаптар белгілі бір жүйеге келтірілмеген. Реалия аудармасының сапасын бағалауда және реалия аудармасына қойылатын талаптарды тұжырымдауда барабарлық ұғымын қолдану керек. Реалия аудармасының барабарлығы дегеніміз реалияның түпнұсқадағы лексикалық мағынасының, контекстуалдық маңызы мен контекстегі стильдік жүгінің және де формасының барынша сақталуы. Метареалиялар әдейі жасырылған болса, онда олардың «жасырылғанын» сілтемеде көрсету қажет. Ал түпнұсқа реципиенті тез түсіне қоятын мәдени пресуппозицияларды мәтін ішіндегі түсініктеме арқылы аудару қажет.

- Реалия аудармасының сапасына келесі факторлар да әсер етеді. Біріншісі – мәтіннің жанрлық типі. Екінші фактор – түпнұсқа авторының шығарманы жазудағы мақсаты. Үшіншісі – аударма мақсаты. Төртіншісі – реципиенттің аялық білімі.

- Реалияларды аудару стратегиялары мен тәсілдері реалияның мәтіндегі формасына, тақырыптық жіктемесіне, контекстегі маңызы мен прагматикалық қызметіне, аударма мақсатына т.б. байланысты.

- Реалияларды өзге тілдерге аудару тәсілдері жалпы алғанда екі аударма стратегиясына бағытталады. Оның біріншісі – аудама мәтін оғаш не экзотикалық болып көрінсе де, түпнұсқаның ерекшеліктерін барынша сақтау. Екіншісі – аударма мәтінін аударма реципиентіне барынша таныс, түсінікті болатындай етіп бейімдеу. Бұл екі стратегия бір-біріне қарама-қайшы саналып, оларға ғалымдар түрлі атаулар беріп отырған.

- Реалия-сөздерді аударуда транслитерация/транскрипция не өзгеріссіз беру, сөздіктегі сәйкестік арқылы аудару, жаңа сөз жасау немесе калька, сипаттау, гипо-гипероним арқылы беру, мәдени аналог беру, контекстуалдық аналог, бөгде реалиямен алмастыру, түсіру, функционалдық аналог тәсілдері пайдаланылады. Куплет, триплет, т.б. (couplet, triplet, etc.) дегеніміз реалияны аударуда бірнеше тәсілдің қатар қолданылуын білдіреді. Реалияны аударуда белгілі бір тәсіл таңдалған жағдайда, компоненттік талдау, натурализация, белгі беру, грамматикалық трансформация секілді техникалар қатар қолданылуы мүмкін.

- Метареалияларды аудару тәсілдері түсініктеме беру төңірегінде ғана өрбиді. Бұл жағдай метареалияларды аудару тәсілдері кеңінен зерттелмегенін дәлелдейді.

## 2 С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫ МЕН ҰЛТТЫҚ-ТАРИХИ ЛЕКСИКАСЫ

### 2.1 Мәтінді аударма алдында талдау үдерісі

**Мәтінді аударма алдында талдаудың маңызы.** Аударма үдерісі негізгі үш кезеңнен тұрады: 1. Мәтінді аударма алдында талдау, 2. Аудару, 3. Редакциялау. Екінші және үшінші кезеңдердің маңызы дау тудырмаса, үшінші кезең көп жағдайда елеусіз қалып қояды. Аударматанушылардың көпшілігі мәтінді аударма алдында талдауды интуитивтік әрекет ретінде санап, оны зерттеудің қажеттілігін ысырып қояды. Алайда М.П. Брандес [95, Б. 11-12], И.В.Алексеева [18, б. 324] Т.О. Есембеков [96] секілді біз мәтінді аударуға дейінгі талдаудың өте маңызды екендігін айтқымыз келеді. «Алдымен мәтіннің табиғатын, түрін, көлемін, мазмұны мен пішінінің ерекшеліктерін анықтап алған дұрыс» [96, б. 24] дейді Т.О. Есембеков. Бұл кезең сапалы аударма жасаудың міндетті алғышарты ретінде қарастырылуы қажет. Бұл шартты орындау аударылатын мәтіннің мәнін толығымен түсінуге мүмкіндік жасайды. Мәтінді алдын ала талдау интуитивтік тұрғыда емес, саналы бағытталған тұрғыда жасалуы тиіс.

Аударма алдындағы талдаудың мақсаты мәтінді біртұтас бірлік ретінде қарастырып, одан кейін оның құрамдас бөліктерге бөліп, оның типологиялық белгілерін, аударуға қиын тұстарын, маңызды семантикалық компоненттерін, оған қоса аударма стратегиясын таңдау болып табылады.

Мәтінді аударма алдында талдаудың мәні зор, себебі ол – мәтінді түсінудің алғышарты ғана емес, сондай-ақ түпнұсқаның аударма инвариантына кіретін компоненттерін анықтау кезеңі. Сонымен, мәтінді аударма алдындағы талдау дегеніміз түпнұсқаның мәні мен аударма инвариантын анықтайтын көпжақты аналитикалық әрекет.

Мәтінді аударма алдында талдау әрекеті жасалған аударманы сынау алдында да іске асуы тиіс. Мәтіннің мәні талданбаса дұрыс аударма да, сын да шықпайды. Сыншы да аудармасы талданатын мәтіннің мән-мағынасын, жазылу/айтылу және аудару мақсатын анықтауы керек. Аудару алдындағы талдау мен сынау алдындағы талдаудың мазмұны шамалас. Екі жағдайда да мәтін туралы лингвистикалық және экстралингвистикалық мәліметтер жинақталады. Сынау алдында талдау мазмұнына, сондай-ақ, аударма реципиенті, аударма мақсаты, мәтіннің жазылу уақыты, аудармашы тұлғасы секілді маңызды экстралингвистикалық ақпаратты айқындау да кіреді.

Сонымен, аударманы аудару алдында талдаудың И.С. Алексеева ұсынған сұлбасы [18, Б. 324-334] негізінде аударманы сынау алдында талдаудың келесідей сұлбасын ұсынамыз:

#### 1. Экстралингвистикалық ақпарат:

- түпнұсқа авторы және аударма авторы,
- түпнұсқа авторының мақсаты және аударма мақсаты,
- түпнұсқа реципиенті және аударма реципиенті,
- түпнұсқаның жазылу және аударылу уақыты.

## 2. Лингвистикалық ақпарат:

- түпнұсқа тақырыбы,
- түпнұсқа мазмұны.
- түпнұсқа құрылымы,
- түпнұсқадағы ақпарат түрі және тығыздығы,
- түпнұсқаның лексикалық, синтаксистік, т.б. ерекшеліктері.

Сонымен, С. Елубайдың «Ақ боз үй» романының аудармасын сынамас бұрын, сынау алдындағы талдауын жасайық.

**Смағұл Елубай – жазушы.** Берілген диссертациялық жұмыста белгілі қазақ жазушысы С. Елубайдың «Ақ боз үй» атты романы қарастырылады. С.Елубай – жазушы, кинодраматург, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Жазушының ата-бабасы 1930 жылдары Қазақстан аумағында болған жасанды аштықтан құтылу үшін Түрікменстанның оңтүстігіне қоныс аударады. С. Елубай осы жерде 1947 жылы 9 наурызда дүниеге келеді. 1961 жылы елге оралып, Алматыдағы 12-ші мектепте оқиды. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, 1974-1975 жылдары Мәскеудегі сценаристер дайындайтын жоғарғы курсында білім алады. С. Елубай «Қазақфильм» киностудиясында бас редактордың орынбасары, республикалық «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы, Прагадағы «Азаттық радиосының» тілшісі, «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы секілді қызметтерді атқарады. Өзінің еңбек жолында «Қызыл отау» (1982), «Ай астындағы үй» (1983), «Өтелмеген парыз» (1983), «Сұрапыл Сұржекей» (1992), «Батыр Баян» (1992), «Кек» (2004), «Аңшы бала» (2012), «Алмас қылыш» (2016), «Қазақ хандығы» (2016), «Оазис» (2016), «Бала ғашық» (2018), «Алтын тақ» (2019) секілді көркем фильмдер мен телехикаялардың сценарийлерін жазады. Автордың сценарийлері жоғары бағаланып, үлкен марапаттарға ие болады. Мәселен, «Сұрапыл Сұржекей» сценарийі Ашхабадта өткен ТМД кинофестивалінің бас жүлдесін, ал «Аңшы бала» Голливудта өткен IFFF кинофестивалінің бас жүлдесін иеленеді.

С. Елубайдың жазушылық өнері де белгілі. Оның қаламынан «Ойсыл-Қара» (1972), «Саттар соқпағы» (1974), «Жарық дүние» (1978), «Ақ боз үй» (1990), «Мінәжат» (1992), «Жалған дүние» (2000), «Қиямет-қайым ғасыры» (2015) секілді романдар мен ойтолғаулар туындаған. Жазушының елімізге деген еңбегі еленіп, оған 2013 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, 2005 жылы Президент жарлығымен «Құрмет» ордені, 2018 жылы Президент жарлығымен «Парасат» ордені берілді. Бұл марапаттар таланттың ерен еңбегінің, халықтың сыйы мен сүйіспеншілігінің белгісі болып табылады.

**«Ақ боз үй» трилогиясының тақырыбы.** С. Елубайдың ең құнды, ең танымал еңбектерінің бірі – «Ақ боз үй» трилогиясы. Роман – ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, тоқырау заманын суреттейтін ең ірі көркем туындылардың бірі. Жазушы бұл еңбегінде ерекше суреткерлігімен көзге түседі. Автор Кеңес Одағы кезінде ашаршылыққа ұшыраған халықтың хал-жағдайын, «асыра сілтеудің» елге әкелген зардабын шебер суреттейді, ел басшыларының

жағымсыз қылықтары мен әділетсіз шешімдерін әшкерелейді. Ақын Н.Оразалин: «Оның ең басты, іргелі тақырыбы – қазақ халқының тағдыры. «Ақ боз үй» қазіргі қазақ прозасындағы шоқтығы биік, үлкен шығармаға айналуы да сондықтан,» – деген пікір айтады [97]. Шынында да, «Ақ боз үй» трилогиясы – қазақ тағдырында орын алған аталмыш қасірет туралы жазылған ең ірі көркем туынды.

Қазақ елінің тарихында ХХ ғасырдың 20-30-жылдары орын алған ашаршылық ең қасіретті оқиғалардың бірі болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, сол жылдары 4 миллионға жуық адам қаза болған. Бұл жағдай қазақ халқы үшін қаншалықты ауыр болғанын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бұл халқымыздың санасына сіңіп қойған, әлі күнге дейін кері әсерін тигізіп келе жатқан ауыр оқиға болды.

Алғашында романның бірінші кітабы 1985 жылы, екінші кітабы 1992 жылы, ал үшіншісі 2000 жылдары басылады. Осы диссертациялық жұмыста «Ақ боз үй» трилогиясының 2008 жылы басылған нұсқасы қарастырылады, себебі осы нұсқа трилогияның 2009 жылы жарық көрген орыс тіліндегі аудармасына құрылымдық жағынан сәйкес келеді.

**Трилогияның құрылымы мен мазмұны.** «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» атты үш бөлімнен тұрады. Бірінші кітапта отызыншы жылдардағы «ақтандақтар», «қарадақтар» миллиондаған жазықсыз жандардың аштан қырылып, қуғын-сүргінге ұшыраған кезеңі бейнеленеді. Тыныш жатқан көшпелі ауылға Кеңес билігінің орнап жатқан кезі баяндалады. Бай-бағландардың мал-мүлкі кәмпескеленіп, кедейлер билігін кері пайдаланып, елдің отырықшы өмірге көшу барысы суреттеледі. Басты кейіпкерлер – туған елі мен жерін қимайтын, туған-туысына қамқор бола білетін, көзі ашық, көкірегі ояу, нағыз қазақ, ел ағасы, би, әрі бай Пахраддин мен оның асыл жары Сырға. Тапаралық тартыс нәтижесінде Пахраддин мен Сырғаның жалғыз қызы Хансұлу есігінде жүрген жалшысына ұзатылады. Әкесінің шешіміне, тағдырдың тәлкегіне көнбеген тәкаппар сұлу Кеңес билігімен алысып жүрген ағасы Өзбергенмен бірге қашып, қашқын ауылға кез болады. Қашып жүргенде кішкентайынан құлын-тайдай тебісіп өскен ауылдасы, етікшінің баласы Шегемен кездеседі. Көп ұзамай Шеге мен Хансұлу сөз байласып, ауылдан қашады. Кеңес билігіне араласып жүрген Шегенің бұл ісін үкімет адамдары қолдамайды, себебі бай-кулактың қызымен қосылғанын Кеңес билігіне қарсы іс-әрекет деп санайды. Нәтижесінде, Шеге түрмеге қамалады, Хансұлу баласымен жер айдалып кеткен әке-шешесіне барып қосылады. Осы уақытта биліктегілер асыра сілтеп, коллективизацияны сылтауратып, адамдардың қазанында қайнап жатқан етіне дейін алып кетеді. Қашқын бандалар көбейіп, тек жатқан ауылдарды тонай бастайды. Жұрт жұқарып, жалғыз тірлік көзі малынан айрылып, аштыққа ұшырайды. Хансұлу баласымен қалаға жетіп, сол жерде күнелтуге бел буады. Пахраддин мен Сырға жапан далада аштықтан дүние салып, көмусіз қалады.

Трилогияның екінші бөлімінде Ұлы Отан соғысының зардаптары мен репрессия құрбандарының тағдыры суреттеледі. Түрмеден оралған Шеге отырықшы ауылдың малшысы болып жұмыс істеп жүреді. Хансұлу, ұлы мен

қызының жанында бақытты күндер кешіп жүрген Шегенің қуанышы көпке созылмайды. Шегенің озық ойлы, қатарының алды болып жүргенін көре алмайтын досы Ждақай НКВД-ға жасырын хат жазып, нәтижесінде, жазықсыз Шега Сібірге айдалады. Осы кезден Хансұлудың бейнет күндері басталады. Екінші жақтан Ұлы Отан Соғысы өршіп, онсыз да жұтарған жұрттың мазасы кетеді. Болмашы нәрсені сылтауратып, НКВД жазықсыз жандарды қамап, Сібірге айдай береді. Осының бәрі қазақ зиялыларының көзін құртудың бір амалы болатын. Роман Шегенің Сібірден науқастанып оралуымен аяқталады.

Романның үшінші кітабында кейінгі тоқырау заманы тарихының кең ауқымды көрінісі беріледі. Шега Сібірге үшінші рет айдалады. Хансұлу егде тартып, ендігі балаларының ауыр тағдыры суреттеледі. Романның негізгі кейіпкері – бірінші кітапта бейнелеген батыр Бұлыш пен қас сұлу Балқияның ұлы, ашаршылық туралы үлкен шығарма жазып, бірақ цензура кесірінен бұл еңбегі жарыққа шықпай қалған, содан салы суға кеткен жазушы Едіге. Едігенің Өктем үнмен тілдесуі кезінде сол кездегі қазақ қоғамындағы ең өзекті мәселелер, мәселен, қазақ тілінің мәртебесі, таптық тартыс, отбасы қатынастарының тоқырауы секілді мәселелер көтеріледі. Роман жазушы Едігенің жапан далада дүние салуымен аяқталады.

Романда ішкі монологтар өте көп, кейіпкерлердің ой-толғанысы жиі суреттеледі. Романда басты кейіпкер Хансұлудың образы, әйел образы негізге алынады. Шынайы тарихи оқиғаларға негізделгенімен, бұл эксперименталды роман ХХ ғасырдағы романтизм бағытында жазылған. Диссертациялық зерттеу барысында автордың аталған шығармасы бойынша әдебиеттану теориясы тұрғысынан қорғалған зерттеулер табылған жоқ. Дегенмен, Б.Ш. Баймұсаева автордың «Қозы көш» атты еңбегіндегі автор стилін аудармада беру туралы диссертациялық жұмысын қорғаған [98].

**Автордың интенциясы.** С. Елубай «Ақ боз үй» романын жазуда қалың оқырманды еліміздің тарихында болған ауыр жағдаймен, ешқандай бүкпесіз шындықпен таныстыруды мақсат етті. Автордың ата-бабасы 30-жылдары Кеңес үкіметінің қыспағынан, асыра сілтеуден, елде орын алған ашаршылық пен өлім-жітімнен қашып, Түрікмен жеріне барып қоныстанған. Жастайынан осы оқиға туралы жан-жақты біліп өскен С. Елубай кейіннен елге оралып, тарих беттерінен осынау қасіретті жағдай жайлы ақпарат таба алмайды. «Сонда тарихты ашып қарасам, осынау ұлттық қасірет туралы ештеңе ашып айтылмапты, бәрі керемет болғандай көрсетілген. Үлкендердің, ата-аналарымыздың басынан өткен осы бір зұлматтың тарихын күнде естіп өскендіктен біз ресми тарихқа сенбедік, сол себепті де 30-шы жылдардың шындығын айтқым келді», – дейді автор [99].

Шынында да, «Ақ боз үй» романына 1928-1933 жылдардағы, Ұлы Отан Соғысы мен кейінгі тоқырау кезіндегі нәубеттің, зобалаңның нақты көріністері арқау болған. Шега мен Хансұлудың линиясы романның жүйелі сюжетін құрап, халықтың басынан өткен қасіретті жылдары мен ауыр күндерді жан-жақты суреттеген.

Бұл ұлы зұлматтың шындығын жазу жазушының бала жастан мақсаты болған, университеттің 1-ші курсына оқып жүргенде бір романның жобасын

жасап, әдеби тәжірибесінің аздығы себепті оны кейінге қалдырып, жасы 35-ке келген кезде ғана бұл тақырыпқа шындап кіріскен. С. Елубай: «Біздің елдің ескі жұрты, Елубай шалдың сүйегі жатқан жерге – Ақтөбенің Байғанин ауданына барып, елді араладым. Ашаршылық заманды көзбен көрген қариялармен сөйлестім. Келесі жылы Қарақалпақстанның Қоңырат ауданын, Түркіменстанның Ташауыз облысын аралап, біздің ауылмен бірге болып, бірге көшкен тағдырлас елдің көзі тірі қарияларымен сөйлестім.», – дейді [100]. Автордың бұл еңбегіне шындап кіріскені байқалады. Сөйтіп 1982 жылы осы Алматының батыс жағындағы Ақсай дейтін сайдағы бір бұлақтың басына шопан ағасының киіз үйін тігіп қойып, үш жыл бойы жалғыз жатып, «Ақ боз үй» атты қазақ әдебиетінің жалпы 30-шы жылдардағы ашаршылық жайлы тұңғыш романын жазуға отырған. 1985 жылы кітап жазылып бітті, бірақ бұл Компартияның көзі тірі кезі, сол себепті баспа мұны ешқандай «темпланға» кіргізбеді. Компартия құлағанша кітап шықпай жатты, 1990 жылы ғана Совет үкіметі құлаған кезде жарық көрді. Мұрат Әуезовтың пікірінше, С. Елубай «қазақ әдебиетін тарих алдындағы масқарадан құтқарып қалды» [101].

**Романның аудармашылары.** «Ақ боз үй» романы орыс, түрік, ағылшын, испан тілдеріне аударылған. Трилогияның бірінші бөлімін орыс тіліне Лина Космухамедова, ал екінші және үшінші бөлімдерін Аслан Жақсылықов аударған.

Лина Космухамедова Әлмәмбет Әлішевтің «Батыр болып тұмайды» повесін орыс тіліне тәржімалады. С. Елубаймен болған сұхбатымызда жазушы Л. Космухамедованың романды аударуға ерекше ынтамен кіріскенін жеткізді [Қосымша А]. Аудармашы автормен бірлесе жұмыс істеген, С. Елубайдың нұсқауымен аударманы редакциялаған.

А.Ж. Жақсылықов қазақ прозасын орыс тіліне тәржімалайтын заманауи аудармашы болып табылады. Оның алғашқы аудармаларына Б. Кенжебековтың, Қ. Қараманұлының әңгімелері мен повестерінің, Е. Аманшаевтың пьесасының, Р. Нұрғалиевтың әңгімелерінің, Т. Кәкішевтің эссесінің аудармалары жатады. Сондай-ақ, ол Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясының бірінші кітабын, Ш. Бейсенованың проза кітабын, Б. Иманғазинаның «Тауқыметін», М.О.Әуезовтың «Көксерегін», А. Мекебаевтың «Құпия қоймасын», т.б. аударған.

А.Ж. Жақсылықов «Ақ боз үйді» 2008 жылы аударған. Романды аудару туралы былай ол дейді: «Бұл кітапты аудару өте қызықты болды, оның себебі, бәлкім, бұл шығарманың маған ұнағандығынан болар, сол үшін мен бұл аудармаға жанымды салдым» [102, б. 215]. Аудармашы, сондай-ақ, трилогия аудармасы жайлы тек жағымды пікірлер еститінін, ал негізгі зерттеулер мен сыни талдаулардың болашақтың еншісінде екендігін атап айтады [102, б. 215].

Трилогияның бірінші бөлімі ағылшын тіліне 2016 жылы аударылды. Оны тәржімалаған – американдық аудармашы Кэтрин Фитцпатрик. Ол адам құқықтарын қорғаушы, орыс тілінен ағылшын тіліне аудармашы, журналист және блогер болып табылады. Кэтрин Энн Фитцпатрик И. Сталин, Б. Ельцин, В.Путин секілді тұлғалардың кітаптарын ағылшын тіліне аударған. Қазақ әдебиетінен Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тері» мен «Соңғы парызын»,



Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасын», М. Мақатаевтың өлеңдерін орыс тілі арқылы ағылшын тіліне тәржімалаған. К. Фитцпатрик романды ағылшын тіліне орыс тілі арқылы тәржімалап, аралық аударма жасаған. С. Елубаймен болған сұхбатта түпнұсқа авторы К. Фитцпатрикке романның орыс тіліндегі арнайы бейімделген нұсқасын бергендігін айтады. Осының нәтижесінде, аудармаларды салыстыру кезінде ағылшын тіліндегі мәтіннің қысқарғанын аңғаруға болады.

К. Фитцпатрик «Ақ боз үй» романы туралы былай дейді: «Романды алар болсақ, ол маған шынымен ұнады, менің ойымша, ол – әдебиеттегі өте маңызды оқиға... Әлемде қазақ халқының «Ұлы террор» мен «Ұлы жұттан» өткенін бәрі біле бермейді. Басқа халықтардың Қазақстан туралы ойы бұлыңғыр, ал бұл еңбек осы тұрғыда тереңірек білім береді... Жалпы, мен бұл кітапты аудармасам да, оны оқығаннан ләззат алар едім.» [101]. К. Фитцпатрик негізінен славянтанушы, Кеңес одағынан кейін орын алған адам құқықтары мәселелерін көтеретін блогер болып табылады. С. Елубайдың «Ақ боз үй» романында Кеңес билігінің асыра сілтеуінен орын алған жағдайлар сипатталатын болғандықтан, осы аудармашы таңдалған болуы керек. Романның ағылшын тіліндегі аудармасы жайында әдебиеттанушы, сыншы Владимир Карцев былай дейді: «Смағұлдың кітабын насихаттау қажет. Біз оны аудармақшы болдық, Катрин Фицпатрик деген жақсы аудармашыны таптық. Ол сапалы аударып шықты» [97]. Жалпы, БАҚ беттеріндегі Кэтрин Фитцпатриктің аудармалары жайында теріс пікірлер жоқ. Алайда ғылыми еңбектерде К. Фитцпатриктің аудармаларына біршама сын айтылады. Мәселен, ғалым А.К. Ділдәбекова мен қосымша авторлардың «Types of translation errors in a literary text (based on A. Nurpeisov's Blood and Sweat Trilogy)» атты мақаласында Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларындағы қателіктердің жіктемесі беріледі [103]. Бұл жағдай қазіргі ағылшын тіліндегі аудармалардың сапасынан хабар береді.

Аударма сапасының ақсап бара жатқанын жазушының өзі де көтерген болатын. 2019 жылы Алматыда өткен Халықаралық жазушылар форумында ол: «Менің "Ақ боз үй" романым испан тіліне аударылды. Оған бәріміз қуандық. Кейін сол елдің шығармашылық адаммымен кездесіп, кітапты көрсеттім. Сонда ол маған "өте нашар аударма" деді. Қуанышым су сепкендей басылды. Онымен кім айналысқанын білмедім. Аты-жөнінен де, қандай шығармалар аударғанынан да хабарсызбын» – деген болатын [104].

«Ақ боз үй» романының аудармалары бірнеше зерттеу жұмыстарында қарастырылды. 2009 жылы қорғалған диссертацияда М.Е. Куантаева романдағы тарихи реалиялардың орыс тіліне аударылуын қарастырды [105]. Ғалымның пікірінше орыс тілінде тарихи реалиялар өте жақсы берілген. 2021 жылы А.Ф.Аккалиева романның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары мәдени аударма аспектісі тұрғысынан қарастырады. А.Ф. Аккалиева роман аудармасындағы лексикалық және грамматикалық қателіктерді анықтайды және роман көркем аударма тұрғысынан емес, мәдени аударма тұрғысынан аударылуы қажет деп қорытындылайды [106].

**Аудармашы интенциясы.** С. Елубайдың «Ақ боз үйі» ағылшын, испан тілдеріне Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақ Пен-клубының бастамасымен аударылған болатын. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – «мың жылдық тарихымызда төл мәдениетімізді тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде» сөйлету [107]. Яғни мәтінді өзге тілдерге тәржімалайтын аудармашы шығарма желісімен қатар, қазақ тарихындағы осынау қасіретті оқиғаны таныстыруы, яғни түпнұсқа авторының интенциясын сақтауы қажет. Бұл дегеніміз, шығармадағы ұлттық, тарихи-мәдени ақпарат аудармада да көрініс табуы керек.

Сұхбаттарының бірінде қаламгер «Ақ боз үй» романында суреттелетін ХХ ғасырдағы қазақ қоғамы идеалды, утопиялық қоғам екендігін айтады. Ол: «Ескі, қазақтың көшпелі ауылдарында қазіргі заман қазақтарының қоғамында болып жатқан құлақ естіп, көз көрмеген қылмыстардың біреуі жоқ болатын. Суицид жоқ болатын ол ауылда, педофильдік атымен жоқ болатын, оның не екенін де білмейтін, естімеген, жезөкшелік атымен жоқ болатын, жаппай ажырасу атымен жоқ болатын, алкогольизм атымен жоқ болатын. Мен сол ескі ауылдың ұждани келбетін сағынамын, имани келбетін сағынамын. Сол келбетті біз қалпына келтіруге мүмкіндік бар деп ойлаймын. Қазақстанның болашағы үлкен. Ал оның рухани болмысын жасау – біздің өз қолымызда.», – дейді [97]. «Ақ боз үй» трилогиясында осынау керемет Жерұйықтың бірте-бірте тоқырағанын байқауға болады. Аудармашының мақсаты, біздің ойымызша, осы үдерісті өзге ұлттарға көрсете білу, тарихымызда болған мақтан тұтуға лайық рухани келбетімізді таныстыру.

**Түпнұсқа және аударма реципиенті.** Көркем әдебиет шығармасы болғандықтан, бұл еңбек көпшілік қауымға арналған. Дегенмен, бұл шығарманы оқып, ұлы қасірет оқиғасы туралы білу әрбір қазақтың міндеті деп ойлаймыз. Баспасөз беттерінде жарияланған бір сұхбатта жазушы ашаршылық болмаған жағдайда қазіргі қазақтың саны 45 миллионға жететінін, ал қазіргі халық саны – 18 миллионға жетер жетпес екендігін, сол себепті, қазіргі қоғам сол кезде аштықтан дүниеден өтіп, дүниеге келмей қалған ата-бабамызды жоқтауы қажет екендігін атап айтады. Бұл шығарма әрбір қазақтың бойында елге деген сүйіспеншілік пен патриотизм сезімдерін дамытады. Шығарманы мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасына енгізу, яғни оны күллі қазақ қоғамына оқуға міндеттеу қажет деп санаймыз.

Аударма реципиенті қазақ қоғамынан территориялық жағынан болсын, тарихи-мәдени жағынан болсын жырақта болуы мүмкін, яғни бұл реципиенттің аялық білімінің деңгейін анықтайтын фактор. Ол аударма кезінде таңдалатын стратегияға тікелей әсер етеді. Аударма мақсаты романда суреттелетін тарихи-мәдени ақпаратты әлемге таныстыру болғандықтан, онда аударма реципиенті ретінде қазақ мәдениеті мен тарихынан хабары аз немесе жоқ оқырман алынады.

**Романның жазылу және аударылу уақыты.** Трилогияның бірінші бөлімінде ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы қазақтың көшпелі тұрмысы суреттеледі, яғни бұл романның тарихи көркем шығарма екендігін білдіреді.

Әсіресе, С. Елубайдың көшпелі өмірді өз көзімен көрген автор екендігін ескеру керек. Сұхбаттарының бірінде ол: «Мен көшпелі ауылды көрген жазушылардың ішіндегі, мүмкін, соңғы көшпенді болатын шығармын деп ойлаймын кейде. Біздің Қазақстанда тұратын құрдастарымыз ол тұрмысты білмейтін еді,» – деп атап өтеді [97]. Бұл фактіні аударма кезінде есте ұстаған абзал, себебі аудармашының міндеті – сол ұлттық өмір салтын аудармада бұлжытпай суреттеу.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, романның бірінші бөлімі 1985 жылы жазылып бітті, бірақ 1990 жылы ғана жарық көрді. Оның себебі – бұл романның тақырыбы сол кездегі цензура мемлекеттік дәрежеде тыйым салған тақырыптардың бірі еді, мұны жазғандар айдалып кететін. Қазақ жазушылары сол себепті де бұл тақырыпқа кең қанат жаза алмады, біздің қазақ әдебиетінде ашаршылық тақырыбы көтерілмеді. Тіпті 1990 жылы жарық көргенімен, көптеген тарихи оқиғалар не бұрмаланып, не атап өтіліп, не тіпті жасырылып, интермәтін түрінде көрініс тапқан. Ал романның аудармалары уақыт өте келе жарияланды. Сол себепті аудармашының міндеті – сол кезде айтуға тыйым салынған, бірақ кейіннен рұқсат етілген ақпаратты ашып айтудың немесе жасырып қалдырудың шешімін табу. Мәселен, 1990 жылдары аударылған орысша нұсқада 2016 жылы аударылған ағылшын нұсқасымен салыстырғанда ашып көрсетілмеген ақпарат көбірек болуы мүмкін.

## **2.2 Романдағы этномәдени ақпараттың лексикалық деңгейде көрінісі**

С. Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясы ерекше, тың тілде жазылған. Р.Нұрғали бірінші романның тілі жайында былай дейді: «Роман көркемдігінің басты кілті тілінде. Соны тілге кез болдық. Әңгіме етіп отырған аймақтың жері мен желінен, адамдар тіршілігінен пайда болған тіл шығармада өз орнын тапқан. Мойындау керек, біз бұл кезде қызық заманды бастан кешіріп жатырмыз ғой: тіл жоқ, бірақ сөз бар, тіл жоқ, бірақ шығарма бар. Осының салдарынан көмескі сурет, хабарлама оқиға, дәмсіз сөз шығарма бетін қаптайды. Романдағы көш суреті, дала кейпі, аштық айдаған жолаушылар жайы, махаббат күйі болсын – бар бәрі де тартымды, тың тіл қуатымен жанданған. Адам мінездерін жасағанда да сол тіл дәрмені олардың ажарын ашып тұр. Жергілікті сөйлеу тілі мол қамтылған. Бұл өте құптарлық жай. Тек “шайпауыз” (шайпау), “шалт” (шолт), “ірікті” (көз туралы), “құтаймас” (таусылмас, бітпес деген мағынада алыпты) деген сияқты бірлі-жарымды сөздер болмаса, бұл қалай деп таңырқанатындай тіркестер көрмедік. Шәріптің, Торқа кемпірдің тілдері күлдіреді-ақ. Тіл тапқырлығы, тіл ұстарту романның құнды жақтары.» [108]. Шынында да, романда бұрын сонды жазылмаған тың сөздер, тың ақпарат бар. Роман авторы көшпелі халықтың өмірін, салт-дәстүрін бұлжытпай суреттей алған. Роман тілінде тарихи-мәдени бояу айқын білініп тұрады, шығармада қазақтың нағыз ұлттық қасиеттері суреттеледі. А. Жақсылықовтың айтуынша да, шығармадағы түрлі реалиялардың, этнонимдердің, топонимдердің, мақалдар мен мәтелдердің жиынтығы оқырманға көшпелі қазақ халқының өмірі мен тұрмысының, мәдениетінің, ұлттық көзқарасының жарқын бейнесін береді [102, б. 215].

«Ақ боз үй» трилогиясындағы этномәдени ақпарат, ең алдымен Кеңес билігіне қатысты аймақтық реалиялар арқылы көрініс табады. Шығармада мелиса, пртөкөл, кеңес, зәкүн, статья, болыс, арыстыбай, комсомол, кәмпеске, бригад, кәзит, кәлектіп, КазЦИК, секретарь, колхоз, Стахановшы, разведка, НКВД, партбилет, нарком, уез, губоно, ГПУ, декрет, артель, земотдел, т.б. секілді фонетикалық тұрғыда бұрмаланған советизмдер кездеседі. Бұлар орыс тілі мен қазақ тіліне ортақ аймақтық реалиялар болғандықтан, оларды орыс тіліне аудару қиындық тудырмайды. Дегенмен, сөздердің жергілікті халықтың акустикалық ерекшеліктеріне байланысты бұрмалануын жеткізу мәселе болары анық. Ағылшын тілінде бұл советизмдерге қосымша түсініктеме беріп кеткен абзал.

Алдыңғы бөлімде өзге тілде қолданылып, ерекшеленіп тұратын лексикалық бірліктерді экзотизм деп атаған болатынбыз. Олай болса, түпнұсқада қолданылған советизмдер де экзотимдердің қатарына кіреді. «Ақ боз үйде», сондай-ақ, өзге тілдердің түшпара, орипек, самса, кепка, плащ, китель, галифе, кабур, наган, чекушке, т.б. секілді сөздері де қолданылады. Шығармаға шығыстық немесе славяндық реңк беріп тұрғандықтан, бұл лексикалық бірліктер де экзотизмдердің қатарына кіреді. Олар, сондай-ақ, бөгде тілдердің реалиялары болып саналады.

Трилогияда флора және фауна атаулары да көптеп кездеседі. Мәселен, жусан, адыраспан, баялыш, күйреуік, изен, жыңғыл, бетеге, көде, селеу, сабан, құмаршық, қамыс, терек, қоянсүйек, нарселеу, дүзген, жаңтақ, сүйрік, шырмауық, көсік, жуа, бұйырғын, бидайық, беде, ебелек, т.б. секілді өсімдік атаулары мен тазы, байғыз, сәйгел, киік, құлжа, қабылан, шортан, қарақұлақ, шағал, құзғын, арқар, т.б. секілді жан-жануарлар атаулары кездеседі. Бұл лексикалық бірліктер аудармашыға қиындық тудыруы мүмкін, себебі олардың аудармалары сөздіктерде болмай қалуы ықтимал. Ол үшін арнайы терминдердің аударма сөздігін қарау қажет. Бұл сөздерді реалия қатарына жатқыза алмаймыз, себебі олардың ұлттық, тарихи-мәдени сипаты жоқ. Біздің жерде өсетін жусан орыс не ағылшын жерінде де өседі, оның сол тілде атауы да болуы мүмкін. Дегенмен, кейбір флора және фауна атауларының пресуппозициясы болады. Бұл жағдайда өсімдік не жануар атауы емес, оның пресуппозициясы метареалия болып есептеледі.

Трилогияда өңірдің ерекшеліктерін көрсетіп тұратын ономастикалық реалиялар да баршылық. Кейіпкерлердің есімдері олардың түр-әлпеті мен мінез-құлқына, шығармадағы рөліне сәйкес шебер таңдалған. Иманды, әрі білімді Пахраддин, жарын сыйлай, әрі тыңдай білетін Сырға бәйбіше, хан қызындай тәкаппар, әрі көркем Хансұлу, күйгелек Шәріп, етікшінің баласы Шеге, қабағына қар жауған сұм Сұржекей, ер мінезді, денелі Дәу апа, үшқалақ Ждақай, т.б. есімдердің барлығы өз кейіпкеріне керемет жарасып тұр. Автор есім қоюда иронияны да қолдана білген. Әсіресе, тілі ащы Торқаның, Пахраддиннің малын бағатын Қозбағардың, тұрысы мен жүрісі қызық Бұқарбайдың есімдері оқырманды еріксіз күлдіртеді. Сол сияқты, топонимдер трилогиядағы оқиға орнынан хабар береді, романға тарихилық бояу береді. Мәселен, Оймауыт,

Доңызтау, Үстірт, Жем секілді топонимдер оқиғаның Қазақстанның батысында орын алғанын білдіреді.

Трилогияда «Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас, тұғырына саңғыған сұңқар оңбас» [55, б. 95], «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» [55, б. 96], «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» [55, б. 195], «Мәз болады болысың арқаға ұлық қаққанға...» [55, б. 509], «Байтал тұрмақ, бас қайғы» [55, б. 280], «Өгізге туған күн бұзауға да туады» [55, б. 349], «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» [55, б. 299], «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң ат өледі» [55, б. 306], «Жалғыз жүріп жол тапқанша, ауылыңмен адас» [55, б. 195] секілді мақал-мәтелдер кездеседі. Бұлар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан философиясынан, өмірге деген көзқарасынан, ділінен хабар береді.

Дегенмен, трилогияда ең жиі кездесетін этномәдени лексикалық бірліктер – ұлттық реалиялар. Оларға шаңырақ, нар, ақ боз үй, астау, шақырым, сәске, құлаш, шығыр, т.б. түрлі лексикалық бірліктер кіреді. Ұлттық реалиялар романға тарихи-мәдени сипат беріп, халықтың шаруашылығынан, әлеуметтік құрылымынан, географиялық ерекшеліктерінен, әскери ісінен, т.б. хабар береді.

### 2.3 «Ақ боз үй» трилогиясындағы ұлттық реалиялардың жіктемесі

Берілген диссертациялық жұмыста «Ақ боз үй» трилогиясындағы ұлттық реалиялардың аудармасы қарастырылады. Шығармада ұлттық реалиялардың 420-сы реалия-сөз және 80-ге жуығы метареалия болып анықталды. Оларды 1.2 тарауда көрсетілген тақырыптық жіктеме бойынша жіктейміз.

Ең алғашқы аталатын реалиялар тобы – географиялық реалиялар. Бұл топқа белгілі бір ұлттың шаруашылығына қатысты туындаған географиялық нысандардың атаулары мен мәдени сипаты бар метеорологиялық атаулар жатады. Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халық үшін табиғаттың мінез-құлқын тану өте маңызды болғаны анық. Себебі халықтың көшпелі өміріндегі әрбір қадамы, әрбір шешімі табиғат құбылыстарына тәуелді болған. Қазақ халқының дүниетанымындағы желдің, қардың, жауынның, т.б. түр-түрі вербалданған. Романда *сіреу, күртік, алақанат қар, құралайдың салқыны, қызыл жел, ақ жаңбыр* секілді бес метеорологиялық реалиялар кездеседі.

Географиялық реалиялар қатарына, сондай-ақ, белгілі бір ұлттың шаруашылығына қатысты туындаған флора және фауна атаулары да жатады. Романда төрт түлік – жылқы, қой, ешкі, сиырға қатысты *тай, ту бие, ақалтеке, арғымақ, құнан, сәйгүлік, бесті, қошқар, тоқты, серке, теке, өгіз, қошқар* реалиялары аталады. Оған қоса, мәдени сипаты бар, *құлын, бұзау, бұқа, айғыр, жорға* секілді лексикалық бірліктер де бар, бірақ олардың орыс және ағылшын тілдерінде баламалары бар болғандықтан, берілген жұмыста реалия ретінде қарастырмаймыз.

Географиялық реалиялар жіктемесінде түйе түрлеріне қатысты реалияларды жеке қарастыруды жөн көрдік. Романдағы сюжет Қазақстанның батыс өңірінде, Үстіртте өрбиді. Үстірт мекені құмды жазық болғандықтан бұл алқап түйе шаруашылығына қолайлы. Көшпелі қазақ халқы түйе малын, негізінен, ауыр жұмыс күші ретінде көші-қонға пайдаланған, сондай-ақ, сүтін,

етін ас ретінде, жүнін киімге, т.б. жаратқан. Сол себепті, шығармада түйе шаруашылығына қатысты ұлттық реалиялар өте көп. Мәселен, түйе малы атауларының 12 түрі кездеседі: *аруана, атан, бура, буыршын, жарбай, інген, құнанша, мая, нар, нарқоспақ, тайлақ, үлек*.

Жіктемедегі екінші ірі топ – этнографиялық реалиялар тобы. Бұл топтың реалиялары қазақ халқының мәдениетінен нағыз ұлттық ақпарат беретін бірліктер болып табылады. Этнографиялық реалияларды мынадай топшаларға жіктедік:

1. Ас пен сусын түрлеріне қатысты реалиялар. Трилогияда *айран, бауырсақ, жент, ірімшік, қаймақ, қатық, күлше, қуырдақ, құрт, қымыз, қымыран, майсөк, табанан, талқан, шұбат* секілді 15 ұлттық тағам мен сусын атаулары кездеседі.

2. Баспана түрлеріне қатысты реалиялар. Көшпелі халық болғандықтан қазақтардың негізгі баспанасы киіз үй болған. Қолданылу мақсатына, көлеміне, иесінің дәулетіне, т.б. байланысты киіз үй алуан түрлі болып келеді. Романда *орда, ақ боз үй, қоңыр үй, қараша үй, құрым үй, отау, жаппа, күрке, есекарқа, тоқал там* секілді баспана түрлері реалиялары кездеседі. Сондай-ақ, *киіз үй, қонақ үй, ас үй* секілді тіркестер реалия ретінде алынған жоқ, себебі *киіз үй* тіркесінің орыс және ағылшын тілдерінде қалыптасқан аудармасы бар, ал қалған екі тіркестің тарихи-мәдени сипаты, біздің ойымызша, жоқ.

3. Киіз үйдің құрамдас бөліктеріне қатысты реалиялар. Романда ұлттық баспана – киіз үй бөліктері реалиялары да кездеседі. Бұл тақырыптағы реалиялардың саны біршама болғандықтан, оларды жеке топша етіп алуды жөн көрдік. Атап айтсақ, киіз үйдің қаңқасына қатысты *шаңырақ, күлдіреуіш, бақан, уық, кереге, қаусырмалы есік, сықырлауық есік, сырық*; жабу киізін атайтын *түндік, үзік, туырлық, бау, ірге*; сондай-ақ, үйдің белгілі бір бөлігін меңзейтін *маңдайша, босаға, төр, жұрт* реалиялары кездеседі. Тіпті керу (керегені), жығу (үйді), тігу (үйді) секілді етістіктер де реалия ретінде қарастырылуы керек.

4. Үй бұйымдарына қатысты реалиялар. Романда жиһаз бен үй бұйымдары тақырыптық тобында *адалбақан, алаша, бесік, бөстек, дастархан, дорба, кебеже, керме, киіз, көрнек, көрпе, көрпеше, қалта, сандық, сандықша, сырмақ, текемет, тулақ, түскиіз, шайсандық, ши, шымылдық* реалиялары кездеседі.

5. Ыдыс-аяққа қатысты реалиялар. Ұлт тұрмысы өмір салтында ас сақталатын ыдыс-аяқтарға ерекше көңіл бөлінген. Байырғы шеберлер ыдысты емен, қайың, арша, тағы басқа берік ағаштардан, мал терілерінен, болат, алтын, күміс сияқты металдардан жасаған. Романда *қазан, кесе, тостаған, табақ, күбі, керсен, құман, тасқұман, мес, піспек, саба, торсық, тегене, тайқазан, көнек шелек, тұтқыш, келсап* секілді реалиялар кездеседі. Трилогиядағы стакан, тарелка, кружка секілді лексикалық бірліктер бөгде реалиялар болып табылады. Ал леген, шәугім, таба, дүңгір секілді сөздердің орыс және ағылшын тілдерінде баламалары бар, сол себепті оларды реалия қатарына алмаймыз.

6. Мал шаруашылығына қатысты реалиялар. Мал шаруашылығы ұлтымыздың негізгі кәсібі болғандықтан, бұл тақырыптық топта өте көп реалиялар кездеседі. Атап айтқанда, 30 реалия беріледі. Олар төрт түліктің

санына қатысты *үйір, келе, табын*; малды жегуге қатысты *қамшы, ер-тұрман, бишік, бұйда, жазы, ноқта, үзеңгі, шылау*; мал жаюға қатысты *қорық, қотан, астау, ойсыл-қара, күйек*; малды байлауға қатысты *тіздеу, көген, құрық, қаңтару, қазық, желі, шідерлеу, шалдыру*; малдың дене мүшелеріне қатысты *қазы, жілік, сағақ, қом, шуда, шаша* секілді реалиялар кездеседі. Бұл топқа *ауыздық, жіліншік, өркеш, айыл, ашамай, жүген, борбай, серек, отар* секілді лексикалық бірліктер алынған жоқ, себебі олардың орыс және ағылшын тілдерінде баламалары бар.

7. Малшы түрлеріне қатысты реалиялар. Бұл лексикалық бірліктерден қазақ халқы төрт түлікті баптаушыларға төрт түрлі атау қойғаны байқалады. Романда *жылқышы, қойшы, түйеші, түйекеш, шопан* секілді малшы атаулары кездеседі.

8. Жалпы шаруашылыққа қатысты реалиялар. Мал шаруашылығына қатысты реалиялармен қатар романда жалпы шаруашылыққа қатысты ұлттық бояуы бар лексикалық бірліктер кездеседі. Оларға *арба, арқан, шыршыр, асатаяқ, жайлау, көш, күзек, құйрық май, қыстау, тасошақ, жерошақ, соғым, тезек, шығыр* секілді реалиялар жатады.

9. Киім-кешекке қатысты реалиялар. «Ақ боз үй» романындағы киім атаулары реалиялары үлкен топты құрайды. Шығармада *бөкебай, бөрік, жаулық, желек, құлақшын, малақай, сәлде, сәукеле, тақия, тымақ, шалма, шарқат* секілді бас киім атаулары, *беишет, дамбал, жарғақ шалбар, жеңсіз, зәгран шалбар, ішік, камзол, кеудеше, күпі, тон, шапан, шекпен* секілді киім атаулары, *кебіс, саптама етік, шоңқайма етік* секілді аяқ киім атаулары және *белбеу, тұрме* секілді қосымша киім атаулары кездеседі. Олардың жалпы саны 29.

10. Әшекей бұйымдары реалиялары. Романдағы әшекей бұйымдары арасынан ұлттық сипаты айқын *шашбау, шолпы, шығыршық* реалияларын атап айту қажет. Бұл әшекей бұйымдарының *сырға, сақина, білезік* атауларындағыдай сөздік сәйкестігі жоқ, сол себепті аудармашыларға белгілі бір қиындық тудырады.

11. Ақша бірліктері реалиялары. Қарастырылып отырған романда ақша бірліктері атауларынан *сом, тайтұяқ* секілді реалияларды кездестіруге болады.

12. Өлшем реалиялары. Өлшем реалияларына белгілі бір ұлттың салмақ, ұзындық, аудан, сұйықтық пен сусымалы денелердің көлемін білдіретін өлшем атаулары жатады. «Ақ боз үй» романында мынадай ұлттық өлшем атаулары кездеседі: *адым, елі, қадам, қарыс, көш жер, қозы көш, қол созым, құлаш, тай шаптырым, тұтам, уыс, шақырым, шөкім*. Бұлардың кейбірі қазіргі таңда қолданыста болса (адым, қол созым, уыс, тұтам, шақырым шөкім), біразы көнерген (елі, қарыс, көш жер, қозы көш, құлаш, тай шаптырым, тұсау бойы).

13. Уақыт пен мезгілге қатысты реалиялар. Бұл топқа *азан, алакөбең, алагеуім, алагеуім таң, бейуақ, бесін, екі кештің арасы, екінді, елең-алаң, іңір, кіші бесін, құлқын сәрі, намаздыгер, сәске, сәске түс, тал түс, таң сәрі, тұсау бойы, Ұзынсары, ұлы бесін, ұлы сәске, шай қайнатым, шаңқай түс, ымырт* секілді лексикалық бірліктер жатады.

14. Салт-дәстүрге қатысты реалиялар. Бұл топқа *айт, айттау, ас, беташар, жарапазан, жар-жар, жасау, жоқтау, жолашар, қалың, кит, қонақасы, қыз қашиар, садақа, сүйінші, сыңсу, талақ, тартыс, той, той бастар, той тарқар, ұзату, шежіре* лексикалық бірліктері кіреді.

15. Ұлттық ойын реалиялары. Романда ұлттық ойын реалияларынан *айгөлек, ақсүйек, аламан бәйге, алтыбақан, асық, бәйге, ошақ бәйге, палуан күрес, соқыр теке* секілді лексикалық бірліктер кездеседі.

16. Өнерге қатысты реалиялар. Бұл топқа *айтысу, ақын, дастан, домбыра, домбыраның құрсағы, құлағы мен сабы, домбырашы, жыр, жырау, жырышы, күй, терме* реалиялары жатады.

17. Наным-сенімге, мифологияға қатысты реалиялар. Бұл топқа *албасты, азәзіл, әзірейіл, жерұйық, сайтан, үр қызы, хор қызы, ыблыс*, т.б. лексикалық бірліктерді жатқыздық.

Жіктемедегі үшінші ірі топ әлеуметтік-саяси деп аталады. Бұл топқа әкімшілік-территориалдық құрылымға, билік органдарына, қоғамдық-саяси өмірге, туыстық қатынастарға қатысты бірліктер, діни және әскери атаулар, қаратпа сөздер жатады:

1. Этноним-реалиялар. Бұл топқа ру мен тайпа атаулары жатады. Романда *әлім, адай, табын, құнанорыс, ажым, қаражон, жалпақтіл* секілді этнонимдер кездеседі.

2. Әлеуметтік-саяси реалиялар. Романда әлеуметтік-территориалдық реалиялардан *ауыл, кеңшар, аудан, ауылдас*, әлеуметтік реалиялардан *ақсақал, жігіт, қарасақал, көксақал, бай, жатақ, жалшы, батырақ*, саяси реалиялардан *ауыл ағасы, ауылдық кеңес ағасы, ауылнай, ауылсовет, би, әкім, хан, қожса, молда, алаш, алашорда, шала қазақ* секілді атаулар кездеседі.

3. Туыстық реалиялар. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің бірден бірі – берік туыстық қатынастардың, бірліктің, ағайындықтың болуы. Оған туыстық қатынастарды білдіретін мол лексикалық бірліктер дәлел. Тек «Ақ боз үй» романының өзінде орыс және ағылшын тілінде баламасы жоқ *бажса, бәйбіше, жамағайын, жамағат, жезде, жекжат, жеңге, жеті ата, жиен, келін, көке, қайны, қайын сіңлі, құда, нағашы, тоқал, төркін* секілді туыстық атаулар кездеседі.

4. Қаратпа реалия-сөздер. Бұл топқа *айналайын, арысым, аға, бәйбіше, келін, құдаша, ағай, жеңеше, жеңгей, ата, көке, құда, баба, жезде, қайнаға, ағайын, көкесі*, т.б. секілді лексикалық бірліктер жатады.

5. Діни реалиялар. Бұл топқа *азат, аят, әптиеқ, жаназа, жайнамаз, құбыла, Құран, қылкөпір, мазар, медресе, намаз, ораза, сәжде, таспиқ, шейіт* лексикалық бірліктері жатады.

Романдағы метареалияларға тоқтала кетейік. Біздің тану және білу деңгейімізге сәйкес трилогиядан 80-ге жуық метареалия анықталды. Оларды 1.2 тарауда аталған жіктемеге сәйкес топтастырайық:

- символдық метареалиялар. Бұл топқа *ақ боз үй, қоңыр үй, қараша үй* тіркестеріндегі түс символикасы, *нар* сөзіндегі анималистік символ жатады.



- ассоциациялар мен пресуппозициялар. Бұл топқа белгілі бір тілдік бірліктерден туындайтын ассоциациялар мен пресуппозицияларды жатқызамыз. Мәселен, *шаңырақ, үкі, жарбай, нарқоспақ, босаға, адай, құдайы қонақ, бейуақ* секілді лексикалық бірліктерден туындайтын ассоциациялар мен пресуппозицияларды жатқызамыз. Сондай-ақ, *Желтоқсан оқиғасына, қазақ халқының ағайындық, еріншектік* секілді кеңінен талқыланатын қасиеттеріне пресуппозициялар кездеседі.

- аллюзиялар. Бұл топқа әдеби, фольклорлық, тілдік аллюзиялар жатады. Мәселен, трилогияда *Асан қайғы, Шық бермес Шығайбай, мэлс, мырқымбай* секілді аллюзиялар кездеседі. Әдеби аллюзиялардан Абайдың өлеңдеріне сілтемелер кездеседі.

- ым-ишараттар. Трилогияда *бет сызу, бет шымшу, бет сипау, қол жаю, маңдайынан иіскеу* секілді тарихи-мәдени мәні бар ишараттар кездеседі.

- әдет-ғұрыптар. Бұл топқа тарихи-мәдени астары бар *атына теріс мінгізу, бет ашу, жаулық салу, үй жанына дейін атпен бару, аттан түсіп жаяу сәлем беру, Той бастау, дем салынған кеседен су ішу, әйел адамның жолдасының, жолдасының туыстарының атын атамауы, желек жабу, кесе төңкеру, шашу, шапан кигізу, шала туған баланы керегеге іліп қою, ақсарбас шалу, түндік жабу.*

Тілдік жіктеме бойынша трилогияда зат есім реалиялар да (*шаңырақ, беташар, нар, алаша, т.б.*), етістік реалиялар да (*кереге керу, шашу, үй жығу, т.б.*) кездеседі.

Уақыттық жіктеме бойынша тарихи да (*шыршыр, саптама етік, абажа, адалбақан, болыс, т.б.*), заманауи да (*шаңырақ, алаша, шала қазақ, т.б.*) реалиялар кездеседі. Дегенмен, заманауи реалиялардың саны басым.

## **2-тарау бойынша тұжырым**

- Аударманы сынау алдында талдау кезінде экстралингвистикалық ақпарат (түпнұсқа авторы және аударма авторы, түпнұсқа авторының мақсаты және аударма мақсаты, түпнұсқа реципиенті және аударма реципиенті, түпнұсқаның жазылу және аударылу уақыты) және лингвистикалық ақпарат (түпнұсқа тақырыбы, түпнұсқа мазмұны, түпнұсқа құрылымы, түпнұсқадағы ақпарат түрі және тығыздығы, түпнұсқаның лексикалық, синтаксистік, т.б. ерекшеліктері) талдануы керек.

- XX ғасырдың сұрапыл қасіреттері – ашаршылық пен репрессия, соғыс пен тоқырау заманы туралы жазылған “Ақ боз үй” жазушы С. Елубайдың ең елеулі еңбектерінің бірі болып табылады. «Ақ боз үй» трилогиясы – қазақ тағдырында орын алған аталмыш қасірет туралы жазылған ең ірі көркем туынды.

- С. Елубай «Ақ боз үй» романын жазуда қалың оқырманды еліміздің тарихында болған ауыр жағдаймен, ешқандай бүкпесіз шындықпен таныстыруды мақсат етті. Роман орыс, түрік, ағылшын, испан тілдеріне аударылған. Аудармашының мақсаты ұлтымыздың ұждани сипатын өзге ұлттарға көрсете білу, тарихымызда болған мақтан тұтуға лайық рухани келбетімізді таныстыру.

- Көркем әдебиет шығармасы болғандықтан, бұл еңбек көпшілік қауымға арналған, ал аударма реципиенті ретінде қазақ мәдениеті мен тарихынан хабары аз немесе жоқ оқырман алынады.

- Романда когнитивтік, эмоционалдық, эстетикалық ақпарат түрлері кездеседі. Көркем шығарма болғандықтан, романда эстетикалық ақпарат басым. Тарихи-мәдени шығарма болғандықтан, романда этномәдени ақпарат та көп мөлшерде кездеседі. Эстетикалық ақпарат та, этномәдени ақпарат та жоғары тығыздықта кездеседі. Бұл факторды аударма кезінде есте ұстаған жөн, себебі аударма оқырманы үшін ақпарат тығыздығы арта түседі.

- Трилогиядағы этномәдени ақпарат советизмдер, экзотизмдер, флора және фауна атаулары, антропонимдер, топонимдер, мақал-мәтелдер, реалиялар арқылы көрініс табады.

- Трилогиядан 420-ға жуық географиялық (метеорология, төрт-түлік, түйе түрлері), этнографиялық (ас пен сусын, баспана, киіз үй бөліктері, үй бұйымдары, ыдыс-аяқ, мал шарушылығы, малшы түрлері, жалпы шаруашылық, киім-кешек, әшекей бұйымдары, ақша бірліктері, өлшем, уақыт, салт-дәстүр, ұлттық ойын, өнер, наным-сенім), әлеуметтік-саяси (этноним, әлеуметтік-саяси, туыстық, қаратпа сөз, діни) реалия-сөздер анықталды.

- Романнан 80-ге жуық символдар, ассоциациялар мен пресуппозициялар, аллюзиялар, ым-ишараттар, әдет-ғұрыптарды білдіретін метареалиялар анықталды.

- Тілдік жіктеме бойынша трилогияда зат есім реалиялар да (шаңырақ, беташар, нар, алаша, т.б.), етістік реалиялар да (кереге керу, шашу, үй жығу, т.б.) кездеседі. Уақыттық жіктеме бойынша тарихи да (шыршыр, саптама етік, абажа, адалбақан, болыс, т.б.), заманауи да (шаңырақ, алаша, т.б.) реалиялар кездеседі.

### **3 С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯЛАРДЫҢ БЕРІЛУ БАРАБАРЛЫҒЫ**

«Ақ боз үй» романындағы реалиялардың аудармаларының барабарлығын анықтау мақсатында түпнұсқадағы барлық ұлттық бояуы бар бірліктер мен олардың микроконтекстілері жаппай жинақталды. Орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерден осы ұлттық бояуы бар лексикалық бірліктердің аударма нұсқалары іріктелді. Алынған үштілдік сәйкестіктер негізінде Microsoft Excel бағдарламасында үш тілді параллель корпус жасақталды [Қосымша Ә].

Параллель корпусқа семантикалық талдау жасалып, орыс тілінде де, ағылшын тілінде де баламасы бар лексикалық бірліктер жойылды. Бұл бірліктер, біздің пікіріміз бойынша, аударматануда реалиялар қатарына жатпайды. Қалған баламасы жоқ, ұлттық-тарихи бояуы бар тілдік бірліктердің саны 420. Олар жалпы алғанда 2555 микроконтексте кездеседі. Сондай-ақ, метареалиялардың 80-ге жуық қолданыстары алынды.

Параллель корпус реалияларды микроскопиялық және макроскопиялық тұрғыда зерттеуге мүмкіндік береді [109, Б. 156-157]. Микроскопиялық тұрғыда реалияның әрбір микроконтекстегі аудармасының тәсілін, барабарлығын, аудармаға әсер еткен факторларды, қателіктерді, т.б. анықтауға мүмкіндік берсе, макроскопиялық тұрғыда реалиялардың түпнұсқа және аударма мәтін бойынша траекториясын анықтауға, тақырыптық жіктеме бойынша және жалпы аударма тәсілдерінің жиілігін анықтауға, реалия аудармасына қойылатын барабарлық талабының ережелерін тұжырымдауға, түрлі семантикалық қателіктерді жүйелеуге, әрі доместикация және форенизация дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысындағы сандық және сапалық талдау жоғарыда аталған реалиялардың барлық қолданыстары негізінде жасалды, дегенмен диссертациялық жұмыста қорытынды тұжырымдар жасауға негіз болған ең жиі қайталанған 200-ге жуық микроконтекст талдауы келтіріледі. Микроконтекстер реттік саны жақша ішінде (0) беріледі.

Реалия-сөз бен метареалияның көркем прозадағы аудармаларының барабарлығы дегеніміз реалияның денотативті мағынасының, ұлттық-тарихи бояуының, формасының әрі контекстуалдық маңызының барынша сақталып, реалияның коммуникативтік ықпалын көркем проза стиліне нұқсан келтірмей аударылуы. Бұл жерде денотативті мағына дегеніміз реалия туралы типтік-түрлік ақпарат, ал ұлттық бояу дегеніміз осы референтті оның түрлік-типтік гиперонимдерінен ажырататын, белгілі бір ұлтқа жататындығын білдіретін ақпарат.

Реалия барабарлығына талдау жасау үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады. Ең алдымен, реалияның денотативті мағынасы және ұлттық бояуы, қажет болғанда этимологиясы анықталады. Аударма тілінде сөздік реалиялардың бар-жоғы тексеріледі. Сөздік сәйкестіктері жоқ реалияның ұлттық бояуының маңызы (актив және пассив) анықталады.

Алынған мәліметтер негізінде реалия аудармасына пайдаланылған тәсіл мен аударма нұсқасы реалия аудармасының барабарлығына қойылатын талаптарға сәйкес талданады.

Талдау нәтижесінде реалиялардың белгілі бір тақырыптық топтағы аударылу тәсілдері келесі 0-кесте үлгісі бойынша қорытындыланады.

0-кесте. Реалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия		
2	Транслитерация/транскрипция		
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация		
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация		
5	Функционалдық аналог		
6	Калька		
7	Мәдени аналог		
8	Экспликация		
9	Гипо-гипероним		
10	Контекстуалдық аналог		
11	Грамматикалық трансформация		
12	Түсіру		
	Балама		
	Аударылмаған сөйлемдер		

Кестеде реалияларды аудару тәсілдерімен қатар Балама және Аударылмаған сөйлемдер атты жолдар да келтірілген. Мұндағы балама ұяшығында тілдік жұптардың қатынасындағы баламасы бар сөздердің саны көрсетіледі. Мәселен, қазақ-орыс тілдік жұбында қандай да бір сөздің баламасы бар болса, қазақ-ағылшын тілдік жұбында сол сөздің баламасы болмауы мүмкін, яғни біздің анықтамамыз бойынша қазақ-ағылшын тілдік жұбында бұл сөз реалияға жатады.

2.1-тараушада романның ағылшын тіліне С. Елубайдың қысқартып берген нұсқасынан аударылғанын айтқан болатынбыз. Берілген диссертацияда түпнұсқа ретінде 2008 жылы жарыққа шыққан трилогия қарастырылады. Сол себепті, романның аударылмаған екінші және үшінші кітабы мен С. Елубайдың қысқартқан сөйлемдері талдау нәтижелерін бұрмаламас үшін бөлек алынып, аударылмаған сөйлемдер деп беріледі. Бұл категория аудармашылардың қолданған түсіру тәсілімен шатастырылмауы керек, себебі аталған сөйлемдер аудармашының мақсатымен аударылмай қалған сөйлемдерге жатпайды.

Сандық көрсеткіштерден кейін талдау нәтижелеріне сәйкес дескриптивті және прескриптивті тұжырымдар беріледі. Әр тақырыптық топтағы реалиялардың аудармаларына қатысты ең жиі орын алған үрдістер сипатталып, аудармашыларға арналған кеңестер тұжырымдалады.

### 3.1 Реалия-сөздердің берілу барабарлығы

#### 3.1.1 Географиялық реалия-сөздердің берілу барабарлығы

**Метеорологиялық реалиялардың берілу барабарлығы.** Романдағы *сіреу, күртік, алақанат қар, құралайдың салқыны, қызыл жел, ақ жаңбыр* метеорологиялық реалиялары сегіз түрлі микроконтексте қолданылады.

*Ақ жаңбыр* немесе *ақ жауын* реалиясы жаңбырдың белгілі бір түрін білдіреді. Энциклопедиялық сөздік бойынша, ақ жауын дегеніміз «айтарлықтай аумақта біркелкі қарқынмен ұзақ уақыт (бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін) жауатын жаңбыр. Ақ жауын қоңыржай ендіктерде, әдетте Қазақстанның орманды-дала, шөлейт және биік таулы белдемдерінде жылы циклон өткенде байқалады» [110, б. 180]. Бұл анықтамадан шығатын қорытынды – *ақ жаңбыр* реалиясының ақ түске мүлде қатысы жоқ. Бұл реалияның денотативті мағынасы – жаңбыр түрі, ал ұлттық бояуы – Қазақстан аумағында жауатын жаңбырдың ұзақ, үздіксіз жауатын түрінің болуында. Микроконтексте реалияның ұлттық бояуы актив, себебі микроконтекстегі сіркіреген, себездеп сөздері реалияның лексикалық мағынасын ашып тұр.

*Ақ жаңбыр* тіркесі тек қана реалия емес, географиялық термин, сол себепті оның өзге тілдерде баламасы болуы мүмкін. Мәселен, қазақша-орысша аударма сөздіктерде бұл реалияға *длительный, мелкий дождь* (ұзақ жауатын, майда жаңбыр) түсініктемесі беріледі [52], яғни оның баламасы жоқ. Аудармашылардың нұсқаларына көз салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(1)	“Сіркіреген селдір <i>ақ жаңбыр</i> таң атқалы үзбей себездеп тұрған” [55, б. 49].	“С утра без перерыва моросил <i>белесый дождик</i> ” [111, б. 54].	“All night until very morning the moonlit, <i>white rain</i> was falling” [112, б. 62].

*Ақ жаңбыр* реалиясы (1) мысалда орыс тіліне *белесый дождик* (ақшыл жаңбыр) және ағылшын тіліне орыс тілінен *white rain* (ақ жаңбыр) толық калькалары арқылы аударылған. Орыс тілінде *ақ жаңбырдың* негізгі семантикалық компоненттері *без перерыва* (үзіліссіз) және *моросил* (сіркіреу) сөздері арқылы контексте ашылады. Ал ағылшын тіліндегі *калька* бұл семантикалық компоненттерді бермеген. Айта кететін жайт, орыс тілінің де, ағылшын тілінің де корпустарында *ақ жаңбыр* тіркесі кездеспейді. Сол себепті, орыс тіліндегі аудармадағы *белесый* (ақ) сын есімі мен ағылшын тіліндегі *ақ* (white) сын есімі реалияның ұлттық бояуын берудегі талпыныс деп есептейміз. Дегенмен, ағылшын тіліндегі *калька* барабар емес, сол себепті аудармаға *ақ жаңбырдың* семантикасын ашатын сөздер қосылуы қажет деп ойлаймыз. Мәселен, ағылшын тіліндегі *drizzle* (селдір жаңбыр) сөзі *жауу* (fall) етістігінің орнына реалияның ұлттық бояуын бере алар еді.

*Құралайдың салқыны* реалиясы «көктемнің соңғы айының орта тұсындағы күн райындағы қолайсыз кезең, амал атауын» білдіреді [113, б. 101]. Бұл кез киіктің төлдеу кезіне сәйкес келгендіктен *құралайдың салқыны* деп аталып

кеткен. Қазақтар жайлауға құралайдың салқыны өткен соң ғана көшетін болған. Яғни бұл уақыт ұлттық шаруашылықтың жүргізілуіне әсер еткен. Аударма сөздіктерде реалияға *похолодание, наступающее во время, когда сайгачата начинают бегать* (киіктің лағы аяқтанатын кезде болатын салқын ауа-райы) деген түсініктеме беріледі [52]. Сонымен, реалияның денотативті мағынасы – суық мезгіл болса, ұлттық бояуы – қазақтардың киіктердің төлдеуі кезіндегі салқын ауа-райын атауында. Ұлттық бояу актив, себебі мәтін желісінде белгілі бір уақытты білдіріп тұр. Аудармашылардың нұсқаларын қарастырайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(2)	“Құралайдың салқыны өте қойлар төгіп коздай бастады” [55, б. 48].	“После майской прохлады начался окот” [111, б. 54].	“After May’s cold weather, the lambing time began” [112, б. 61].

(2) мысалда орыс тілінде де, ағылшын тілінде де *құралайдың салқыны* реалиясының денотативті мағынасын ашатын *майская прохлада* (мамыр айындағы салқын ауа-райы) және *May’s cold weather* (мамыр айындағы салқын ауа-райы) экспликациялары қолданылған. Бұл реалияға аталған тілдерде толық балама табу мүмкін емес, себебі реалияның мағынасы ұлттық шаруашылықпен байланысты, яғни оның ұлттық-тарихи бояуы зор. Ұлттық бояу сақталмағанымен, аудармашылардың нұсқаларын барабар деп есептейміз, себебі бұл аудармада көркем проза стиліне нұқсан келмеген, коммуникативтік ықпал сақталған.

*Қызыл жел* реалиясы да экспликация тәсілімен аударылған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(3)	“Содан көп ұзамай түстіктен қызыл жел соғып, күн жылып, қар шұрқ тесілді” [55, б. 48].	“Несколько дней прошло – и задул с севера <i>теплый ветер</i> , солнышко пригрело землю, снег местами прорвался, стал таять” [111, б. 54].	“Several more days passed, and a <i>warm wind</i> blew from the south, the sun warmed the earth, the snow receded in places and began to melt” [112, б. 61].

(3) мысалда түпнұсқадағы *қызыл жел* дегеніміз Қазақстан аумағында наурыз айында оңтүстіктен соғатын аңызак, ыстық желді білдіреді [114, б. 502]. Реалияның контекстуалдық маңызы актив. Аударма сөздіктерде *суховей* (ыстық жел) [52] және *dry wind* (құрғақ жел) [115] деген сәйкестіктер болғанымен, аудармашылар *теплый ветер* (жылы жел) және *warm wind* (жылы жел) экспликацияларын пайдаланған. Ағылшын тіліндегі аудармашының бұл реалияны реалия ретінде қабылдамағаны айқын, яғни аралық аударма кезінде ұлттық бояу тіптен жойылып кетуі мүмкін. Нәтижесінде, екі тілде де реалияның денотативті мағынасы мен коммуникативтік ықпалы сақталған, бірақ ұлттық бояуы берілмеген.

Табиғат құбылыстарына қатысты реалиялардың ерекше бір тобы – қарға қатысты реалиялар. Осы орайда ұлы Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңіндегі *қан сонар* реалиясын аудару қаншалықты күрделі болғандығын айта кету керек. «Ақ боз үй» романында аударылуы күрделі *сіреу, күртік, алақанат қар* атты үш түрлі қар атауы кездеседі. Күртік қар – нығыздалған, соқталанған қарды білдіреді [116]. Мұндай қардың үстімен жүру өте қиын. Аударма сөздіктерде ешқандай сәйкестік берілмейді. (4) микроконтексте күртік қардың ұлттық бояуы актив, себебі бұл реалия берілген микроконтексте жүріп келе жатқан көштің жолындағы кедергіні сипаттауға қолданылған. Романның аудармашылары мынадай нұсқаларды қолданған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(4)	“Ірі қара болмаса, майда мал жүре алмас <i>күртік</i> ” [55, б. 32].	“Разве что крупной скотине – верблюдам и лошадям – под силу переход <i>по глубокому, не слежавшемуся еще снегу</i> , а овцы и козы, к примеру, не сделают по нему и шага” [111, б. 38].	“Only large and strong animals – camels and horses – were capable of travel across <i>deep snow that was still not packed down</i> , but the sheep and goats, for example, wouldn’t take a step in it” [112, б. 42].

(4) мысалда орыс тіліндегі аудармада реалия *по глубокому, не слежавшемуся еще снегу* (терең, әлі нығыздала қоймаған қар) деп сипатталса, ағылшын тілінде *deep snow that was still not packed down* (терең, әлі нығыздала қоймаған) қар деп сипатталады. Екі тілде берілген нұсқалар *күртік қар* реалиясының лексикалық мағынасына кереғар болып шыққан. Түпнұсқа авторының *нығыздалған қар* тіркесіне *нығыздалмаған қар* тіркесі сәйкестендірілген. Осылайша, аудармашылар реалияның лексикалық мағыналарын бұрмалаған. Аударма сөздіктерде бұл реалияға *снежный занос* және *snowdrift* нұсқалары беріледі. Біздің ойымызша, аударма сөздіктегі нұсқалар реалияның ұлттық бояуын бере алмағанымен, коммуникативтік ықпалын бере алар еді. Ағылшын тіліндегі аудармашы осы жағдайда да орыс тілі аудармашысының қателігін аударғаны, тіпті реалияның бар екендігін білмегені айқын.

*Сіреу* қар дегеніміз тізеден келер тұтас қар [116]. Сондай-ақ, ол – “ұзақ мезгіл мызғымай жатқан аяқ бастырмас, көлік жүрісіне бөгеу қатты қалың” қар [117]. *Сіреу* реалиясы ұлттық бояуы пассив болған жағдайларда аудармада түсіріліп отырған. Бір ғана жағдайда (актив болғанда) аудармашылар қардың осы түріне сипаттама беріп өткен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(5)	“Тондай қатқан <i>сіреу</i> қарды сендей бұзып екі айырып дүйім көшке жол ашып келеді” [55, б. 39].	“Снег <i>слежался, по плотности не уступает, пожалуй, и насту</i> , и все же Шойынкара <i>вспарывает его</i> ” [111, б. 44].	“The snow had settled, and apparently the thin crust of ice over it was not yielding, yet Shoyynkara was ripping through it” [112, б. 51].

(5) мысалда үнемсіз болғанымен, орыс тіліндегі *снег слежался, по плотности не уступает, пожалуй, и насту* (қар нығыздалып, оның қаттылығы мұздан кем емес) экспликациясы мен ағылшын тіліндегі *the snow had settled, and apparently the thin crust of ice over it was not yielding* (қар нығыздалған, оның үстіндегі қалың мұз қабаты да қалысар емес) деген экспликация *сіреу* реалиясының коммуникативтік ықпалын бере алған. Сол себепті, аударманы сәтті шыққан деп есептейміз. Оның үстіне, көркем проза стиліне нұқсан келмеген.

*Алақанат қар* дегеніміз бір жерде бар, бір жерде жоқ, бір жерде жұқа, бір жерде қалың қар [116]. Біздің ойымызша, реалияның ұлттық бояуы пассив, себебі ол түсірілсе, мәтін желісіне нұқсан келмейді. Аудармаға назар аударайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(6)	“Жерде <i>алақанат</i> қар жатқан жазғытұры шақ еді” [55, б. 426].	“Была поздняя весна, кое-где еще лежал <i>островками оплывший снег</i> ” [111, б. 455].

(6) мысалда да реалия орыс тіліне *лежал островками оплывший снег* (еріген қар жер-жерде аралшық іспеттес болып жатты) экспликация тәсілі арқылы аударылған. Айта кететін жайт, бұл реалияның да орыс тілінде *проталина* (қары еріп, ашылған жер) [52] деген мәдени аналогы бар. Дегенмен, аудармашы экспликация тәсілін қолдануды жөн көрген, әрі ол сәтті шыққан, мәтін стиліне нұқсан келмеген.

Сонымен, табиғат құбылыстарына қатысты географиялық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу тәсілдерін келесі кестеден көруге болады:

1-кесте. Метеорологиялық реалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Калька	1	1
2	Экспликация	4	4
3	Гипо-гипероним	1	1
4	Түсіру	1	1
	Аударылмаған сөйлемдер	1	1

Қазақ тіліндегі табиғат құбылыстарына қатысты реалиялар сан түрлі, олар – көшпелілердің мал шаруашылығын жүргізу негізі. Сол себепті, олардың өзге тілдерге аудару айтарлықтай қиындық тудыруы мүмкін. Романдағы табиғат құбылыстары реалияларын аударғанда орыс тіліндегі аудармада негізінен экспликация тәсілі қолданылып, ол сәтті шыққан. Экспликация тәсілі көркем мәтін стилін бұзбай сақтауға мүмкіндік берген. Дегенмен, мәтін ішіндегі экспликация реалияны бейтараптаған.

Ағылшын тіліне аралық аударма жасалғандықтан, орыс тіліндегі экспликация сөзбе-сөз аударылып отырған, яғни реалия бейтарапталған.

Метеорологиялық реалиялардың терминдік сипаты бар болғандықтан, олардың өзге тілдерде мәдени аналогы да болуы мүмкін. Үнемдеу мақсатында жоғарыда аталған экспликацияның орнына осындай мәдени аналогтарды



пайдаланған жөн деп санаймыз. Егер болмаған жағдайда экспликация тәсілі арқылы реалияның коммуникативтік ықпалын көркем проза стилін, автор стилін сақтай отырып беру керек.

**Төрт түлік түрлері реалияларының берілу барабарлығы.** Романдағы *тай, ту бие, ақалтеке, арғымақ, құнан, сәйгүлік, бесті, қошқар, тоқты, серке, теке* реалиялары 46 түрлі микроконтексте аталады.

Бұл тақырыптық топта негізгі аударма тәсілі генерализация болып табылады. Орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда 50% астам реалиялардың қолданысы жалпыланған. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(7)	“Хансұлу енді тықыршыған кер <i>құнанның</i> басын Күн астына қарай бұрды” [55, б. 18].	“Хансулу поворотила нетерпеливого <i>коня</i> к солнцу” [111, б. 21].	“Khansulu turned her impatiently prancing <i>horse</i> toward the sun” [112, б. 19].

(7) мысалда түпнұсқадағы *құнан* реалиясы үш жасар жылқы атауын білдіреді [114, б. 345]. Орыс тілінде оған *ат* (конь) гиперонимі, ал ағылшын тілінде *жылқы* (horse) гиперонимі берілген. Ағылшын аудармашысы бұл жағдайда аралық аударма салдарынан реалияны “байқамаған”. Реалияның ұлттық бояуы микроконтексте пассив, сол себепті аударма нұсқаларын барабар деп есептеуге болады. Оған қоса, мәтін желісі бойынша алдыңғы контекстерде реалияның лексикалық мағынасы ашылады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(8)	“Сыртта қазықта қаңтарулы Қаракер <i>құнан</i> тұр. Хансұлудың құнаны. Сол құнанға шейін асылдың тұқымы” [55, б. 17].	“Неподалеку на привязи <i>жеребец-трехлетка</i> Каракер. Чистых кровей. Другой такой лошади в округе нет” [111, б. 19].	“Nearby, Karaker, her <i>three-year old stallion</i> was tied up. It was the purest of thoroughbreds. There wasn’t another horse like it in the region” [112, б. 17].

(8) микроконтексте *құнан* реалиясына орыс тілінде *үш жасар айғыр* (жеребец-трехлетка), ағылшын тілінде де *үш жасар айғыр* (three-year old stallion) деген калька беріледі. Реалияның ұлттық бояуы бұл микроконтексте актив, сол себепті орыс тілі аудармашысы экспликация жасауды жөн көрген. Ағылшын тіліне аралық аударма нәтижесінде осы экспликация сөзбе-сөз аударылған. Дегенмен, транскрипциясы болмағандықтан, аударма реципиенті бұл экспликация артында белгілі бір реалияның бар екендігін аңғармайды, яғни реалияның формасы берілмей тұр.

Реалия формасының сақталуын транскрипция мен транслитерация тәсілдері қамтамасыз ететіндігі белгілі. Төрт түлік түрлері тақырыптық тобында екі реалияның ғана формасы сақталған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(9)	“Лабак ахун бас болып, жұрт назары түгел қара <i>арғымағын</i> шапшаң аяндатып келе жатқан шойын қара жігіт Бұлышта” [55, б. 99].	“Общее внимание, в том числе и внимание Лабак-ахуна, приковано к черному, как чугуна, Булышу, поспешавшему к ним на вороном <i>аргамаке</i> ” [111, б. 108].	“Everyone’s attention, including that of Labakh-akhun, was fastened like iron on Bulysh, hurrying back to them on his raven <i>argamak</i> ” [112, б. 129].

(9) мысалда түпнұсқадағы арғымақ реалиясы екі тілде де транскрипциямен беріледі. Орыс тіліндегі транскрипция орыс тілінің кірме сөздер сөздігінде беріледі, яғни оның коммуникативтік ықпалы, лексикалық мағынасы реципиентке міндетті түрде беріледі, сондай-ақ реалияның формасын да сақтауға мүмкіндік береді. Ағылшын тіліндегі реципиентке реалияның денотативті мағынасы ғана беріледі, себебі *raven* (қара) сын есімі жылқы түсін сипаттауға арналған лексикалық бірлік, ал ұлттық бояудың берілмейтіндігі айқын. Бұл реалия қазақ жылқысының сұлу әрі асыл тұқымын білдіреді. Ағылшын тілінде бұл семантикалық компоненттер берілмеген. Дегенмен, аудармашының нұсқасы сәтті деп есептейміз, себебі тіркескен *raven* сөзі арқылы аударма реципиентіне реалияның денотативті мағынасы берілген.

Аталмыш тақырыптық топта бірқатар реалиялардың орыс тіліндегі тікелей баламасы бар. Мысалы:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(10)	“Қора жақтан күйегі алынып қызу науқан кешкен <i>қошқарлардың</i> ғана арсы-гүрсі қимылдары байқалады” [55, б. 11].	“Только в загоне слышится – возбуждены <i>бараны</i> после лета, бодаются спросонья по привычке” [111, б. 14].	“Only from beyond the paddock, a commotion could be heard – the <i>sheep</i> were agitated after grazing, and were butting heads with a crack and below as was their habit” [112, б. 11].

(10) мысалда түпнұсқадағы қошқар реалиясының контекстуалдық маңызы актив, сол себепті аудармада ол міндетті түрде көрініс табуы керек. *Қошқар* дегеніміз қойдың еркегі [114, б. 158]. Орыс тіліндегі аудармада *қошқар* бірлігінің сөздік баламасы берілген, барабар аударма шыққан. Ағылшын тіліндегі *sheep* бірлігі қой малының жалпы атауын білдіреді, яғни қойдың жынысына қатысты семантикалық компонент берілмей тұр. Бұл аударманы барабар деп есептей алмаймыз. Бұл жағдайда экспликация тәсілін ұсынар едік. Ағылшын тіліндегі генерализацияның алдына *male* (еркек) сын есімін қосу арқылы тиісті барабарлықты қамтамасыз етуге болар еді.

Сонымен, төрт-түлік реалияларының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

2-кесте. Төрт-түлік реалияларының аударылу тәсілдері

2-кесте. Төрт-түлік реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	5	0
2	Транслитерация/транскрипция	0	4
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	0	1
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	0	0
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	3	4
9	Гипо-гипероним	23	17
10	Контекстуалдық аналог	1	1
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	1	0
	Балама	9	0
	Аударылмаған сөйлемдер	3	19

Романдағы осы тақырыптық тобындағы реалиялар қолданыстарының жартысына жуығы жалпылауыш лексикалық бірліктер арқылы берілген, яни реалиялардың денотативті мағынасы ғана сақталған. Ұлттық бояуды беру мақсатында аудармашылар экспликация, транскрипция тәсілдерін пайдалануға талпынған. Мәтін ішіндегі экспликация реалияның формасын бейтараптайтыны анықталды. Реалия формасын сақтау үшін ең тиімдісі – мәтін ішіндегі экспликация мен транскрипция екендігі анықталды. Аралық аударма кезінде аудармашының тек орыс тіліндегі форманы сөзбе-сөз көшіретіндігі анықталды.

Төрт түлік түрлері тақырыптық тобындағы реалияларды аудармас бұрын, олардың баламаларының бар-жоғын тексеріп алу керек. Егер мұндай сәйкестік болмаса, онда реалияның ұлттық бояуын беру үшін транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация берген дұрыс. Мәселен, жылқы малының түсіне қатысты айтылатын сын есімді қосу арқылы транскрипцияның жылқы атауы екендігін қысқаша беруге болады. Гипероним тек ұлттық бояу пассив болғанда ғана орынды.

**Түйе түрлері реалияларының берілу барабарлығы.** Шығармада түйе шаруашылығына қатысты ұлттық реалиялар 106 түрлі микроконтексте қолданылған.

Түпнұсқада кездескен 12 түйе түрінің тек төртеуінің ғана орыс тіліндегі аудармада формасы берілген. Олар: *аруана*, *атан*, *інген* және *нар*. Бұл түйе түрлеріне қатысты реалиялардың қаншалықты күрделі екендігінің тағы бір дәлелі.

*Аруана* реалиясын қарастырайық. Сөздіктегі мағынасы бойынша, *аруана* – “бір өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы” [118, б. 666]. Орыс және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде *аруана* транслитерациясы жоқ. Қазақ-орыс аударма сөздігінде реалияға *аруана*, *верблюдица* секілді нұсқалар

берілсе [52], ағылшын тілінің аударма сөздіктерінде сәйкестік жоқ. (11) микроконтексте реалияның ұлттық бояуы актив. Орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларға назар салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(11)	“Танауына жұмсақ үйіріліп күлімсі аруана иісі келді” [55, б. 35].	“Ноздри уловили мягкий, знакомый запах аруаны. Аруана – одногорбая верблюдица” [111, б. 40].	“His nostrils caught the soft, alluring scent of the <i>aruana</i> . An <i>aruana</i> is a one-humped camel” [112, б. 46].

(11) микроконтексте аруана реалиясының ұрғашы семантикалық компоненті әсіресе белсенді. Орыс тіліндегі *одногорбая верблюдица* (бір өркешті ұрғашы түйе) сілтемесі *аруана* реалиясының лексикалық мағынасын толық ашып тұр: түйенің өркеш саны да, орыс тілінің аналық тек жұрнағы арқылы жынысы да көрсетілген. Дегенмен, мәтіннің семантикалық бөлшегі мәтіннен тыс сілтемеде берілген. Бұл микроконтексте белсенді семантикалық компонент, ұрғашы сөзін *верблюдица* мәтін ішіндегі экспликациясы арқылы аударған жөн болар еді. Сонда орыс тіліндегі нұсқа *верблюдица-аруана* болар еді. Мұндай аудармада реалияның белсенді семантикалық компоненті, сәйкесінше денотативті мағынасы да, ұлттық бояуы да, оған қоса формасы да аудармада көрініс табады. Ағылшын тіліндегі *one-humped camel* (бір өркешті түйе) экспликациясында белсенді «ұрғашы» семантикалық компоненті аталмаған, сәйкесінше реалияның ұлттық бояуы толық ашылмаған. Біздің ойымызша, бұл жағдайда да мәтін ішінде *female camel* (ұрғашы түйе) экспликациясын қосып, сілтеменің алдын алуға болар еді.

*Атан* реалиясына берілген аударманы қарастырайық. Сөздік бойынша, *атан* реалиясы піштірілген, ақталған түйе, ірі қараны білдіреді [119, б. 94]. Түйенің бұл түрі тез семіреді, әрі жұмысқа өте төзімді болып келеді. Сондықтан, ауыр жұмысқа пайдаланылады. *Атан* транслитерациясы орыс және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кездеспейді. Аударма сөздіктері бойынша, реалияға *атан*, *холощеный верблюд* (піштірілген түйе), *холощенный верблюд в возрасте 5 лет* (5 жасар піштірілген түйе) секілді нұсқалар беріледі. Ағылшын тілі сөздіктерінде *атан* реалиясына аударма нұсқа берілмейді. Орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі аудармаларға назар салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(12)	“Түйелері шұбап тізіліп, түн ішінде келе жатқан керуен шалынды. Ауыр жүк тиелген <i>атан</i> , <i>нарлар</i> ” [55, б. 6].	“Показался идущий среди тьмы караван... верблюды за верблюдом... тяжело идущие <i>атаны</i> и <i>нары</i> . <i>Атан</i> – <i>холощенный верблюд</i> ” [111, б. 7].	"It was a caravan with the <i>atans</i> and <i>nars</i> . An <i>atan</i> is a gelded camel” [112, б. 6].

(12) мысалда *Холощенный верблюд*, *gelded camel* нұсқаларының екеуі де піштірілген түйе деп аударылады. Бұл аудармаларда *атан* реалиясының

лексикалық мағынасы сақталғанымен, реалияның берілген микроконтекстегі белсенді ұлттық семантикалық компоненті басқа. Түпнұсқа авторы *атан* реалиясының ауыр жұмысқа, көші-қонға лайықты мықты түйе түрі екендігін көрсеткісі келген. Бұл жағдайда да аудармашылар *атан* реалиясының негізгі семантикалық компонентін ажырата алмаған. Бұл микроконтексте артық сілтеме мен транслитерациядан гөрі, жай гиперонимді де қолдануға болар еді. Аудармаларда реалияның формасы мен лексикалық мағынасы сақталғанымен, контекстуалдық мағына ашылмаған. Осы орайда Л. Космухамедова мен А.Жақсылықовтың аудармаларын салыстыруға болады. А. Жақсылықов *атан* реалиясына өзгеше түсініктеме береді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(13)	“Шағын келенің дені қолға үйренген сауын інген, мінгі <i>атан</i> , нарлар екенін көріп келеді” [55, б. 364].	“Среди животных он разглядел дойную верблюдицу-инген, верхового <i>атана</i> , несколько крупных вожаков-наров. <i>Атан – взрослый самец</i> ” [111, б. 387].

(13) мысалда да аудармашы *атан* реалиясының контекстуалдық мағынасын нақты анықтап, сілтемеде қажетті семантикалық компонентті берген. *Взрослый самец* (ересек еркек түйе) нұсқасы реалияның контекстуалдық мағынасын бере алады. Нәтижесінде, реципиенттің осы түйе туралы рецепциясы да барабар болады. Әрине, көркем проза аудармасында сілтеменің қосылғаны дұрыс емес, сол себепті бұл аудармада сілтеменің қажеті жоқ деп есептейміз. Мәтін ішіндегі верховой (мінгі) сөзінің өзі бұл түйе түрінің жұмысқа лайықты, мықты екендігінің белгісі.

Қажетті семантикалық компоненттің дұрыс таңдалмауы *нар* реалиясының аудармасынан да байқалады. Сөздік бойынша, *нар* реалиясы жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйені білдіреді [120, б. 483]. Орыс тілінің энциклопедиялық сөздіктерінде *нар* реалиясы кездеседі. Оған бір өркешті және екі өркешті түйенің гибриді деген анықтама беріледі. Оған қоса, күш-қайраты жағынан екі түрден де асып түседі деп анықталады [121, б. 24]. Аударма сөздіктерде *одногорбий крупный верблюд* (бір өркешті ірі түйе) нұсқасы келтіріледі [115]. Аудармашылардың нұсқаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(14)	“Түйелері шұбап тізіліп, түн ішінде келе жатқан керуен шалынды, Ауыр жүк тиелген <i>атан, нарлар</i> ” [55, б. 6].	“Показался идущий среди тьмы караван... верблюд за верблюдом... тяжело идущие <i>атаны и нары</i> . <i>Нар – одногорбий верблюд</i> ” [111, б. 7].	“From the thickness of the twilight finally the enormous black shadows appeared. It was a caravan, with the <i>atans and nars</i> . <i>A nar is a large one-humped camel</i> ” [112, б. 6].

(14) мысалда түпнұсқа авторы *нардың* ауыр жұмысқа лайық түйе екендігін меңзейді. Орыс тіліндегі аудармада, яғни *одногорбий верблюд* (бір өркешті түйе) нұсқасында бұл семантикалық компонент жоқ. Бұл аудармада реалияның

лексикалық мағынасы мен формасы сақталғанымен, контекстуалдық белсенді семантикалық компоненті толық ашылмаған деп санаймыз. Ағылшын тілінде аудармашы орыс тіліндегі нұсқаны сөзбе-сөз аударған. Біздің ойымызша, (14) мысалда аудармашылар мәтін ішіндегі экспликация арқылы могучие верблюды, powerful camels (мықты түйелер) деп аударуы қажет еді. Мұндай нұсқа реалияның контекстуалдық белсенді семантикалық компонентін ғана емес, реалия формасын, ұлттық бояуын жеткізуге мүмкіндік берер еді.

Аудармашы А. Жақсылықовтың экспликациясына назар аударайық:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(15)	“Шағын келенің дені, қолға үйренген сауын інген, мінгі атан, нарлар екенін көріп келеді” [55, б. 364].	“Среди животных он разглядел дойную верблюдицу-инген, верхового атана, несколько крупных вожаков-наров. Инген – дойная верблюдица, нар – вожак стада” [111, б. 387].

Аудармашы *нар* реалиясына және *инген* реалиясына мәтін ішінде де, мәтіннен тыс сілтемеде де экспликация берген. Бір қызығы, бұл экспликациялардың мәні бірдей. А. Жақсылықовтың аудармасында да сілтеменің көркем проза мәтініне үйлеспейтінін айтқымыз келеді.

Түпнұсқада ең жиі кездесетін түйе түрлері реалиялары – *нар* (45 рет кездеседі) мен *атан* (13 рет қолданылған). Реалияның аудармадағы траекториясының бастапқы нүктесінде оған сілтемеде түсініктеме берілсе, кейінгі нүктелерінде транслитерация тәсілі (*атан*, *нар*, *атан*, *нар*) немесе мәтін ішіндегі экспликация тәсілі (*верблюд-нар*, *вожак-нар*, *нар camel*) пайдаланылған. Бұл тәсілдер, біздің ойымызша, ұлттық-тарихи бояуды беруде тиімді, әрі жиі қолданылатын реалиялардың өзге тілдерге еніп, сіңуіне септігін тигізуі ықтимал.

Орыс тіліндегі аудармаларда ең жиі қолданылған тәсілдердің бірі – гиперонимдер. Орыс тіліндегі аудармада *верблюд*, *верблюдица*, *верблюжонок*, *животное*, *самец* секілді гиперонимдер кездеседі. Аудармашылар еркек түйенің кез-келгеніне *верблюд* (түйе), *животное* (жануар), *самец* (еркек жануар) сөздерін сәйкестіндерсе, ұрғашы түйеге –ица аналық тек жұрнағы жалғанған *верблюдицаны* (ұрғашы түйе), ал түйе малының төлдеріне рең мәнін тудыратан –онок жұрнағы жалғанған *верблюжонок* (бота) сөзін таңдаған. Мұндай аудармаларда реалиялардың тек денотативті мағынасының сақталатыны анық. Бұл гиперонимдер реалияның ұлттық бояуы пассив микроконтекстерде пайдалануға жарамды. Дегенмен, аудармашыларға бұл жөнінде кінә таға алмаймыз, себебі орыс халқы түйе шаруашылығымен айналыспаған. Осы орайда аудармашы Г. Бельгердің пікірін келтіруге болады: «А вот там, где на страницах казахской прозы величаво возникает вдруг верблюд, у переводчика нередко бессильно опускаются руки. Если многие языки вполне обходятся словами «верблюд», «верблюдица», «верблюжонок», то казахи различают: нар (одногорбый), бура (двугорбый самец-про-изводитель), үлек (породистый верблюд), қаспақ (метис одногорбого самца и двугорбой самки), желбая (верблюд- скакун), жалбай (с горбами в разные стороны), аруана (одногорбая),

інген (дойная), атан (холощенный), арван (порода вьючных верблюдов), қайыма (первородящая), буыршын (молодой верблюд-самец), бота (верблюжонок), тайлақ (годовалый), азбан (холощенный), тұмса (молодая самка), жампоз (разновидность жалбая), майя (приплод аруаны) и др...» [122, Б. 173-174]. Осылайша, Г. Бельгер қазақ тіліндегі түйеге қатысты реалиялардың аударудың қиындығын атап өтеді.

Орыс тіліндегі аудармада түйе түрлеріне жоғарыда аталған бірнеше гипероним сәйкес келсе, ағылшын тіліндегі жағдай тіптен қиын, себебі аудармада тек бір ғана *camel* (түйе) гиперонимі кездеседі. Мұның негізгі себебі – ағылшын халқының түйе шаруашылығымен айналыспауында. Аудармашы экспликация тәсілін пайдаланып, ұрғашы түйе түрлерін *female camel* (ұрғашы түйе), ал кез-келген түйе төлдерін *camel baby* (түйенің баласы), *camel calf* (түйенің төлі), *young camel* (жас түйе) секілді экспликациялармен аударған.

*Атан, нар* реалияларына *верблюд, camel* лексикалық бірліктерінен басқа да гипероним беріледі. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(16)	“Содан, алакеуең таңменен жалғыз керуен <i>атан, нарлары</i> алшаң басып, жез қоңыраулары сыңғыр қағып, тағы да жолға түсті” [55, б. 8].	“И снова караван размашисто ступающих <i>дромадеров</i> пустился в путь, позванивая колокольчиками” [111, б. 9].	“And once again the caravan with the swaying, stepping <i>dromedaries</i> set off on its way, bells tinkling” [112, б. 8].

(16) жағдайда *атан және нар* реалиялары орыс тіліне *дромадер* гиперонимімен аударылған. Орыс тілінде *дромадер* бір өркешті түйені атауға қолданылады [123]. Ол – орыс тіліне латын тілінен енген кірме сөз [124]. Бұл экзотизм орыс тілінің ХХ ғасырдың басында құралған түсіндірме сөздіктерінде де кездеседі. Дегенмен, *дромадер* сөзі *атан* реалиясына емес, *нар* реалиясына жақын. Себебі, *атан* – айыр өркешті түйе, ал *дромадер* – бір өркешті түйе түрі. Бұл аударма нәтижесінде түпнұсқадағы *атан* реалиясының лексикалық мағынасына нұқсан келген. *Атан* мен *нар* реалияларына бірінші қолданыстарында экспликация беріліп кеткендіктен, бұл контексте жай ғана транслитерация пайдаланса да жеткілікті болар еді. Ағылшын тілінде аудармашы аралық орыс тілінен *dromedary* сөзін береді. Дегенмен, бұл сөз ағылшын тілінің түсіндірме сөздігі бойынша бір өркешті түйе деген мағынаны береді [125]. К. Фитцпатрик бұл микроконтекстердегі реалияның бар екендігін байқамауы да ықтимал, себебі орыс тіліндегі аудармада гипероним қолданылып тұр, сол себепті аудармашының нұсқасы барабар деп санаймыз.

Жоғарыда аталған гиперонимдер мен экспликациялар түйе түрлерінің тек жыныстық және жалпы жас семантикалық компоненттерін ғана беріп тұр. Ал түйе реалияларының өркеш саны, нақты жасы, будандастырылуы, т.б. секілді семантикалық компоненттері де бар. Олардың көпшілігі аудармада көрініс

таппаған. Тек бірен-саран контексте экспликация тәсілі арқылы жалпылама ақпарат берілген. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(17)	“Қабак жүні салбыраған Шойынқара түксиіп сйдаң-сидаң желген ши борбай аруана, інген, мая, құнанишаларға сүзіле қарайды. Бұл Шойынқараның үйірі еді” [55, б. 35].	“Шойынқара, обросший шерстью так, что она свисала и с морды, тотчас ощетинился, пристально, в упор разглядывая замелькавших перед глазами тонконогих верблюдиц, одnogорбых и двугорбых, молодых и не совсем молодых” [111, б. 40].	“Shoyunkara, with overgrown clumps of fur even hanging from his mouth, bristled, stared fast at the slender-legged female camel with bare thighs, <i>one-humped and two-humped, young and not so young, flashing before his eyes</i> ” [112, б. 46]

Түпнұсқада *аруана, інген, мая, құнаниша* атты төрт ұрғашы түйе реалиялары аталады. Аруана – бір өркешті ұрғашы түйе, інген – айыр өркешті ұрғашы түйе, құнаниша – үш жасар ұрғашы түйе, ал мая – аруана секілді бір өркешті аналық түйені білдіреді. Л. Космухамедова түйе түрлерінің осындай семантикалық компоненттерін жалпылай келе, орыс тіліне *верблюдиц, одnogорбых и двугорбых, молодых и не совсем молодых* (ұрғашы түйелер, бір өркешті және қос өркешті, жасы әрі онша жас емесі) деп, ал ағылшын тіліне К. Фитцпатрик орыс тілінен *female camel ..., one-humped and two-humped, young and not so young* (ұрғашы түйелер, бір өркешті және қос өркешті, жасы және онша жас емесі) деп аударған. Бұл аудармаларда реалиялардың формасы сақталмағанымен, олардың, жалпы микромәтіннің коммуникативтік ықпалы жақсы берілген. Автор стиліне, көркем проза мәтінінің стиліне нұқсан келмеген. Бірнеше реалия бірыңғай мүше ретінде қатар келген жағдайда, реалиялардың осылайша жалпылама бірліктермен аударылуы көркем проза стилін сақтауға әрі реалиялардың лексикалық мағыналарын сақтауға мүмкіндік береді.

Экспликация тәсілімен аударылған реалиялардың тағы бірі – *тайлақ*. Сөздіктегі семантикасы бойынша, тайлақ 1-2 жас аралығындағы түйе төлінің атауын білдіреді [126, б. 622]. Аудармаға көз салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(18)	“Сонда, бай бұларға келенің ішіндегі ең жаман қотыр <i>тайлақ</i> пен қатпа маяны береді” [55, б. 74].	“Тот выбрал им в табуне паршивого годовалого <i>верблюжонка</i> и старую облезлую <i>верблюдицу</i> ” [111, б. 82].	“He selected out of the herd a lousy <i>yearling camel</i> and an old mangy female camel” [112, б. 97].

Аудармашы Л. Космухамедова бұл сөйлемдегі *тайлаққа* экспликация жасап, *годовалый верблюжонок* (бір жасар түйенің төлі) деп аударған. Форма жоғалғанымен, бұл аударманы сәтті деп есептейміз, себебі реалияның



лексикалық мағынасы сақталған. Ағылшын тіліндегі аралық аудармадағы *yearling* (бір жасар) сөзі бір мен екі жас аралығындағы малға айтылатын сын есім болып табылады [125]. Ол, негізінен, жылқы, сиыр не қойдың төліне қатысты қолданылады. Ағылшын тілінде де реалия бейтарапталған, себебі оның формасы сақталмаған.

Түйе түрлері реалияларының аудармаларын қарастыра келе *бура*, *буыршын*, *жарбай*, *нарқоспақ*, *үлек* реалияларының лексикалық мағыналары аудармада мүлде ашылмағанын байқадық. Бураның айыр өркешті түйенің таза тұқымды аталығы екендігі, буыршынның төрт жасар жас бура екендігі, жарбайдың бура мен нардың арасынан туған өркеші бір жағына жығылыңқы келетін түйенің нашар тұқымы екендігі, нарқоспақтың нар мен қос өркешті түйенің арасынан шыққан будан екендігі, ал үлектің түйенің аталығы екендігі аудармаларда көрініс таппаған. Аудармада бұл реалиялар тек өте жалпылама гиперонимдер арқылы берілген. Мәселен, *буыршын* реалиясы *животное* (жануар) гиперонимі арқылы, ал шығармада 13 рет кездесетін, яғни шығарма желісі үшін маңызы жоғары *жарбай* реалиясы орысша аудармада *верблюд* (түйе), ағылшын аудармасында *camel* (түйе) гиперонимдері арқылы берілген. Нәтижесінде, макромәтіннің ұлттық-тарихи бояуы сақталмаған. Аудармашылар мұндай қадамға мәтінді реципиентке ауырлатпау мақсатында барған болуы керек. Дегенмен, кей жағдайларда бұл тәсіл реалияның коммуникативтік ықпалына әсер еткен:

	Түпнұсқа	Л.Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(19)	“Жетегіндегі <i>жарбай</i> түйесінің бұйдасын қасындағы біреудің қолына ұстатып, жапырайған кішкентай қатпа қара кісі аяғы маймандап арбаға қарай жүгіре түсіп келеді” [55, б. 77].	“Неказистый маленький человек в толпе передал повод <i>верблюда</i> соседу и засеменил к арбе” [111, б. 85].	“A dark-skinned, unprepossessing little man in the crowd handed the reins of his <i>camel</i> to his neighbor and made his way to the wagon...” [112, б. 100].

(19) мысалда *жарбай* реалиясы орыс тіліне *верблюд* (түйе), ағылшын тіліне аралық орыс тілінен *camel* (түйе) сәйкестігі арқылы аударылған. Жоғарыда атап өткеніміздей, жарбай – бура мен нардың арасынан туған өркеші бір жағына жығылыңқы келетін түйенің нашар тұқымы [127, б. 239]. Бұл реалияның белгілі бір «нашар», «жаман» секілді экспрессиялық семантикалық компоненті бар. Түпнұсқа авторы жарбайға Қауқаш, етікші Шәріп, Шеге секілді кедейлерді «мінгізген». Өкінішке орай, аудармада бұл семантикалық компоненттер көрініс таппаған. Бұл микроконтексте экспликация тәсілін пайдаланып, *түйе* гиперониміне *жаман*, *ұсқынсыз* секілді сын есімдерді қосу жөн деп санаймыз.

Түйе түрлері реалияларының аудармаларында семантикалық қателіктер де баршылық. Көп жағдайда, олар аудармашының салғырттығынан жіберілген. Мәселен, омонимия салдарынан болған қателікті атап өту керек. (20) мысалда *мая* реалиясы тек түйе түрін ғана емес, сондай-ақ шабылған шөп жиынын білдіреді. Түпнұсқа авторы *мая* ретінде түйе түрін алғандығы анық, оған дәлел –

қарын, кәрі сөздері. Мая шөптің қарны болмайды, әрі оның кәрі болуы да мүмкін емес.

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(20)	“Кебеже қарын кәрі маяның ық жақ тасасында отыр екеуі” [55, б. 11].	“Приятели обосновались с подветренной стороны большого старого стога...” [111, б. 13].	“The friends settled down on the leeward side of a great old haystack...” [112, б. 11].

Дегенмен аудармашылар реалияны дұрыс түсінбей, орыс тіліне *большой старый стог* (үлкен ескі мая шөп), ағылшын тіліне орыс тілінен тікелей аударып, *a great old haystack* (үлкен ескі мая шөп) деп берген. Бұл қателік тек микромәтінді ғана емес, макро-мәтінді де бұрмалап тұр. Мая-мая шөп жинауды қазақ халқы отырықшылыққа көшкен соң бастаған. Яғни түпнұсқадағы жігіттердің мая шөптің тасасында отыруы көшпелі ауылдың образын бұрмалап тұр. Бұл микроконтексте түйе гиперонимін пайдалану да жеткілікті болар еді.

Түйе түрлері атауларының көп болуы салдарынан аудармашылар түйе атауларын шатастырған жағдайлар да баршылық:

	Түпнұсқа	К. Фитцпатриктің аудармасы
(21)	“Бұлыш бір ауыз сөзге келместен шиті мылтығын қолға алып, қотыр тайлаққа қарғып мінеді де кейін қарай тартып отырады” [55, б. 75].	“Without saying a word, Bulysh took his rifle, jumped on the mangy female camel and trotted back” [112, б. 97].

Түпнұсқада қотыр тайлаққа мінген кейіпкер аудармада қатпа маяға (*mangy female camel*) «мінеді», себебі түпнұсқаның осы тұсында қотыр тайлақ, қатпа мая реалиялары бірнеше рет аталады, сәйкесінше аудармашы шатастырған болуы керек. Сол сияқты:

	Түпнұсқа	А. Жақсылықовтың аудармасы
(22)	“Түн болғасын, Бибиажар екеуі Кермаяны үйдің тасасына әкеп шөгерді. Жазылады. Жол азығын, киім-кешек салған қоржынды салды түйеге” [55, б. 385].	“Ночью они с Бибижар привели верблюда Кермая к юрте и заставили его опуститься на землю. Навьючили на атана коржуны с едой, одеждой, бурдюк с водой” [111, б. 412].

(22) мысалда түпнұсқадағы Кермая деген түйенің аты ұрғашы түйеге, яғни маяға қойылатын ат екендігі анық. Аудармашы мұны түсінбей, аудармада Кермая атын атанға берген. Түйенің атан екендігі тіпті түпнұсқада да аталмайды. Осындай жаңсақтықтар реалияның коммуникативтік ықпалына әсер етпегенімен, ұлттық бояуды бұрмалайды.

Түйе реалияларының аудармасында орфографиялық қателік те бар. Мәселен, аруана реалиясының ағылшын тіліндегі транслитерациясында қателік кеткен. Сілтемедегі *aruana* транслитерациясында “у” әрпі артық қосылып [112,

б. 46], нәтижесінде, аруана реалиясын ағылшын тілді оқырман *аруана* деп емес, *аруяна* деп оқиды. Аудармашы мұндай салғырттыққа жол бермеуі керек еді.

Сонымен, түйе түрлері реалияларын аудару тәсілдерін мынадай кестеде қорытындылайық:

3-кесте. Түйе түрлері реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	23	12
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	5	3
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	6	3
5	Функционалдық аналог	2	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	6	13
9	Гипо-гипероним	33	7
10	Контекстуалдық аналог	4	2
11	Грамматикалық трансформация	1	0
12	Түсіру	18	4
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	8	62

3-кестеден көріп тұрғанымыздай, түйе түрлері реалияларын орыс тіліне аударғанда ең жиі қолданылған тәсілдер гипероним мен транслитерация болса, ағылшын аудармасында аралық орыс тілінен транслитерация мен экспликация тәсілдері жиі пайдаланылған. Түйе түрлеріне қатысты реалияларды аударғанда сөздік реалия, мәдени аналог табу мүмкіндігі жоқ болып шықты. Мұның себебі – орыс және ағылшын халықтарының түйе шаруашылығымен айналыспауында, әрі транслитерация нұсқаларының сөздіктерде тіркелмеуінде [128, б. 212].

Орыс тілінде түйе түрлерін атауда сөзге аффикс жалғау тәсілі қолданылса, ағылшын тілінде тіркес жасау тәсілі басым. Гипероним тәсілі реалияның ұлттық бояуы пассив болғанда қолдануға жарайды. Романдағы түйе түрін білдіретін 12 реалияның тек жетеуінің аудармасында ғана ұлттық бояу сақталған. Түйе түрлері реалияларын аударғанда олардың белгілі бір контекстегі белсенді семантикалық компонентін анықтап алып, көркем проза стиліне нұқсан келтірмеу мақсатында оны мәтін ішіндегі экспликация арқылы берген дұрыс.

Бірыңғай мүше ретінде қолданылған бірнеше реалия қатар келгенде, олардың лексикалық мағыналарын жалпылауыш сөздер арқылы берген дұрыс. Сәйкесінше, көркем проза стиліне нұқсан келмейді.

Лексикалық мағынасы сақталғанымен, кейбір түйе түрлері атауларының экспрессиялық семантикалық компоненттері қалыс қалған. Ондай реалияларды гипероним арқылы аударғанда экспрессия жоғалады. Сол себепті, мұндай коннотацияларды мәтін ішіндегі экспликация арқылы берген абзал.

### 3.1.2 Этнографиялық реалия-сөздердің берілу барабарлығы

#### 1. Ас пен сусын түрлеріне қатысты реалиялардың берілу барабарлығы.

Романда *айран, ас, бауырсақ, жент, ірімшік, қаймақ, қатық, күлше, қуырдақ, құрт, қымыз, қымыран, майсөк, табанан, талқан, шұбат* секілді 16 ұлттық тағам мен сусын атаулары 60 микроконтексте қолданылады.

Ас атаулары реалияларын аударғанда транслитерация және транскрипция тәсілдері пайдаланылған. Мәселен, *айран, бауырсақ, жент, ірімшік, қуырдақ, құрт, қымыран, таба нан, талқан, шұбат* [55] реалияларына орыс тілінде *айран, баурсак, жент* немесе *джент, иримшик, куырдак, кымран, табанан, талкан, шубат* [111] нұсқалары, ал ағылшын тілінде *ayran, boursak, jent, irimshchik, kurt, shubat* [112] нұсқалары беріледі. Біздің ойымызша, бұл транслитерациялар мен транскрипциялар реалияның графикалық не дыбыстық формасын дұрыс беріп тұр. Дегенмен, аудармашылардың кейбір нұсқаларымен келіспейміз. Мәселен, *күлше* реалиясы ағылшын тіліне аралық орыс тілі арқылы транскрипцияланған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(23)	“Хансұлу жарты күлше зағра нан мен қос уыстай қуырылған бидай түйілген орамал түйіншегін шешіп Дәу апаның алдына қойды” [55, б. 221].	“В узелке пол-лепешки кукурузной и с горсточки две жареной пшеницы” [111, б. 228].	“In the bundle were <i>lepyoshki</i> made of corn and a handful or two of fried grain” [112, б. 243].

Л. Космухамедова күлшеге *лепешка* (табаға пісірілген дөңгелек жұқа нан) мәдени аналогын тапқан. Ал К. Фитцпатрик осы сөйлемді ағылшын тіліне аударғанда *күлшенің* орнына, *лепешки* сөзін транскрипциялаған – *lepyoshki* (лепешки). Әрине, бұл қате аударма. Біздің ойымызша, берілген микроконтексте реалияның ұлттық бояуы пассив, сол себепті bread (нан) гиперонимін қолдануға да болар еді. Оған қоса, (24) микроконтексте осындай транскрипцияға экспликация берілген:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(24)	“Құмды аймақтың бедері айқындалып қараңғы сұйылып, ұзамай дүниенің бір бұрышында жарты күлше нандай қызарып Ай да туды” [55, б. 102].	“Впереди стал светлеть уголочек кромешной тьмы, и вскоре показалась луна, вернее ее половина, румяная, как лепешка-кулше, которую казашки выпекают в очаге, обкладывая сковороды сверху и снизу угольками” [111, б. 110].	“Ahead, a little corner of the dense darkness began to light up, and soon the moon had risen, rather the <i>half-moon, reddish like a lepyoshka-kulshe</i> . A <i>lepyoshka-kulshe</i> is a flat roll baked on a skillet over hot coals.” [112, б. 132].

(24) мысалдағы орыс тілінде де, ағылшын тілінде де *күлше* реалиясының аудармаларымен келіспейміз. Біріншіден, реалияның лексикалық мағынасы бұрмаланған. Аудармашылар *күлшені* дайындауда көмір пайдаланылатынын жазады (обкладывая сковороды сверху и снизу угольками және *baked on a skillet over hot coals*). Шынында, *күлше* дайындауда көмір емес, тезектің шоғы пайдаланылған [127, б. 351]. Екіншіден, орыс тіліндегі мәтін ішіндегі экспликация көркем проза стиліне үйлеспейді. “Казашки выпекают” деген тіркес автор стиліне кереғар.

Біздің ойымызша, аудармашының лепешка-кулше экспликациясы реалияның коммуникативті ықпалын жеткізе алар еді. Ал ағылшын тілінде орыс тіліндегі мәтін ішіндегі экспликация мәтіннен тыс шығарылған. Аудармашы реалияның ұлттық бояуын беруге тырысқанымен, транскрипцияда үлкен қателік жасаған. Аталмыш *lepyoshka-kulshe* транскрипциясы барабарлық талаптарына мүлде жауап бермейді, тек қана күлше сөзі ғана транслитерациялануы тиіс еді.

Транскрипция мәселесі бойынша *қымыз* реалиясын да қарастыруға болады. Бұл – бие сүтінен қышқыл дәмді сусын [114, б. 561]. Қымыз сусыны жайлы қазақ халқында жағымды ассоциациялар өте көп:

- бие сүтінен ашытылып жасалатын шөл қандыратын сусын;
- мың ауруға дауасы бар;
- қадірлі қонаққа тартылады;
- жаз жайлауда қымыз ішіп, ел аралау – қазақ ұлтының ерекше дәстүрі,

т.б.

Аударма сөздіктерде бұл реалия *кумыс* деп транскрипцияланған. Кумыс – орыс тіліне сіңіп үлгерген сөздік реалия. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде кумыс реалиясына толыққанды анықтама берілген. Әсіресе, Дальдың сөздігінде, қымыздың жасалу жолынан оның емдік қасиеттеріне дейін ақпарат беріледі [130]. Бұл осы сусынның қаншалықты танымал екендігін тағы да дәлелдей түседі. Осыдан болуы керек, орыс тіліндегі нұсқада *қымыз* реалиясы тек қабылданған сөздік реалия арқылы берілген. Ағылшын тіліне *қымыз* сөзі орыс тілінен транслитерацияланған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(25)	“Сырға бәйбіше сызылып басып, өз қолымен үлкен қара сабадан иісі бұрқыраған сары <i>қымыз</i> құйды” [55, б. 55].	“Сырға-байбише налила из большой черной сабы гостям душистый, отливающий желтым <i>кумыс</i> ” [111, б. 61].	“The Syrga the baybishe, moving softly and daintly, poured the fragrant <i>kumys</i> , shimmering yellow” [112, б. 72].

Дегенмен, ағылшын тіліне қайта транслитерациялаудың қажеті жоқ еді, себебі сөздіктерде қымыз реалиясына *koumiss, kumis, kumiss* (кумыс) [125] секілді нұсқалар беріледі. Әрине, бұл нұсқалар орыс тілі арқылы енген. Ең дұрысы, ұлттық-тарихи бояуды сақтау мақсатында реалияны қазақ тілінен тікелей *кумуз* (қымыз) транслитерациялаған жөн. Оған қоса, қымыз реалиясына әр түрлі

транслитерациялап беріліп, бір реалия аударма мәтінде бірнеше нұсқада шыққан. Нәтижесінде, реалия аудармасының бірізділігі бұзылған.

Жай ғана салғырттықтан туындаған бұрыс транслитерацияға *айран* реалиясының аудармасын алуға болады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(26)	– Қатық бар! <i>Айран!</i> Бері келіңіз! [55, б. 234].	“ <i>Aryan!</i> Who wants <i>ayran!</i> Come here! [112, б. 261].

Аудармадағы *ayran* (арйан деп оқылады) транслитерациясының орнына ауган (айран) нұсқасы болуы керек еді, себебі *арйан* деген бұрыс орфоэпия болып табылады.

Реалияның лексикалық мағыналарын барлық микроконтекстіде жан-жақты ашып берудің қажеті жоқ, себебі бұл реалиялардың контекстуалдық мағынасына, көркем проза стиліне сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(27)	“Калашников көрмеген бауырсақ, құрт, ірімшік, майсөк, жент төрізді тағамдардан қайысып тұр әлгі дастарқандар” [55, б. 54].	“На накрытых дастарханах – баурсаки, курт, иримшик, жент и другие яства национальной кухни” [111, б. 60].	“The dastarkhan was abundant with impressive piles of boursaks, kurt, irimshchik, maysok and jent. <i>Boursaks, kurt, irimshchik, maysok and jent – national desserts and preserves made of milk products</i> ” [112, б. 71].
(28)	“Көлдей дастарқан, үсті толы <i>бауырсақ, ірімшік, құрт, женті,</i> кәмпит - сәмпит” [55, б. 315].	“Чего только тут нет – и <i>баурсаки, и иримшик, и джент, и курт,</i> и конфеты. <i>Баурсаки, иримшик, джент, курт – сладости и лакомства национальной кухни</i> ” [111, б. 329].	-

(27) және (28) мысалдарда түпнұсқада бірнеше реалия бірыңғай мүшелер болып қатар қолданылады. Олар мол жайылған дастарханды сипаттап тұр. Реалиялардың бұл қызметі аудармада транслитерация және транскрипция тәсілдері арқылы берілген. Ағылшын тілінде түгел алынғанымен, орыс тіліндегі аудармада *майсөк* реалиясы түсірілген. Аудармашылар әрбір реалияға жеке-жеке анықтама емес, барлығына ортақ жалпы экспликация берген. (27) мысалда орыс тіліндегі аудармасында реалиялардың контекстуалдық мағынасы *и другие яства национальной кухни* (өзге де ұлттық дәмдер) деген мәтін ішіндегі экспликация арқылы, ал екінші сөйлемде *сладости и лакомства национальной кухни* (ұлттық тәттілер мен дәмдер) деген мәтіннен тыс экспликация арқылы ашылған. Дегенмен, экспликацияны мәтіннен тыс шығарудың қажеті жоқ еді,

себебі реалияларға жеке-жеке сілтеме берілмейді әрі сілтемедегі ақпаратты мәтін ішіне де кіріктіруге әбден болады.

Аралық орыс тілінен жасалған ағылшын аудармасында реалиялардың лексикалық мағынасы *national desserts and preserves made of milk products* (сүт өнімдерінен дайындалатын ұлттық тәттілер мен ұзақ сақталатын тағамдар) экспликациясы арқылы берілген. Ағылшын тіліндегі экспликацияда *сүт өнімдерінен* дайындалатын деген артық компонент бар, себебі түпнұсқада тек сүт өнімдерінен ғана емес, өзге де тағамдардан дайындалатын (мәселен, *бауырсақ, майсөк, жент*) ас түрлері аталады. Әрбір реалияның лексикалық мағынасы жеке ашылмағанымен, аудармашылардың бұл жұмысын барабар деп есептейміз, себебі форма сақталған, контекстуалдық мағына ашылған. Егер осы сөйлемдегі әрбір реалияға жеке-жеке түсініктеме берілгенде, онда бұл аударманың рецепциясын қиындатар еді, көркем проза мәтінінің стиліне нұқсан келер еді.

Жоғарыда аталғандай, ас атаулары реалияларын аударғанда реалиялардың экспрессиялық семантикалық компоненттерін жеткізе алу өте маңызды. Келесі мысалды қарастырайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(29)	“Хансұлудың көзіне бөлшектелген ақ кесек <i>құрт</i> оттай басылды” [55, б. 231].	“ <i>Курт</i> белый-белый, раздробленный на кусочки” [111, б. 238].	“It was <i>kurt</i> , white as could be, broken up into pieces. <i>Kurt is dried cheese</i> ” [112, б. 257].

(29) мысалда реалияның микроконтекстегі ұлттық бояуы актив. Түпнұсқадағы аштықтан өмір мен өлімнің арасында келе жатқан жолаушылардың көзіне түскен *құрт* реалиясын аударғанда транслитерация тәсілі қолданылып, орыс тілінде оның формасы мен денотативті мағынасы сақталған. Дегенмен, бұл тәсіл реалияның коммуникативтік ықпалын толық бере алмайды, себебі реципиенттің ойында *құрт* реалиясы туралы ассоциация туындамайды. Бұл ассоциацияны беру үшін орыс тілі аудармашысының шебер жұмысын атап өту керек. Ол *құрт* реалиясын *белый-белый* қосарлы сын есімі арқылы анықтайды. Ал түпнұсқада *ақ* сын есімі қосарлы емес. Бір сын есімді осылайша қайталау реалияның ассоциативтік метакомпоненттерін, яғни *құрттың* қаншалықты дәмді ас екендігін аудармада көрсетудің шебер жолы болып табылады. Орыс тілінен жасалған ағылшын тіліндегі аудармада *құртқа white as could be* (барынша аппақ) деген мәтін ішіндегі экспликация мен мәтіннен тыс сілтемедегі экспликация беріледі. Бұл аударманы да барабар деп санауға болады.

Келесі мысалды қарастырайық:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(30)	“Қалайы дүңгірдің ауызы ашық. Іші толы – піскен <i>қуырдақ</i> ” [55, б. 369].	“Бурдюк с едой открыт” [111, б. 393].

Түпнұсқадағы *қуырдақ* реалиясы “жана сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын, төстік етінен, жүрек, бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарнынан ұсақтан турап” майға қуырып әзірленетін тағамды білдіреді [114, Б. 213-214]. Қуырдақ – қазақ халқының еттен кейінгі аса қадірлейтін ыстық тағамдарының бірі. Сол себепті, түпнұсқа реципиенті бұл сөйлемдегі *қуырдақ* реалиясын ерекше ассоциациялармен қабылдайтындығы анық. Реалияның ұлттық бояуы актив. Мәселен, *қуырдақ* дегенде кез-келген қазақтың ойына дәмді, еттен дайындалатын тағам, қонақжайлылық, молшылық секілді ұғымдар келеді. Орыс тіліндегі аудармада бұл реалия *еда* (тамақ, ас) гиперонимі арқылы аударылған. Бұл тәсіл реалияның ассоциацияларын бере алмайтындығы анық. Оның орнына реалияны транслитерациялап, мәтін ішіндегі экспликация беру керек еді. Мәселен, *вкусный и горячий* (дәмді, әрі ыстық) экспликациясы реалиядан туындайтын ассоциацияларды бере алар еді.

Ас атаулары реалияларын аударғанда аудармашылар контекстуалдық аналог тәсілін де пайдаланған. Мәселен:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(31)	“– Но! Но! Жарамайды! Ауыз тиіңіз ең болмаса! Хансұлу <i>ірімшіктен</i> бір шымшым үзіп алып ауызына салды” [55, б. 319].	“– Но! Но! Не пойдет! Хотя бы попробуйте! Хансулу взяла щепотку <i>изюма</i> и поднесла ко рту” [111, б. 334].

Түпнұсқадағы ірімшік реалиясы орыс тіліне *изюм* (мейіз) сөзі арқылы аударылған. Түпнұсқа авторы *бір шымшым ірімшік* тіркесі арқылы астың өте аз мөлшерін көрсеткісі келген, сол арқылы кейіпкердің дастарқан басындағы тәрбиесін, ұяндығын меңзеген. Бұл ақпаратты аудармада беру үшін *ірімшік* реалиясы *изюм* (мейіз) сөзімен алмастырылған. Дегенмен, аудармашы *щепотка* (шымшым) сөзін дұрыс қолданбаған. Шымшым сөзі мейіз сөзімен тіркесе алмайды. Сол себепті, аудармада сөздердің тіркесімділігіне нұқсан келген. Оған қоса, реалияның лексикалық мағынасы да сақталмаған. Аударма барабарлығын сақтау мақсатында штука (түйір) өлшем бірлігін қолдану қажет еді. Ал мейіз сөзінің қолданылуы орынды, себебі орыс халқының ірімшігі мен қазақ халқының ірімшігі екі түрлі. Ұлттық ірімшік сусымалы болып келеді. Сондықтан, ірімшік реалиясын қолданса, коммуникативті ықпал берілмей қалар еді.

(32) және (33) мысалдарда түпнұсқадағы *айран*, *қымыран* және *шұбат* реалияларының қолданысы ерекше. Бұл сөйлемдер бір контексте берілгенімен, ондағы кейіпкерлердің ішіп отырған сусыны *шұбат* және *айран* деп екі реалиямен беріледі. Шұбат дегеніміз «түйе сүтінен ашытып әзірленген сусын» [132, б. 697] болса, бұл контекстегі айран «түйе сүтін, шұбатты» білдіреді [127, б. 29]. Яғни түпнұсқадағы бір сусын екі түрлі реалиямен аталады. Аудармашылар бұл сөздер екі түрлі сусынды атайды деп тұжырымдаған. Орыс тіліндегі аудармада бұл реалиялар айран (айран) және шубат (шұбат) деген нұсқада транслитерация тәсілімен берілген. Орыс тілінің сөздіктерінде айран реалиясы «ашытылған сүттен жасалатын сусын» деп көрсетілсе [133], шубат «түйе сүтінен



ашытылып дайындалатын сусынды атайды» [133]. Осылайша, аударма рецепциясы қиындайды.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(32)	“Сырлы тостағаннан сыздықтатып айран жұтқан Сұржекей бұның кіргенін көзі шалса да айылын жимады” [55, б. 175].	“Из расписного тостагана начальник неторопливо цедил айран, явно его смакуя” [111, б. 186].	“The boss was leisurely slurping <i>ayran</i> from a painted tostagan, clearly relishing it. <i>Ayran is a kind of Central Asian buttermilk</i> ” [112, б. 192].
(33)	“Шұбат құйып отырған шешесі жалтақтап екеуінің бетіне қарады” [55, б. 176].	“Жайбаскан, разливавшая шубат, робко глянула на обоих” [111, б. 186].	“Jaybaskan, ladling out the <i>shubat</i> , shyly glanced at both of them. <i>Shubat is fermented camel’s milk, popular in Central Asia especially in the summer</i> ” [112, б. 193].

Ағылшын тілінде бұл реалиялар транслитерацияланып (*ayran*, *shubat*), олардың әрқайсысына мәтіннен тыс экспликация берілген. Сәйкесінше, аудармашы сусындарды екі түрлі еткен. Бұл талдаудан шығатын қорытынды – аудармашылар реалияларды анықтағанымен, олардың контекстуалдық мағынасын ескермеген. Біздің ойымызша, бұл жағдайда аударма барабарлығын қамтамасыз ету үшін реалиялардың бірін түсіріп, екіншісінің тек транслитерациясын берген абзал. Біріншіден, көркем проза стиліне нұқсан келмейді, екіншіден, реалияның ұлттық бояуы актив емес, ал оның денотативті мағынасын мәтіндегі *смакуя*, *цедил*, *разливая* деген сөздерден де аңғаруға болады.

А. Жақсылықовтың аудармасына көз салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(34)	“Торсыққа құйып алып жүрген қымыраны бар еді Хансұлудың” [55, б. 365].	“У нее в торсыке еще оставался <i>кымран</i> . <i>Кымран – кислое верблюжье молоко</i> ” [111, б. 389].
(35)	“Айранды ішіп болып та о жақ, бұ жаққа қарады” [55, б. 365].	“Покончив с <i>кымраном</i> , кинул по сторонам настороженные взгляды” [111, б. 389].

Түпнұсқада бір контексте екі түрлі сусын атауы қолданылады. Бұл жағдайда да олардың лексикалық мағынасы бір. Қымыран – сүттен әзірленетін қышқылтым дәмді сусынның атауы [113, б. 206]. Ал айран «түйе сүтін, шұбатты» білдіреді [127, б. 29]. Осы жағдайды ескерген аудармашы айран реалиясын түсіріп, тек қымыран реалиясын аударды. Аударма тәсілі ретінде транскрипцияны таңдап, оған сілтемеде *кислое верблюжье молоко* (ашыған түйе сүті) экспликациясын береді. Біздің ойымызша, аудармашының ұсынған нұсқасы барабар. Сілтемедегі ақпаратты мәтін ішіне де кіріктіруге болар еді. Аударманы сілтемеде беру реалия аудармасының барабарлығына керегер тәсіл [134, б. 186]

Түпнұсқадағы *қаймақ* реалиясына аудармада мәдени аналог табу талпынысы жасалған. Қаймақ дегеніміз «пісірілген сүт бетіне түскен маңызы. Оны шайға қосып ішуге... пайдаланады» [135, б. 373]. Аудармада оған екі түрлі мәдени аналог беріледі:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(36)	Қаймақ қатып Хансұлу құйған шайдай тәтті тіршілік жалғаса берер деп ойлаған» [55, б. 265].	“Конечно, хотел бы Шеге, чтобы их бытие было сладким, как этот чай, обильным, как сметана, которую замешивает она” [111, б. 272].
(37)	“Қаймақ қатқан ыстық шайдан біраз сораптады” [55, б. 317].	“Пару раз глотнул горячий чай со сливками” [111, б. 332].

Түпнұсқада *қаймақ* ретінде шайға қосылатын ас атауы мензеледі. Орыс тіліндегі *сметана* сөзі қышқыл сүт өнімін білдіреді [133], яғни ол шайға қосып ішкенге жарамайды. Ал *сливки* сөзі сүттің бетіне шығатын қою маңызын атауға қолданылады [133], яғни ол – қазақтың қаймағымен барабар ас атауы. Осылайша, қаймақ реалиясының мәдени аналогы ретінде тек *сливки* сөзін алуға болады. Бұл аударманы барабар деп санаймыз.

Сонымен, «Ақ боз үй» романындағы ас реалияларының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу тәсілдерін келесі кестеде келтіруге болады:

4-кесте. Ас реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	4	0
2	Транслитерация/транскрипция	22	12
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	5	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	7	8
5	Функционалдық аналог	2	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	4	0
8	Экспликация	2	1
9	Гипо-гипероним	8	2
10	Контекстуалдық аналог	2	0
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	4	2
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	0	35

Ас атауларын орыс және ағылшын тіліне аударғанда транслитерация/транскрипция тәсілдері жиі қолданылған. Кейбір реалиялардың ағылшын тіліндегі транслитерациясы/транскрипциясы орыс тілі арқылы жасалып, реалиялардың ұлттық-тарихи бояуына орасан зор нұқсан келтірілген. Сол себепті, аралық тілді аластату керек.

Бірнеше реалия қатар келіп, бірыңғай мүшелер ретінде қолданылған жағдайда, оларға жеке-жеке түсініктеме берілмей, жалпылама түсініктеме беруге болады. Мұндай аударма көркем проза стилімен үйлеседі.

Синонимдес реалиялар қатар келгенде аударма рецепциясын жеңілдету мақсатында реалиялардың бірін түсіру тәсілін пайдалануға болады. Реалияның ұлттық бояуын барынша мәтін ішіндегі экспликация арқылы берген дұрыс.

Ас атаулары реалияларына мәдени аналог табылған жағдайда, олардың ұлттық дәстүрге кереғар емес екендігіне көз жеткізу қажет. Мәдени аналогтың сөйлемдегі өзге сөздермен тіркесетінін тексеріп алған абзал.

**2. Баспана реалияларының берілу барабарлығы.** Романдағы *орда, ақ боз үй, қоңыр үй, қараша үй, құрым үй, отау, жаппа, күрке, есекарқа, тоқал там* секілді баспана түрлері реалиялары 78 түрлі микроконтексте кездеседі.

Түпнұсқа авторы *үй* лексикалық бірлігі арқылы қазақтың киіз үйін меңзеген. Аудармашылар романның осы ұлттық сипатын түсініп, аудармада *юрта, yurt* сөздік сәйкестіктерін қолданған. Бұл әдіс *қонақ үй, ас үй* секілді тіркестерге де қолданылған. Олар да аудармада *гостевая юрта, столовая юрта, guest yurt, kitchen yurt* болып берілген. Бұл тіркестер аудармашыларға қиындық тудырмайды, сол себепті оларды компоненттік талдауға қоспауды жөн санадық.

Ұлттық киіз үй түрлерінің бір ерекшелігі – жабу киіздің түсіне қарай үй иесінің әлеуметтік статусы жайлы ақпарат алуға болады. Романда дәулетті кейіпкерлер *ақ үйде, ақ боз үйде*, орташалар *қоңыр үйде*, ал кедейлер *қараша үйде* тұрады. Ұлттық энциклопедияларда да осы ойымызға дәлел табамыз: «Көпшілік жағдайда үйдің сыртжабыны қара киіз болады, өйткені шымқай ақ киізбен жабуға әркімнің қолы жете бермейді» [135, б. 116]. Яғни киіз үй түсінің символдық коннотациялары мен ассоциациялары бар.

Аудармада жабу киізінің түсі әр түрлі баспана реалиялары негізінен калькаланған не гипероним арқылы берілген. Мәселен, *ақ боз үй* реалиясы орыс тіліндегі аудармада 56% микроконтексте *белая юрта* болып, ағылшын тіліндегі аудармада 66% жағдайда *white yurt* болып калькаланған. Бұл аудармаларда тек жабу киізінің түсі ғана, яғни денотативті мағына ғана берілген. Дегенмен, орыс тілінде ақ түсінің жақсылық, тазалық секілді символдық коннотациялары бар, сол себепті калька белгілі бір дәрежеде дәулетті адамдарға арналған *ақ боз үй* реалиясының коннотацияларын бере алады. *Қоңыр үй* реалиясы орыс тіліндегі аудармада 75% жағдайда генерализация тәсілімен *юрта* деп беріліп, ағылшын тіліндегі аудармада 50% микроконтексте *brown yurt* деп калькаланған. *Қараша үй* реалиясы барлық микроконтекстерде генерализация тәсілімен *юрта, yurt* деп берілген. Бұл аудармалар да ұлттық бояуды жеткізе алмайды. Сонымен, ұлттық киіз үй түрлері реалияларын калькалау не генерализация тәсілдерімен аударғанда ұлттық-тарихи бояу жоғалады.

Аудармашы А. Жақсылықов *боз үй және қоңыр үй* реалияларына ерекше аударма нұсқасын ұсынады:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(38)	“Тұщыбұлақ басындағы жалғыз қоңыр үйге де жақындап қалды” [55, б. 328].	“Вот и показалась одинокая серая юрта на берегу Тущыбулака” [111, б. 345].

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(39)	“Ұшы-қиырсыз дала кезіп шалдығып келе жатқан жолаушылар алдарында домалақ төбе етегінде өздеріне арналып тігілген <i>боз отауды</i> көріп көңілденіп кетті” [55, б. 308].	“Путники, утомленные долгой ездой в бескрайние степи, увидев впереди у подножия округлого увала <i>серую юрту</i> , поставленную для них, заметно повеселели” [111, б. 321].

(38) микроконтексте суреттеліп отырған *қоңыр үй* – қойшының үйі, яғни дәулетті отбасының баспанасы емес. Реалияның ұлттық бояуы да актив. Сол себепті, түпнұсқа авторы *қоңыр үй* реалиясын пайдаланған. Аудармашы реалияның осы коннотациясын түсініп, орыс тіліне *сұр киіз үй* (серая юрта) деп аударған. Бұл тәсілді өте сәтті деп есептейміз, себебі орыс тілінде *сұр түсі қарапайым, кәдуілгі* деген символикалық мәнге ие. Мәселен, *серые будни, серая жизнь, серая мышь* деген тұрақты тіркестер осыған дәлел [136, б. 9]. Түпнұсқадағы *қоңыр үй* реалиясы да қарапайым отбасының баспанасын меңзеп тұр.

(39) микроконтекстегі боз отау реалиясы, керісінше, ауқатты отбасының үйін меңзейді. Контексте кейіпкердің көңілінің көтерілуі де бекер емес. Қазақ тіліндегі боз түс – ақшыл, қылаң түс. «Шау тартқан шағында Кемпірбай ақын Боз шапса, боз озбайма бурылдан, мен шансам жер танабы қуырылған... деп, Әсетке өзінің мәртебесі жоғары екендігін білдіріп, дәстүрлі түсінік бойынша бурылдан боздың қасиеті мен құрметі басым екендігін әйгілейді. Дәстүрлі ортада шешен, өмірде көргені мен түйгені мол саңлақ адамдарды кәрібоз деп әспеттейді» [137, б. 682]. Сол себепті, аудармашының *серая юрта* нұсқасын сәтсіз деп есептейміз. Оның орнына *белая юрта* деп аударған дұрысырақ болар еді, өйткені ақ түс – орыс тілінде тазалық, жақсылық секілді жағымды коннотацияларға ие [136, б. 9].

Роман атауына келер болсақ, *ақ боз үй* одинокая юрта болып аударылған. Орыс тіліндегі *одинокая* сөзі жалғыз деген мағынаны береді. Роман барысында басты кейіпкер Хансұлудың ауыр тағдыры суреттеледі, сол себепті жалғыз сөзі сәтті-ақ. Дегенмен, реалияның ұлттық бояуы жоғалып тұр. Осы жөнінде С.Елубаймен сұхбаттастық. Роман авторының айтуы бойынша, бұл аударманы Мұрат Әуезов ұсынған екен [Қосымша А]. Роман кейіпкерлерінің, жалпы сол замандағы қазақ елінің жалғыз қалып, асыра сілтеушілерден қасірет көргенін осы бір атау барабар жеткізіп тұр.

Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы көші-қон барысында киіз үй жабдығынан *күрке, жаппа, есекарқа* секілді уақытша үйшіктер тігетін болған. Бұл уақытша үй атаулары да гипероним арқылы берілген, мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(40)	“Үйлерін тікпеген екен. Керегеден есекарқа, күрке қалқитқан” [55, б. 103].	“Юрт нет, вместо них – <i>шатры</i> и <i>шалашы</i> из решеток кереге” [111, б. 111].	“There were no yurts, and instead there were <i>tents</i> and <i>shalashes</i> with the kerege as a <i>window</i> ” [112, б. 133].

Түпнұсқадағы *есекарқа*, *күрке* реалиялары кереге не уықтың басын біріктіріп жасалатын уақытша баспананы білдіреді [135, б. 299]. Орыс тіліндегі аудармада *шалаш*, *шатер* секілді уақытша баспана атаулары пайдаланылған. Есекарқа мен күркенің киіз үй ағашынан жасалуы туралы сема контексте *решетки кереге* тіркесі арқылы берілген. Дегенмен, кереге транслитерациясынан гөрі, реципиенттің назары бірден *шалаш* пен *шатерға* түсері анық, ал олар ұлттық бояуды бере алмайды. Сол себепті, бұл микроконтексте *временные домики из частей юрты* (киіз үй бөліктерінен уақытша баспана) экспликациясын берген дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Ағылшын тілінде *tent* гиперонимімен қатар, орыс тіліндегі *шалаш* бірлігінің *shalash* түріндегі транслитерациясы кездеседі. Ұлттық колоритті сақтау үшін аудармашы транслитерацияны орыс тілінен емес, түпнұсқадан тікелей жасауы дұрыс болар еді. Оған қоса, ағылшын тілінде *керегені терезе қылып* (with the kerege as a window) тіркесі берілген. Осылайша, аудармашы терезесі болмайтын күрке реалиясының лексикалық мағынасын бұрмалаған. Ағылшын тіліне де *temporary houses made of parts of the yurt* (киіз үй бөліктерінен уақытша баспана) экспликациясын ұсынар едік.

Дегенмен, романда ұлттық баспана реалияларының ұлттық бояуын мәтін ішіндегі не мәтіннен тыс экспликация тәсілі арқылы жеткізуге талпыныс жасалғаны байқалады. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(41)	“Хансұлуға тігетін <i>отауды</i> да сол карақалпақ елінен әкелмек” [55, б. 46].	“... чтобы на вырученные деньги приобрести у каракалпаков все необходимое для свадьбы, в том числе и <i>юрту-отау</i> для молодых” [111, б. 52].	“... in order to use the cash to buy from the Karakalpaks everything needed for the wedding, including the <i>yurta-otau</i> for the newlyweds. <i>The otau is the new family of husband and wife who separate from the father’s house; the yurta-otau is the yurt for such newlyweds</i> ” [112, б. 60].

Түпнұсқадағы *отау* реалиясы жас жұбайлар үйін білдіреді [129, Б. 44-45] әрі оны ұлттық бояуы актив. Орыс тілінде мәтін ішіндегі экспликация пайдаланылып, *отау* транскрипциясына *юрта* гиперонимі қосарланған. Оған қоса, *для молодых* тіркесі қосылып, реалияның ұлттық бояуы мәтін ішінде ашылған. Ағылшын тілінде орыс тілінің үлгісі бойынша мәтін ішінде экспликация, оған қоса сілтемеде қосымша түсініктеме берілген. Біздің ойымызша, бұл жағдайда сілтеменің қажеті жоқ, себебі мәтін ішіндегі экспликация реалияның лексикалық мағынасын толық ашып тұр. Бұл аудармада да *юрта-отау* қос сөзі *yurta-otau* түрінде транскрипцияланған, сәйкесінше, реалияның формасы бұрмаланған.

Келесі кестеде баспана реалияларының аударылу тәсілдерінің жиілігі көрсетіледі:

5-кесте. Баспана реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	1	0
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	4	10
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	1	3
5	Функционалдық аналог	0	0
6	Калька	9	12
7	Мәдени аналог	3	0
8	Экспликация	7	5
9	Гипо-гипероним	30	8
10	Контекстуалдық аналог	6	1
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	13	8
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	4	31

Ең жиі қолданылған тәсілдер калькалау мен гипероним болғанымен, жүргізілген компоненттік талдау нәтижесінде ең тиімді аударма тәсілі мәтін ішіндегі экспликация екендігі анықталды. Реалияның ұлттық бояуы пассив болғанда ол түсірілген не орнына юрта не yurt гиперонимдері қолданылған.

Баспана реалияларын орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде түс символикасын ескеру қажет. Бұл киіз үйдің жабу киізінің түсіне қарай әр түрлі болатынына қатысты. Мұндай реалиялар негізінен калькаланған, дегенмен олардың лексикалық мағынасының дұрыс берілуі үшін түс аударма тіліндегі түс символикасын ескеру керек.

**3. Киіз үйдің құрамдас бөліктеріне қатысты реалиялардың берілу барабарлығы.** Киіз үйдің қаңқасына қатысты *шаңырақ, күлдіреуіш, бақан, уық, кереге, қаусырмалы есік, сықырлауық есік, сырық*; жабу киізін атайтын *түндік, үзік, туырлық, бау, ірге*; сондай-ақ, үйдің белгілі бір бөлігін меңзейтін *маңдайша, босаға, төр, жұрт* реалиялары 184 түрлі микроконтексте аталады.

Бұл өрістегі реалиялар негізінен гипо-гипероним тәсілімен аударылған. Мәселен, орыс тіліндегі аудармада реалиялардың 35% қолданысы, ал ағылшын тіліндегі аудармада 25% генерализацияланған. Ұлттық бояудың маңызы пассив болған жағдайда бұл тәсілді қолдану орынды. Мысалы:

	Түпнұсқа	.Л. Космухамедованың аудармасы
(42)	“Шойынқара жыны ұстаған бақсыдай элем-жәлем бұрқырап, бұтын сабап шиыршық атып зіркілдейді. <i>Бақан</i> -таяғы шошандаған жұрт шошып, серпіліп кейін қашты” [55, б. 47].	“Верблюды увидел группу воинственно настроенных людей с <i>палками</i> и дубинами – они подступались к нему” [111, б. 53].

Түпнұсқада адамдардың қолдарына кез-келген таяқты (оның ішінде бақанды да) алып, түйені қумақшы болғаны суреттеледі. Бақан – киіз үй тіккен кезде шаңырақты көтеруге арналған жабдық [143, б. 87]. Бұл микроконтексте *бақан* реалиясының денотативті мағынасы белсенді, ал ұлттық бояуы пассив. Орыс тіліндегі аудармада ол *палка* (яғни) таяқ болып аударылған. Бұл нұсқада ұлттық бояу жоғалғанымен, реалияның коммуникативтік ықпалы барабар берілген. Келесі мысалды қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(43)	“...Әндетіп, шапқылап жүріп уықтарды сыпырғанда, шайқалып кеткен қара шаңырақ, <i>бақанмен</i> тіреуге үлгертпей үйдің ортасына келіп гүрсете түсті” [55, б. 82].	“Под эту песню молодые дружно смели в одну кучу уыки – и шаңырақ качнулся, верхний, считающийся священным, купол юрты; его не успели подпереть <i>столбом</i> , и он с грохотом обрушился вниз” [111, б. 90].

Түпнұсқада *бақан* ағашы шаңырақты көтеруге арналған құрал ретінде көрініс табады, сол себепті оның ұлттық бояуы актив, оны сақтау өте маңызды. Дегенмен, аудармашы гипероним тәсілін пайдаланып, *столб* (тіреу) нұсқасын береді. Біздің ойымызша, бұл нұсқа реалияның денотативті мағынасын жеткізгенімен, актив ұлттық бояуды бере алмаған, яғни аударма барабар емес. Мәселен, *столбом-баканом* нұсқасының барабарлығы жоғарырақ болар еді.

Жалпылауыш лексикалық бірлікпен аударылған реалияларға жабу киізінің атауларын жатқызуға болады. *Үзік* реалиясы уықты жауып тұратын киіз атауын білдірсе, *туырлық* – керегені жабатын киіз. Аудармашылар бұл реалияларды генерализациялап, орыс тілінде *кошма* (киіз) деп береді. Бұл аударма реалияның денотативті мағынасын ғана береді, яғни ұлттық бояу жоғалады. Ең сорақысы – ағылшын тіліне осы *кошма* лексикалық бірлігінің *koshma* болып транскрипциялануы. Қате транскрипцияға, сондай-ақ, *tyurlyk* орнына *tyurlyk* (тыырлық деп оқылады), *уук* орнына *уук* (ыық), *kerege* орнына *kereg* (керег деп оқылады). Транскрипция аралық тілден емес, түпнұсқадан жасалуы керек, әрі транскрипциялау заңдылықтары сақталуы тиіс.

Реалияның ұлттық бояуының маңызы аударма тәсілін таңдауға алғышарт жасайды. Кереге реалиясының аудармаларын қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(44)	“Кісінің көзі <i>керегеге</i> ілулі тұрған ескі мылтыққа түсті” [55, б. 173].	“Глаза незнакомца остановились на старой винтовке, она висела на <i>стенке</i> ” [111, б. 183].	-
(45)	“Іргесі түрлі <i>керегеден</i> алыс созылған тұлдырсыз құба далаға қарап, Пахраддин жанарына жас тұнып ұзақ отырып қалған екен” [55, б. 70].	“Полог юрты откинут, из-за <i>решеток кереге</i> Пахраддин глядит на степь...” [111, б. 78].	“The canopy on the yurt was thrown open, and Pakhraddin looked out at the steppe through the <i>lattice of the kerege</i> , stretching far, far away, dull and bloodless; tears froze in his eyes” [112, б. 92].

*Кереге* дегеніміз киіз үйдің ағаштан жасалған қабырғасы [131, б. 643]. (44) мысалда *кереге* реалиясының ұлттық бояуы пассив, ол тек мылтық ілінетін жалпы қабырға ретінде аталады, сол себепті аудармашы гипероним тәсілін қолданып, орыс тілінде *қабырға* (стенка) лексикалық бірлігін қолданған. Біздің ойымызша, бұл аударма барабар, себебі бұл контексте ұлттық бояу пассив, ал аудармада реалияның денотативті мағынасы берілген. (45) мысалда, керісінше, *кереге* көзінен далаға қарап отырған адам бейнесі суреттеледі. Аудармашылар *кереге* бірлігін транскрипциялап, оған қосымша *тор* (решетка, lattice) сөзін қосады. Мұндай экспликация реалияның рецепциясын жеңілдетеді. Бұл микроконтексте реалияны генерализациялауға болмайды, себебі киіз үй құрылысын білмейтін аударма реципиенті, *қабырға* арқылы далаға қараудың мәнін түсінбес еді.

Мәтін ішіндегі экспликация тәсілі киіз үй бөліктері реалияларын аударғанда жиі пайдаланылған. Бұл тәсіл орыс тілінде де, ағылшын тілінде де аударма тәсілдерінің шамамен 22% құрайды. Бұл тәсілді қолдану да орынды, себебі аталмыш реалиялар киіз үйдің бір бөлігі болғандықтан, транскрипцияланған реалияға *киіз үйдің* (юрты, of the yurt) тіркесін жалғау жеткілікті. Мұндай аударма – ұлттық бояуды сақтауда, әрі рецепцияны қамтамасыз етуде бірден-бір тәсіл.

Киіз үй бөліктері арасынан *ірге* реалиясын ерекше атап айту керек. «Қазақ халқы киіз үй шеңберінің төменгі бөлігін ірге деп атайды... Суықта іргеге ши, “ірге“ киіз тұтса, аптап ыстықта туырлық етегін белдеу арқанға қыстырып, түріп қойған» [140, б. 658]. Яғни киіз үйдің ішінде отырып, түрлі іргеден сыртқа қарап отыру мүмкіндігі болған. Осы реалияның аудармаларына назар салайық. (46) микроконтексте аудармашы рецепцияны жеңілдету мақсатында *іргені есікке* (дверь) алмастырып, контекстуалдық аналог тәсілін пайдаланған. Бұл нұсқа реалияның коммуникативтік ықпалын жеткізгенімен, ұлттық бояуды толығымен жойған. (47) микроконтекстегі аударма нұсқасын барабар деп есептейміз. Аудармашы мәтін ішіндегі экспликация тәсілін қолданып, реалияның денотативті мағынасын да, *юрта* сөзін қосу арқылы ұлттық бояуды да жеткізген.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(46)	“Түгелхан еңкейіп, ашық <i>іргеден</i> сығалап жатыр, бейтаныс кісінің әр қимылын бағып” [55, б. 386].	“Тугелбек, нагнувшись, выглядывал в <i>дверь</i> , наблюдая за каждым движением странного человека” [111, б. 413].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(47)	“ <i>Ірге</i> түрлі. Керегенің көзінен кең даланың керімсалы желпіп қояды” [55, б. 265].	“ <i>Полог юрты</i> открыт. Сквозь отверстия кереге веет упоительный степной ветерок” [111, б. 78].

Сонымен, киіз үйдің құрамдас бөліктеріне қатысты реалиялардың аударылу тәсілдерін келесі кестеден көруге болады:

6-кесте. Киіз үй реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
---	----------------	-----------	--------------



<i>6-кестенің жалғасы</i>			
	1	2	3
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	37	32
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	8	5
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	6	5
5	Функционалдық аналог	2	0
6	Калька	2	2
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	25	13
9	Гипо-гипероним	39	25
10	Контекстуалдық аналог	31	6
11	Грамматикалық трансформация	1	0
12	Түсіру	27	22
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	6	74

Сонымен, киіз үйдің құрамдас бөліктеріне қатысты реалияларды аударғанда ең жиі қолданылған тәсілдерге транскрипция мен транслитерация (шаңырақ, уық, төр, кереге реалиялары транскрипцияланған), экспликация (полог юрты, стенка юрты, сапору of the yurt, frames of the yurt), генерализация (стенка, кошма, юрта, yurt, wall), сондай-ақ, контекстуалдық аналог (босағаның порог болып аударылуы) жатады.

Бұл тақырыптық топтың реалияларын аударғанда да олардың ұлттық бояуының маңызына назар салған жөн. Егер реалияның ұлттық бояуы контексте пассив болса, онда гипероним тәсілін пайдалануға болады. Ұлттық бояу актив болған жағдайда транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация тәсілдерін пайдалануға болады. Киіз үйдің құрамдас бөліктері болғандықтан, *юрта* сөзін тіркестіру арқылы ұлттық бояуы сақталатын аударма нұсқаларын жасауға болады (мәселен, полог юрты, стенка юрты, т.б.).

#### **4. Жиһаз бен үй бұйымдары реалияларының берілу барабарлығы.**

Романдағы *адалбақан, алаша, бесік, бөстек, дастархан, дорба, кебеже, керме, киіз, көрнек, көрпе, көрпеше, қалта, сандық, сандықша, сырмақ, текемет, тулақ, түскиіз, шайсандық, ши, шымылдық* реалиялары 265 микроконтексте кездеседі. Бұл – ең ірі семантикалық топтардың бірі.

Жиһаз бен үй бұйымдары тақырыптық тобындағы реалиялардың ұлттық-тарихи бояуын сақтау өте маңызды, себебі бұлар айтарлықтай дәрежеде ұлттың тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Мысалы, бұл реалиялар түпнұсқада белгілі бір кеңістікті суреттеуге қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ұлттық бояуды барабар бере алу, әрі реалиялардың денотативті мағынасын жеткізе алу – аудармашының бірден-бір міндеті. (48) микроконтекстіні қарастырайық. (48) микроконтекстегі сөйлемдерде киіз үйдің іші суреттеледі. Бірнеше реалия қатар қолданылғандықтан, бұл сөйлемдерді көркем проза стилін бұзбай аудару өте күрделі екендігі айқын.

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(48)	“Төрге төселген оюлы <i>текеметтер</i> ... Қат-қат жиналған <i>көрпе</i> , төсек. Сүйек <i>кебеже</i> . Адалбақан. Кілемнен тоқылған <i>кермелер</i> . Бір жақ қапталда керілген жібек <i>шымылдық</i> ” [55, б. 54].	“На полу он видел <i>войлочные</i> узорчатые <i>текеметы</i> ... Возвышались <i>лари</i> из кости, <i>по лицевой части украшенные резьбой</i> . Ковровые <i>ленты</i> свисали с потолка. Шелковые <i>занавеси</i> на <i>шнурах</i> скрывали часть юрт” [111, б. 60].	“On the floors, he saw patterned <i>felt tekemets</i> with <i>korpeshkas</i> and pillows piled up in heaps on beds... There were <i>boxes</i> made of bone, <i>with carved work on the faces</i> . Woven <i>ribbons</i> hung from the ceiling. Silk <i>curtains on cords</i> covered part of the yurt. <i>A tekemet is a kind of felt rug. A korpeshka is a kind of mat</i> ” [112, б. 71].

Ең алдымен көзге түсетіні – орыс тілінде *көрпе*, *адалбақан*, ал ағылшын тілінде *адалбақан* реалияларының түсірілуі. Реалияларды осылайша түсіру ұлттық жиһаз атауларының көптүрлілігіне, яғни ұлттық бояуға нұқсан келтіреді. Дегенмен, аудармашылардың бұл жолды таңдауы рецепцияны жеңілдетуді мақсат еткендіктен деп білеміз. Бір микроконтекстіде бірнеше транслитерацияның қатар қолданылуы көркем проза оқырманының рецепциясын ауырлатады. Екіншіден, бұл аудармаларда *керме* реалиясының ұлттық бояуы дұрыс ашылмаған. Керме дегеніміз «кілем сияқты тоқылып көбіне сәндік үшін керегеге ілінетін, ішіне киім-кешек, ұсақ-түйек заттар салынатын қалта» [127, б. 320]. Орыс тіліндегі аудармада оған *лента* (бау, таспа), ал ағылшын тілінде *ribbon* (бау, таспа) нұсқалары беріледі. Әрбір затының белгілі бір қолданысы, мән-мағынасы бар қазақ ұлтының орыс және ағылшын тіліндегі аудармада көрсетілген жолақтарды «үйдің төбесінен» іліп қоюы қисынсыз. Оған қоса, жолақтардың кілемнен тоқылуы да тарихи шындықты бұрмалайды. Микроконтекстегі қалған реалиялардың барлығы мәтін ішіндегі не мәтіннен тыс экспликация тәсілі арқылы берілген. Бұл орайда транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация тәсілінің басқа тәсілдерден дұрысырақ екендігін атап өту керек. Мәселен, шымылдық реалиясына орыс тілінде *занавес на шнурах* (бауы бар перде), ағылшын тілінде *curtains on cords* (бауға байланған перде) экспликациялары беріледі. Бұл нұсқалар не реалияның денотативті мағынасын, не ұлттық бояуды бере алмайды. Ал текемет реалиясы екі тілге де транскрипцияланып, оған орыс тілінде *войлочный* (киіз), ағылшын тілінде *felt* (жүн) сын есімі тіркестірілген. Бұл нұсқалар реалияның денотативті мағынасын да, ұлттық бояуды да бере алған. Оған қоса, контекстен текеметтің жерге төсейтін бұйым екендігін аңғаруға болады. Бұл орайда ағылшын тілінде *текеметке* мәтіннен тыс, сілтемеде берілген экспликацияның артық екендігін атап айтқан жөн, себебі сілтемедегі ақпарат мәтіндегі сөйлемнен де аңғарылады. Осылайша, ұлттық бояуы актив бірнеше реалия қатар келген жағдайда, мәтін ішіндегі экспликация мен транскрипция тәсілдерін қолдану керек. Әрине, әрбір реалияны жеке-жеке транскрипциялап, әрқайсысына мәтін ішіндегі экспликация беру үнемді аударма

емес. Сол себепті, бірыңғай реалиялар қатарынан келгенде жалпылама экспликация енгізуге болады. Мәселен, берілген контекстінде жалпылауыш *үй іші керемет бұйымдарға толы* (юрта полна красивейших предметов мебели и домашнего обихода, *the yurt is full of pieces of furniture and household items*) сөйлемін қосып, ары қарай барлық реалияларды транскрипциялап тізіп шығуға болады. Бұл жағдайда, әрине, әрбір реалияның ұлттық бояуы жеке-жеке ашылмайды. Дегенмен, жалпылауыш сөйлем реалиялардың тұрмыстық заттар екендігінен хабар береді.

Жоғарыда керме реалиясының семантикасының қате ашылғандығын атап өттік. Бұл жиһаз бен үй бұйымдары тақырыптық тобындағы қате аударылған жалғыз реалия емес. Мысалы:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(49)	“Үйге ұсталған <i>шилер</i> сарнады” [55, б. 54].	“...зашелестел <i>чий</i> на <i>крышах</i> ” [111, б. 60].	“...and the <i>chia</i> rustled” [112, б. 71].

Түпнұсқада *ши* реалиясы аталады. Ши дегеніміз ұлттық үй жиһазы. «Ол ши өсімдігінен қабығы аршылып тоқылады. Ши керегенің сыртынан, туырлықтың ішінен ұсталады. Сондай-ақ, ши адалбақанды қоршай, үйдің ішінен ұсталады» [141, б. 636]. Орыс тілінде бұл реалия транскрипцияланып, оған *на крышах* (үйдің төбесі) деген мәтін ішіндегі экспликация қосылған. Бұл реалия аясындағы тарихи шындықты бұрмалайды, себебі қазақ халқы *шиді* төбеге ұстамайды. Ал ағылшын тіліндегі аудармада *ши* ұлттық бұйым емес, өсімдік ретінде қарастырылып, транскрипция тәсілі арқылы аударылған, яғни аудармашы шидің ұлттық бұйым екендігін аудармада көрсете алмаған.

Аталмыш тақырыптық топта да ағылшын тіліне орыс тілі арқылы жасалған қате транскрипциялар бар. Мәселен, *көрпе* және *көрпеше* реалиялары *корпешка* болып транскрипцияланса, ағылшын тіліне орыс тілі арқылы *corpeshka* нұсқасы өткен. Алаша реалиясы ағылшын тілінде *alash* (алаш деп оқылады), кебеже *kebezh* (кебеж деп оқылады), киіз *koshma* (орыс тіліндегі кошмадан шыққан) болып кеткен. Мұның барлығы аудармашының немқұрайлылығын дәлелдейді. Әсіресе, *көрпе* және *көрпеше* реалияларының транскрипциясы тосын көрінеді. Біріншіден, *көрпе* дегеніміз тұтас матадан тігілетін жамылғы, ал *көрпеше* – құрама матадан тігілетін төсеніш түрі. Орыс тіліндегі аудармада екі реалияға да *корпешка* нұсқасы беріледі, яғни реалиялардың семантикалық ерекшеліктері есепке алынбайды. Аударма нұсқасында орыс тілінің рең мәнін тудыратын жұрнағы жалғанған, ал шынында, түпнұсқада рең мәні жоқ. Екіншіден, *корпешка* бірлігінің өзі құлаққа тосын естіледі, ауызекі стиль сезіледі. Осылайша, бұл аударманы барабар деп санай алмаймыз. Оның орнына *корпе*, *корпеше* нұсқалары орынды болар еді.

Ұлттық бояуды сақтаудың маңызы бесік реалиясының аудармасынан ерекше байқалады. «Бесік – нәрестені бөлеуге арналған төсек. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы» [141, б. 153]. Осы реалияның аудармаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(50)	“Сұржекей келіп қалды” десен <i>бесіктегі</i> бала жылағанын қояды екен” [55, б. 303].	“В поговорку вошло у некоторых: «Если сказать плачущему в <i>колыбели</i> младенцу – Суржекей пришел, он тотчас прекратит хныкать” [111, б. 315].	-
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(51)	“Хансұлу оянды. <i>Бесікке</i> сүйене отырып баласын емізді” [55, б. 193].	“Хансулу проснулась. Склонилась над <i>колыбелью</i> , стала кормить сына” [111, б. 203].	“Khansulu woke up. Leaning over the <i>crib</i> , she began to nurse her son” [112, б. 209].

Екі микроконтексте де бесік реалиясы орыс тіліне *колыбель* мәдени аналогымен, ал ағылшын тіліне *crib* мәдени аналогымен аударылған. (50) микроконтексте *бесік* ретінде бала ұйықтайтын жалпы төсек атауы меңзеліп тұр, яғни *бесік* реалиясының ұлттық бояуы пассив, сол себепті орыс тіліндегі аударма нұсқасын (*колыбель*) барабар деп санаймыз, себебі аударма реципиентінің ойында тек балаға арналған төсек туралы ассоциация туындайды.

(51) микроконтексте, керісінше, *бесік* реалиясының ұлттық бояуы актив. Ұлттық бесігіміздің ерекшелігі – баланы шешіп алмай-ақ емізе беруге болады. Түпнұсқа авторы бесіктің осы бір ерекшелігін атап көрсеткісі келген. Түсіндірме сөздіктер бойынша, орыс тіліндегі *колыбель* сөзі нәрестеге арналған тербеліп тұратын төсек деген мағынаны береді [133]. Ағылшын тіліндегі *crib* бірлігі нәрестеге арналған айналасы торланған төсекті білдіреді [125]. Қарап отырғанымыздай, аударма нұсқалары ұлттық бояуды бере алмай тұр. Оған қоса, ағылшын тіліндегі аудармашы *емізу* етістігін мүлде алып тастап, оның орнына *бала қарау* (*nurse*) етістігін қолданған. Осылайша, ағылшын тіліндегі аудармада ұлттық бояу мүлде жоғалған.

Орыс тіліндегі аудармаларды салыстырар болсақ, А. Жақсылықовтың аудармасында ұлттық бояудың көбірек сақталғанын аңғаруға болады. Мәселен, Л. Космухамедова *алаша*, *көрне* реалияларын генерализация тәсілімен *дорожка* [55, б. 64], *одеяло* [111, б. 17] деп аударса, А. Жақсылықов *алаша* [111, б. 481], *корнешка* [111, б. 345] деп транскрипция тәсілімен береді.

*Дастархан* реалиясы екі тілге де транскрипцияланған [111, б. 50], [112, б. 58]. Бұл орайда аудармашылардың шеберлігін атап өту керек, себебі ұлттық дастарханның жай ғана төсеніш емес, оң коннотациялары бар қасиетті бұйым екендігін аңғара білген.

Аталмыш тақырыптық тобындағы реалиялардың аудармасындағы ерекшеліктердің бірі – функционалдық аналогтардың қолданылуы, яғни түпнұсқадағы реалия синонимінің аудармада көрініс табуы. (52) және (53) мысалдарда түпнұсқадағы реалиялар аудармада өзге реалиямен берілген, яғни алаша *текемет* болып, кебеже *сандық* болып функционалдық аналог тәсілімен аударылған:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(52)	“Назары төсегінен жартылай шығып, алаша үстінде етпетінен түсіп жатқан Хансұлуға түсті” [55, б. 446].	“Взгляд его устремился к Хансулу, лежавшей ничком, тело ее наполовину свесилось с постели на <i>текемет</i> ” [111, б. 476].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(53)	“... Барсам Жамал бәйбіше <i>кебежесін</i> ақтарып жатыр екен. Бәрім қолымда. Келген шаруамды айтып, бір суыртпақ жіп сұрадым бәйбішеден...” [55, б. 77].	“...пошел, а Жамал-байбише, кха-кха... в <i>сундуке</i> роется. Сказал, зачем ниток мне надо... кха-кха...” [111, б. 85].

Текемет – алаша секілді жерге төсеуге арналған үй бұйымы, сол сияқты кебеже де – сандыққа барабар жиһаз. Аудармашылардың синонимия тәсілін таңдауының бірнеше себептері бар. Бірінші микроконтексте алаша реалиясы транскрипцияланған болса, онда ол аударма мәтінде септеліп, *на алашу* болып берілер еді. Біздің ойымызша, транскрипцияның септелуі мәтіннің стилін бұзар еді. Екінші микроконтексте аудармашы реципиенттің назарын реалиядан аластату үшін, орыс оқырманына таныс, орыс тіліне еніп кеткен *сундук* реалиясын пайдаланған. Сонымен, функционалдық аналог реалияларды аударуда оңтайлы тәсіл болуы мүмкін.

Келесі кестеде жиһаз без үй бұйымдары реалияларының аударылу тәсілдері жинақталған:

7-кесте. Жиһаз мен үй бұйымы реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	16	0
2	Транслитерация/транскрипция	102	52
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	6	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	5	8
5	Функционалдық аналог	12	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	12	2
8	Экспликация	8	8
9	Гипо-гипероним	45	45
10	Контекстуалдық аналог	18	8
11	Грамматикалық трансформация	3	0
12	Түсіру	27	17
	Балама	4	0
	Аударылмаған сөйлемдер	7	125

Сонымен, жиһаз бен үй бұйымдары реалияларын аударғанда ең жиі қолданылған тәсілдер қатарына транслитерация/транскрипция, гипо-гипероним тәсілдерін жатқызамыз. Бұл тақырыптық топта да бұрыс транслитерация, реалияның сөздермен дұрыс тіркеспеуі, ұлттық бояуының дұрыс анықталмауы секілді қателіктер бар.

Жиһаз бен үй бұйымдары реалияларын аударғанда да сөздің микроконтекстегі маңызын ескеру керек. Егер ұлттық бояу актив болса, онда транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация тәсілін, пассив болса, реалияның денотативті мағынасын жеткізу жеткілікті. Жиһаз без үй бұйымдарының транслитерациясымен қатар берілетін мәтін ішіндегі экспликация ретінде киіз (кошма, felt), төсеу (стелить, put), ілу (повесить, hang) секілді реалияның денотативті мағынасын ашатын сөздерді алуға болады. Реалиялар бірыңғай мүше ретінде қатар келсе, транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация арқылы аударудың жөні бар. Аударма мәтінде экзотизмдердің санын азайту мақсатында функционалдық аналог тәсілін де пайдалануға болады.

**5. Ыдыс-аяқ реалияларының берілу барабарлығы.** Романдағы *қазан, кесе, тостаған, табақ, күбі, керсен, құман, тасқұман, мес, піспек, саба, торсық, тегене, тайқазан, көнек шелек, тұтқыш* секілді ыдыс-аяқ атаулары 102 түрлі микроконтексте кездеседі.

Бірқатар ыдыс-аяқ атауларының қазақ-орыс тілдері аударма сөздіктерінде қалыптасқан сәйкестіктері бар, яғни олар сөздік реалия болып табылады. Оларға *қазан, кесе, құмған* реалияларының орыс тіліндегі *казан, пиала, кумган* сөздері жатады. Аудармашылар осы сөздік реалияларды орынды пайдаланған, себебі орыс тілді оқырманға бұл сөздерді түсіну қиынға соқпауы тиіс. Оған қоса, сөздік реалиялар аудармада тек денотативті мағынасын ғана емес, түпнұсқаның ұлттық-тарихи бояуын, контекстуалдық мағынасын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ыдыс-аяқ реалияларын аударғанда ең жиі қолданылған.

Орыс тілінде бекітілген сөздік сәйкестіктері бар болғанымен, аудармашы А. Жақсылықов *кесе* реалиясын бірнеше жағдайда транскрипциялап, оны сілтемеде экспликациялаған. (54) микроконтексте ұлттық бояуды сақтау аса маңызды емес деп ойлаймыз. Бұл микроконтексте *кесе* реалиясының ұлттық-тарихи бояуы емес, қандай да бір сусын құятын ыдыс түрі екендігі, яғни денотативтік мағынасы алдыңғы қатарға шығып тұр. Сол себепті, реалияның сөздіктегі сәйкестігін, яғни *пиала* сөздік реалиясын пайдалануға да болар еді деп санаймыз.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(54)	“Жарайды, кербез бике! Өлмессің, бір жұтқаннан... ұсташы! – деп, жалынып әлек-шәлек болды Ждақай, <i>кесені</i> ұсынып” [55, б. 322].	“Ладно тебе противиться, красавица! Не умрешь же от одного глотка, держи! – суетился Ждахай, протягивая <i>кесе</i> . <i>Кесе – пиала, посуда</i> ” [111, б. 338].

Сөздік реалия ұлттық-тарихи сипат беріп қана қоймай, реалияның денотативтік мағынасын сақтауға да мүмкіндік берер еді. Ал *кесе* транслитерациясы пайдаланылған жағдайда оның денотативті мағынасын беру үшін *с водкой* сөзін қосу қажет деп ойлаймыз.

Орыс аудармада екі ыдыс атауына, ал ағылшын тілінде бес ыдыс атауына мәтіннен тыс, яғни сілтемеде экспликация берілген. Бұл аударма тәсілі реципиенттің реалияны түсіну деңгейін арттырғанымен, кері әсер беруі ықтимал. Мәселен, сілтемедегі ақпарат оқырман назарын өзіне аудартады. Оған қоса,

сілтемедегі ақпараттың сапасына да көңіл бөлген дұрыс. Келесі мысалдарды қарастырайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(55)	“Босағада шешесі күмпілдетіп саба пісіп тұрған” [55, б. 31].	“Мать взбивала кумыс в сабе – кожаном бурдюке” [111, б. 35].	“Her mother was whipping kumys in a saba. Saba is a skin bag” [112, б. 40].
(56)	“Дәу апаның иығында – ала коржын. Хансұлудың қолында – су құйған торсық, киім-кешек” [55, б. 220].	“У Дау-апы на плече коржун, у Хансулу в руках торсык с водой, узел с одеждой. Торсык – сосуд из козлиной шкуры” [111, б. 227].	“Dau-apa had the korzhun on her back, and Khansulu carried the torsyk with water in her arms, along with a bundle of clothing. Torsyk – A torsyk is a goatskin bag” [112, б. 242].

Орыс тілінде *торсық* реалиясына *ешкі терісінен жасалған ыдыс* (сосуд из козлиной шкуры), ағылшын тіліндегі нұсқаларда *саба* реалиясына *теріден жасалған қап* (skin bag), ал *торсық* реалиясына *ешкі терісінен жасалған қап* (goatskin bag) деген мәтіннен тыс экспликация беріледі. Үш сілтемеде де ыдыс атауларының толыққанды түсініктемелері жоқ. Тіпті *саба* мен *торсықты* бір-бірінен ажырату да мүмкін емес. Шынында, *саба* қымыз, шұбат секілді сусындарды пісуге арналған жылқы терісінен жасалатын ыдыс [132, б. 60], ал *торсық* сусын құюға арналған шағын тері ыдыс [148, б. 301] болып табылады. Сол себепті бұл ыдыс атауларына берілген экспликацияларды не толықтыру керек, не мүлде мәтін ішіне кірістіру керек.

Мәтіннен тыс емес, мәтін ішінде де қысқа және нұсқа экспликациялар жасауға болады. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(57)	“Қолдарында жез құман, шапандарының шалғайын қаусыра түсіп ауыл сыртындағы жусан арасына таман балпаң-балпаң басқан Пахраддин мен сырықтай ұзын арық шал Лабақ ахун барады” [55, б. 29].	“Взяв в одну руку кумган для омовения, а другой захватив край чапана, степенно удалялись к зарослям полыни дородный Пахраддин и длинны и сухой, как шест, Лабак-ахун” [111, б. 32].	“Taking in one hand a kumgan for washing and picking up the edge of his chapan with the other, Pakhraddin and the lanky Labak-akhun, dry as a stick, disappeared into the overgrown wormwood. A kumgan is an Asian pitcher with a narrow neck and spout used for washing” [112, б. 37].

Түпнұсқадағы *құман* реалиясы орыс тілінде де, ағылшын тілінде де мәтін ішінде экспликацияланып, оған *жуынуға арналған* (для омовения, for washing) деген қосымша ақпарат жалғанған. Бұл орайда Л. Космухамедованың шеберлігін атап өту керек, себебі түпнұсқадағы реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояуын сілтемесіз, мәтін ішінде қысқаша түсіндіре алған. Ал ағылшын тілінде аудармашының *құман* реалиясына берген мәтіннен тыс экспликациясын артық

деп есептейміз, себебі ол мәтін ішінде берілген экспликациямен шамалас. Сол сияқты:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(58)	“Қонақтарға қызмет көрсетіп, <i>тостағанды</i> жалғап отырған Шәріп шақылдап қатты күліп жіберді” [55, б. 55].	“Шарип, ухаживающий за гостем – он передавал <i>тостағаны</i> с кумысом, – не выдержал, раскатился в мелком заливистом смехе” [111, б. 61].

Аудармашы Л. Космухамедова *тостаған* реалиясының белгілі бір сусын құятын ыдыс екендігін мәтін ішінде аша алған. Бұл үшін *тостаған* реалиясына *қымыз* (кумыс) реалиясын тіркестірген. Қымыз сусыны жайлы білетін орыс тілді реципиент реалияның мәнін бірден түсінеді. Осылайша, реалияның ұлттық бояуы да сақталады.

Романдағы ыдыс-аяқ реалияларының көпшілігі гипероним тәсілі арқылы берілген: орыс тілінде 22% микроконтекстегі, ал ағылшын тілінде 18,6% микроконтекстегі реалия осы тәсіл арқылы берілген. Аударма прагматикасын қамтамасыз еткенімен, бұл тәсіл реалиялардың бірден-бір ерекшелігі – ұлттық бояудың жоғалуына себеп болады. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(59)	“ <i>Көнек шелегін</i> жерге "таңқ" еткізіп тастай салды” [55, б. 10].	“С <i>подойниками</i> подошла, сбросила их на землю” [111, б. 13].

Түпнұсқадағы *көнек шелек* дегеніміз биелерді саууға арналған ағаш сүт шелек [135, Б. 198-199], ал аудармадағы *подойник* жалпы мал саууға арналған ыдысты білдіреді [133]. Генерализация салдарынан ұлттық шаруашылықтың бір ерекшелігі, яғни мал саууға арналған ыдыстардың түрлілігі жоғалған. Бұл жағдайда *подойник* сөзәне *кобылий* (жылқы) анықтауышын қосып, реалияның ұлттық бояуын сақтауға талпыныс жасауға болар еді. Дегенмен, реалияның контекстуалдық маңызы пассив, ал коммуникативтік ықпалы сақталған. Сол секілді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(60)	“Ас үйде асулы <i>тай қазан</i> ” [55, б. 32].	“В столовой юрте на треноге – огромный <i>казан</i> ” [111, б. 37].	“In the kitchen yurt, there was an enormous <i>kazan</i> on a tripod. A <i>kazan</i> is a large cooking pot” [112, б. 44].

Түпнұсқадағы *тай қазан* реалиясы ас пісіруге арналған өте үлкен ыдысты білдіреді. Кейбір мәліметтер бойынша, бұл ыдысқа бір тайдың етін толық пісіруге болады, яғни бұл реалияның ұлттық мал шаруашылығымен байланысы бар, *тай қазан* деп аталуы да сондықтан. Аудармада *тай* бірлігі генерализацияланып, *өте үлкен* (огромный, enormous) сын есімдері арқылы берілген. Сәйкесінше, ұлттық шаруашылыққа қатысты ақпарат жоғалған. Бұл



микроконтексте *бір жылқының еті сыятындай* (вмещающий мясо одной лошади, that fits the meat of a whole horse) деген анықтауышты мәтін ішіндегі экспликация түрінде қосу керек деп ойлаймыз, себебі автордың дәл осы микроконтексте тайқазанды атауы бекер емес. Шығарманың осы эпизодында тай сойылып, оның еті асылады, яғни реалияның контекстуалдық маңызы актив. Казан транслитерациясы орыс тілінің сөздіктеріне еніп үлгерсе, ағылшын тілінің реципиенті үшін *kazan* транскрипциясының мағынасы түсініксіз болуы мүмкін. Дегенмен, біз ұсынып отырған мәтін ішіндегі экспликация мен *on a tripod* (ошақта) сөздері қазан реалиясының денотативті мағынасын жеткізуге септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Ыдыс-аяқ реалияларын аударғанда мәдени аналог тәсілі де пайдаланылған. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(61)	“Қайып молда бір кесе суға дұға оқып "дем салып", бөлек екі үйде отырған күйеу мен қалыңдыққа ризашылығын білдіріп, әлгі кеседегі дуалы судан бір ұрттам ішуге жіберді” [55, б. 61].	“Қайып-мулла «освятит» молитвой воду в чаше, которую жених и невеста, находившиеся в разных юртах, должны были испить, выражая тем согласие на брак” [111, б. 68].	“The <i>kaysh</i> -mullah “blessed” the water in a <i>chalice</i> with a prayer which the groom and bride were supposed to drink, expressing their consent to the marriage” [112, б. 78].

Түпнұсқадағы *кесе* реалиясы сусын ішетін ыдысты білдіреді. Орыс тіліндегі аудармада бұл реалия генерализацияланып, *чаша* сөзі арқылы аударылған. Ал ағылшын тілінде бұл реалия *chalice* бірлігімен аударылған. Түсіндірме сөздік бойынша, *chalice* сусын ішетін ыдысты білдіреді, дегенмен бұл сөз, негізінен, діни салттар суреттелетін контекстерде шарап сөзімен тіркесе қолданылады [125]. Сәйкесінше, ағылшын тіліндегі нұсқада белгілі бір дәрежеде христиан дінінің бояуы бар. Сол себепті, бұл аударманы барабар деп есептей алмаймыз. Бұл контексте *сир* гиперонимі де барабар болар еді, себебі түпнұсқада *кесе* реалиясының діни бояуы жоқ.

Келесі кестеде ыдыс-аяқ реалияларының аударылу тәсілдерінің жиілігі көрсетіледі:

8-кесте. Ыдыс-аяқ реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	48	0
2	Транслитерация/транскрипция	10	28
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	4	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	7
5	Функционалдық аналог	0	0
6	Калька	0	0

8-кестенің жалғасы			
	1	2	3
7	Мәдени аналог	0	2
8	Экспликация	0	1
9	Гипо-гипероним	19	10
10	Контекстуалдық аналог	2	1
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	14	10
	Балама	1	0
	Аударылмаған сөйлемдер	2	43

Сонымен, ыдыс-аяқ реалияларын орыс және ағылшын тілдеріне аударғанда сөздік реалиялар өте жиі кездеседі. Бұл қазақ және орыс тілдерінің арасында тұрмыс саласында кірме тілдік бірліктердің бар екендігін білдіреді.

Реалияның лексикалық мағынасының берілуіне, ұлттық бояуының сақталуына транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликация мүмкіндік береді. Мәселен, сусын құйылатын ыдысқа сусын атауын, құю не ішу секілді сөздерді қосу арқылы денотативті мағынасын жеткізуге болады.

Контекстуалдық маңызы пассив реалияларды генерализация тәсілі арқылы аударуға болады. Бұл көркем проза мәтінінің жеңіл қабылдануына септігін тигізеді. Ал контекстуалдық маңызы актив реалиялардың ұлттық бояуын сілтемеде емес, мәтін ішіндегі экспликация арқылы аударған дұрыс.

Бірқатар реалиялар аударылмай, түсірілген. Мәдени аналог тәсілі қосымша коннотациялар қосуы ықтимал. Реалияға сілтемеде түсініктеме бермес бұрын, оның мағынасын мәтін ішінде беруге тырысқан жөн.

**6. Мал шаруашылығына қатысты реалиялардың берілуі барабарлығы.** Төрт түліктің санына қатысты *үйір, келе, табын*; малды жегуге қатысты *қамшы, ер-тұрман, биік, бұйда, жазы, ноқта, үзеңгі, шылау*; мал жаюға қатысты *қорық, қотан, астау, ойсыл-қара, күйек*; малды байлауға қатысты *тіздеу, көген, құрық, қаңтару, қазық, желі, шідерлеу, шалдыру*; малдың дене мүшелеріне қатысты *қазы, жілік, сағақ, қом, шуда, шаша* секілді реалиялар 130 түрлі микроконтексте кездеседі.

Өзге тақырыптық топтардан ерекшелігі – мал шаруашылығына қатысты реалияларды аудару кезінде контекстуалдық аналог тәсілі генерализациямен қатар жиі қолданылған. Мұның себебі – орыс тілді халықтарда да, ағылшын тілді халықтарда да белгілі бір мал шаруашылығының, атап айтқанда жылқы шаруашылығының болуы. Яғни аудармашылар орыс және ағылшын тілдеріндегі жылқы шаруашылығына қатысты терминдерді түпнұсқадағы өзге мал шаруашылықтарына қатысты реалияларының орнына қолданған. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(62)	"Бұйдасын ұстаған бала жүгіріп алдына түсті" [55, б. 9].	"Мальчонка, державший недоуздок, бросился наперерез" [111, б. 11].	"A little boy holding the halter threw himself crosswise" [112, б. 10].

Түпнұсқада *бұйда* реалиясы берілген. Бұйда түйенің, өгіздің мұрындығына тағылатын ұзындығы екі-үш құлаш жетек жіпті білдіреді [143, б. 453]. Реалияның сөйлемдегі семантикасы актив, яғни оны түсіруге болмайды. Орыс тіліндегі аудармада *недоуздок* (ноқта), ағылшын тілінде *halter* (ноқта) нұсқалары беріледі. Аударма сөздік бойынша аударма нұсқалары қазақтың ер-тұрманына кіретін *ноқтаны* білдіреді. Яғни аудармада *бұйданың* өзі аталмаса да, малды жегуге арналған басқа бір бұйымның атауы, яғни ноқта аталады. Аударманы барабар деп есептеуге болады, себебі ұлттық бояу бейтарапталғанымен, реалияның контекстуалдық мағынасы сақталып тұр.

Түпнұсқадағы реалияның ұлттық бояуын аудармада беру әрдайым тиісті контекстуалдық мағынасын бере алмауы мүмкін. Мұндай кезде контекстуалдық аналог барабар шешім бола алады. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(63)	“Қашқан жұрттың алдында зымғаған Шәріп қораға жедеғабыл тоқтай сап бұрылып, көш жердегі үлекке <i>құрық сілтеді</i> ” [55, б. 47].	“Шарип улепетывал первый, только у порога своего опомнился, обернувшись, <i>погрозил кулаком</i> верблюду, который, теперь был далеко” [111, б. 53].

Түпнұсқа авторы *құрық* реалиясы арқылы ирониялы жағдайды сипаттаған. Микроконтекстегі ситуацияда түйеден қашқан қорқақ адамның алыста қалған (атап айтқанда көш жердегі) түйеге *құрық* сілтегені бейнеленеді. Құрық дегеніміз жайылып жүрген малды ұстауға арналған арқанды таяқ [113, б. 126], яғни көш жерде тұрған түйені құрықпен ұстап алу мүмкін емес. Аудармашы Л.Космухамедова құрық реалиясын аудармай, контекстуалдық аналог арқылы *погрозил кулаком* (жұдырығын көрсетті) тіркесін берген. Әрине, ұлттық бояу жоғалғанымен, орыс тіліндегі нұсқа түпнұсқаның контекстуалдық мағынасын жеткізе алады, яғни ирониялы жағдай тудыра алады. Егер аудармашы *құрық* реалиясының ұлттық бояуын беруге талпынса, қажетті стилистикалық компонент жоғалар еді.

Дегенмен, контекстуалдық аналог әрдайым тиімді бола бермейді. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(64)	“– Ойхой, жануардың семізі-ай! <i>Қазысы</i> бес елі! Бес елі! Пах! Пах! – деп айқайлап жүр Шәріп” [55, б. 32].	“– Ойхой, жирна-а лошадка! <i>Жир</i> -то в пять пальцев, с ладонь! Ох-хо-хой! – верещит Шарип” [111, б. 37].	“Oyhoy, what a fat little horse! The <i>fat</i> is five fingers thick, from the palm! Oh, oh, oh!” Sharip groaned” [112, б. 44].

Түпнұсқадағы *қазы* реалиясы жылқының майымен бірге қабырғасын білдіреді. Одан ұлттық кәделі *қазы* тағамы дайындалады [135, б. 367]. Түпнұсқа бұл реалия арқылы жылқының қаншалықты семіз екендігін көрсеткен. Аудармашылар контекстуалдық аналог арқылы орыс тіліне *жир* (май), ағылшын тіліне *fat* (май) деп берген. Әрине, аударма жылқының семіз екендігінен хабар береді. Дегенмен,

орыс тілінде май ұғымы жағымды ассоциацияларға ие, ол байлықтың, баршылықтың белгісі [130], яғни түпнұсқадағы жағымды ассоциациялар аударма реципиентіне де беріледі. Ағылшын тілінде *май* сөзі, керісінше, теріс ассоциацияларға ие, себебі онда *май* артық салмақпен, ауыр аспен байланыстырылады. Сондықтан контекстуалдық аналог реалияның ассоциативтік компоненттерін жеткізе алмайды. Біздің ойымызша, ағылшын тілінде *май* сөзін *ет* сөзімен алмастырса да болар еді.

Контекстуалдық аналогпен қатар, функционалдық аналог та мал шаруашылығына қатысты реалияларды аударуда тиімді болуы мүмкін. Келесі мысалды қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(65)	“– Уай, жігіттер! Анау келені алға шығарындар! Барлық гәп сонда!” [55, б. 35].	“– Уай, джигиты! <i>Табун</i> вперед выводите! Вон тот... все дело в нем...” [111, б. 40].	“Oh, <i>jigits!</i> Lead the <i>herd</i> ahead! Over there... everything depends on them” [112, б. 46].

Түпнұсқадағы *келе* реалиясының семантикасы актив. *Келе* дегеніміз түйелердің тобын білдіретін реалия [135, б. 41]. Орыс тілінде түйелердің тобын білдіретін лексикалық бірлік жоқ болғандықтан жылқылардың тобын білдіретін *табун* бірлігі беріледі. *Табун* бірлігінің өзі орыс тілінде түркі тілдерінен енген кірме сөз болып табылады [124], сол себепті бұл нұсқаны функционалдық аналог болғанымен, реалияның қызметін сақтайтын, әрі ұлттық бояуды беретін барабар аударма деп есептеуге болады. Ағылшын тілінде ұлттық бояу бейтараптальш, мал тобын білдіретін жалпылауыш *herd* (мал тобы) гиперонимі беріледі. Контекстен түйелердің тобы туралы ақпарат алуға болады, сол себепті бұл нұсқаны да барабар деп санаймыз. Бұл тақырыптық топта осы *herd* (мал тобы) сияқты гиперонимдер баршылық (стадо, загон, плетка, т.б.), олар осы семантикалық топтағы аударма тәсілдерінің 20% астамын құрайды.

Ойсыл-қара реалия-сөзінің аудармасын қарастырайық. Сөздіктегі семантикасына сәйкес, Ойсыл-қара сенім-наным бойынша түйе малының сақтаушысы, пірі, атасы деген мағынаны береді [120, б. 639].

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(66)	“– Кәні, тұрғызшы енді! Шу, <i>Ойсыл-қара!</i> ” [55, б. 33].	“– Ну-ка, подыми его теперь! Чу, <i>животина!</i> Шойынқара, раскорячившись, встал” [111, б. 38].	“Go on now, raise it up now! <i>Chu, Oysylkara!</i> <i>Chu is an expression to goad the camel, and Oysylkara is the patron saint of camels</i> ” [112, б. 45].

Мәтіндегі мағынасы бойынша, *Ойсыл-қара* реалиясының түйелердің піріне тікелей қатысы жоқ. Ол басты кейіпкердің сүйікті түйесі, келенің жетекшісі, күш-қайратына қарай Шойынқара деп аталған нарға қаратпа сөз ретінде қолданылады, ол пірдің өзін емес, бағалы түйені меңзейді. Осы реалияны

қолдану арқылы автор Пахраддиннің, жалпы қазақ халқының Шойынқараға, малға деген ықыласын, сый-құрметін білдірген. Төрт түлікті ерекше бағалайтын қазақ халқы хал сұрасқанда «мал-жан аман ба» деп ең алдымен малдың, содан кейін адамдардың халін сұрайды. Сәйкесінше, бұл реалияның семантикасы оң. Сондай-ақ, бұл сөз ауызекі емес, әдеби сөз болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, орыс тіліндегі аудармада *Ойсыл-қара животина* деп контекстуалдық аналог арқылы аударылған. Сөздік бойынша, *животина* – үй жануарына қатысты айтылатын ауызекі сөз. Сондай-ақ, оның ауыспалы мағынасы бар, ол малға немесе адамға қатысты қолданылатын, малдың немесе адамның дәрежесін түсіру мақсатында айтылатын анайы сөзді білдіреді [133]. Бұл аудармада не түйелердің піріне, не түйеге деген құрметке байланысты ешқандай семантикалық компонент жоқ. Сол себепті, бұл аударманы сәтсіз деп санауға болады. Оған қоса, қазақ тіліндегі *Ойсыл-қара* әдеби реалия болса, орыс тіліндегі *животина* ауызекі лексикалық бірлік болып табылады.

К. Фитцпатрик *Ойсыл-қара* реалиясын ағылшын тіліне транслитерация арқылы аударған және мәтіннен тыс экспликация берген. Аудармашы транслитерация әдісін қолдану арқылы ұлттық ерекшелікті сақтауға талпынғанымен, экспликацияда *Ойсыл-қара түйелерді айдауға арналған сөз, Ойсылқара түйелердің қасиетті пірі* (Chu is an expression to goad the camel, and Oysylkara is the patron saint of camels) деп қана берілген. Бұл түсініктеме қазақ халқының түйе шаруашылығынан хабары жоқ оқырман үшін мүлде түсініксіз болатыны анық. Оған қоса, реалияның контекстуалдық мағынасы берілмеген, яғни бұл аударманы оқыған адамда Шойынқараға деген құрмет туралы ассоциация туындамайды. Сол себепті, бұл аударманы да сәтсіз деп есептейміз. *Ойсыл-қара* реалиясын орыс және ағылшын тіліне транслитерация арқылы аударып, экспликацияда *түйені құрметтеу мағынасында қолданылған қаратпа сөз, түйелердің пірін білдіреді* деп көрсеткен дұрыс деп ойлаймыз.

Берілген тақырыптық тобындағы реалия аудармаларының тағы бір ерекшелігі – генерализациямен қатар грамматикалық трансформациялардың жасалуы. Мәселен:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(67)	“Әрегірек шандақта көлбеп бір <i>келе</i> түйе жатыр” [55, б. 409].	“На отшибе от юрт лежали коричневыми валунами <i>несколько</i> верблюдов” [111, б. 438].

Түпнұсқадағы *келе* реалиясы шамамен 25-30 түйені білдіреді [52]. Аудармада грамматикалық трансформация жасалып, зат есім сан есіммен беріліп, *несколько* (бірнеше) нұсқасы аталады. Орыс тілінде аталмыш сан есім заттың белгісіз санын, яғни бір қарағанда санауға келмейтін санын білдіргенімен, контекстерде ол шамамен он шақты зат санын меңзейді. Сондықтан аударма нұсқасы романның өмірлік шындығын бұрмалайды. Біздің ойымызша, орыс тіліндегі *десятки* (бірнеше ондық) сан есімі барабар аударма болар еді.

Контекстуалдық аналог, генерализация не транскрипция өте үнемді аударма тәсілдері болғанымен, реалияның семантикалық компоненттерін толық

ашатын тәсілге экспликацияны жатқызамыз. Дегенмен, мәтін ішінде сипаттама беруде де бірқатар ерекшеліктерге назар аудару керек. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(68)	“Келесі сәтте буы бұрқыраған көкбұйра су гүрілдеп <i>астауға</i> ақтарылды” [55, б. 9].	“В следующее мгновение, исходящая ледяным паром, вода гулко выплеснулась в <i>глубокую деревянную поилку</i> ” [111, б. 11].

Түпнұсқадағы *астау* реалиясы малға жем-су беруге арналған ағаш ыдыс атауын білдіреді [52]. Орыс тілінде *глубокая деревянная поилка* (мал суаратын терең ағаш ыдыс) экспликациясы беріледі. Бұл экспликация реалияның семантикалық компоненттерін береді, ал олар түпнұсқадағы микроконтексте актив емес. Біздің ойымызша *глубокая және деревянная* сын есімдері артық, яғни мәтінді «көбейтіп» тұр. Жай ғана *поилка* (суаратын ыдыс) гиперонимі де реалияның контекстуалдық мағынасын бере алар еді. Сол сияқты:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(69)	“ <i>Желіге</i> таман қараңғыда шоқиып отырған кісіні көріп Шегенің жүрегі суылдап қоя берді” [55, б. 13].	“Шеге вгляделся в темноту – кто-то присел на корточки у <i>натянутого на колья аркана</i> , к которому обычно привязывают молодняк во время дойки” [111, б. 15].

Түпнұсқадағы желі реалиясына орыс тілінде *натянутого на колья аркана, к которому обычно привязывают молодняк во время дойки* (сауу кезінде төлді байлайтын қазыққа керілген арқан) деген біршама ұзақ сипаттама беріледі. Шынында, реалияның түпнұсқадағы семантикасы актив емес, сол себепті көркем әдебиет шығармасында мұндай дидактикалық экспликация беруге болмайды. Бұл жағдайда контекстуалдық аналог ретінде *арқанға байланған түйелер жақта* (у верблюдов, привязанных к аркану) деген қысқа экспликация берген де жеткілікті.

Мал шаруашылығына қатысты реалиялардың аударылу тәсілдері келесі кестеде қорытындыланған:

9-кесте. Мал шаруашылығы реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	31	0
2	Транслитерация/транскрипция	0	1
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	1	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	0	2
5	Функционалдық аналог	6	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	6	1
8	Экспликация	7	5
9	Гипо-гипероним	28	18

9-кестенің жалғасы			
	1	2	3
10	Контекстуалдық аналог	17	9
11	Грамматикалық трансформация	6	5
12	Түсіру	18	6
	Балама	2	17
	Аударылмаған сөйлемдер	8	66

Сонымен, мал шаруашылығына қатысты реалияларды аудару кезінде реалияның контекстуалдық аналог, гипероним секілді тәсілдер жиі қолданылған. Контекстуалдық аналог тәсілі, мәселен, жылқы шаруашылығына қатысты реалияларды қой шаруашылығына қатысты реалияларды аударуда пайдалануда көрініс тапқан. Бірқатар реалиялардың сөздік аудармасы бар екендігі анықталды. Дегенмен, ең жиі қолданылған тәсіл – гиперонимдер. Ұлттық бояуы пассив реалияларды тәржімалауда осы гиперонимдер әсіресе жиі кездеседі. Ұлттық бояу актив болғанда функционалдық аналог тәсілі пайдаланылған. Бұл семантикалық топта транскрипция/транслитерация жоқтың қасы.

Сонымен, мал шаруашылығына қатысты реалияларды аударған кезде ұлттық бояудың актив/пассив болуын ескеру керек. Ұлттық бояуды беруде функционалдық аналог, ал денотативті мағынаны беруде контекстуалдық аналог не гиперонимдерді пайдалануға болады.

**7. Малшы түрлері реалияларының берілу барабарлығы.** Романдағы жылқышы, қойшы, түйеші, түйекеш, шопан, секілді төрт түлікті баптаушыларының атаулары 19 түрлі микроконтексте кездеседі.

Малшы атаулары тақырыптық тобында шопан, қойшы реалияларының орыс тілінде сөздік сәйкестігі бар:

	Түпнұсқа	А. Жақсылықовтың аудармасы
(70)	“Бұл жаман "қойшың" кезінде бандымен айқасқан революционер, одан жазықсыз екі жыл түрме көрген, бірақ жасымаған, сынбаған күрескер” [55, б. 284].	“Однако, этот никудышный <i>чабан</i> – революционер, воевавший с бандитами, ни за что ни про что отбухавший два года в тюрьме” [111, б. 292].
(71)	“Қасында атты біреу. Көрші <i>шопан</i> Серікбайға ұқсайды” [55, б. 292].	“Потом показался рысивший за ней верховой. Похоже, это сосед – <i>чабан</i> Серикбай” [111, б. 300].

*Қойшы, шопан* реалиялары орыс тіліне *чабан* болып берілген. *Чабан* сөзі орыс тіліне парсы тілінен енген [133], шығыстық бояуы бар, сол себепті *шопан, қойшы* реалияларына барабар аударма бола алады.

Дәл осындай шығыстық бояуға *табуңцик* лексикалық бірлігі де ие. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі бойынша, *табуңцик* сөзі жылқы бағатын адамның атауын білдіреді [133], оған қоса бұл сөз жылқылардың тобын білдіретін *табын* сөзінен орыс тіліне енген. Осылайша, бұл сөз жылқышы реалиясына барабар аударма бола алады:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(72)	“Ұзын тұра Уәп, қойшы Қауқаш, жылқышы Жаңбырбай тәрізді кедейлер: – Уай, інім! Бізді қайтесің, сол, қартайғанда жер тырмалатып!” [55, б. 69].	“Уап, <i>пастух</i> Кауқаш и <i>табуницик</i> Жанбырбай этими обещаниями почему-то не удовлетворились: - Послушай, браток, - сказали они, вставая втроем” [111, б. 77].	“...But the blacksmith – the lanky Uap, the <i>shepherd</i> Kaukash and the <i>herder</i> Janbyrbay for some reason were left unhappy. “Listen, brother,” they said, standing up together” [112, б. 91].

Ағылшын тілінде жылқышы реалиясы *herder* генерализациясымен аударылған. Дегенмен, бұл сөз қазақ тіліндегі *малшы* сөзіне, орыс тіліндегі *пастух* сөзіне жақын, яғни жалпы мал бағатын адамның атауы. Сол себепті, *herder* аудармасында реалияның ұлттық бояуы берілмеген деп есептейміз. Осы микроконтексте *жалпы малшыны жылқышыдан* айыру мақсатында *horse herder* мәтін ішіндегі экспликациясын пайдалануды ұсынар едік, себебі реалияның ұлттық бояуының актив, автор қойшы мен жылқышыны ажыратып көрсеткен.

(72) сөйлемде қойшы атауының да ұлттық бояуы актив, сондықтан ол аудармада көрініс табуы керек еді. *Қойшы* реалиясына генерализация тәсілімен *пастух* лексикалық бірлігі беріледі. Орыс тілінде *пастух* кез-келген мал түрін бағатын, жалпы малшыны атауға қолданылады. Сол себепті, бұл аудармада да ұлттық бояу берілмеген. Ағылшын тілінде, керісінше, қойшы реалиясының баламасы бар – *shepherd* сөзі дәл қойды бағатын малшы атауы болып табылады.

Ұлттық бояу пассив болғанда генерализация тәсілін пайдалану орынды. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(73)	“Малдарын қыстаудың қасына жақындатқан қойшылар, түйешілер түстік ішуге үйге жиналған” [55, б. 172].	“До зимовья в Саме недалеко, и <i>погонцики</i> решили, пообедать в юрте” [111, б. 183].

Түпнұсқада *қойшы*, *түйеші* реалиялары аталады. Микроконтексттегі мағынасы бойынша бұл реалиялар малды қыстауға айдап бара жатқан малшылардың атауы ретінде қолданылып тұр. Сондықтар болар, аудармашы Л. Космухамедова екі реалияны да бір ғана *погонщик* сөзімен аударды. *Погонщик* дегеніміз малды бір жерден екінші жерге айдайтын жұмысшы атауы [133]. Осылайша, түпнұсқадағы реалиялардың денотативті мағыналары берілген, аударманы барабар деп есептеуге болады.

Ұлттық бояу актив болғанда транслитерация тәсілін ғана емес, қысқа мәтін ішіндегі экспликацияны пайдалануға да болады. (74) мысалда түпнұсқадағы *түйекеш* реалиясына екі тілде де экспликация беріледі. Микроконтексттегі кейіпкерлердің түйе бағатындығы кейінгі контекстерде қайталаңады, сол себепті реалияның ұлттық бояуын жеткізу керек:



	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(74)	“Қоңыраттың базарында түрікпеннің бір байымен кездесіп, соған <i>түйекеш</i> болып жалданады баласы екеуі” [55, б. 74].	“На базаре в Конырате повстречалась с туркменским баем и нанялась к нему в <i>погонщики верблюдов</i> ” [111, б. 82].	“At the bazaar in Konyrat, she met with a Turkmen bay and hired herself out <i>to herd his camels</i> ” [112, б. 97].

Жоғарыда атап өткеніміздей, *погонщик* сөзі мал айдайтын жұмысшыны білдіреді, ал түпнұсқада түйені бағатын малшы меңзеледі. Сол себепті, аудармашы реалияның ұлттық бояуы мен денотативті мағынасын қатар жеткізу мақсатында *погонщик верблюдов* деген экспликацияны ұсынады. Аудармашының нұсқасын барабар санаймыз. Ағылшын тіліндегі экспликацияны да барабар деп санауға болады, себебі *herd camels* (түйені бағу) тіркесі реалияның денотативті мағынасын әрі ұлттық бояуын толығымен береді. Аудармашы К. Фитцпатрик көркем проза стилін сақтау мақсатында осы микроконтексте грамматикалық трансформация жасап, зат есімді етістік түрінде аударды.

Малшы түрлері реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде көрсетілген:

10-кесте. Малшы түрлері реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	5	0
2	Экспликация	1	1
3	Гипо-гипероним	3	1
4	Контекстуалдық аналог	0	0
5	Грамматикалық трансформация	0	1
6	Түсіру	2	0
	Балама	6	3
	Аударылмаған сөйлемдер	2	13

Сонымен, малшы түрлері реалияларының арасында қойшы реалиясының ғана орыс тілінде ұлттық бояуы бар сөздік сәйкестігі, ал ағылшын тілінде баламасы бар. Мұндай нұсқалар аударма барабарлығын толық қамтамасыз етеді.

Малшы түрлері реалияларын аударғанда олардың ұлттық бояуының маңызын ескеру қажет. Егер ұлттық бояу актив болса, онда сөздік реалияларды, транскрипцияны не экспликацияны пайдалануға болады. Ұлттық бояу пассив болса, гипероним тәсілдерін қолдануға керек.

**8. Жалпы шаруашылыққа қатысты реалиялардың берілу барабарлығы.** *Арба, арқан, шыршыр, асатаяқ, жайлау, көш, күзек, құйрық май, қыстау, тасошақ, жерошақ, соғым, тезек, шығыр* секілді реалиялар түпнұсқада 123 микроконтексте аталады.

Көшпелі өмір салтының негізгі реалияларының бірі – көш. Бұл реалия романда өте жиі кездеседі. Орыс тіліндегі аудармашы негізінен *кочевье* (көш) [111, б. 41] сөздік сәйкестігімен, ал ағылшын тілінде көбінесе *көшпенділер* (nomads) [112, б. 47] экспликация тәсілімен *nomad's group* (көшпенділер тобы) [112, б. 45], *line of nomads* (көшпенділер тізбегі) [112, б. 51] секілді тіркестермен береді. Сонымен қатар, көш реалиясын екі тілге де *керуен* деп аудару жағдайлары да бар. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(75)	“Сүйменшот, күрек, кетпендерін бөктерген бір топ салт атты сар желіп, <i>көштен</i> сәске түсте-ақ озып кеткен” [55, б. 36].	“Группа всадников с притороченными к лукам седел мотыгами, лопатами, кетменями еще в полдень ушла вперед, оставив далеко позади <i>караван</i> ” [111, б. 41].	“By noon, the group of riders with the hoes, shovels, and spades tied to the bows of their saddles were scattered across the steppe at a rapid trot. They rode forward, leaving the <i>caravan</i> far behind” [112, б. 47].
(76)	“...Қаратаудың басынан <i>көш</i> келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...” [55, б. 6].	“С Каратауских предгорий <i>караван</i> приходит, Каждый раз верблюды один без седока приходит...” [111, б. 7].	-

*Керуен* де, *көш* те көлікке жүк артып, ұзақ жолға сапар шеккен жолаушылар тізбегін білдіргенімен, бұл екі тізбектің мақсаттары әр түрлі. *Керуен* көп жағдайда сауда-саттыққа қатысты болса [125], *көш* көшпенділердің мал жаятын, белгілі бір мезгілде тұрақтайтын орын іздеп бір жерден екінші жерге қоныс аударуына қатысты. Сол себепті, көш реалиясын *караван*, *caravan* сөздерімен аудару дұрыс емес деп есептейміз. Оған қоса, орыс тілінде *кочевье* сөздік сәйкестігі тұрғанда, *караван* лексикалық бірлігін қолдану тіпті барабарлыққа қайшы деп санаймыз.

Ұлттық көшпелі өмір салтының негізгі реалияларының тағы бірі – *қыстау*. Бұл сөз тек қысқы уақытты белгілі бір аймақта өткізу әрекетін ғана емес, «қысқы мекенжайды, әдетте суы бар, ықтасынды, оты мол жерлерді» де білдіреді [141, б. 421]. (77) микроконтексте реалияның ұлттық бояуы актив, сол себепті оны міндетті түрде аудармада жеткізу керек. Реалияның аудармаларына назар салайық. *Қыстау* реалиясына орыс тілінде *зимовье* гиперонимі беріледі. Орыс тілінде *зимовье* адамдар не жан-жануарлар қыстайтын үй не жерді білдіреді [123]. Бұл аударма нұсқасын барабар деп есептеуге болады, себебі реалияның денотативті компоненті беріліп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқа барабарлық деңгейінен мүлде алшақ. Біріншіден, ағылшын тілінде аралық орыс тіліндегі *зимовка* сөзі транскрипцияланған, яғни форманың қателігі орын алып тұр. Реалияны аралық тілден емес, түпнұсқа тілден транскрипциялау қажет еді. Екіншіден, *зимовка* сөзінің сілтемесінде оған *winter homes dug out of the side of a hill* (дөңнің бір жағынан қазылған қысқы үйлер) деген түсініктеме беріледі.

Аудармашының не қазақтың ұлттық киіз үйінен, не қыстаудың не мақсатқа арналғандығынан хабары жоқ екендігі білінеді.

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(77)	“Сонау Самдағы жылы қора-қыстауларына енді бір екі жұма өткізіп көшерміз деп отырған шаруа ауыл қатты дүрлікті” [55, б. 32].	“Люди в ауле, намеревавшие отправиться к теплому зимовью в далеком отсюда Семе через неделю, а может и через две, встревожились” [111, б. 37].	“People in the aul, who had intended in a week or two to head to the warm, sturdy zimovkas on the sands of Sama far from there were alarmed. Zimovkas are winter homes dug out of the side of a hill” [112, б. 43].

Біздің ойымызша, қыстау реалиясын ағылшын тіліне транскрипциялап, оған *қысқы тұрақ* (winter camp) деген мәтін ішіндегі экспликация беру қажет еді. Мәселен, *жайлау* реалиясына орыс тілінде *летнее пастбище* [111, б. 54], ағылшын тілінде *summer pasture* [112, б. 61] экспликациялары, күзек реалиясына орыс тілінде *осеннее стойбище* [111, б. 9], ағылшын тілінде *autumn nomad camp* [112, б. 9] экспликациялары беріледі. Бұл нұсқалар, реалияның ұлттық бояуын да, денотативті мағынасын да бере алар еді.

Жоғарыда аталған қателік қыстау реалиясының аудармасындағы жалғыз олқылық емес. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(78)	“Қыстаудың алды жағы түйе жасырғандай ұйысқан ну сексеуіл” [55, б. 43].	“Саксаульная чаша перед зимовьем густа, верблюда туда загони – не найдешь” [111, б. 48].	“The saxaul thicket was bushy before the winter; if you drove a camel into it you wouldn't find it later” [112, б. 55].

Түпнұсқада *қыстау* ретінде көшпенділердің қысқы мезгілді өткізетін орны меңзеледі. Орыс тілінде *зимовье* (қысқы тұрақ) генерализациясы, ағылшын тілінде жай ғана *winter* (қыс) сөзі беріледі. Дегенмен, *қыс* сөзінің алдындағы *before* шылауы аудармашының қыстайтын орынды емес, қыс мезгілін меңзегенін, яғни лексикалық семантикалық қателік жасағанын білдіреді. Дәл осы аудармада машиналық аударманың белгілерін көреміз.

Ас дайындайтын ошақ түрлері де мәселе тудыруы ықтимал. Мәселен, орыс халқы асты тас пеште дайындайтын болған, сол себепті қазақтың жерошағы не тасошағы орыс тілді реципиентке түсініксіз болуы мүмкін. *Жерошақ* және *тасошақ* реалиялары орыс тілінде де, ағылшын тілінде де негізінен генерализация тәсілі арқылы *очаг* (ошақ) [111, б. 224] және *hearth* (пеш, от, камин) [112, б. 237] деп беріледі. Бұл нұсқаларда ұлттық бояудың жоғалуын байқауға болады. Жерошақ дегеніміз «от жағып, үстіне қазан асуға, нан пісіруге арналған шұңқыр» [145, б. 360]. Ал тасошақты ата-бабамыз «көші-қонда, ұзақ жол үстінде пайдаланған. Ол үшін ірілеу үш тасты жақындастырып қойып, үстіне қазан асады» [129, б. 61]. Реалияның семантикалық компоненттерін орыс

тіліндегі аудармада беру үшін транскрипция жеткіліксіз, себебі ошақ орыс тіліне *очаг* не *ошак* болып беріледі. Ал *ошактың очаг* сөзінен айырмашылығы аз. *Ошақ* реалиясының ұлттық бояуын беруге А. Жақсылықовтың талпыныс жасаған:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(79)	“ <i>Жерошақ</i> маңында дүрсілдетіп отын жарған бозбалалар” [55, б. 447].	“Мальчишки принялись рубить дрова под навесом возле <i>казандыка</i> . <i>Казандык</i> – <i>очаг с вмазанным котлом</i> ” [111, б. 476].

Аудармашы *жерошақ* реалиясын *казандық* реалиясымен алмастырып, контекстуалдық аналог берген. Оған қоса, сілтемеде *очаг с вмазанным котлом* (казаны орнаталған ошақ) деген түсініктеме де берген. Үнемсіз тәсіл болғанымен, аудармашының ұлттық семантикалық компоненттерді сақтауға талпынғанын атап өту керек. Әрине, *очаг* генерализациямен салыстырғанда, А.Жақсылықовтың аударма нұсқасының барабарлық деңгейі жоғары.

11-кесте. Жалпы шаруашылық реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	54	0
2	Транслитерация/транскрипция	0	2
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	2	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	0	3
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	1	8
8	Экспликация	5	19
9	Гипо-гипероним	29	29
10	Контекстуалдық аналог	9	13
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	15	11
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	7	38

Сонымен, жалпы шаруашылыққа қатысты реалиялардың арасында *арба*, *арқан*, *жайлау*, *тезек* және *көш* реалияларының орыс тілінде сөздік сәйкестіктері бар (*арба*, *арқан*, *джайляу*, *кочевье*). Бұл сәйкестіктер форманы сақтай отырып, реалиялардың лексикалық мағынасын жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақтың көшпелі өміріне қатысты қыстау, жайлау секілді реалияларды транслитерация/транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация арқылы аударған дұрыс, себебі мұндай реалиялардың ұлттық бояуы көп жағдайда актив.

11-кестеден гиперонимдердің де шаруашылыққа қатысты реалияларды аударуда жиі пайдаланылғанын байқаймыз. Бұл тәсіл реалияның ұлттық бояуы пассив болған жағдайда тиімді.

Осы шаруашылық тақырыптық тобында аудармашылардың бірқатар семантикалық қателіктерін (атап айтқанда машиналық аударма салдарынан) байқауға болады. Мұндай аударма түпнұсқа авторының шығармашылығын сыйламаудың бір белгісі деп білеміз. Реалияларды аударуда өзге ұлттың мәдениетін ғана емес, шығарма авторын да, оның шығармашылығын да сыйлай білген абзал.

**9. Киім-кешек реалияларының берілу барабарлығы.** Киім реалияларын аударғанда аудармашылар екі бағыттың бірін таңдауы қажет. Біріншіден, мұндай реалиялар түпнұсқада сипатталған ұлттың не этникалық топтың мәдениеті жағынан ақпарат беріп, реципиенттің ойында белгілі бір образдар туындауына себепкер болады. Мәселен, қазақ қызының образы осы киім реалиялары арқылы ашылады. Бұл жағдайда, реалиялардың ұлттық-тарихи бояуын бұлжытпай берген абзал. Екінші жағдайда киім реалиялары шығарма сюжетіне, оның кейіпкерлерінің образына әсер ете бермейді. Сол себепті, рецепцияны жеңілдету мақсатында мұндай реалияларды доместикациялаушы тәсілдер арқылы аударуға болады. Аудармашылар осы екі бағыттың бірін таңдауы қажет [144, б. 191].

«Ақ боз үй» романындағы киім реалиялары үлкен топты құрайды. Шығармадағы *бөкебай, бөрік, жаулық, желек, құлақшын, малақай, сәлде, сәукеле, тақия, тымақ, шалма, шарқат* секілді бас киім атаулары, *бешпет, дамбал, жарғақ шалбар, жеңсіз, зәгран шалбар, ішік, камзол, кеудеше, күпі, тон, шапан, шекпен* секілді киім атаулары, *кебіс, саптама етік, шоңқайма етік* секілді аяқ киім атаулары және *белбеу, түрме* секілді қосымша киім атаулары 238 түрлі микроконтексте қолданылады.

Романдағы киім реалияларының аудармасына қатысты қозғалатын ең бірінші мәселе – орыс тілінде қалыптасқан сөздік реалиялардың болуы. Романдағы киім реалияларының бірнешеуі тек қазақ ұлтында ғана емес, сондай-ақ өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, түрікпен, казак т.б. ұлттарда да кездеседі. Мәселен, *шапан, бешпет, камзол, тақия, шалма, сәлде, құлақшын, малақай*. Мұндай реалияларға орыс тілі аударма сөздіктерінде сәйкестіктер берілген. Олар орыс тіліндегі аудармада 100% жағдайда осы сәйкестіктер арқылы аударылады: *чапан, бешмет, камзол, тюбетейка, чалма, ушанка* және *малахай*. Бұл сөздер орыс тіліне терең сіңіп кеткен, сол себепті орыс тілді реципиентке түсінікті болары анық. Тіпті, бұл сөздер реалия ретінде қабылданбауы ықтимал, сол себепті рецепцияны қиындатпайды. Бірақ, сөздік сәйкестіктер реалияның ұлттық бояуын бере алғанымен, бұл ұлттық бояу таза қазақи емес. Шынында да, қазақтың шапаны мен қырғыздың шапаны, казактың бешметі мен қазақтың бешпеті, тақия мен тюбетейканың, сәлде мен чалманың материалдық айырмашылығы бар. Тіпті түрлері ұқсас болғанымен, жасалу жолы, өрнектері, матасы, т.б. екі түрлі болады. Бұл аудармалар реципиенттің ойында түркі халықтарына тән белгілі бір образ туындатқанымен, оны нақты қазақи образ деп айта алмаймыз. Екіншіден, сөздік реалиялардың транслитерациясы бұрмаланған

не өзге түркі тілдерінен алынған. Мәселен, шапан реалиясына шапан емес, чапан транслитерациясы беріледі. Бұл жағдай да ұлттық бояуды әлсіретеді.

Ағылшын тілінде бұл реалиялардың аудармасы өзгеше. Олардың сөздіктегі сәйкестігі жоқ, сол себепті аудармашы реалияның бірінші қолданысында транслитерация/транскрипция тәсілі мен сілтемеде түсініктеме беру тәсілін қолданып отырған. Дегенмен, аудармашы транслитерацияның/транскрипцияның орыс тіліндегі аудармадан жасаған. Мәселен, ағылшын тіліндегі аудармада *shapan* (шапан) емес, *chapan* (чапан) нұсқасы, *takiya* (такия) орнына *tyubeteyka* (тюбетейка), *salde* (сәлде) орнына *chalma* (чалма), *beshpet* (бешпет) орнына *beshmet* (бешмет) нұсқалары алынған. Сол сияқты, *shalbar* (шалбар) орнына *sharovars* (шароварс), *tymak* (тымақ) орнына *treukh* (треух), *shekpen* (шекпен) орнына *chekmen* (чекмен) секілді транслитерация/транскрипция нұсқалары кездеседі. Бұл «қателіктердің» барлығы аралық тіл арқылы аударудың салдары. Ең сорақысы – осындай транслитерациялардың бірнешеуінің аударма соңындағы этнографиялық сөздікте, яғни мәтіннен тыс берілуі.

“*Chalma* – Muslim headgear” [112, б. 289]

“*Chapan* – a type of robe” [112, б. 289]

“*Sharovar* – baggy pants or pantaloons” [112, б. 292]

“*Tyubeteyka* – Central Asian skull cap” [112, б. 293]

Осы мысалдардағы *chalma* (чалма), *chapan* (чапан), *sharovar* (шаровар), *tyubeteyka* (тюбетейка) транслитерациялары ағылшын тілінде осындай қате күйінде еніп кетуі әбден мүмкін. Бұған қазақтың *киіз үй* сөзінің ағылшын тіліндегі *yurt* аудармасы дәлел.

Реалияларға мәтін ішінде не мәтіннен тыс берілген экспликацияларға назар аударайық. Мұндай тәсілдермен аударылған реалиялардың бірі – бөрік. Энциклопедиялық сөздік бойынша, бөрік – ұлттық бас киім. Оны елтіріден, аң терісінен жасаған [143, б. 410]. Аудармашы А. Жақсылықов осындай экспликацияны сілтемеде көрсеткен:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(80)	“Ат аяғының дүрсілі құлағына шалынған тәрізденіп еді, енді бұрылса, бұған қарап шапанының етегі делектеп қара домалақ, қара бөрікті кісі жортақтап келеді” [55, б. 310].	“Не успел Суржекей оглянуться на топот копыт, как увидел впоыхах торопящегося к нему толстяка в черном развевающемся чапане, в темном борике. <i>Борик</i> – круглая меховая шапка” [111, б. 324].

Орыс тілінде бөрікке *круглая меховая шапка* (теріден жасалған дөңгелек бас киім) деген экспликация беріледі. Біздің ойымызша, бұл аударма барабар, себебі бөріктің ұлттық бояуы мен денотативті мағынасы ашылған. Дегенмен, көркем проза стиліне нұқсан келіп тұр. Бұл жерде мәтін ішіндегі экспликацияны қолдануды ұсынар едік. Мәселен, на голове – темный меховой борик (басында теріден жасалған қара бөрік).

*Шекпен* реалиясына ағылшын тіліндегі аудармасына көз салайық:

	Түпнұсқа	К. Фитұпатриктің аудармасы
(81)	“Шекпендерінің белін қатармен шарт буған түрікпен жігіттері қаз мойын сәйгүліктерін текіректетіп айналып өтіп барады” [55, б. 98].	“They wore <i>shekpens</i> , sashes stretched tight in several rows, and <i>khorzhuns</i> strapped to the saddles. <i>A shekpen is a camel-hair robe</i> ” [112, б. 128].

*Camel-hair robe* (Түйе жүнінен жасалатын сырт киім) түсініктемесі *шекпен* реалиясының денотативті мағынасы мен ұлттық бояуына барабар, себебі шекпен тек түйе жүнінен тоқылатын сырт киім болып табылады [140, б. 492]. Ал транслитерацияның қолданылуы реалияның формасын беруге септігін тигізіп тұр. Бірақ, мәтіннен тыс сілтеме көркем проза стиліне қайшы, сол себепті де түсініктемені мәтін ішіне кіріктіруді дұрыс санаймыз.

Дегенмен, денотативті мағынасы бұрмаланған не толық ашылмаған экспликациялар да жоқ емес. Мәселен, *бөрік* реалиясының ағылшын тіліндегі аудармасына назар салайық:

	Түпнұсқа	К. Фитұпатриктің аудармасы
(82)	“Бөркі астында көлдей ақ орамал” [55, б. 66].	“Underneath his <i>borik</i> was an enormous white kerchief covering his head. <i>A borik is a round hat</i> ” [112, б. 86].
(83)	“Қарауыл жас жігіт іспетті... Басында – дөңгелек <i>бөрік</i> ” [55, б. 103].	“The watchman appeared to be young... On his head was a round <i>borik</i> . <i>A borik is a warm men's fur hat</i> ” [112, б. 134].

Бірінші сөйлемде *бөрікке a round hat* (дөңгелек бас киім) деген экспликация берілген. Біздің ойымызша, бұл түсініктеме толық емес, себебі *бөріктің* елтіріден, аң терісінен жасалатындығы туралы негізгі семантикалық компоненті көрсетілмеген. Оған қоса, *бас киім* семантикалық компоненті контекстен де аңғарылады. Сол себепті, реалияның ұлттық бояуын беру мақсатында мәтін ішінде *fur borik* (теріден жасалған *бөрік*) экспликациясын жасау керек еді. Екінші сөйлемдегі *a warm men's fur hat* (аң терісінен тігілетін ерлерге арналған жылы бас киім) түсініктемесі, керісінше, *ерлерге арналған* деген қосымша семаны қамтиды. Қазақтың *бөркін* ерлер де, әйелдер де киген [143, б. 410]. Сол себепті, бұл аудармадағы ұлттық бояу бұрмаланған деп есептейміз. Бұл жағдайда да, *бас киім* семантикалық компоненті контекстен оңай аңғарылады. Сол себепті, аталған микроконтекстерде мәтіннен тыс экспликация берудің қажеттілігі жоқ деп есептейміз.

Ұлттық бояуы мен денотативті мағынасы толығымен бұрмаланған реалиялардың бірі – *шалма*. Ол *сәлде* деген сөз түрінде де кездеседі. Шалманың немесе сәлденің түр-түсі ұлтқа, ұстанған дінге, мәдениетке байланысты жерден жерге өзгере береді. Ал романда сәлде Лабақ-ахун есімді кейіпкердің, имамның бас киімі ретінде қолданылады, яғни сәлде – дін қызметкерлерінің (қазіргі таңда молдалардың) басына орап тағатын бас киімі. Ағылшын тіліндегі нұсқасына назар аударайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(84)	“Қасындағы ақ түйе мінген, ақ шапанды, басына ақ <i>шалма</i> тартқан, әрине, Лабақ ахун” [55, б. 18].	“The man next to him on a white camel in a white <i>chapan</i> and a white <i>chalma</i> was Labak-akhun. <i>A chalma is a tunic</i> ” [112, б. 19].

Аудармадағы *tunic* (туника) сөзі ұзын етек жейде деген мағынаға ие. Тарихи сөздіктерге жүгінсек, *туника* ежелгі Римде қысқа жеңді ішкөйлек деген мағынаны береді [133]. Аудармашының реалияның денотативті мағынасынан мүлде ауытқығаны байқалады.

*Шапан* реалиясына ағылшын тілінде берілген экспликацияда реалияның денотативті мағынасы бұрмаланған:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(85)	“Өзберген анау, басына <i>шапанын</i> бүркеп жатқан Пахраддиннің інісі” [55, б. 6].	“He was Pakhraddin’s youngest brother, the one who was laying nearby, wrapped up in a <i>chapan</i> from head to toe. <i>A chapan is a cloak</i> ” [112, б. 7].

Аудармадағы *cloak* (жамылғы) сөзі түсіндірме сөздіктер бойынша *жеңсіз сырт киім* деген мағына береді [125]. Ал қазақтың шапанының жеңі бар [132, б. 635]. Аудармадағы нұсқа реалияның денотативті мағынасын аша алғанымен, ұлттық бояуға нұсқан келген. Ұлттық-тарихи бояу аудармада барлық микроконтекстерде дұрыс берілмеген, себебі кейінгі қолданыстарында шапанға тек транслитерация ғана беріледі.

Жоғарыда талданған транслитерация мен транскрипция тәсілдерінен басқа киім реалияларын аударуда мәдени аналог тәсілі де өте жиі қолданылған. Транслитерация кезінде реалияның ұлттық-тарихи бояуы белгілі бір деңгейде сақталса, киім реалияларының мәдени аналогтары түпнұсқадағы кейіпкердің образын тұтастай өзгертіп жіберуі ықтимал. Мәселен, ұлттық аяқ киім түрі, шоңқайма етіктің аудармасын қарастырайық. Түсіндірме сөздік бойынша, шоңқайма етік дегеніміз қонышы тізеден аспайтын, тұмсығы үшкір, өкшесі тайқы былғары етік. Шоңқайманы сәнге кию үшін, жай саптамадан гөрі әдемілеп, өкшелігін, оймасын кестемен өрнектеп тігеді [54, б. 400]. Шоңқайма етіктің өзге етіктерден ең басты ерекшелігі – оның биік өкшесінің болуында.

(86) сөйлемдегі *шоңқайма етік* реалиясы орыс тіліне *сафьяновые сапожки* (сафиян етік) тіркесімен аударылған. Мұндағы сафьян – жоғары сапалы өңделген ешкі терісі [133]. Ол басқа түстерге боялып, етік жасауда пайдаланылған. Аудармашы түпнұсқа реалиясының денотативті мағынасын да, ұлттық бояуын да бере алған. Аударма нұсқа микроконтекст стиліне жақсы үйлескен.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(86)	“Алдымен байқағаны – қызыл торғын көйлектің шұбатылған етегі, <i>шоңқайма қара</i> етіктің тілдей сүйір басы” [55, б. 318].	“Сначала мелькнули подол красного атласного платья, загнутые носки черных <i>сафьяновых сапожек</i> ” [111, б. 333].



	Түпнұсқа	К. Фитцпатриктің аудармасы
(87)	“Кәмшат бөркінің үкісі ағарандап, шалбарлы, шоңқайма етіксі сыйда бой, бұраң бел Хансұлу ақ тісі жарқырап күліп, төңірегін қоршап сықылық атқан жастарға әлсін-әлсін ұмтылып жүр” [55, б. 20].	“With her movements, the owl’s down on her beaver cap shone, the fabric of her shalwah, tucked into her <i>morocco boots</i> rustled, the lithe and well-knit girl instinctively hurled herself at the voices and laughter and grabbed again at thin air, laughing loudly, baring her teeth, which were blindingly white in the light of the stars” [111, б. 23].

(87) сөйлемнің аудармасындағы *morocco boots* (марокен етік) тіркесіндегі марокен – алғашында Морокко елінде жасалған жұмсақ иленген ешкінің терісі. Оны кітап мұқабасы мен аяқ киім жасауда пайдаланған [125]. Бұл аударма да етіктің материалынан хабар береді, бірақ Морокко елі туралы қосымша семантикалық компоненттен тұрады. Сәйкесінше, мәдени аналог ұлттық мәдениеттен айтарлықтай алшақ болып шыққан.

Сәтті табылған мәдени аналогтардың біріне *бөкебай* реалиясының аудармасын жатқызамыз. *Бөкебай* – түйе, қой жүнінен, ешкі түбітінен иірілген жіптен тоқылатын орамал [143, б. 398]. Бұл реалияға орыс тілінде *шаль*, ағылшын тілінде *shawl* аналогы табылған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(88)	“Ақ бөкебайы мойнына лықсып, жалаң бас тұр Хансұлу” [55, б. 158].	“Белая шаль сползла на шею Хансулу, стоит простоволосая” [111, б. 166].	“Khansulu’s white shawl slid down to her neck, and she stood bare-headed, fear in her eyes” [112, б. 183].

Орыс тіліндегі *шаль* және және ағылшын тіліндегі *shawl* сөздері парсы тілінен енген кірме сөз болып табылады, әрі үлкен тоқылған орамал деген мағынаны береді [147, б. 280]. Бұл қазақтың *шәлісіне* жақын реалия болуы керек. Сәйкесінше, бұл сөздер атайтын материалдық зат қазақтың *бөкебайына* өте жақын. Сол себепті, аударманы барабар деп есептейміз.

*Түрме* реалиясына да сәтті мәдени аналог табылған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(89)	“Белін қызыл түрмемен шарт буған” [55, б. 147].	“На первом верблюде-наре, вислогубом, с большой головой, едет Сырга-байбише, тугонатуго подпоясалась красным кушаком” [111, б. 204].

«Түрме – жалпақ шашақты жібек белбеу. Ақ түрме басқа орау, тарту, жаулық үшін, қызыл түрме белге орау, байлау үшін жұмсалады» [127, б. 686]. Ал орыс тіліндегі *кушак* жалпақ белдіктің көнерген атауы. *Кушак* сөзін таңдай отырып, аудармашы реалияның тек денотативті мағынасын ғана емес, сондай-ақ тарихи бояуын да сақтаған.

Сәтсіз қолданылған мәдени аналогтарға *камзол* реалиясының аудармасын жатқызуға болады. Мәселен:

	Түпнұсқа	К. Фитцпатриктің аудармасы
(90)	“Басында үкісі бұлғақтаған кәмшат бөрік, үстінде – қырмызы <i>камзол</i> ” [55, б. 10].	“Her red silk <i>camisole</i> was held snugly to her slender waist with a fine clasp” [112, б. 10].

*Камзол* реалиясының аналогы ретінде алынған *camisole* сөзі ағылшын тілінде әйел адамның жеңсіз іш киімін атауда қолданылады [125]. Бұл нұсқа тек қана *камзол* реалиясын ғана емес, жалпы қазақ қызының бейнесін бұрмалайды. Мұндай аударма қателігін шартты түрде анантропизм (грек тілінен аударғанда ан – теріс, троп – адам) деп атаймыз. Бұл микроконтексте *камзол* реалиясын транслитерациялап, оған экспликация берген дұрыс деп ойлаймыз.

Киім реалиялары аудармасында гипо-гипероним тәсілі де өте жиі қолданылған. Мәселен, белбеу реалиясына *ремень* (белдік) және *belt* (белдік), жаулыққа *платок* (орамал) және *kerchief* (орамал), бөрікке *головной убор* (бас киім), *шапка* (бас киім) және *hat* (бас киім), күпіге *верхняя одежда* (сырт киім), тонға *мех* (тері) және *fur skin* (тері), жеңсізге *безрукавка* (жеңсіз киім), ішікке *coat* (ұзын сырт киім), камзолға *vest* (жеңсіз сырт киім) секілді гиперонимдері берілген. Бұл нұсқалардың барлығы реалияның тек микроконтекстегі қызметін ғана сақтайды, ал денотативті мағынасы мен формасын, ұлттық-тарихи бояуын бере алмайтыны анық.

Дегенмен, кей жағдайларда аудармашылар гиперонимді пайдалана отырып, реалияның экспрессивті коннотацияларын бере алған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(91)	“Басында үкісі бұлғақтаған кәмшат бөрік, үстінде – қырмызы <i>камзол</i> ” [55, б. 10].	“Она в круглой бобровой <i>шапочке</i> , пух филина на макушке клонится из стороны в сторону на ветерке” [111, б. 12].
(92)	“Басындағы мақтасы бұркыраған ескі бөрігін бір қолымен басып-басып қояды” [55, б. 77].	“На ходу старую <i>шапчонку</i> к голове прижимает, из нее ключьями лезет вата” [111, б. 85].

Шапка сөзіне жалғанған рең мәнін тудыратын –очк-, -чонк жұрнақтары түпнұсқа реалиясының коннотацияларын беруде қолданылған. (91) микроконтексте сұлу қызды суреттеуге *шапочка* сөзі алынған. Рең мәнін тудыратын жұрнақ қыздың бас киіміне ерекше нәзіктік лебін беріп тұр, ал реалияның денотативті мағынасы мәтін ішіндегі экспликация арқылы беріліп тұр. Ал екінші сөйлемдегі шапчонка нұсқасы суреттеліп отырған кейіпкердің бас киімін мысқылдауға пайдаланылған. Біздің ойымызша, аудармашының берген нұсқалары барабар әрі өте сәтті шыққан.

Аудармада контекстуалдық аналог ретінде түпнұсқа реалиясынан мағынасы мүлде өзгеше сөздер де пайдаланылады. Мәселен, түрме реалиясына *застежка* (ілгек) және *clasp* (ілгек), жаулыққа *платье* (көйлек) және *dress* (көйлек), сондай-ақ *handkerchief* (қол орамал), ішікке *skirt* (белдемше) секілді

контекстуалдық аналогтар берілген. Бір қарағанда мағыналары мүлде алшақ болып көрінгенімен, аудармашылардың ұсынған нұсқалары реалияның микроконтекстегі қызметін ашып тұр:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(93)	“Жақындай түссе ақ жаулығы қылаңытып теріс қарап отырған Хансұлу!” [55, б. 143].	“Подошел ближе, спиной к нему в белом платье сидит Хансулу” [111, б. 151].	“Khansulu was sitting in a white dress with her back towards him” [112, б. 165].

Аудармашы рецепцияны жеңілдету мақсатында жаулық реалиясын *платье* (көйлек) және *dress* (көйлек) реалияларымен берген болуы керек. Бұл аудармада реалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояуы сақталмағанымен, микроконтекстегі қызметі ашылған. Дегенмен, мұндай «еркін» нұсқалар контекстке нұқсан келтіруі ықтимал. Мәселен:

	Түпнұсқа	К. Фитцпатриктің аудармасы
(94)	“Жаулығы қолында, антұрғанның жүйрігін, шашы жайылып, балтыры жарқылдап зымғап келеді” [55, б. 197].	“Barefoot, in rags, a handkerchief in her hand, her hair trailing in the wind, she was racing toward them” [112, б. 214].

Түпнұсқадағы жаулық реалиясы ағылшын тілінде *handkerchief* (қол орамал) сөздері арқылы аударылған. Дегенмен, түпнұсқа авторының *жаулықты* кейіпкердің қолына «ұстатуы» бекер емес. Автор бұл жағдай арқылы кейіпкердің асығыс екендігін, қазақ әйелінің жалаң бас жүрмейтіндігін көрсеткен. Сол себепті, жаулықты қол орамалмен (*handkerchief*) сәйкестендіру мүлде орынсыз.

Мәдени аналог және гипо-гипероним тәсілдерін қолдану кезінде аудармашылар бірізділік ережесін сақтамаған жағдайлар да кездеседі. Реалия аудармасының бірізділігі дегеніміз бірнеше рет қайталанатын реалияны аудармада бір немесе екі түрлі нұсқамен ғана беру. Мәселен, романдағы *күпі* реалиясы орыс тіліне *телогрейка, фуфайка, стеганка, куфи, кути, верхняя одежда, безрукавка* секілді жеті түрлі нұсқамен аударылған. Сол сияқты, тон реалиясына орыс тілінде *тулуп, полушубок, шуба, мех* секілді төрт түрлі нұсқа беріледі. Аудармашының осыншама көп нұсқаларды беруіне ешқандай себеп те анықталмады. Біздің ойымызша, нұсқалардың тым көп болуы аударма тілін байытпайды, керісінше, түпнұсқа шындығына нұқсан келтіреді, әрі аударма рецепциясын ауырлатады.

Мәтін ішіндегі экспликация реалияның денотативті мағынасын да, ұлттық бояуын да жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, жаулық реалиясын қарастырайық. Сөздік бойынша, «жаулық – көлемі үлкен ақ матаны әйелдің басына орап тартатын баскиімнің ерекше түрі... Қазақ әйелдері балалары ер жетіп, «сары қарын» әйел болғанда (шамамен 25 жастан әрі) жаулық киді... Ал жаулықты әйел адамның айтылған жастан бастап пайдалануы оның үй шаруашылығын «дөңгелетіп» алып кететіндей тәжірибесі мол отбасының

ардақты анасы деген мәртебеге ие болғандығын білдіреді.» [138, б. 212]. Бұл реалияның келесі аудармасына назар салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(95)	“Жарты жолда Қозбағардың шешесі, Торқа кемпір, Жайбасқан бастаған топ әйел шашу шашып, қарсы алып, басына "жаулық" салып, ақ желек бүркеді” [55, б. 61].	“На голову Хансулу надели белый <i>жаулық</i> , <i>убор замужней женщины</i> , а лицо покрыли белой накидкой” [111, б. 67].

Түпнұсқада жаулық реалиясы тек қана бас киімді ғана, емес, қазақтың тұрмыс құрған әйелі киетін ерекше бас киім екендігін білдіреді. Аудармада бұл ақпарат мәтін ішіндегі экспликация арқылы ашылған. Оған *убор замужней женщины* (тұрмыс құрған әйелдің бас киімі) деген сипаттама берілген. Бұл орайда аудармашының шеберлігін атап өту қажет, себебі ол түпнұсқада жасырын тұрған мәдени ақпаратты «сезіп», оны аудармада көрсете білген, ал түпнұсқада жаулықтың тұрмыс құрған әйелдің бас киімі екендігі тек меңзеледі, ашып айтылмайды. Осы сөйлемдегі желек реалиясының символдық мәні, керісінше, ашылмаған. Желек – қазақ әйелінің некесі қиылып, «жат-жұртқа» келін болуының символы болып табылады [145, б. 291]. Аудармашы желекті *накидка* (жамылғы) гиперонимі арқылы аударған. Сәйкесінше, реалияның ұлттық бояуы жоғалған. Бұл рецепцияға нұқсан келтіріп тұр, себебі реципиент *жамылғының* неліктен қолданылғанын түсіне алмайды. Бұл микроконтексте мәтін ішіндегі экспликация тәсілі мен транслитерация/транскрипция тәсілін пайдалану орынды болар еді.

Киім реалияларын өзге тілдерге аударған кезде олардың материалдық қолданысын да ескерген жөн. Келесі мысалға назар аударайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(96)	“– Біреудің мәшинесіне мініп... <i>жаулығың</i> желпілдеп баратсың... Бұны қалай түсіндік?!” [55, б. 143].	“– Села в чью-то машину... Как это понимать?” [111, б. 152].	“You took off your <i>jaulyk</i> . How can that be understood? The <i>jaulyk</i> is the white kerchief of the married woman” [112, б. 165].

Түпнұсқадағы «жаулығың желпілдеп баратсың» фразасы «артқа қарамайсың», «содан басқа ешнәрсеге назар аудармайсың» деген мағынаны береді. Фразаны кейіпкер өзге ер адамның көлігіне отырған әйеліне айтады, яғни әйеліне деген өкпесін жеткізеді, оның қаншалықты жеңілтек екендігін көрсеткісі келеді. Бұл фраза орыс тіліндегі аудармада түсірілген. Ал ағылшын тілінде *you took off your jaulyk* (жаулығыңды шештің) деген фраза арқылы аударылған, яғни аудармашы түпнұсқада кейіпкердің басында болған жаулықты аудармада «шешкен». Бұл тәсіл түпнұсқадағы мәдени шындықты бұрмалайды. Осылайша, аудармашы түпнұсқадағы әйел адамның бейнесіне жағымсыз бояу қосады, кейіпкерді жеңілтек етеді. Аудармашының мұндай қателік жіберуі – оның ұлттық киім-

кешек түрлері туралы ақпаратының, оған қоса қазақ халқының мәдениетінен хабарының аздығынан. Айта кететін жайт, осы микроконтексте де ағылшын аудармашысы түпнұсқадан аударған секілді. Сол сияқты:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(97)	“Хансұлу...үстінде белін шүберекпен қынай бұған қарабарқын камзол. Басында ақ <i>жаулық</i> , иегінің астынан орап тартып алған” [55, б. 395].	“Хансулу... на ней черный приталенный бархатный камзол. На голове белый <i>жаулык</i> , перетянутый туго под мышками” [111, б. 424].

Бұл аудармада паронимия әсерінен орын алған қателікке куә боламыз. Қазақ тілінде иек сөздің астыңғы жақтың алдыңғы бөлігін білдіреді. Қазақ әйелдері күннің аптабы мен суығынан, желдің өтінен қорғану мақсатында жаулықты иектің астынан орап та тағатын болған [145, б. 292]. Аудармашы иек сөзін оның паронимі, иық сөзімен шатастырған болуы керек. Себебі аудармадағы кейіпкер жаулықты *қолтық астынан* (под мышками) орап алған. Бұл аударма материалдық шындықты ғана емес, қазақ әйелінің образын бұрмалап тұр.

Сонымен, киім-кешек реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

#### 12-кесте. Киім-кешек реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	71	0
2	Транслитерация/транскрипция	30	63
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	4	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	5	13
5	Функционалдық аналог	4	0
6	Калька	2	0
7	Мәдени аналог	17	7
8	Экспликация	7	8
9	Гипо-гипероним	37	36
10	Контекстуалдық аналог	5	9
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	20	4
	Балама	8	0
	Аударылмаған сөйлемдер	28	98

«Ақ боз үй» романындағы киім реалиялары аудармаларының барабарлығы бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. Романдағы сөздік реалиялардың барлығы орыс тіліне сөздіктегі сәйкестіктері арқылы аударылған. Сөздік реалия аударма мәтінге ұлттық бояуды рецепцияны ауырлатпай беруге мүмкіндік жасайды. Сөздік реалиялары ағылшын тіліне аударылғанда олардың орыс тіліндегі нұсқасы транслитерацияланып, ұлттық-тарихи бояуға нұқсан келген,

сол себепті транслитерацияны аралық орыс тілінен емес, тікелей түпнұсқадан жасау керек.

Реалиялардың ұлттық бояуы әсіресе ағылшын тіліндегі аудармада бұрмаланған. Реалияның семантикасын мұқият тексеріп алған жөн.

Ең жиі қолданылған аударма тәсілдері – транслитерация/транскрипция, мәдени аналог және гипо-гипероним тәсілдері. Мәдени аналогтардың бірқатары түпнұсқадағы кейіпкер образын бұрмалаған, яғни ұлттық нақыштың жоғалуына себепкер болған. Күпі, ішік, тон секілді реалияларға кем дегенде төрт аударма нұсқасы беріліп, бірізділік ережесі бұзылған. Қандай да бір реалияны аудару тәсілін таңдау кезінде, әрине, әр түрлі факторлар әсер етеді. Дегенмен, бірізділік ережесін де есте ұстаған абзал. Киім реалияларының символдық семантикалық компоненттері мәтін ішіндегі экспликация тәсілі арқылы берілген. Бұл тәсіл өте орынды деп есептейміз.

### 10. Әшекей бұйымдары реалияларының берілу барабарлығы.

Романдағы әшекей бұйымдары арасынан ұлттық сипаты ерекше шашбау, шолпы, шығыршық реалиялары 19 түрлі микроконтекстте қолданылған.

Ең жиі кездесетін реалия – шолпы. Бұл бұйымға энциклопедиялық сөздікте өте жақсы түсіндірме беріледі: «Шолпы – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады... Шолпыны о баста әйелдер қара ниетті тылсым күштерден қорғану үшін тағып жүрген. Халық адамның жарты жаны шашта болады деп, оны қорғау мақсатында шолпы, шашбау таққан. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жеткен. Шолпы жас қыздардың жүрісі мен бойын тік ұстау мәнерін қалыптастырған.» [140, Б. 530-531]. Шолпының тағы бір ерекшелігі – жас қыздар мен келіншектердің тағуында. Жасы келген әйелдер шолпы тақпаған.

Қазақ қоғамында шолпы сылдырының да өзіндік мәні болған. Шолпының сылдыры арқылы жақын маңда арудың жүргендігін білуге болатын. Ақын Мағжан Жұмабаевтың “ Су ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып, Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып ” [146, б. 36] деген өлең жолдары да осыған дәлел. Сондықтан болар, қазақ әдебиетінде қазақ аруының бейнесінде міндетті түрде шолпы көрініс тауып отырады. Осындай сәні мен мәні ерекше әшекей бұйымы атауының аудармаларын қарастырайық. Романның орыс тіліндегі аудармасында шолпыға екі аудармашы екі түрлі түсініктеме береді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(98)	“Шолпысы сылдырап үйге кіріп-шығып күйбеңдеп жүріп, шамды өшіріп Балқия ақыры жатып қалған” [55, б. 11].	“Долго Балкия крутилась по хозяйству – появлялась, исчезала, – это они по звону шолпы угадывали. Шолпы – металлические подвески-украшения в косах” [111, б. 13].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(99)	“Шолпысы сылдырап... сызылып басып бір әсемдік әлемін әкеле жатыр” [55, б. 379].	“Шолпы мерно позвякивали в такт шагам... будто с этой музыкой неся весть о призрачном дивном мире. Шолпы – длинные серебряные сережки” [111, б. 405].

(98) микроконтексте шолпы реалиясына транслитерация берген аудармашылар, оған сілтемеде экспликация да берген. Аудармашы Л. Космухамедованың *металлические подвески-украшения в косах* (бұрымға тағатын металдан жасалған салпыншақ әшекей бұйым) анықтамасы *шолпы* реалиясының ұлттық бояуын толық ашып тұр. Аудармашы шолпының ұлттық бояуын мәтін ішінде аша түскен. Түпнұсқада Балқияның шолпысы сылдырағаны ғана айтылады, ал аудармада *это они по звону шолпы угадывали* (бұлар оны шолпының сылдырынан біліп отырды) экспликация берілген. Бұл аударма көркем проза стилімен жақсы үйлескен.

(99) микроконтекстегі А. Жақсылықовтың *шолпы* реалиясына берген түсініктемесін қарастырайық. Аудармашы шолпыны *длинные серебряные сережки* (ұзын күміс сырға) деп анықтайды. Бұл жағдайда аударманың қате екендігі анық, себебі бұрымға тағылатын шолпының құлаққа тағылатын сырғаға еш қатысы жоқ. Мұндай сілтеменің орнына мәтін ішінде шолпы в косах (бұрымындағы шолпы) экспликациясын жасаған әлдеқайда барабар болар еді.

Сонымен, Л. Космухамедованың аудармасын барабар деп санаймыз, себебі реалияның ұлттық-тарихи бояуы да, контекстуалдық мағынасы да барынша сақталған. Аударма сөздіктерде шолпыға *подвески; серебряные украшения, подвешиваемые к женской косе* (салпыншақ, бұрымға тағылатын күміс әшекей бұйым) деген экспликация ұсынылады [115]. Дегенмен, аудармашы *подвески* (салпыншақ) нұсқасын таңдамаған, реалияның ұлттық-тарихи бояуын сақтағысы келген. Оған қоса, орыс халқындағы *подвески* (салпыншақ) бұйымы мойынға тағылатын әшекей, бас киімге тағылатын *рясна және колты, брелок, сырға* секілді әшекейге қатысты қолданылады. Сол себепті, *подвески* сөзін мәдени аналог ретінде пайдалана алмаймыз.

Ағылшын тіліндегі аударманы қарастырайық. Шолпы реалиясының бірінші қолданысы транслитерация мен сілтеме арқылы берілген:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(100)	“Шолпысы сылдырап үйге кіріп-шығып күйбеңдеп жүріп, шамды өшіріп Балқия ақыры жатып қалған” [55, б. 11].	“Balkiya bustled about her chores for a long while, appearing and disappearing, which they guessed from the tinkling of the <i>sholps</i> . The <i>sholps</i> are silver pendants” [112, б. 11].

Мәтіннен тыс экспликацияда шолпының *күмістен жасалған салпыншақ* (silver pendants) екендігі аталады. Дегенмен, сөздік бойынша *pendant* (салпыншақ) мойын алқасына тағылатын салпыншақ деп анықталады [125]. Бұл аударманы оқыған реципиентте *шолпы* турасында мойынға тағылатын әшекей бұйым деген ой қалыптасатыны анық. Оған қоса, бұл аударма қазақ қызының бейнесін бұрмалайды, себебі мойындағы салпыншақтың сылдырауы биязы қозғалатын арудың емес, мойнындағы әшекей бұйымының дыбысы шығатындай етіп арсыл-гүрсіл қозғалатын қыздың бейнесін қалыптастырады. Сол себепті, аудармашы бұл бұйымның бұрымға тағылатындығын атап өтуі қажет еді. Дегенмен, аударма соңында берілген этнографиялық глоссарийде шолпы реалиясына *silver bell at the end of girls’ braids* (қыз бұрымының ұшындағы күміс қоңырау) деген анықтама

беріледі. Бұл жағдайда шолпының бұрымға тағылатындығы атап өтілгенімен, шолпы мен қоңырау салыстыруға мүлде келмейді. Сол себепті, бұл аудармаларды барабар деп есептей алмаймыз. Оған қоса, жоғарыда атап өткеніміздей, мәтіннен тыс сілтеме, әсіресе, глоссарийлер, көркем прозадағы реалияларды аударудың ең тиімді тәсілдері емес.

Осы сөйлемдегі шолпы реалиясының транслитерациясы да назар аударарлық. Аудармашы түпнұсқадағы –ы дыбысын қалдырып, *sholp* (шолп) деп транслитерациялаған. Нәтижесінде, қазақтың шолпысы ағылшын тілінде *sholp* (шолп болып оқылады) болып кеткен. Тіпті, ағылшын тілінде аударма соңында берілген этнографиялық сөздікте де осындай қателік жіберілген [112, б. 292]. Айта кететін жайт, ағылшын тіліндегі аудармада шолпы реалиясына тағы басқа бірнеше транслитерация берілген:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(101)	“Шашбауынан кілтті шешіп алып енесіне берді” [55, б. 177].	“Throwing one braid over her chest with a shrug of her shoulder, she stretched it out to the <i>sholpi</i> on the end, unwound the key and gave it to her mother-in-law” [112, б. 194].
(102)	“Шолтысы күлдіреп-сылдырап Хансұлу төрге қарай ұяла басып келеді” [55, б. 150].	“Her <i>sholpy</i> jangled and sang as she walked” [112, б. 173].

Жоғарыда аталған *sholp* (шолп) нұсқасын қосқанда, *sholpi* (шолпи) және *sholpy* (шолпы) атты үш түрлі транслитерация кездеседі. Бұл да аудармашының салғырттығын дәлелдейді, бірізділік ережесінің бұзылғанын білдіреді.

Транслитерация тәсілінен басқа *шолпы* реалиясы орыс тіліне *коса* (бұрым) контекстуалдық аналогы арқылы аударылса [111, б. 188], ағылшын тілінде аралық орыс тілінен *braid* (бұрым) контекстуалдық аналогы [112, б. 194], *ornaments* (әшекей) гиперонимі [112, б. 58], *tassles* (шашақтар) [112, б. 81] және *beads* (моншақтар) [112, б. 155] секілді контекстуалдық аналогтары берілген. Жоғарыда атап өткеніміздей, түпнұсқадағы шолпының сылдыры маңызды ақпарат болып табылады, ал К. Фитцпатрик ұсынған мына аудармалар шолпының сылдырынан хабар бермейді, тіпті қазақ аруының бейнесін бұрмалайды. Біздің ойымызша, *моншақ* және *шашақ* сөздері шолпы реалиясының микроконтекстегі қызметін атқара алмайды. Бұл аударма нәтижесінде қазақ аруының мойнында алқасы мен моншағы, киіміндегі шашақтары «сылдырап-гүлдіреп» кеткен.

Шолпы секілді сәні де, мәні де ерекше ұлттық әшекей бұйымдарының енді бірі – шашбау. Бұл реалия да түпнұсқада жиі кездеседі. «Шашбау – қыз-келіншектер шашына тағатын сәндік әшекей-бұйым... Шашбауды бұрымға қоса өріп, шаштың ұшына таяу жерден оны бір шалып байлайды да, бұрымның ұшын бекітіп тастайды... Шашбау біріншіден, әйел шашының өсуіне ықпалын тигізеді, екіншіден, басқа массаж жасайды. Ерте заманда шашбау тағу шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады деген түсініктен туындаған.» [140, б. 465]. Аударма сөздіктерде шашбауға *накосник* [115] секілді гипероним және лента с



украшением, вплетаемая в косу (бұрымға қоса өрілетін әшекейі бар бау) секілді экспликация нұсқалары ұсынылады.

Роман аудармасындағы нұсқаларға назар салайық. Л. Космухамедова барлық жағдайда *шашбау* реалиясын *шолпы* реалиясымен алмастырып, функционалдық аналог тәсілін пайдаланады. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(103)	“Шымылдық алдында бұратылып отырған Хансұлу сырға, <i>шашбауы</i> сылдырап түрегелді” [55, б. 63].	“Хансулу поднялась, зазвенела серьгами и <i>шолпами</i> ” [111, б. 70].

Бұл арқылы аудармашы мәтіндегі реалиялардың санын азайтқысы келген болар. Дегенмен, ұлттық әшекей бұйымдарының сан түрлі екендігін көрсетуге болар еді, себебі *шолпы* мен *шашбау* бір емес. Мәселен, орыс халқында қазақ ұлтының шашбауына ұқсайтын *накосник* атты бұйым бар. Накосник – моншақпен, шашақпен, т.б. әсемделген қыз бұрымының ұшына тағылатын үшбұрышты салпыншақ [147, б. 152]. Шашбауды *накосник* деп аударуға да болады. Аудармашы А. Жақсылықов шашбауға мәтін ішіндегі экспликация берген:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(104)	“Теңді Хансұлу қапталға ысырды да <i>шашбауынан</i> кілтті шешіп алып сандықтың құлпын ашты” [55, б. 267].	“Хансулу сдвинула в сторону тюк, развязала <i>ленту, стягивающую ее косы</i> , нашла ключ и открыла замок на сундуке” [111, б. 275].

Бұл аудармада реалияның формасы бейтарапталған, бірақ денотативті мағынасы берілген. Аудармашының нұсқасы көркем проза стилімен үйлесетінін атап айту керек. Кейбір микроконтекстерде А. Жақсылықов *шашбауды сережки* (сырға) сөзімен алмастырған:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(105)	“Бұлар үйге кіргенде <i>шашбауы</i> сылдырап-гүлдіреп Тұрымтай сыртта қалған” [55, б. 347].	“Когда они вошли в помещение, Турымтай, звеня своими <i>сережками</i> , прохаживалась во дворе” [111, б. 368].

*Сережки* (сырға) сөзі *шашбау* реалиясының микроконтексттегі қызметі мен денотативті мағынасын аудармада сақтау үшін таңдалған болуы керек. Дегенмен, бұл аудармада реалияның ұлттық-тарихи бояуы толығымен жойылған. Оған қоса, қазақ қызының образы да бұрмаланған, себебі шашбаудың үні мен сырғаның үні мүлдем бөлек.

Ағылшын тіліндегі аудармада *шашбау* реалиясы *шолпы* реалиясының транслитерациясымен *sholpi* [112, б. 194] деп, сондай-ақ, *tassles* (шашақтар) [112, б. 81], *bangles* (білезіктер) [112, б. 155] секілді сөздер арқылы да берілген. Біріншіден, *шашбау* мен *шолпының* екі түрлі әшекей бұйымдары екендігін ескеру қажет еді. Екіншіден, *шашақтар* да, *білезіктер* де шашбау реалиясының

контекстуалдық мағынасы мен қызметін атқара алмайды, яғни контекстуалдық аналог бола алмайды. Келесі мысалды қарастырайық. (106) мысалда аудармашы шашбауды *bangles in her braids* (бұрымындағы білезіктер) деп аударған. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігі бойынша, *bangles* – білекке не тобыққа тағылатын білезік деп беріледі [125], яғни оның бұрымға тағылуы мүмкін емес. Аудармашы бұл сөзді таңдай отырып, өрескел қателік жасаған.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(106)	“ <i>Шашбауы</i> сылдырап-гүлдіреп Нарқыз төсек салу қамына кіріскенде, Бұқабай серпіліп қатты қуанып кетті” [55, б. 121].	“When Karkyz, with the <i>bangles</i> jingling in her braids, set about making up his bed, Bukhabay cheered up” [112, б. 155].

Біздің ойымызша, *шашбау* реалиясын ағылшын тіліне аударғанда *bangles* сөзінің орнына шашбауды транслитерациялаудың өзі жеткілікті болар еді, себебі бұрымындағы (*in her braids*) экспликациясы реалияның денотативті мағынасын ашып тұр.

Шығыршық реалиясының аудармасын қарастырайық. Бұл әшекей бұйымы салпыншағы дөңгеленіп келген сырғаны білдіреді [54, б. 519]. “Қазақтарда сырғаның «шығыршық сырға, шарбақ сырға, ай сырға, сояу сырға, қоңырау сырға, иықты сырға, күмбезді сырға, төбе сырға, салпыншақ сырға, жалпақ сырға тағы басқа” түрлері бар [54, б. 519]. Аударма сөздіктерде бұл реалияға орыс тілінде *серьги в форме кольца* (дөңгелек формадағы сырға) деген экспликация беріледі [52]. Аудармашы А. Жақсылықов шығыршыққа *сережки* (сырға) генерализациясын береді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(107)	“Құлағында үлкен күміс <i>шығыршық</i> сылдыраған” [55, б. б. 346].	“В ее ушах позвякивали длинные серебряные <i>сережки</i> ...” [111, б. 366].

Біздің ойымызша, А. Жақсылықовтың нұсқасы *шығыршықтың* нақты қандай сырға екендігін көрсетпегенімен, реалияның денотативті мағынасын жеткізіп тұр. Сол себепті, бұл аударманы барабар деп есептейміз. Сондай-ақ, *шығыршықты* орыс тіліне *серьги-кольца* (дөңгелек сырға) деп аударуға да болады.

Романдағы әшекей бұйымдары реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде көрсетілген:

13-кесте. Әшекей бұйымдары реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	2	3	4
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	4	2
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	1	0

<i>13-кестенің жалғасы</i>			
	1	2	3
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	1
5	Функционалдық аналог	3	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	1	1
9	Гипо-гипероним	3	1
10	Контекстуалдық аналог	3	5
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	2	1
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	0	8

Орыс тіліндегі аудармада транслитерация/транскрипция, функционалдық аналог, контекстуалдық аналог жиі пайдаланылса, ағылшын тіліндегі аудармада негізгі тәсіл – контекстуалдық аналог. Романдағы әшекей бұйымдары реалияларының орыс және ағылшын тіліндегі барабарлығы бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

- тек *шолпы* реалиясының аудармасында ғана ұлттық-тарихи бояу сақталған, ал *шашбау*, *шығыршық* реалиялары негізінен функционалдық және контекстуалдық аналог арқылы аударылған;

- шолпы реалиясына ағылшын тілінде үш түрлі транслитерация берілген, әрі оның біреуі ғана транслитерация заңдылықтарына сай;

- шолпы мен шашбау реалияларына ағылшын тіліндегі аудармада *моншақ*, *білезік*, *шашақ* секілді контекстуалдық аналогтар берілген, дегенмен олар реалиялардың қызметін атқара алмайды.

Сонымен, әшекей бұйымдары реалияларын аударғанда да мәтін ішіндегі экспликацияны пайдаланған орынды, себебі звенели (сыңғырлады), на косах (бұрымындағы) деген сияқты сөздер реалияның денотативті мағынасын, ал транслитерация ұлттық бояуын жеткізуге мүмкіндік береді.

**11. Ақша бірліктері реалияларының берілу барабарлығы.** Бұл семантикалық топ реалияларының аударылу мәселесі өлшем бірліктер атауларын аудару мәселесі секілді ХХ ғасырдың 60-жылдары көтерілді. Зерттеушілердің бір тобы ақша бірліктері реалияларын транскрипциялау қажеттілігін атап көрсетеді [72, б. 134]. С. Влахов пен С. Флорин экспрессиялық бояуы бар ақша бірліктері атауларын аудару мәселесін зерттеген. Олардың ойынша, бұл жағдайда ақша реалияларын транскрипциялау аударма барабарлығына кереғар болады [6, Б. 153-165].

Қарастырылып отырған романда ақша бірліктері атауларынан *сом*, *тайтұяқ* секілді реалияларды кездестіруге болады. Сом реалиясы түпнұсқада 3 рет аталады. Сом – кеңестік дәуірде одақтық ақша өлшемі болған. Анықтамадан көріп отырғанымыздай, сом реалиясының аймақтық, оның ішінде қазақ ұлттық бояуы бар. Оған қоса, романның сюжеті ХХ ғасырдың 30-жылдары, яғни Кеңес дәуірінде орын алуы бұл реалияның тарихилық бояуын көрсетеді. Осы

реалияның орысша және ағылшынша аудармаларын қарастырайық. (108) мысалды аудармашы Л. Космухамедова *сом* реалиясын *рубль* мәдени аналогы арқылы берген. Аударма сөздіктерінде де осы аударма беріледі [52].

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(108)	“Жылқының нарқы базарда 80-90 <i>сом</i> екен. Бұлыштың мініп келген биесін табан астында 90 <i>сомға</i> кесті де, соның есебінен екі қалта жүгері, қант, шай, сабын тәрізді кәкір-шүкірлерді қорасынан-ақ алып берді” [55, б. 134].	“Цена лошади на базаре не превышала восьмидесяти-девятидесяти <i>рублей</i> . Кобылицу, на которой приехал Булыш, он оценил в девятидесяти <i>рублей</i> и из этого расчета выдал ему из своих запасов две торбы кукурузы, сахар, чай, мыло и прочие необходимые тому товары” [111, б. 142].

Дегенмен, бұл аударманы барабар деп санай алмаймыз. Себебі *рубль* сөзін оқыған реципиенттің ойында қазақ халқының ақша бірліктері туралы ассоциация қалыптаспайды. Сөздік бойынша, *рубль* – Ресейдегі негізгі ақша бірлігі [123]. Яғни, реалияның ұлттық сипаты жоғалып тұр. Аудармашы ұлттық реалияны өзге ұлттың реалиясымен аударған. Бұл романдағы тарихи шындықты бұрмалап тұр. Бұл аудармада реалияның тек сөйлемде атқарып тұрған қызметі ғана сақталған. Біздің ойымызша, *сом* транслитерациясы реалияның денотативті мағынасын контекст аясында аша алатын еді.

Келесі мысалды қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л.Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(109)	“Бидай тұрмақ жүгерінің өзі қат базарда. Кіләсі 2 <i>сомға</i> көтерілді” [55, б. 205].	“Кукурузу и ту на базаре не купишь. Кило – два <i>рубля</i> ” [111, б. 214].	“A kilogram was more than two <i>soms</i> . Сілтеме: Som is a Turkic word for currency meaning ‘pure’, as in gold. It was used to describe currency in the Soviet era in Central Asia” [112, б. 223].

Л. Космухамедова бұл жағдайда да мәдени аналог тәсілін қолданған. Мүмкін, аудармашы реалияны реципиентке барынша жақындатқысы келгендіктен *рубль* сөзін таңдаған болар. Дегенмен, сюжет бойынша Кеңес одағымен алысып жүрген ауыл азаматтарының *рубль* сөзін атауы – түпнұсқаның ұлттық бояуына кереғар, әрі аудармадағы тарихилық сипатты жойып тұр. Сол себепті, *сом* реалиясының *рубль* деген аудармасын барабар деп санай алмаймыз. Оған қоса, түпнұсқада жүгерінің 2 *сомға* қымбаттағаны айтылса, аудармада оның бағасы 2 *рубльді* құрайтындығы айтылады. Бұл аударма түпнұсқаның мәніне айтарлықтай әсер етпегенімен, қателік болып саналады.

К. Фитцпатрик *сом* реалиясын ағылшын тіліне транслитерациялап, оған мәтіннен тыс экспликация берген. Сілтемеде *сомның* түркі тілінен аударғанда «таза» деген мағынаны беретіндігі, яғни алтынның тазалығы дегеннен шыққандығы, Орта Азияда Кеңес үкіметі кезінде ақша бірлігі ретінде қолданылғандығы жазылған. Аудармашы, сонымен қатар, реалияға көптік

жалғауын жалғап (soms), оның ағылшын тіліне сіңуіне септігін тигізген. Айта кететін жайт, *сом* реалиясы ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде Қырғызстан мен Өзбекстанның ақша бірлігі деп түсіндіріледі, әрі бұл сөздің рубль сөзінің аудармасы екендігі аталады [125]. Аудармашы реалияның мағынасын сақтауға, түпнұсқадағы қызметін ашуға талпынғанымен, ағылшын тілінде де реалияның денотативті мағынасын жай ғана транслитерация арқылы да ашуға болар еді деп санаймыз.

Ақша бірлігі ретінде қолданылған бағалы бұйым *тайтұяқ* реалиясын қарастырайық. Егер *сом* реалиясы әлі де ақша бірлігі ретінде қолданыста болса, тайтұяқ реалиясы архаизмге айналып кеткен. «*Тайтұяқ* дегеніміз 19 ғасырға дейін қазақ жерінде айналымда болған ақша түрі. Тайтұяқтың көлемі мен пішіні тайдың тұяғына ұқсас жасалған. Оның кішкентай түрі – қойтұяқ, ал үлкені – жамбы деп аталады» [126, б. 628]. Мұндай бұйым құдаларға сый ретінде, әрі ақындарға, жыршыларға, палуандарға, т.б. бәйге ретінде беріліп отырған. Қазіргі таңда қазақ күресінде да осы дәстүр жаңғыртылып, спортшыларға тайтұяқ беріледі. Тайтұяқ, сондай-ақ, өсімдік атауы мен қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының бір түрі болып табылады. Дегенмен, С. Елубайдың бағалы алтын не күміс бұйымын меңзегені анық.

Түпнұсқада *тайтұяқ* реалиясы бір рет кездеседі, ұлттық бояуы актив. Аудармашылардың жұмысы назар аударарлық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(110)	“Тұз сатып мандытпайтын болғаннан кейін, энеугі <i>тай-тұяқты</i> өткіздім, бір өзбекке, 3 кілә жүгеріге” [55, б. 205].	“Не вышло ничего из соли, так я тот <i>слиточек золотой</i> – одному узбеку за три кило кукурузы” [111, б. 214].	“And since the salt didn’t sell at the bazaar, we had to sell our <i>small livestock</i> to the Uzbeks” [112, б. 223].

Реалия орыс тіліне *слиточек золотой* (кесек алтын) деп аударылған. Аудармашы реалияның мәнін экспликациялаған. Нәтижесінде, реалияның сөйлемдегі денотативті мағынасы ғана сақталған, ал ұлттық және тарихилық сипат жоғалған. Мәселен, орыс тіліндегі аудармада кесек алтынның көлемі тайдың тұяғындай екендігі жайлы ақпарат жоқ. Бірақ, аудармашы оның кішкентай екендігін меңзеу мақсатында реалияға рең мәнін тудыратын –очек жұрнағын жалғаған. Аударма сөздіктерді қарайтын болсақ, тайтұяқ орыс тіліне *слиток величиной с копыто стригунка (золота, серебра)* деп сипатталады [52]. Алайда аудармашы мұндай түсіндірмелі аударманы қолданар болса, онда реципиенттің аударманы қабылдауы ауырлайтын еді. Сол себепті, аудармашы Л.Космухамедованың тәсілін барабар деп санаймыз.

К. Фитцпатрик тайтұяқты *small livestock* (кішкентай мал) деп аударды. К.Фитцпатриктің осы микроконтекстіні аралық орыс тілінен емес, түпнұсқадан аударғандығы айқын. Бұл орайда аудармашының қателескенін бірден аңғаруға болады, себебі тайтұяқтың ұсақ малға ешқандай қатысы жоқ. Бұл қателік С.Влахов пен С. Флорин сипаттаған реалиялардың омонимиясы себебінен орын

алуы да мүмкін [6, Б. 147-153]. Яғни аудармашы тайтұяқ біріккен сөзіндегі тай реалиясын негізге алады. Тай – бір жастан асқан, 2 жасқа толмаған жылқының төлі [142, б. 175]. Осыдан аудармашының ойында қате ассоциациялар туындап, *кішкентай мал* деген аударманы таңдаған болуы керек. Әрине, аудармашы тайтұяқ реалиясының нақты мәнін біле тұра, *кішкентай мал* деген нұсқаны арнайы таңдаған болуы да мүмкін. Бұл жағдайда, *кішкентай мал* нұсқасы түпнұсқадағы ақпаратты бұрмалаған. Себебі, түпнұсқада Пахраддин тайтұяқты үш келі жүгеріге айырбастайды. Шығарманың бұл бөлігінде Пахраддиннің ауылында мал тұрмақ, бір уыс бидай да қалмаған еді. Ал аштық әсерінен азық таппай жүрген азаматтың ұсақ малды жүгеріге айырбастауы – ойға қонымсыз. Сол себепті, ағылшын тіліндегі аударманы қате деп санаймыз. Тайтұяқ реалиясын ағылшын тіліне экспликация тәсілі арқылы *small gold ingot* (кесек алтын), *a piece of gold* (алтын) деп аударған дұрыс болар еді.

Келесі кестеде ақша бірліктері реалияларының аударылу тәсілдері қорытындыланады:

14-кесте. Ақша бірліктері реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	0	1
2	Мәдени аналог	3	0
3	Экспликация	1	0
4	Контекстуалдық аналог	0	1
	Аударылмаған сөйлемдер	0	2

Қорыта келе, ақша бірліктері реалияларын орыс тіліне аударғанда мәдени аналог және экспликация тәсілдері, ал ағылшын тіліне аударғанда транслитерация мен экспликация, контекстуалдық аналог тәсілдері пайдаланылған.

Қазақ тіліндегі ақша бірліктері реалияларын орыс және ағылшын тілдеріне аударғанда ұлттық-тарихи бояу актив болғанда транслитерация/транскрипция тәсілдерін қолданған жөн. Бұл жағдайда реалияларға қосымша экспликация берудің қажеті жоқ, себебі реалияның денотативті мағынасы контекстен анықталады. Мәдени аналог тәсілі тиімсіз болып табылады, себебі аудармадағы тарихи шындықтың бұрмалануы ықтимал.

**12. Өлшем реалияларының берілу барабарлығы.** Өлшем реалияларына белгілі бір ұлттың салмақ, ұзындық, аудан, сұйықтық пен сусымалы денелердің көлемін білдіретін өлшем атаулары жатады. Аудармашылар реалиялардың бұл түрін аударудың қиындығы туралы ХХ ғасырдың 60-жылдары-ақ айтып кеткен [149, б. 115]; [150, б. 35]; [72, б. 134]; [6, б. 154], [18, б. 183]. Оның себебі – мұндай реалиялардың сандық мәнінің болуында. С. Влахов пен С. Флорин өлшем атаулары реалияларын барабар аударудың бірнеше заңдылықтарын атап көрсетеді: 1) өлшем реалияларының белгілі бір сандық мәні бар, сол себепті олар аударма мәтінде міндетті түрде берілуі керек; 2) өлшем реалиясын түсініксіз және белгісіз бөгде реалиямен емес, аударма реципиентіне таныс өлшем

реалиясымен аударғанда көркем образдың рецепциясы анығырақ болады; 3) аналог тәсілі реалияны толығымен бейтараптайды (нейтрализация), бірақ кейбір жағдайларда тарихилық бояудың сақталуына мүмкіндік береді; 4) егер реалияның контекстегі мәні маңызды болса, төл сөзде қолданылса не жуық шама көрсетілсе, онда транскрипция тәсілі қолданылады; 5) бір қолданылған лексикалық бірлікті реалия қайталанған жағдайда қайта қолдану керек; 6) көнерген ұлттық өлшем атауларын транскрипция арқылы не функционалдық аналог арқылы берген жөн [6, Б. 153-165].

«Ақ боз үй» романында мынадай ұлттық өлшем атаулары кездеседі: *адым, елі, қадам, қарыс, көш жер, қозы көш, қол созым, құлаш, тай шаптырым, тұтам, уыс, шақырым, шөкім*. Бұлардың кейбірі қазіргі таңда қолданыста болса (*адым, қол созым, уыс, тұтам, шақырым, шөкім*), біразы көнерген (*елі, қарыс, көш жер, қозы көш, құлаш, тай шаптырым*). Бұл семантикалық топ реалиялары түпнұсқада 30 микроконтексте кездеседі.

*Шақырым* реалиясының семантикасын қарастырайық. Шақырым реалиясы түпнұсқада 3 рет кездеседі. Шақырым – қазақтың байырғы ұзындық өлшемі. Ол Орта Азия мен Қазақстанда, сондай-ақ бірқатар Шығыс елдерінде де кең тараған. Қазақта шақырым өлшеміне дауыс жетер жердегі қашықтық алынған. Бұл нақтылы бір мәнге ие болмаған. Техника ғылымдарының кандидаты Жанбай Өзденбаевтың пікірінше, «айқайдың естілу қашықтығы айқайлаушы мен естушінің толып жатқан физиологиялық ерешеліктеріне және қоршаған орта жағдайына, тәулік мезгіліне байланысты. Не айтылып жатқанын айыруға келмейтін айқай дауыстың естілу қашықтығының мөлшерлі мәні әр түрлі, ол кейде 1-1,5 км [151]. Сонымен, шақырым өлшем бірлігі шамамен 1 километр қашықтықты білдіреді.

Қазіргі таңда 1 километр қашықтық шақырым деп аталып жүр, яғни бұл сөз терминге айналған. Сондықтан болар, аударма сөздіктерде шақырым сөзіне екі түрлі нұсқа беріледі: *километр* және көнерген сөз, *верста*. Километр – кең таралған, 1000 метрге тең эталондық өлшем бірлігі болса, верста – 1066,781 метрге тең орыс тілінің байырғы өлшем бірлігі [152, Б. 19-32]. Романның аудармаларындағы нұсқаларға назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(111)	“Тұщыбұлақтан Нарқамысқа дейінгі елу-алпыс <i>шақырым</i> аралықты жаяу желіп өтті” [55, б. 271].	“От самого Тущыбулака до Наркамуса прошагал он шестьдесят <i>километров</i> ” [111, б. 279].
(112)	“Ойпырмай, оннан енді асқан шиеттей нәресте жетпіс <i>шақырым</i> жерге қалай жаяу барды екен, жолда өліп қалмай” деп жұрт аңыз қылады” [55, б. 367].	“Народ удивился: “Ойпырмай, как это подросток, едва достигший десяти лет, один прошел семьдесят <i>километров</i> по бездорожью?” [111, б. 391].

Екі жағдайда да *шақырым* реалиясы *километр* сөзімен аударылған. Бұл аудармада реалияның денотативті мағынасы сақталған. Оқырманға *километр* сөзінің таныс екендігі анық. Дегенмен, бұл аудармада реалияның ұлттық бояуы толығымен бейтарапталған. Тарихилық жағынан қарастыратын болсақ,

*километр* нұсқасы мүлде дұрыс емес. Бұл жағдайда реалияның қай кейіпкерге қатысты екендігін ескеру керек еді. Мектебі жоқ ауыл тұрғындарының *километр* терминін қолдануы құлаққа тосын естіледі. Әсіресе, екінші жағдайда төл сөз құрамында осы терминді қолдану тарихи шындыққа жанаспайды. Аударматануда бұл құбылысты, яғни реалияның тарихи шындықты бұрмалайтын сөзбен аударылуы анахронизм деп аталады. Келесі аударманы қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(113)	“Мен жатқан Леуштың үйіне екі шақырымдай жерде, қырқа үстінде оңаша бір алаң бар еді” [55, б. 491].	“В километрах двух от дома Леуша на возвышенности была небольшая площадь” [111, б. 520].

Бұл аудармада *километр* нұсқасы анахронизм емес, себебі сюжет бойынша кейіпкер – жоғары білім алған, терминдермен таныстығы бар Едіге-жазушы. Оның сөзіне километр терминін қосу тарихи шындықты бұрмаламайды.

Сонымен, *шақырым* реалиясының аудармасын барабар деп есептей алмаймыз, дегенмен километр термині ең оңтайлы нұсқа болып табылады. Себебі, түпнұсқадағы контекстуалдық мағына толығымен сақталған. Орыс тіліндегі *верста* өлшем бірлігі реалияның денотативті мағынасын да, тарихи бояуын да сақтауға мүмкіндік берер еді.

*Тай шаптырым* реалиясын қарастырайық. Қазақ халқының ат шаптырым, құнан шаптырым, тай шаптырым секілді өлшем атаулары болған. Олардың әрқайсысының белгілі бір мәні бары айқын. Дегенмен, *тай шаптырымның* мәні түрлі сөздіктер мен ғалымдардың еңбектерінде әр түрлі белгіленеді. Мәселен, ғалым К. Күркебаевтың пікірінше, тай шаптырым 5-10 шақырымды межелейді [153, б. 144]. Зерттеуші С. Кенжеахметовтың пікірінше, тай шаптырым 4-5 километр қашықтықты білдіреді [154, б. 54]. Ж. Ахмедованың ойынша, құнан шаптырым жер шамамен 8-10 километрді құраса, тай шаптырым одан 3-5 километрге аз [155, б. 9]. Е. Жанпейісов өз еңбегінде М. Әуезовтің осыған қатысты пікірін келтіреді: «Расстояние в степи измеряется длиной пробега коней на байге (скачке). Бег жеребенка – 5 км, бег стригунка – 8-10 км, бег коня – 20-25 км» [156, б. 143]. Аударма сөздіктерде тай шаптырым онша алыс емес 2-3 километрлік қашықтық деп анықталады [52]. Осы пікірлер мен анықтамаларды ескерсек, тай шаптырым шамамен 2-10 шақырым аралығындағы қашықтық болуы керек.

*Тай шаптырым* реалиясы түпнұсқада 5 рет кездеседі. Аудармашы Л.Космухамедова бұл реалияны орыс тіліне мүлде аудармаған. Түпнұсқа рецепциясына әсер етпегенімен, бұл аударманың ұлттық бояуын жоятыны анық.

Аудармаға кіріспес бұрын, түпнұсқаға назар салайық. Автор С. Елубай *тай шаптырым* ретінде өте жақын қашықтықты меңзеген секілді. Шынында да, бірінші сөйлемде Мажан аулына адамдардың жаяу барғандығы айтылады. Ал екінші жағдайда түнгі уақытта ауыл сұлбасы, ауыл тұрғындарының үйлерін тікпей, күрке қалқитқаны көрінеді. Егер тай шаптырым қашықтық 2-3 шақырымнан көп болса, онда бірінші де, екінші де сөйлемдердегі іс-әрекеттің



ықтималдылығы аз. Сонымен, тай шаптырым жер ретінде 1-3 шақырымдық қашықтықты аламыз.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(114)	“Аттысы – атты, жаяуы – жаяу <i>тай шаптырым</i> жердегі Мажан аулына қарай қатын-қалаш, бала-шаға түгел шұбырды” [55, б. 76].	“So some went on horseback, some on foot, men and women, old men and old women and even children streamed toward Mazhan’s aul which was <i>at the distance of one gallop by a three-year-old stallion</i> ” [112, б. 98].
(115)	“Бұл тұстан төбенің батыс ойпаңында Ай сәулесі түсіп тұрған ауқымы <i>тай шаптырымдай</i> алаңда шоғырланған ауыл сұлбасы шалынады” [55, б. 103].	“From the slope, the hidden aul was visible, lit by the moon. It was <i>at the distance of a stallion’s gallop</i> ” [112, б. 133].

Тай шаптырым реалиясы ағылшын тіліне екі жағдайда да мәтін ішіндегі экспликация тәсілі арқылы аударылған. Бірінші жағдайда, *at the distance of one gallop by a three-year-old stallion* тіркесі *үш жасар айғырмен тез шауып өтетін қашықтық* деп аударылады. Екінші жағдайда, экспликация *айғырдың тез шауып өтетін қашықтығы* дегенді білдіреді. Яғни экспликация калькаға негізделген. Аудармашы ұлттық-тарихи бояуды барынша сақтауға тырысқанымен, бұл аударманы барабар деп айта алмаймыз. Тіпті қазақ тілді оқырманның өзі тай шаптырым реалиясының дәл мағынасын біле бермейді. Оған жоғарыда аталған түрлі пікірлер дәлел. Ал бұл экспликация ағылшын тілді оқырманға еш әсер қалдырмайтындығы айдан анық. Ағылшын тіліндегі түсіндірме сөздіктерде де айғырдың шауып өтетін қашықтығы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Сонымен, тай шаптырым реалиясының ағылшын тіліндегі аудармасында реалияның ұлттық бояуы сақталған, ал денотативті және, сәйкесінше, контекстуалдық мағынасы берілмеген.

Ал аудармашы А. Жақсылықов орыс тілінде мынадай аударма нұсқаларын ұсынады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(116)	“Үйдің желке тұсы тек жатқан тегіс. О шеті мен бұ шеті <i>тай шаптырымдай</i> атырап болатын” [55, б. 290].	“Запасное пастбище и <i>за день не объедешь</i> ” [111, б. 299].
(117)	“ <i>Тай шаптырым</i> жерде биік жағада көрінген Нарқамысқа жоламай осылай алыстан орағытып өтті Хансұлу” [55, б. 332].	“ <i>На расстоянии одного перехода</i> виднелись дома Нарқамыса, рассыпанные по высокому берегу, однако Хансұлу проехала на изрядном отдалении от села” [111, б. 350].
(118)	“Сөйтсе, Түгелхан ауылдың <i>тай шаптырымдай</i> бір бүйіріндегі қауын-қарбыз егетін Югай дейтін кәрістің егінжайындағы "бичтерге" қосылып алып, жұмыс істеп, кешкісін со жердегі ащы судан татады екен” [55, б. 405].	“И выяснили, что Тугелбек бывает на арбузной плантации Югая, это <i>в нескольких верстах</i> от аула” [111, б. 434].

Түпнұсқа авторы *тай шаптырым жер* ретінде өте жақын қашықтықты меңзеген. Орыс тіліндегі аударма нұсқаларына қарайтын болсақ, аудармашы тай шаптырым реалиясын керісінше түсінген секілді. Мәселен, (116) сөйлемде, *за день не объедешь* (бір күнде шауып өте алмайсың) тіркесі ұсынылған, яғни о шетінен бұ шетіне бір күнде жете алмайсың, қашық деген семантика меңзеледі. Бұл сипаттамалы аудармада реалияның денотативті мағынасы бұрмаланған, ал ұлттық-тарихи бояуы да жоғалған. Дегенмен, бұл реалияның (116) микроконтекстегі ұлттық бояуы пассив, яғни шығарма желісінің перцепциясына әсер етпейді.

Екінші сөйлемдегі аударма нұсқасы назар аударарлық. *На расстоянии одного перехода* (бір шаптырым жер) тіркесі орыс тілінде қолданысқа ие. Бұл тіркестің семантикасы бірізді емес, шамамен 30-40 шақырымдық қашықтықты білдіреді. Сәйкесінше, аудармада *тай шаптырым жер* де осы шамаға жуық деп алынған. Бұл аудармада денотативті мағына дәл болмаса да, аудармашы ұлттық реалияның формасын сақтауға талпынған. А. Жақсылықовтың реалияның ұлттық бояуын сақтауға талпыныс жасағанын байқаймыз.

Орыс тіліндегі тағы бір нұсқа – *в нескольких верстах* (бірнеше верста қашықтықта). Бұл – денотативті мағынасы жағынан түпнұсқаға ең жақын аударма, себебі тай шаптырым реалиясы қазақ тілді оқырман үшін нақты мәнге ие емес, сол сияқты *в нескольких верстах* тіркесі де орыс тілді оқырманға дәл шаманы көрсетпейді. Бұл экспликация реалияның контекстуалдық мағынасын барабар беріп тұр, дегенмен ұлттық-тарихи бояудың жоғалғандығы сөзсіз.

Ұлттық метрологиялық бірлік атаулары, *көш жер* және *қозы көш* реалияларын қарастырайық. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс жағдайында қашықтықты көшпен байланыстыруы орынды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *көш жер* деп «бір қонатын жер, едәуір қашықтық» анықталады [135, б. 234]. Бұл реалияның ұлттық-тарихи сипаты ерекше. Түпнұсқада бұл реалия бір рет кездеседі:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(119)	“Қашқан жұрттың алдында зымғаған Шәріп қораға жедеғабыл тоқтай сап бұрылып, <i>көш жердегі</i> үлекке кұрық сілтеді” [55, б. 47].	“Шарип улепетывал первый, только у порога своего и опомнился, обернувшись, погрозил кулаком верблюду, который, теперь был <i>далеко</i> ” [111, б. 53].

Л. Космухамедова генерализация тәсілі арқылы *көш жер* реалиясын *далеко* (алыс) деп аударған. Бұл аудармада реалияның тек контекстуалдық мағынасы ғана сақталған, ал ұлттық-тарихи бояуы жоғалған. Дегенмен, біздің ойымызша, аудармашының нұсқасы ең барабар нұсқа болып табылады. Бұл сөйлем ағылшын тіліндегі сөйлемде қысқарып, сәйкесінше, реалия аударылмай қалған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қозы көш* реалиясына екі түрлі анықтама беріледі: «1. Жақын жер, алыс емес. 2. Қашықтығы қозы жайылымдай жер» [157, б. 245]. Нақты мәні көрсетілмесе де, жақын қашықтық екендігі меңзеледі. Зерттеушілердің еңбектерінде де *қозы көш* реалиясының бірізді мәні

жоқ. Е. Аққошқаровтың пікірінше, «қозы көш жер 6-8 километр арақашықтықты қамтиды және жыл маусымына, ауа райына, жер жағдайына байланысты бұл шамалар өзгеріп отырады» [158, Б. 22-23]. Бұл реалия туралы академик Ә.Қайдар мынадай түсініктеме береді: “Арақашықтықты өлшеудің бұл формасы ауылдың бір қоныстан екінші қонысқа көшкеніндегі қозының күні бойғы жарық күнде өзінің кәдімгі қарапайым (естественным) жүрісімен жүріп өткен арақашықтықты бақылау нәтижесінде қалыптасқан. Бұл да басқа халықтық өлшем бірліктері сияқты халықтың нақты көшпелі өмірінің абстрактіленуі нәтижесінде пайда болып тілімізде тұрақтылыққа айналған” [159, б. 214]. Жоғарыдағы ақпаратты ескере келе, *қозы көш* деп жақын қашықтықты есептейміз.

Түпнұсқада қозы көш реалиясы бір рет кездеседі. Аударма сөздіктерде оған «*перекочевка на близкое расстояние (букв. расстояние, посылное для ягненка)*» деген аударма нұсқасы беріледі [52]. (120) микроконтексте реалияның ұлттық бояуы актив. Аудармашылардың жұмысына назар аударайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(120)	“Күн ұясына еңкейген шамада <i>қозыкөш жерде</i> түтіні шүйкеленіп иірілген қала көрінді” [55, б. 228].	“Город возник, когда солнце склонилось к закату, <i>расстояние до него – в один перегон молодняка</i> ” [111, б. 235].	“When the sun inclined toward the horizon, the city emerged – the distance to it was the flight of a flock of birds” [112, б. 252].

*Қозы көш жер* реалиясы орыс тіліне экспликация тәсілі арқылы аударылған. Бұл аудармада реалияның тек ұлттық бояуын сақтауға талпыныс байқалады. Оның денотативті мағынасы реципиентке түсініксіз болары анық. Ұлттық-тарихи бояуды барынша сақтауға тырысқанымен, реалия аудармасын барабар деп есептей алмаймыз.

К. Фитцпатрик қозыкөш реалиясын ағылшын тіліне экспликация тәсілі арқылы аударған. *The distance to it was the flight of a flock of birds* тіркесі *bir ton құстың ұшар қашықтығы* дегенді білдіреді. Дегенмен, ағылшын тілінде жақын қашықтықты құстың ұшар қашықтығымен салыстырмайды. Мұндай семалы тіркес тіпті ағылшын тілінің корпусынан табылмады. Зоологиялық еңбектерге назар салсақ, құстардың талмай ұшып өтер қашықтығы бірнеше мыңдаған километрге созылуы мүмкін. Сол себепті, бұл аудармада реалияның денотативті мағынасы мүлде сақталмаған, ұлттық-тарихи бояуы жоқ. Бұл микроконтексте *қозыкөш* реалиясын *верста* мәдени аналогы арқылы аудару қажет деп санаймыз.

Келесі кестеде өлшем реалияларының аударылу тәсілдері келтірілген:

15-кесте. Өлшем реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	0	0
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	0	0

15-кестенің жалғасы			
	1	2	3
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	0	0
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	4	2
8	Экспликация	8	7
9	Гипо-гипероним	11	4
10	Контекстуалдық аналог	1	0
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	5	2
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	0	15

Сонымен, түпнұсқадағы өлшем реалиялары орыс тіліне негізінен гипо-гипероним, экспликация және мәдени аналог тәсілдері арқылы аударылса, ағылшын тіліне негізінен экспликация, гипо-гипероним тәсілдері арқылы берілген. Айта кететін жайт, өлшем реалияларының денотативті мағынасын мәтін ішінде беруге талпыныс жасалғандықтан, транскрипция/транслитерация секілді тәсілдер мүлде пайдаланылмаған.

С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы өлшем реалияларының аудармасын талдай келе мынадай тұжырымдарға келдік. Көнерген ұлттық өлшем реалияларын аудару – өте күрделі мәселе, себебі олардың мәні, біріншіден, түпнұсқа оқырманына да түсініксіз болуы мүмкін. Екіншіден, олардың денотативті мәні де нақты емес. Өлшем реалиясының коммуникативтік қызметін қамтамасыз етуде ең тиімді тәсіл – гипо-гипероним немесе мәдени аналог, бірақ бұл жағдайда реалияның ұлттық-тарихилық бояуы жоғалады, тіпті тарихи шындық бұрмаланып кетуі мүмкін [160, б. 255]. Ал ұлттық-тарихи бояуды сақтауда ең тиімді тәсіл – экспликация.

**13. Уақыт реалияларының берілу барабарлығы.** Қазақ халқы уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың жолдарын және соған тиісті сөз өрнектерін де таба білді. Уақытты бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да орайластыра білді. Мезгілді күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап анықтаған. Ал мезгіл өлшемдеріне келгенде халық өлшемі мен атауы да бай. «Ақ боз үй» романының бір өзінде *азан, алакөбең, алаугеуім, бейуақ, бесін, екі кештің арасы, екінді, елең-алаң, іңір, кіші бесін, құлқын сәрі, сәске, сәске түс, тал түс, таң сәрі, күн тұсау бойы көтеріле, Ұзынсары, ұлы бесін, шай қайнатым, шаңқай түс, ымырт* секілді реалиялар 82 микроконтексте кездеседі.

Берілген тақырыптық тобындағы лексикалық бірліктердің аудармаларына назар салатын болсақ, орыс тілінде тек 9% микроконтекстерде, ағылшын тілінде тек 13% микроконтекстерде ұлттық бояуды жеткізуге талпыныс жасалған. Бұл аудармалар транскрипция, экспликациялы транскрипция және калька тәсілдері арқылы жүзеге асқан. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(121)	“Мезгіл <i>кіші бесін</i> шамасы еді. Батыс аспанға еңкейген шілде Күнінің уыты қайта қоймаған шақ” [55, б. 400].	“Время было <i>малый бесин</i> – <i>последолуденное</i> . Июльское солнце клонилось к закату и еще не ослабило свой жар” [111, б. 428].

Түпнұсқада *кіші бесін* реалиясы берілген. *Бесін* дегеніміз «түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт» болса, *кіші бесін* дегеніміз «күннің маңдайдан ауған кезі» [137, б. 658]. *Кіші бесін* мезгілі, жалпы *бесін* мезгілі шаруашылық үшін мәнді болған. Осы уақытта төрт түлік мал түгел жусайтын болған. Сәйкесінше, малды сауу, емдеу, түгелдеу секілді шаралар жасалған [137, б. 658].

А. Жақсылықов ұлттық бояуды сақтау мақсатында транскрипция тәсілімен *малый бесин* (кіші бесін) деп аударып, оған мәтін ішінде *последолуденное* (түстен кейінгі) экспликациясын берген. Дегенмен, *кіші бесін* реалиясының семантикасы түпнұсқада микроконтекстегі келесі сөйлемде *батыс аспанға еңкейген шілде күні* тіркесі арқылы ашылады. Аудармада бұл тіркес *солнце клонилось к закату* (күн батысқа еңкейе бастаған) тіркесімен беріледі. Оған қоса, аудармашының *последолуденное* (түстен кейінгі) экспликациясы тым жалпылама шыққан, атап айтқанда, ол *кіші бесін* емес, *бесін* реалиясына жақын. Дегенмен, аудармашының нұсқасын барабар деп санаймыз, себебі ұлттық-тарихи бояуды сақтау талабы орындалып тұр, ал реалияның денотативті мағынасы контекстен аңғарылады.

Уақыт реалиясы семантикасының түпнұсқада берілуін келесі мысалдан да көруге болады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(122)	“Қазақ “ <i>Ұзынсары</i> ” атайтын шілде айының дүниені қуырған Күні нарттай қызара толықсып, батыс көкжиекке қонғалы тұрған шақ еді” [55, б. 404].	“Так вот, стоял июльский вечер, раскаленное солнце клонилось к закату. Казахи такие вечера называют <i>Узынсары</i> ” [111, б. 432].

Түпнұсқада *ұзынсары* реалиясы аталады, әрі оның семантикасы микроконтексте ашылады. Мұндай жағдайда тек реалияны транскрипциялау жеткілікті. А.Жақсылықов та осы тәсілді ұстанып, *ұзынсары* реалиясын *узынсары* деп транскрипциялаған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ұлттық бояуды калькалау тәсілі арқылы да жеткізуге талпыныс жасалған. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(123)	“ <i>Күн жерден тұсау бойы көтеріле</i> қоржынды иыққа салып, тағы алға қарай қозғалған” [55, б. 227].	“Расстелив одеяльце, передохнули на лужайке, а когда <i>солнце поднялось над землей на длину лошадиных пуд</i> , перебросив через плечо коржун, двинулись дальше” [111, б. 234].	“Spreading out their blankets, they rested on the grass, and <i>when the sun rose over the lands to the length of a horse hobble</i> , they threw the korzhuns over their shoulders and moved on” [112, б. 125].

(123) мысалда күн жерден тұсау бойы көтеріле тіркесі берілген. Бұл уақыт мезгілі *сиыр сәске*, күн арқан бойы көтерілген кез деп те аталады және күннің көкжиектен көтеріліп бастаған уақытын білдіреді. Аудармашылар калькалау тәсілін қолданып *солнце поднялось над землей на длину лошадиных пуд* (күн жерден жылқы тұсауы бойы көтерілді) және *sun rose over the lands to the length of a horse hobble* (күн жерден жылқы тұсауы бойы көтерілді) деп береді. Әрине, орыс және ағылшын халықтарының дүниетанымында мұндай мал шаруашылығына қатысты уақыт бірлігі жоқ. Сол себепті, калька реалияның денотативті мағынасын бере алмайды, аударма реципиентін шатастырады. Айта кететін жайт, бұл уақыт мезгілін күн *найза бойы көтеріле* деп те атайды [120, б. 457]. Орыс тілінде бұл уақыт бірлігіне барабар *когда солнце поднимается на высоту копья* деген уақыт өлшемі бар, әрі кең қолданысқа ие. Сол себепті, аталмыш реалияны орыс тіліне осы мәдени аналогпен аударса, реалияның ұлттық бояуымен қатар, денотативті мағынасы да беріледі. Ағылшын тіліне бұл реалияны экспликация тәсілімен *when the sun started to rise over the horizon* (күн көкжиектен көтеріле бастағанда) деп беруді ұсынар едік.

Кальканың толық рецепциясын қамтамасыз ету үшін оған экспликация жасауға болады. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(124)	“Шай қайнатым уақыт ішінде дауылмен араласып дүрліккен ауыл жүктерін түйелерге артып та тастады” [55, б. 96].	“Аул собрался <i>быстро</i> – <i>времени прошло как раз чаю вскипеть</i> , весь груз уже был на верблюдах” [111, б. 106].	“The aul <i>quickly</i> prepared for their journey: <i>no sooner had they boiled some tea than the entire load was already on the camels</i> ” [112, б. 125].

Аудармашылар *шай қайнатым* реалиясын калькалап қана қоймай, *быстро* (тез) және *quickly* (тез) үстеуін қосқан. Аудармашылардың бұл нұсқаларын барабар деп есептейміз, себебі аудармада ұлттық уақыт өлшеу жүйесі де, реалияның денотативті мағынасы да берілген.

Бірқатар уақыт реалиялары орыс және ағылшын тілдеріне гипероним тәсілі арқылы берілген. Мәселен, *таң сәрі* реалиясы «жарық түсе бастаған елең-алаң кезді білдірсе» [126, б. 92], орыс тілінде *рассвет* те «күн көтерілер алдындағы тәулік уақытын» [133] білдіреді.

Сол сияқты, түпнұсқадағы *сәске түс*, *тал түс* реалиялары орыс тіліне *полдень* [111, б. 32], *полуденное время* [111, б. 39], ағылшын тіліне *noon* [112, б. 36] генерализациядары арқылы берілген. Генерализация *ымырт* реалиясына да табылып, орыс тіліне *сумерки* [111, б. 247], ағылшын тіліне *dusk* [112, б. 54], *twilight* [112, б. 205] бірліктері арқылы берілген. Бірқатар контекстерде реалиялар контекстуалдық аналог арқылы берілген.

Орыс тіліндегі аудармада уақыт реалияларын күн жарығының өзгерісіне сәйкес аудару үрдісі де байқалады. Мәселен, (125) микроконтексте түпнұсқадағы *іңір* реалиясы қас қарайып, күн батқан кезді білдіреді. Аудармашы *в потемках*

(қараңғы түскенде) нұсқасын қолданып, аудармада уақыт мезгілін емес, осы уақытта болатын өзгерісті, яғни айналаға қараңғы түскенін меңзейді.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(125)	“Хансұлу мен Түгелхан малда... деді шешесі хабарын айтып. – <i>Іңірлете келіп қалар</i> ” [55, б. 394].	“Хансулу и Тугелбек с отарой, – сообщила мать, - вернуться в потемках” [111, б. 423].

Ұлттық бояу мен денотативті мағынасы жоғалғанымен, бұл тәсіл барабарлықты қамтамасыз етеді, себебі реалияның қызметі жеткізілген. Сол сияқты, *ымырт* реалиясын орыс тіліне *мгла* (түнек) [111, б. 236], *темень* (қараңғылық) [111, б. 260], *темнота* (қараңғы) [111, б. 328], *полумрак* (қара көлеңке) [111, б. 91], *іңір* реалиясын *скопились тени* (көлеңке үйірілді) [111, б. 260], *бейуақ* реалиясын *полумрак* (қара көлеңке) [111, б. 45], *алагеуім* реалиясын *окошко витало тенью* (терезеге көлеңке үйірілді) [111, б. 304] деп аударған. Ағылшын тілінде де мұндай мысалдар баршылық. Мәселен, *іңір* реалиясы *shadows* (көлеңке) [112, б. 286], *ымырт* реалиясы *in the dark* (қараңғыда) [112, б. 110], *darkness* (қараңғылық) [112, б. 253] деп аударылған микроконтекстер де кездеседі.

Жоғарыда аталған тәсілдерден басқа, уақыт реалиялары, негізінен, экспликация тәсілі арқылы беріліп отырған. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(126)	" <i>Намаздыгер, намазшам шамасында Хантөрткіл төбе тұстан солбырайған бір жалғыз атты сопайып көрінді</i> " [55, б. 119].	" <i>Время вечерней молитвы, неурочное как будто, но со стороны сопки Ханторткил показался одинокий всадник</i> " [111, б. 127].	" <i>During the evening prayer, a lonely horseman appeared over the Khan-tortkil hill, seemingly out of place</i> " [112, б. 152].

Түпнұсқада *намаздыгер, намазшам* реалиялары аталады. Бұл синонимдес реалиялар «күннің толық батуымен басталып күн шапағының батуымен аяқталады» [113, б. 466]. Бұл – кешкі намаз уақыты. Аудармашылар реалияның осы семантикалық компонентін экспликациялап, орыс тілінде *время вечерней молитвы* (кешкі намаз уақыты), ағылшын тіліне орыс тілінен *during the evening prayer* (кешкі намаз уақыты) деп аударған. Бұл нұсқалардың артықшылығы – мұнда ұлттық бояудың болуы, әрі денотативті мағынаның нақты берілуі.

Берілген тақырыптық топтағы реалиялардың аудармасында анахронизм құбылысы да кездеседі.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(127)	“ <i>Ауылдан сәскеге таман шыққан</i> ” [55, б. 326].	“ <i>Из аула он выехал утром часов в девять</i> ” [111, б. 342].

(127) мысалда түпнұсқадағы сәске реалиясы «күн көкжиектен көтерілген уақытты, яғни сәске түске дейінгі уақытты» білдіреді [52]. Аудармада экспликация тәсілімен *утром часов в девять* (таңертең сағат тоғыздарда) тіркесі беріледі. Бұл аудармада реалияның денотативті мағынасы сақталған, бірақ экспликацияда қазіргі заманғы уақыт өлшемі аталады. Микроконтексттегі оқиға ХХ ғасырдың 70-80 жылдары орын алады, сол себепті аударманы барабар деп есептеуге болады.

Жалпы алғанда, орыс және ағылшын тіліндегі экспликациялар осы тілдердегі уақыт атауларына шылау тіркестіру арқылы жасалған. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(128)	“Көңге ұлы бесін шамасында жетті” [55, б. 37].	“Назначенного места джигиты достигли до заката” [111, б. 42].	“The jigits reached the designated place before sunset” [112, б. 48].

Түпнұсқадағы *ұлы бесін* реалиясы «тал түстен кейінгі уақытты» [137, б. 493], яғни күннің батыс аспанға еңкейе бастаған шағын білдіреді. Аудармашылар *до заката* (күн батқанға дейін) және *before sunset* (күн батқанға дейін) тіркестері арқылы аударған, яғни экспликация жасауда орыс тіліндегі *до* және *before* шылаулары пайдаланылады.

Уақыт өлшемі реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

16-кесте. Уақыт реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	1	0
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	1	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	1	0
5	Функционалдық аналог	0	0
6	Калька	4	6
7	Мәдени аналог	2	0
8	Экспликация	17	19
9	Гипо-гипероним	24	12
10	Контекстуалдық аналог	15	0
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	12	9
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	5	36

Уақыт реалиялары негізінен экспликация, гипо-гипероним, контекстуалдық аналог тәсілдері арқылы аударылған.



Экспликация тәсілі, көп жағдайда, орыс және ағылшын тілдеріндегі уақыт өлшемінің алдына не одан кейін кейін, дейін секілді шылауларды жалғау арқылы да беріліп жатады. Бірақ бұл реалияның ұлттық бояуын бермейді. Гипогипероним, контекстуалдық аналог не экспликация тәсілдері арқылы тек денотативті мағынасы ғана беріледі.

Уақыт реалияларын орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде ұлттық бояуды сақтау үшін транскрипция не калька тәсілін пайдалануға болады, дегенмен реалияның денотативті мағынасын беру үшін мәтін ішінде түсініктеме қажет болуы мүмкін, дегенмен, көп жағдайда, реалияның денотативті мағынасы микрконтексттегі өтеледі.

**14. Салт-дәстүр реалияларының берілу барабарлығы.** Бұл топтағы *айт, айттау, ас, беташар, жарпазан, жар-жар, жасау, жоқтау, жолашар, қалың, кит, қонақасы, қыз қашар, садақа, сүйінші, сыңсу, талақ, тартыс, той, той бастар, той тарқар, ұзату, шежіре* секілді лексикалық бірліктер 101 түрлі микрконтексте қолданылады.

Салт-дәстүр реалияларының ішінде тек *қалың* реалиясының ғана аударма сөздіктердегі сәйкестігі бар, яғни ол сөздік реалия қатарына жатады. Қалың дегеніміз күйеу жігіттің қалыңдығының әкесіне беретін сыйы. Орыс тіліндегі аудармада ол *калым* лексикалық бірлігі арқылы беріледі [111, б. 61]. *Калым* бірлігі орыс тіліндегі барлық дерлік сөздіктерде кездеседі және «қалыңдықты алғаны үшін төленетін ақы деп анықталады» [124]. Аудармашы Л.Космухамедованың осы сөздік реалияны тандағаны өте орынды деп есептейміз, себебі орыс тілді реципиентке *калым* лексикалық бірлігі таныс, шығыстық бояуы бар, әрі реалияның контексттегі қызметін жеткізе алады.

Бұл тақырыптық тобындағы бірқатар реалиялар транслитерацияланып, оларға мәтін ішінде не мәтіннен тыс экспликация беріледі. Мәселен, *айт* реалиясының аударылуын қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л.Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(129)	“Тойға санаулы күн қалғанда құрбан айт басталды” [55, б. 51].	“До свадьбы оставались считанные дни, когда начался мусульманский праздник курбан-айт, отмечаемый в степи очень пышно” [111, б. 57].	“There was just a matter of days before the wedding, when the Muslim holiday of Kurban-ayt <sup>83</sup> would begin.  <sup>83</sup> Eid al-Adh is the Muslim “festival of the sacrifice,” commemorating Abraham’s willingness to sacrifice his son, when God intervened through his angel Gabriel to tell him his sacrifice was already accepted” [112, б. 67].

Құрбан айт реалиясының ұлттық бояуы берілген микрконтексте актив, яғни оны аудармада түсіріп тастауға болмайды, себебі шығарма желісі бойынша айт кезінде жасалатын дәстүрлер сипатталады. Түпнұсқадағы құрбан айт реалиясына орыс тілінде мәтін ішіндегі экспликация берілген. Әрине, жай ғана транслитерация аударма реципиентіне түсініксіз болар еді. Дегенмен, аудармашы экспликациясындағы *отмечаемый в степи очень пышно* (далада

кеңінен атап өтілетін) түсініктемесін артық деп санаймыз, себебі бұл тіркес тіпті түпнұсқада жоқ. Ал экспликациядағы *мусульманский праздник* (мұсылман мерекесі) түсініктемесін өте орынды деп санаймыз. Ағылшын тіліндегі экспликация да өте дидактикалық, себебі тым көп ақпарат қамтиды. Көркем проза аудармасында мұндай энциклопедиялық ақпаратты қосудың жөні жоқ еді деп ойлаймыз. Ағылшын тілінде де *Muslim holiday of Kurban-ayt* (Құрбай-айт мұсылман мерекесі) экспликациясы да жеткілікті болар еді.

Орыс тіліндегі аудармада *құрбан айт*, *айт* реалиялары келесі микроконтекстерде жай ғана транслитерацияланған [111, Б. 57-59]. Аудармашы Л. Космухамедованың бұл нұсқасын орынды деп санаймыз, себебі алғашқы микроконтексте *айт* реалиясының семантикасы ашылған. К. Фитцпатрик, дегенмен, ағылшын тілінде айт реалиясына тағы бір рет мәтіннен тыс экспликация береді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(130)	“– Ие, Шәріп аға! Қоныстарың құтты болсын! <i>Айт</i> құтты болсын! – деп ілтипат білдірді” [55, б. 53].	“– С новосельем, Шарип-ага! – Он, конечно же, имел в виду прибытие аула на джайляу. – Пусть полнится радостью <i>айт</i> !” [111, б. 59].	“Happy house-warming, Sharip-aga!” He meant the arrival of the aul at the jaylyau. “Let your <i>ayt</i> <sup>87</sup> be filled with joy!” <sup>87</sup> <i>The Muslim holiday</i> ” [112, б. 69].

Орыс тіліндегі аудармада айт реалиясы тек қана транслитерацияланса, ағылшын тіліндегі аудармада оған тағы да мәтіннен тыс экспликация беріледі. К.Фитцпатриктің бұл экспликациясын артық деп санаймыз, себебі *айт* реалиясының алғашқы қолданысында оған түсініктеме беріліп кетті. Бұл орайда көркем проза мәтініндегі бірізділік ережесі бұзылған. Дегенмен, бұл мысал қайталанатын реалияларға қосымша түсініктеме берудің қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Келесі мысалды қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(131)	“– Ал, <i>сүйінші</i> ! – деді көкесі. – Келін босанды” [55, б. 189].	“– <i>Сюинши</i> ! – смеясь, <i>потребовал он подарка за радостную весть</i> . – Родила сношенька” [111, б. 199].	“ <i>Syuinshi</i> <sup>177</sup> ! he cried, laughing. Our daughter-in-law gave birth. <sup>177</sup> <i>Syuinsh is a kind of sweet, and it is the custom of the Kazakhs to demand a reward such as sweets for good news</i> ” [112, Б. 205-206].

Түпнұсқада *сүйінші* реалиясы аталады. *Сүйінші* дегеніміз жақсы хабар айтқан кісіге берілетін сый. (131) микроконтексте аудармашы реалияны транслитерациялап, мәтін ішінде *потребовал он подарка за радостную весть* (қуанышты хабар үшін сый сұрады) экспликациясын береді. Аудармашының бұл нұсқасын барабар деп санаймыз, себебі ұлттық-тарихи бояу сақталған, әрі реалияның денотативті мағынасы да, ұлттық бояуы да барабар жеткізілген.

Аудармашы реалияның мәнін мәтіннен тыс глоссарий не сілтеме пайдаланбай-ақ, көркем проза стилімен үйлесетін экспликацияда аша алған. К. Фитцпатрик *сүйінші* реалиясының мәнін мәтіннен тыс экспликацияға шығарған. Сілтемеде сүйінші «тәттінің бір түрі, қазақтар дәстүр бойынша қуанышты хабар үшін тәттілер секілді сый сұраған» деп анықталады [112, Б. 205-206]. Аудармашы реалия мәнін орыс тіліндегі аударма секілді мәтін ішінде де ашуға болар еді. Оған қоса, реалия мәні де барабар емес, себебі сүйінші дегеніміз тек қана тәттілер емес, кез-келген бұйым. Айта кететін жайт, сүйінші реалиясы ағылшын тіліне *suinsh* (сүйінш деп оқылады) деп қате транскрипцияланған.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(132)	“Апа! <i>Сүйінші!</i> Қызың бір емтиханнан аман-есен өтіпті. Едіге ағасы көмектесіпті” [55, б. 410].	“Апа! <i>Суйинши!</i> Наша дочь сдала первый экзамен. На отлично! Ей помог Едыге ага” [111, б. 440].

Сонымен, (131) микроконтексте сүйінші реалиясының ұлттық бояуы мағынасы экспликацияда берілген. (132) микроконтексте бұл реалия тек транскрипция арқылы аударылады. Біздің ойымызша, реалия романда екінші рет қолданылып, бірінші микроконтексте экспликация берілгенімен, екінші сөйлемде оған тағы да экспликация берілуі керек еді. Себебі реалияның екі қолданысының арасы алшақ, яғни бір сюжет аясында қолданылып тұрған жоқ, тіпті трилогияның екі кітабында көрініс табады. Оған қоса, екінші микроконтексте реалияның денотативті мағынасын контекстен аңғару мүмкін емес.

Салт-дәстүр реалиялары негізінен гипо-гипероним тәсілі арқылы аударылған. Бұл тәсіл әсіресе *той*, *ұзату той* реалияларының аудармаларында байқалады. Қазақ дәстүрінде үйлену той, ұзату тойдың айырмашылығы болса, орыс дәстүрінде мұндай айырмашылық жоқ. Сол себепті, аудармашылар *свадьба* гиперонимін ұсынады [111, б. 51]. Бұл нұсқа реалияның контекстуалдық мағынасын жеткізе алғанымен, ұлттық бояудың жоғалатыны анық. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(133)	“Хансұлудың <i>ұзатылу тойының</i> қамына әкешесі шындап кірісе бастады” [55, б. 46].	“Родители Хансулу вполную занялись приготовлениями к <i>свадьбе...</i> ” [111, б. 52].	“Khansulu’s parents began to prepare for the <i>wedding</i> in earnest...” [112, б. 60].

Бұл микроконтексттегі реалияның ұлттық бояуы орыс тілінде де, ағылшын тілінде де бейтарапталған. Аударма нұсқасын барабар деп есептеуге болады. Дегенмен, жоғалған «ұзату» семантикалық компонентін *қалыңдық жақтың (со стороны невесты, from the bride’s side)* мәтін ішіндегі экспликациясы арқылы жеткізуге мүмкін болар еді деп санаймыз.

Экспликациямен қатар, ұлттық бояуды сақтаудың бірден-бір жолы – функционалдық аналог тәсілін пайдалану. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(134)	“Қонақасыңды же! Өзіңе арнап жаңағы сойылған қара тоқтыны жаз бойы бордақылағам...” [55, б. 315].	“Угощайся. Этого черного ягненка, которого зарезали для тебя, я откармливал все лето” [111, б. 329].
(135)	“... Фильм режиссері өзі жатқан ақ боз үйде саған арнап қонақасы берді” [55, б. 465].	“... После заката тебя пригласил в юрту режиссер фильма, устройший дастархан для тебя” [111, б. 495].

Түпнұсқада *қонақасы* реалиясы аталады. Қонақасы дегеніміз үй иесінің келген қонағына тартатын дәмі. (134) микроконтексте аудармашы *угощение* (дәм) гиперонимін алып, грамматикалық трансформация арқылы *угощайся* (дәмін тат) етістігімен аударған. Әрине, қазақтың *қонақасы* реалиясының ұлттық бояуы ерекше. Бірақ аударма нұсқасы ұлттық бояуды толығымен жояды. Дегенмен, бұл аударманы барабар деп санаймыз, себебі *қонақасы* реалиясының өзі *қонақ* сөзінен шыққан. Орыс тіліндегі *угощайся* лексикалық бірлігінің де түбірі *қонақ*.

А. Жақсылықовтың (135) микроконтексте ұсынған *дастархан* нұсқасы – ерекше тапқырлықтың белгісі. Аудармашы ұлттық бояуды сақтау үшін аударма реципиентіне таныс *дастархан* функционалдық аналогын таңдаған. Сәйкесінше, реалияның қызметі де сақталған, белгілі бір дәрежедегі ұлттық-тарихи бояу да жеткізілген.

Салт-дәстүр реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

17-кесте. Салт-дәстүр реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	1	0
2	Транслитерация/транскрипция	12	4
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	5	1
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	4	7
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	10	4
8	Экспликация	17	10
9	Гипо-гипероним	24	14
10	Контекстуалдық аналог	9	3
11	Грамматикалық трансформация	7	0
12	Түсіру	8	6
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	3	52

Сонымен, бұл тақырыптық топта да транскрипциялау кезінде қателіктер болғанын байқаймыз. Салт-дәстүр реалияларын аударғанда ең жиі

қолданылатын тәсілдерге транслитерация/транскрипция, гипо-гиперониммен қатар, экспликация, мәдени аналог тәсілі жатады. Ұлттық-тарихи бояуды сақтаудың ең оңтайлы жолы – транскрипция/транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликацияны немесе функционалдық аналогты таңдау.

**15. Ұлттық ойын реалияларының берілу барабарлығы.** Романдағы ұлттық ойын реалиялары: *айгөлек, ақсүйек, аламан бәйге, алтыбақан, асық, бәйге, ошақ бәйге, палуан күрес, соқыр теке* 23 түрлі микроконтексте көрініс табады. Реалиялардың арасынан сөздік реалиялар анықталған жоқ.

Ойын реалиялары тақырыптық тобында да ең жиі кездесетін аударма тәсілі – гипо-гипероним. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(136)	"Ақсүйек" ойнап жатып та, "Айгөлек" ойнап жатып та: Кел, кедей жастары, Ұйымдас жалшымен! Бай менен молданы Қойдай ку қамшымен! – деп түнгі аспанды бастарына көтеріп шуылдап жүргені" [55, б. 70].	"...в кости дети играют или еще во что – на устах у них эти строчки. До утра, считай, с куплетом этим носятся" [111, б. 77].	"...whether the kids were playing <i>bones</i> or <i>another game</i> – they had that poem on their lips. They would go around reciting the verse day and night..." [112, б. 92].

Түпнұсқада *ақсүйек* және *айгөлек* реалиялары аталады. Ақсүйекті жігіттер мен қыздар жиналып, жаздың айлы түнінде ашық далада ойнайды [141, б. 36]. *Айгөлек* те айлы кеште, далада өтетін ойын ретінде анықталады [118, б. 137]. Яғни түпнұсқада түнгі уақытта топ болып ойналатын ойындар меңзеледі. *Ақсүйек* реалиясы орыс тіліне де, орыс тілі арқылы ағылшын тіліне де гипероним тәсілімен *кости* (сүйек ойыны), *bones* (сүйек ойыны) деп берілген. Бұл нұсқаларды барабар деп санай алмаймыз, себебі орыс тіліндегі сүйек ойыны (игра в кости) үстелде ойналатын мүлде басқа ойын атауын білдіреді, әрі бұл ойын барысында топ болып өлең айту мүмкін емес, себебі ойын мұқият зейінді қажет етеді.

Ағылшын тіліндегі нұсқаның ешбір локалдық бояуы болмағанымен, ұлттық бояудың жоғалып тұрғандығы айқын. Екі тілде де *айгөлек* реалиясы түсірілген. Сонымен, аталған микроконтексте ұлттық бояу жеткізілмеген. Біздің ойымызша, берілген микроконтексте ойын атауларын экспликациясыз жай ғана транслитерация тәсілімен де беруге болар еді. Реципиент транслитерацияның ойын атауы екендігін ойнап жатып та (играют, were playing) етістігі арқылы да анықтай алар еді, ал аудармада ұлттық-тарихи бояу сақталар еді.

Сонымен, ойын атауларын аударғанда транслитерация тәсілінің оңтайлы екендігін анықтадық. Ал ойынның ұлттық бояуының контекстуалдық маңызы болмаса, оған қосымша экспликация берудің қажеті де жоқ. (137) мысалда аудармашы *ақсүйек* реалиясына транслитерациямен қатар мәтіннен тыс экспликация берген. Түсініктемеде реалияның сөзбе-сөз аудармасы мен ұлттық ойын екендігі беріледі.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(137)	“Баяғыда, Хантөрткілдің жайлауында ауыл балалары боп, асыр сап "ақсүйек" ойнайтын жазғы кештерде де осы түнгі аспан...дәл сол күйінде” [55, б. 415].	“Хотя бы на йоту изменилось небо! Все такое же, как когда-то много лет назад Хансулу с друзьями допоздна играла в <i>аксуйек</i> . <i>Аксуйек – белая кость, национальная игра</i> ” [111, б. 444].

Аударма реципиенті *аксуйек* транслитерациясы арқылы да бұл реалияның ұлттық ойын екендігін түсіне алады, себебі *играть* (ойнау) етістігі осы ақпаратты жеткізіп тұр. Ал түсініктемедегі *белая кость* калькасы реципиентке ешқандай ақпарат бере алмайды. Сол себепті бұл сілтеменің қажеті жоқ деп санаймыз, өйткені түсініктеме тым жалпылама болып кеткен. Бұл орайда К. Фитцпатриктің *соқыр теке* реалиясына берген экспликациясын атап айтуға болады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л.Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(138)	“Осындай жайбарақат торғын кешті ду-ду сақылдаған күлкіге толтырып, ауыл арасында бір топ қыз, бозбала " <i>соқыр теке</i> " ойнап жүр” [55, б. 20].	“Наполняя хохотом безмятежный вечер, резвилась молодежь: играли в " <i>слепого козла</i> ” [111, б. 23].	“Filling the serene night with laughter, the young people were having fun playing " <i>blind goat</i> .” <i>Blind goat is a version of blind-man's buff</i> ” [112, б. 22].

*Соқыр теке* реалиясы екі тілге де калька тәсілі арқылы аударылған. Ағылшын тілінде сілтеме беріліп, онда *соқыр теке* ойынының мәдени аналогы *blind-man's buff* аталған. Реалияның контекстуалдық маңызы бар, оны басқа ойын атауымен алмастыруға болмайды, себебі шығарма желісі бойынша бұл ойынның тәртібі суреттеледі. Осылайша, көркем проза стиліне нұқсан келгенімен аудармада реалияның ұлттық бояуы да, семантикасы да барабар берілген.

Ұлттық бояумен қатар, реалияның ұлттық бояуының берілуі де өте маңызды. Мәселен, романдағы *асық* реалиясының ұлттық бояуы ешбір микроконтексте ашылмаған.

(139) микроконтексте *асық* реалиясы тек ойын атауы ғана емес, ойын компонентінің атауы ретінде де кездеседі.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(139)	“Кешегі күнге шейін ауыл ортасындағы айтақырда шаңқай түсте асыр сап <i>асық</i> ойнайтын Рысбек. Мына Ждақай сияқты балалар қараулық жасап жанжал шығара бастаса болды, жасқаншақтап ұтқан <i>асығын</i> қайтып бере қоятын” [55, б. 103].	“It seemed only yesterday that in the summer sun at the edge of the aul, he had spent hours with the aul's children, gambling with the <i>asyki</i> . If boys who were a little bolder like Jdakhay, kicked up a fuss, demanding that the <i>asyki</i> they lost be returned, Rysbek would timidly return them immediately” [112, б. 134].

Бұл сөйлемдер орыс тіліне аударылмаған. Мұның себебі де осы реалиялар болуы мүмкін. Ағылшын тіліне *асық* реалиясы транскрипцияланған, дегенмен контекстен асықтың қандай ойын екендігі аңғарылмайды. Жоғарыдағы сөйлемде реалияның ұлттық бояуы актив екендігін ескерсек, оған кем дегенде экспликация беру қажет екендігін анықтаймыз.

Ойындар тақырыптық тобында да қате транскрипциялар бар. Мәселен, *асық, ақсүйек* реалиялары ағылшын тіліне *asyk, aksuyek* деп емес, *asyki* [112, б. 134] (*асыки* деп оқылады), *aksiyek* [112, б. 118] (*аксиек* деп оқылады) болып берілген. Бұл да аудармашының салғырттығын дәлелдейді.

Ұлттық ойын реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

18-кесте. Ойын реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	2	2
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	1	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	2
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	5	5
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	1	1
9	Гипо-гипероним	6	2
10	Контекстуалдық аналог	0	0
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	1	2
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	4	9

Қорыта келе, ұлттық ойын реалияларын аударғанда реалияның ұлттық бояуының маңызын ескеру керек. Егер контекстуалдық маңызы пассив болса, онда транскрипция/транслитерация, калька, гипо/гипероним секілді тәсілдер де жарайды, себебі реалияның ұлттық-тарихи бояуы жеткізіледі, ал денотативті мағынасы контексте *ойнау* бірлігімен тіркесу арқылы ашылады. Контекстуалдық маңызы жоғары реалияларға міндетті түрде экспликация, функционалдық аналог не мәдени аналог беру қажет.

**16. Өнер реалияларының берілу барабарлығы.** Бұл тақырыптық топқа 91 түрлі микроконтексте кездесетін *айтысу, ақын, дастан, домбыра, домбыраның құрсағы, құлағы мен сабы, домбырашы, жыр, жырау, жыршы, күй, терме* реалиялары жатады.

Бұл тақырыптық топта да орыс тіліне енген сөздік реалиялар бар. Мәселен, түпнұсқадағы *дастан, домбыра* реалиялары орыс тіліндегі аудармада *дастан, домбра* болып берілген. Сәйкесінше, домбырашы реалиясы да орыс тіліндегі зат

есімнен зат есім тудыратын -ист жұрнағы жалғану арқылы *домбристика* болып аударылған [111, б. 321]. Бұл нұсқалар реципиентке таныс болғандықтан, аудармаларды барабар деп есептейміз.

*Домбыра* реалиясы мәселе тудырмағанымен, домбыраның құрамдас бөліктеріне қатысты реалиялар айтарлықтай қиындық тудыруы мүмкін. Ұлттық аспаптың *шанағы, тиегі, қақпағы, сабы*, т.б. секілді бөліктері бар. Романда *құрсақ, құлақ, сап, шек* деген бөліктері аталады. Шекті музыкалық аспап болғандықтан *шек* сөзінің өзге тілдерде баламасы бар. Мәселен, орыс тілінде шекті аспаптардың шегін *струна* [115], ағылшын тілінде *string* [115] деп атайды.

Домбыраның өзге бөліктерін атайтын реалиялардың аудармаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(140)	“Лабак ахун кең <i>құрсақ</i> үлкен қоңыр <i>домбырасын</i> күмбірлетіп <i>құлақ</i> күйін келтіріп біраз созаландап отырды” [55, б. 58].	“Долго <i>настраивал</i> ахун <i>инструмент</i> , срывающиеся из-под его пальцев низкие, гулкие звуки таяли в воздухе, наполненном ожиданием” [111, б. 65].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(141)	“ <i>Құлақ</i> күйі келген кең <i>құрсақ</i> қара домбыра енді тақымға тиген жарау аттай зымыран шабыс тілеп лып-лып етеді” [55, б. 320].	“ <i>Настроенная для кюя</i> , широкая и круглая в <i>нижней части</i> черная домбра начала подрагивать в ее руках, словно застоявшийся скакун, просящийся в стремительный намет” [111, б. 335].
(142)	“Домбыраны “дыңң”, “дыңң” шертіп <i>құлақ</i> күйін келтіре бастады” [55, б. 320].	“Ее пальцы пару раз ударили по струнам, затем она начала подкручивать <i>ушки домбры</i> ” [111, б. 334].

(140) және (141) микроконтексте *құлақ* реалиясының денотативті мағынасы актив емес, сол себепті аудармашылар генерализация тәсілін пайдаланып, *настраивать* (күйін келтіру) етістігімен аударған. Үшінші микроконтексте, керісінше, реалияның ұлттық бояуы актив, сол себепті аудармашы калька тәсілімен *подкручивать ушки* (құлағын бұрау) деп берген. Орыс тілінде шекті аспаптардың құлағын атайтын *колка* сөзі бар. Дегенмен, аудармашылар ұлттық бояуды сақтау мақсатында *ушко* сөзін алған. Біздің ойымызша, мәдени аналог та, калька тәсілі де аударма барабарлығын қамтамасыз ете алар еді.

Екінші микроконтекстегі *құрсақ* реалиясының аудармасын жетілдіру керек. Орыс тілінде гитара, балалайка секілді шекті аспаптардың *құрсағын корпус* деп атайды, сол себепті *нижняя часть* (төменгі бөлік) экспликациясынан гөрі, гиперонимін пайдаланған дұрысырақ еді деп есептейміз.

Романда *домбыра* реалиясымен қатар *күй* реалиясы да аталады. Бұл реалияны контекстегі қызметіне қарай не транскрипция, не генерализация арқылы беріп отырған. (143) мысалда бірінші сөйлемде *күй* реалиясы күйдің атауымен қатар айтылады, яғни оның ұлттық бояуы актив. Сол себепті, аудармашылар транскрипция тәсілін пайдаланған. Үшінші сөйлемде *күй* әуені сипатталады, яғни реалияның ұлттық бояуы пассив, сондықтан аудармашылар оны генерализация тәсілімен музыка деп береді.



	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(143)	"Кішкентай" еді бұ күй. Шамырқанған шатақ күй. Күй көп ұзамай қарашаның ауыр қара бұлтындай түйілді" [55, б. 321].	"Это был кюй «Кишкентай». Кюй яростный, неукротимый. Спустя некоторое время, музыка сгустилась на одной ноте, мрачной осенней тучей зависла в воздухе" [111, б. 336].

Күй реалиясы бірнеше рет қайталанғандықтан аударма мәтіндегі экзотизмдерді азайту үшін, әрі аударма прагматикасын қамтамасыз ету үшін таңдалған бұл тәсілдер барабар деп есептейміз.

Өнер тақырыптық тобында айтысу реалиясы аудармада мүлде берілмеген. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космұхамедованың аудармасы</i>
(144)	" <i>Айтысқан</i> ақындардың женгендеріне де, жеңілгендеріне де бәйге берді" [55, б. 58].	"Не остались без даров и акыны – и те, что стали победителями, и те, что познали поражение" [111, б. 64].

«Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы» [110, б. 149]. Түпнұсқадағы *айтысу* реалиясы арқылы осындай өнер жарысы меңзеледі. Алайда орыс тіліндегі аудармада бұл реалия түсірілген, мәдени ақпарат толық емес, себебі аударма реципиенті ақындардың қандай жарысқа қатысқандығын түсіне алмайды, тіпті ешқандай түсініктеме берілмеген *ақын* реалиясын да түсінбеуі ғажап емес. Ағылшын тілінің аудармашысы бұл сөйлемді мүлде аудармай тастап кеткен, яғни ұлттық ақпарат толығымен жоғалған. Біздің ойымызша, *айтыс* реалиясын транскрипциялап, мәтін ішінде ақын реалиясына экспликация беру қажет еді. Мәселен, *не остались без даров и акыны-сказители, принявшие участие в айтысе, и те, что стали ...* деген экспликация реалияның денотативті мағынасын да, ұлттық бояуын да бере алған.

Өнер тақырыптық тобында ерекше назар аударатын реалиялар – бір синонимдік қатарға кіретін, бірақ ұлттық бояулары әр қилы ақын, жыршы, жырау лексикалық бірліктері. Бұл реалия референттері сөз өнерінің өкілдері болғанымен, айырмашылықтары бар екендігін есте ұстаған жөн. Мәселен, ақын, жыраумен салыстырғанда жыршы – тек жыр-дастандарды орындаушы ғана [145, б. 565].

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космұхамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(145)	"Той бастар" айтқан <i>жыршыға</i> ат мінгізді" [55, б. 58].	" <i>Жырши</i> , который спел «Той-бастар» («Зачин для тоя») и тем возвестил о начале свадебной церемонии, скакуна подарил" [111, б. 64].	"The jyrshes, who sang the <i>Toy-bastar</i> arrived and thus heralded the beginning of the marriage ceremony; he presented a race horse. A <i>jyrsh</i> is a bard" [112, б. 77].

*Жыршы* реалиясы екі тілде де транскрипция арқылы берілген. Орыс тілінде реалияның функционалды мағынасын контекстен аңғаруға болады, сол себепті аудармашы оған қосымша түсініктеме беруді қажет деп санамаған. Ал ағылшын аудармашысы реалияға сілтемеде түсініктеме беруді жөн көрген. Түсініктемеде *жыршы* бард реалиясына теңестіріледі. Бұл жағдайда *бард* жыршы реалиясының мәдени аналогы болып табылады. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, реалияның денотативті мағынасы контекстен аңғарылады, сол себепті сілтеменің қажеті жоқ.

“Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын” болса [145, б. 558], «ақын – поэзиялық туындыларды (өлең, жыр-дастан, поэма) ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі» [137, б. 176]. Бұл орайда *ақын* реалиясының *жыршы* мен *жырау* реалияларына гипероним бола алатынын байқауға болады. Аудармашылардың нұсқаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космұхамедованың аудармасы</i>
(146)	“Айтысқан <i>ақындардың</i> жеңгендеріне де, жеңілгендеріне де бәйге берді” [55, б. 58].	“Не остались без даров и <i>акыны</i> – и те, что стали победителями, и те, что познали поражение” [111, б. 64].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(147)	“Өзіміздің Құдайдай табынып жүрген <i>ақынымыз</i> Сәкен, деп Ждақай іргеде жатқан қызыл мұқабалы кітапты қолына алды” [55, б. 259].	“Или – далеко ходить не надо – наш <i>поэт</i> Сакен, на которого мы молились, как на бога... – Ждахай взял томик с красной обложкой” [111, б. 265].

Бірінші микроконтексте *ақын* реалиясы транскрипцияланса, екіншісінде генерализация тәсілімен *поэт* деп берілген. Аударма сөздіктерде *ақын* реалиясы *поэт* деп аударылады. Алайда, орыс тіліндегі *поэт* – тек поэзиялық шығармалардың авторы ретінде анықталады [133]. Сондықтан *поэт* сөзі *ақын* реалиясының ұлттық бояуын толығымен қамти алмайды. Дегенмен, екі микроконтексті салыстырар болсақ, біріншісінде айтысқа қатысқан дәстүрлі өнер өкілдері меңзелсе, екіншісінде Кеңес үкіметі орнаған кездегі жаңашыл сөз шеберлері сипатталады. Сол себепті, А. Жақсылықовтың транскрипция емес, генерализация тәсілін таңдауын барабар деп есептейміз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, *жырау* дегеніміз тек орындаушы ғана емес, сондай-ақ жыр-дастан авторы. Реалияның аудармаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космұхамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(148)	“Тойда өтіп жатқан өнер айыстарының ішінен Хансұлуды елендеткен жалғыз-ақ <i>жырау</i> өнері болды” [55, б. 58].	“Привлекли ее внимание <i>сказители</i> ” [111, б. 64].	“The <i>story-tellers</i> attracted her attention” [112, б. 77].

Түпнұсқадағы жырау реалиясының ұлттық бояуы айқын, себебі өнер атауы ретінде көрініс табады. Дегенмен, аудармашылар генерализация тәсілін таңдап, орыс тілінде *сказитель*, ағылшын тілінде *story-teller* нұсқаларын ұсынған. Бұл аудармада тек ұлттық бояу ғана жоғалмай, түпнұсқа реалиясының денотативті мағынасы да толық ашылмаған. Біздің ойымызша, бұл контексте *жырау* реалиясының формасы да сақталуы қажет еді.

Өнер реалияларының аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

19-кесте. Өнер реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	33	0
2	Транслитерация/транскрипция	14	7
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	2	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	7
5	Функционалдық аналог	3	0
6	Калька	2	0
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	1	0
9	Гипо-гипероним	12	2
10	Контекстуалдық аналог	3	0
11	Грамматикалық трансформация	1	0
12	Түсіру	6	2
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	12	73

Сонымен, өнер реалияларының ішінде *домбыра*, *дастан* секілді реалиялардың сөздік сәйкестіктері бар. Өнер тақырыптық тобында да гипо-гипероним тәсілдері жиі пайдаланылған. Мұндай тәсілді ұлттық бояуы пассив реалияларды аударуда пайдалану керек. Негізінде, музыкалық аспаптар реалияларын аударғанда негізгі аспапты транскрипциялап, ал оның құрамдас бөліктеріне мәдени аналог тапқан дұрыс деп есептейміз. Мәдени аналог табылмаған жағдайда калькалау, генерализация тәсілдерін пайдалануға болады. Жалпы алғанда, өнер реалияларын транскрипциялау да жеткілікті, себебі олардың денотативті мағынасы микроконтекстен аңғарылады. Кері жағдайда, мәтін ішіндегі экспликация беру қажет.

**17. Наным-сенімге, мифологияға қатысты реалиялардың берілу барабарлығы.** Бұл топтағы *албасты*, *әзәзіл*, *әзірейіл*, *жерұйық*, *сайтан*, *үр қызы*, *хор қызы*, *ыблыс* реалиялары 14 микроконтексте кездеседі.

Жалпы алғанда, мифологияға қатысты реалиялардың аудармасында форенизация стратегиясы басым болғандығы байқалады. Бұған транскрипция/транслитерация тәсілінің жиі қолданысы дәлел.

(77) микроконтексте *Қыдыр ата* реалиясы берілген. Қыдыр ата дегеніміз «халықтың байырғы мифологиялық танымында адамға ырыс, құт дарытатын, көкsegен тілегін орындайтын, қысылып-қиналғанда дем беретін, қауіп-қатерден

құтқаратын, қияметтің күніне дейін өлмейтін ең жоғарғы санаттағы әулие» [113, б. 160].

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(149)	“– Ал, Жаппар Ием, жар болғай! Жорытқанда жолымыз, <i>Қыдыр ата</i> жолдасымыз болғай! Тарт, балам! – деді дауысы саңқылдап” [55, б. 96].	“–Оу, повелитель вселенной, защити! Оу, <i>Кадыр-ата</i> , будь заступником в пути неведомом! – и, обращаясь к Булышу, заключил: – Трогаемся, сынок!” [111, б. 106].	“Oh, Lord of worlds, protect us! Oh, <i>Kydyr-ata</i> <sup>131</sup> , be our protector on an unknown path!”. Then turning to Bulysh, he concluded: “Let’s head off, sonny!” <sup>131</sup> <i>Kydyr-ata is a saint and protector of travelers</i> ” [112, б. 126].

(77) микроконтексте Қыдыр ата реалиясы жол жүріп бара жатқан кейіпкерлердің жолда сенер пірі ретінде қолданылған. Аудармашы Л. Космухамедова реалияны тек транслитерациялап қана қойған. Бұл нұсқаны барабар деп есептейміз, себебі реалияның ұлттық бояуы сақталған, ал денотативті мағынасын контекстен те аңғаруға болады. Шынында да, аударма реципиенті Қадыр атаның наным-сенімге қатысты атау екендігін түсіне алады. К. Фитцпатрик, дегенмен, ағылшын тілінде транслитерациямен қатар мәтіннен тыс экспликация беруді ұйғарған, осылайша, реалия рецепциясын 100% қамтамасыз етуге тырысқан. Біздің ойымызша, аудармашының бұл нұсқасы да барабар, дегенмен мәтіннен тыс экспликациясыз да аударуға болар еді.

Аудармада экспликацияны мәтіннен тыс емес, мәтін ішінде беруге тырысу керек екенін алдыңғы тарауларда айтып кеткен болатынбыз. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(150)	“ <i>Әзірейіл</i> өкшелегендей дүрсілдеп барады” [55, б. 31].	“Уж так топал, когда бежал, что можно было подумать, <i>Азраил, ангел смерти</i> , за ним гонится...” [111, б. 36].

Түпнұсқада *әзірейіл* реалиясы беріледі. *Әзірейіл* дегеніміз «бақи дүниеге аттанар адамның жан алғышы» [137, б. 433]. Түпнұсқа авторы кейіпкердің шапшаңдығын суреттеу үшін осы реалияны қолданған. Микроконтексте реалияның ұлттық бояуы актив. Сол себепті, аудармашы транскрипциямен қатар, мәтін ішінде *ангел смерти* (ажал періштесі) экспликациясын береді. Біздің ойымызша, аударма барабар, себебі денотативті мағына да, ұлттық бояу да жеткізілген.

Ұлттық-тарихи бояуды жеткізудің тағы бір жолы – функционалдық аналогты қолдану. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы
(151)	“Ждақайдың алдында бейне <i>хор қызы</i> отырғандай” [55, б. 373].	“Ждахаю чудилось, что перед ним сидит <i>сама пери</i> ” [111, б. 36].

Түпнұсқада *хор қызы* реалиясы беріледі. *Хор қызы* дегеніміз «Құран Кәрімде пейішке кіргендердің болашақ жары ретінде сипатталатын жұмақтың пәк аруы... Діни және халық әдебиеттерде хор қызы алуан түсті гүлден жаратылған, асыл гауһардай нұрын шашқан, кеудесінде Алланың аты мен өзінің жұбайының есімі жазылған сұлу қыз бейнесінде сипатталады» [132, б. 603]. Түпнұсқа авторы хор қызы реалиясын өте сұлу әйел адамды сипаттау үшін пайдаланған. Аудармашы А. Жақсылықов бұл реалияның орнына шығыстық бояуы бар, *пери* сөзінің транслитерациясы *пери* нұсқасын береді. Дегенмен, аудармада қосымша экспликация берілмейді. *Пери* лексикалық бірлігі орыс тілінде «иран мифологиясы бойынша – жұмақтан шеттетілген, адамдарды жындардан қорғайтын азғын періште» деп анықталады [133]. Бірақ оның «өте сұлу әйел» деген ауыспалы мағынасы да бар [133]. Мәселен, «Как пери спящая мила, она в гробу своем лежала» деген М.Ю. Лермонтовтың өлең жолдары да бар [133]. Сонымен, аудармашының бұл нұсқасын барабар деп есептейміз, себебі реалияның денотативті мағынасы сақталған, ұлттық-тарихи бояу да берілген. Тек қана реалияның формасы сақталмаған. Мұның да себебі бар – *хор қызы* реалиясының *хор қызы* немесе *девушка хор* секілді транскрипциялары аударма стиліне сай келмес еді.

Экспликация тәсілін пайдаланған кезде реалиялардың денотативті мағынасы берілгенімен, форманың жоғалатыны анық. Мәселен:

	Түпнұсқа	А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы
(152)	“Сол салдыр арасынан "қызыл жағалы" сұр формалы кезекшіні көреді. Бұның жаналғышы, әзірейілі сол” [55, б. 293].	“Сквозь эту рябь и туман почти не различить красные петлицы и серую форму дежурного. Эта нечистая сила – посмертный провожатый его души” [111, б. 302].

Түпнұсқада *әзірейіл* реалиясы беріледі. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, *әзірейіл* дегеніміз өлген адамның жанын алатын періште. Аудармашы бұл микроконтексте тек экспликация тәсілін пайдаланып, *посмертный провожатый* (өлімге шығарып салғыш) деген нұсқаны береді. Әрине, ұлттық-тарихи бояу түсірілген. Сол себепті, Азраил транскрипциясын да қосқан дұрыс деп ойламыз.

Сонымен, наным-сенім, мифологияға қатысты реалиялардың аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

20-кесте. Наным-сенім реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	3	0
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	2	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	1	1
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0

20-кестенің жалғасы			
	1	2	3
7	Мәдени аналог	1	2
8	Экспликация	5	0
9	Гипо-гипероним	0	0
10	Контекстуалдық аналог	0	1
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	1	0
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	0	10

Бұл тақырыптық топта ең жиі қолданылған тәсілдерге транскрипция/транслитерация, экспликация жатады. Ұлттық-тарихи бояуды барынша сақтау қажет болған жағдайда экспликациялы транскрипция/транслитерация тәсілі ең оңтайлы болады. Жай ғана экспликация реалияның ұлттық бояуын жоятыны анықталды. Көркем проза мәтініндегі реалияларды аударудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – реалияны аударма реципиентіне таныс, денотативті мағынасы шамалас экзотизммен аудару. Бұл функционалдық тәсіл деп аталады.

### 3.1.3 Әлеуметтік-саяси реалия-сөздердің берілу барабарлығы

**1. Этноним-реалиялардың берілу барабарлығы.** Романдағы *әлім, адай, табын, құнанорыс, ажым, қаражон, жалпақтіл* секілді этнонимдер 14 түрлі микроконтекстте кездеседі.

Орыс тіліндегі аудармада тек 8 микроконтекст, ал ағылшын тіліндегі аудармада тек 3 микроконтекст ғана берілген. Аудармашылардың ру мен тайпа атауларын аудармай, қалдырып кетуінің себебі – ақпаратты жеңілдету, әрі тым ұзақ түсіндірмелердің алдын алу. Мәселен, ұлттық-тарихи бояуды сақтау мақсатында ру мен тайпа атаулары транслитерациялануы қажет. Сәйкесінше, транслитерацияға экспликация беру қажет. Егер қандай да бір ру атауына белгілі бір жүз ішіндегі ру немесе Қазақстанның қандай да бір аймағын мекендейтін ру секілді жалпылама түсініктеме берілсе, оның реципиент үшін ешқандай ақпараттық маңызы болмайды. Ал қазақ халқының жүзге, руға бөлінетіндігі, ру мен тайпалардың өзіндік ерекшеліктері, стереотиптер туралы маңызды ақпаратты беру үшін көлемді түсініктеме беру қажет. Көркем шығарма энциклопедия рөлін атқармағандықтан, мұндай ұзақ түсініктемелерді берудің жөні жоқ. Дегенмен, мұндай тәсіл шығарма мазмұнына нұқсан келтірмеуі қажет. Мына сөйлемдерге назар аударайық:

(153)	<p>“– Сен... сен, Жорға, аш таптық пердеңді! Рушылдығыңды мойында, сен кеңес ағасы болғалы бері кім таяқ жеп жатқан? Таяқ жеп жатқан <i>ажым мен жалпақтіл!</i> Өтірік депші!..</p> <p>– Әрине, рас! Рас болмаса бүгінгі спесекте неге бір <i>қаражон</i> жоқ? Неге бір ағайының жоқ?..</p> <p>– Спесекте <i>қаражон</i> жоқ. Өйткені, сенің соғып отырғаның кедей-кембағалдың емес, бір атаның сойылы! Өтірік депші!” [55, б. 156].</p>
-------	--

Бұл мысалдардан ұғатынымыз – қазақ халқының жүзге, руға бөлінетіндігі, рушылдықтың бар екендігі, солай тұра қазақтардың ағайындарын қорғайтындығы, туыстық қатынастардың беріктігі, яғни қазақ ұлты туралы этномәдени ақпарат. Бұл ақпаратты *ажым, жалпақтіл, қаражон* секілді тайпа атауларының қолданысынан ұғуға болады. Өкінішке орай, бұл реалиялар не орыс тіліндегі, не ағылшын тіліндегі аудармаларда берілмеген. Жалпы, осы эпизодтағы рушылдық туралы ақпарат та аударылмаған. Біздің ойымызша, мұндай аударма дұрыс емес, себебі тек микроконтекстегі ғана емес, макроконтекстегі этномәдени ақпарат та берілмей қалған.

Ру мен тайпа реалияларының өзге аудармаларында негізінен транслитерация/транскрипция тәсілі қолданылған, мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(154)	“Аз сөйлеп көп тындай отырып <i>әлім, адай, табын</i> – үш атаның баласы түгел бір пәтуға келгенше әліптің артын бақты” [55, б. 192].	“Из трех родов здесь люди – из <i>алима, адая, табына</i> ” [111, б. 202].

Берілген микроконтексте *әлім, адай, табын* атты үш ру атауы беріледі. Сөйлемде бұл реалиялардың контекстуалдық маңызы пассив. Реалиялардың семантикасы сөйлемдегі үш атаның баласы тіркесінен аңғарылады. Сол себепті, аудармашы Л. Космухамедова реалияларды транслитерация тәсілімен *алим, адай, табын* деп берген. Аударма нұсқасын барабар деп есептейміз, себебі бұл микроконтексте қосымша экспликация берген артық болар еді.

Ру мен тайпа атауларын реципиентке түсінікті ету мақсатында транслитерация/транскрипция тәсілдерімен бірге мәтін ішіндегі экспликация тәсілін қолдану жиі кездеседі. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(155)	“Оның үстіне ана жақтан адай, мына жақтан табын, әлім арасынан шығып қосылып жатқандар тағы бар” [55, б. 87].	“И народу отовсюду прибавлялось – из Адая, Табына, Алима и других родов” [111, б. 97].

Берілген микроконтексте адай, табын, әлім реалиялары аталады. Бұл сөйлемде олардың тек денотативтік мағынасы актив. Аудармашы *других родов* (басқа рулар) экспликациясын қоса отырып, реалиялардың ру атауы екендігін мәтін ішінде көрсете алған. Ру атауларына экспликация ретінде осындай *род* (ру), *подрод* (тайпа), *clan* (ру), *subclan* (тайпа) секілді гиперонимдер қолдануға болады. Аудармашының нұсқасын барабар деп санаймыз, себебі денотативті мағына мен форма сақталған, ұлттық-тарихи бояу, реалиялардың контекстуалдық мағынасы сақталған. Оған қоса, көркем проза мәтінінің стилі сақталған.

Жоғарыда аталған гиперонимдер мен транслитерациялар ру мен тайпа атауларын тек атап қана қояды, яғни денотативтік мағынасын ғана жеткізе алады, бірақ белгілі бір ру мен тайпа жөніндегі стереотиптік ақпаратты бере алмайды. Келесі мысалдарға назар аударайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(156)	“Төркіні – <i>адайдың құнанорыс</i> деген тайпасы” [55, б. 74].	“Из <i>воинственного подрода кунанорыс в роду адай</i> происходила она” [111, б. 82].	“She was from the <i>warrior sub-clan Kunanorys of the Aday clan</i> ” [112, б. 96].
(157)	“ <i>Адайдың</i> ақкөз жігіттері аясын ба, Бұқарбайды мес қылып сабайды да, атына теріс мінгізіп келген жағына қарай айдап жібереді” [55, б. 187].	“А в ауле этом из <i>рода адай</i> разве пожалеют развратника? Избили, испинали, говорят, до полусмерти и, задом наперед на конский круп посадив, <i>восвояси</i> отправили” [111, б. 197].	-

(156) сөйлемде романда күш-қайратымен ерекшеленетін кейіпкер Дәу апаны суреттейді. Бұл микроконтексте қолданылған *адай*, *құнанорыс* реалиялары тек ру мен тайпа атауын ғана атап қоймай, ассоциациялық ақпарат та береді. Адай руы туралы естігенде қазақ халқында *намысшыл*, *қайратты*, *бірбеткей* секілді ассоциациялар туындайды. Қазақтың кейбір руларының мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеуші ғалым М. Қожанұлы адайдан шыққан Қашаған жыраудың «*Адай* деген ел едік, Абайсыз өскен алшаңым, Тәксіз өскен *тарпаңым*» деген сөздерін келтіріп, жыраудың адайлықтарды тарпаңға, яғни асау жылқыға теңегендігін атап өтеді [161]. Қазақтың «Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген сөзінің өзі Кіші жүз руларының мінез-құлқынан хабар береді. Әрине, бұл ассоциациялар түпнұсқа оқырманына сөзсіз түсінікті. Ал осы қосалқы семаны аудармада беру үшін аудармашылар транслитерациямен қатар, экспликация тәсілін де қолданып, *воинственный* (жауынгер) және *warrior* (жауынгер) сын есімдерін қосқан. Бұл аударманы барабар деп есептейміз, себебі ұлттық-тарихи бояу, реалиялардың контекстуалдық мағынасы мен қызметі сақталған.

(157) сөйлемде де *адай* жігіттерінің *намысшыл* мінез-құлқы меңзеледі. Мәселен, *ақкөз адай* тіркесі турасында М. Қожанұлы мынадай пікір жазады: «ел аузында «ақкөз Адай» деген тіркес те бар. Біздіңше, бұл тіркестен *адай* руы адамдарының бетің бар жүзің бар демей шындықты бетке айту, берген сертіне мәртікпен қарайтын, ретті жерінде сөзге тоқтамағанды ұрып та жіберетін (тентектік), кейде сөз мәнісін түсінбейтіндерге тізесін батырып өктем сөйлейтін (зорлықшыл), кейде нағашылы-жиенді қалжыңдап, әлкес-шәлкес сөйлейтін (оспадарлық) мінез-құлқына қарап осылай атаса керек» [161]. Аудармада *ақкөз* сын есімі аударылмаған, сол себепті *адай* транслитерациясы мен *rod* (ру) гиперонимі реалияның қосалқы семантикалық компоненттерінен хабар бере



алмайды. Бұл аудармада ұлттық-тарихи бояу сақталғанымен, реалияның контекстуалдық мағынасы толық ашылмаған.

Сонымен, этноним-реалиялардың аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

21-кесте. Ру реалияларының аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	7	3
2	Контекстуалдық аналог	1	0
3	Түсіру	6	11

Романдағы этноним-реалияларының аудармаларының барабарлығына келетін болсақ, мынадай қорытынды жасауға болады. Ұлттық бояуы актив ру мен тайпа реалияларын негізінен транслитерация мен оған іргелес гипероним арқылы аудару керек. Көп жағдайда ру мен тайпа реалиялары аударылмай қалған. Реалияны аудармай тастап кету үшін оның микроконтекспен қатар, макроконтекстегі маңызын біліп алу қажет. Ұлттың өзіндік ерекшеліктерінен хабар беретін, шығарма желісіне ықпалы бар актив реалияны міндетті түрде аудару керек.

**2. Әлеуметтік-саяси реалиялардың берілу барабарлығы.** Романдағы *ауыл, кеңшар, аудан, ауылдас, ақсақал, жігіт, қарасақал, көксақал, бай, жатақ, жалшы, батырақ, ауыл ағасы, ауылдық кеңес ағасы, ауылнай, ауылсовет, би, әкім, хан, қожя, молда, алаш, алашорда, шала қазақ* секілді реалиялар 510 микроконтексте кездеседі.

Ең жиі кездесетін әлеуметтік-саяси реалияға *ауыл* бірлігін жатқызуға болады. Бұл реалия романда 313 рет аталады. Ауыл – «әр қазақ баласы, әсіресе үлкен ұрпақ өкілдері үшін ерекше қастерлі де, қасиетті ұғым» [137, б. 362]. Ауыл реалиясы Орта Азия халықтарының мекендейтін қоныстарының атауы ретінде орыс тіліндегі сөздіктерге енген, сол себепті аудармашылар сөздік сәйкестікті өте жиі пайдаланған. Сондай-ақ, *казахи* (қазақтар) [111, б. 216], *люди* (адамдар) [111, б. 84], *народ* (халық) [111, б. 127], *кочевники* (көшпенділер) [111, б. 438] контекстуалдық аналогтары да беріледі. Аудармашылардың сөздік реалияны емес, өзге нұсқаларды пайдалануына реалияның контекстегі қызметі әсер етеді. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(158)	“Жылқыны Жем бойындағы тепсеңге айдап салып, Шеге кешке таман құмсақ жағалаудағы радиосы сымпылдаған <i>ауылға</i> қарап тұрған” [55, б. 138].	“В тот день Шеге, выгнав по обыкновению скотину на луг у реки, смотрел на <i>поселок</i> , где громко говорило радио, а он его слушал” [111, б. 146].	“In the evening, after driving the horses out to a grazing area on the river bank, Shege stood looking at the evening <i>aul</i> , plunged into the twilight to the drone of the radio loudspeaker” [112, б. 160].

Түпнұсқадағы *ауыл* реалиясы орыс тіліндегі аудармада *поселок* (қоныс) деп берілген. Мұндай нұсқа таңдаудың өзіндік себебі де бар. Ауыл – көшпелі өмір салтын жүргізген қауымдастықтың қонысы, ал түпнұсқада отырықшылыққа көше бастаған, көші-қоны азайған, бұрынғыдай рулас, ағайынды адамдардың емес, көбіне істес адамдардың біріккен қонысы суреттеледі. Аудармашы Л.Космухамедова осы айырмашылықты түсініп, генерализация тәсілін пайдаланған. Дегенмен, ағылшын тілінде транскрипция тәсілі сақталған. Алдыңғы контекстерде ағылшын тіліндегі *aul* транскрипциясына «Орта Азидағы кішкене қоныстың атауы» деген сілтемедегі түсініктеме де беріледі [111, б. 8]. Сол себепті, жоғарыда аталған транскрипцияға тағар мініміз жоқ: ұлттық бояу сақталған, әрі реалияның микроконтекстегі қызметі жеткізілген.

Тарихи-саяси факторларға байланысты орыс тілінің түсіндірме сөздіктеріне енген әлеуметтік реалияларға, *ауыл* бірлігімен қатар *молда*, *хан*, *жігіт*, *батырақ* реалиялары жатады. Бұл сөздер орыс тілінде сәйкесінше *мулла*, *хан*, *джигит*, *батрак* болып берілген. Ағылшын тіліне де *молда*, *хан* реалиялары енген, сол себепті олардың *khan*, *mullah* транскрипциялары реципиентке қиындық тудырмайды, ал ұлттық бояу сақталады.

Реалиялардың ұлттық бояуын сақтау мақсатында баламасы бар лексикалық бірліктер де транскрипцияланған. Мәселен, бай сөзінің орыс тілінде *богач*, ағылшын тілінде *the rich* секілді сәйкестіктері бар. Бай дегеніміз «дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі, қоғамда айтарлықтай орны бар, төрт түлік мал жиған, жеке меншіктің, ауқатты шаруашылықтың иесі, әрі ұйымдастырушысы» [137, б. 478]. Орыс тіліндегі түсіндірме сөздікте *богач* байлықтың иесі болып анықталса [133], ағылшын тілінде *the rich* ақшасы мен байлығы көп адам болып анықталады [125]. Дегенмен, аудармашылар бұл сәйкестіктерден бас тартып, *бай* реалиясын екі тілде де транскрипция арқылы береді. Оған қоса, ағылшын тілінде сілтемеде түсініктеме беріледі:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(159)	“Әзберген өмірге өлердей ызалы. Әсіресе, "байлардың күні батуға таяу" деген, кеше жәрмеңкеде есіткен әңгімеден кейін ызалы” [55, б. 6].	“Не спится Азбергену после разговоров, которые он услышал вчера на ярмарке в городе Темире, – заходит, мол, солнышко для баев” [111, б. 8].	“Azbergen could not fall asleep; he was seriously worried about the conversations he had heard yesterday at the bazaar, that supposedly the sun was setting for the bays... <i>The bays were wealthy owners of herds</i> ”. [112, б. 7].

Сәйкесінше, орыс тіліндегі сәйкестіктер бай реалиясының гиперонимі, яғни бейтарап сәйкестігі ғана бола алады. Сол себепті, аудармашылардың нұсқасын барабар деп есептейміз.

Айтарлықтай мәселе тудыратын әлеуметтік реалияларға *ақсақал*, *көксақал*, *қарасақал* секілді лексикалық бірліктерді жатқызамыз. *Ақсақал* дегеніміз «ауыл-аймақтың жасы егде тартқан құрметті адамы» болса [137, б.158], *көксақалдың* жасы ақсақалдан кішілеу, ал *қарасақал* дегеніміз орта жастағы құрметті,

орныққан ер-азамат. Түпнұсқа реципиенті бұл реалиялардың мәнін *ақ, көк, қара* секілді түстер арқылы шамалап түсінсе, аударма реципиенті калькаланған аударманы тіптен қабылдамауы мүмкін. *Аксақал* транскрипциясы орыс тілінің кірме сөздер сөздігінде кездеседі, оған татар халқында егде жастағы ел басқарушылар деген анықтама берілген [124]. Сол себепті, орыс тілінің аудармашылары *ақсақал* реалиясын транскрипция тәсілімен беріп отырған. Ағылшын тілінде транскрипцияға мәтіннен тыс экспликация да беріледі [112, б. 31].

*Көксақал* мен *қарасақал* реалияларын аудару кезінде аудармашылар тығырыққа тірелген тәрізді:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(160)	“Ауылдың бас көтерген <i>ақсақал, қарасақалдары</i> Шәріптің үйінде екен” [55, б. 26].	“Солидные <i>мужи</i> аула, <i>аксакалы</i> , восседали в юрте Шарипа” [111, б. 29].	“The prominent <i>men</i> of the aul, the <i>aksakals</i> , sat solemnly in Sharip’s yurt. <i>The aksakals are the elders of the aul</i> ” [112, б. 31].
(161)	“Елді көшіріп жүрген <i>ақсақал, көксақалдарды</i> еңкілдетіп <i>мелиса</i> ауданға айдады” [55, б. 160].	“... <i>Аксакалов, старых и средних лет,</i> милиционеры как подстрекателей гнали в район” [111, б. 168].	-

Бірінші сөйлемдегі *қарасақал* реалиясы аудармада мүлде көрініс таппаған. Аудармашылар тек *ақсақал* реалиясының семантикасын ашқан. Екінші сөйлемде аудармашы *көксақал* реалиясының денотативті мағынасын беру мақсатында мәтін ішінде *средних лет* экспликациясын жасаған. Әрине, ұлттық бояуды беруде де, жалпы денотативті мағынаны беруде де бұл тәсіл жеткіліксіз. Біздің ойымызша *көксақал* реалиясын да транскрипциялап, сын есім түрінде экспликация жасауға болар еді.

Әлеуметтік-саяси реалиялардың аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

22-кесте. Әлеуметтік-саяси реалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	255	0
2	Транслитерация/транскрипция	83	187
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	1	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	8
5	Функционалдық аналог	14	0
6	Калька	0	2
7	Мәдени аналог	5	3
8	Экспликация	4	3

22-кестенің жалғасы			
	1	2	3
9	Гипо-гипероним	5	2
10	Контекстуалдық аналог	26	13
11	Грамматикалық трансформация	20	0
12	Түсіру	56	25
	Балама	5	0
	Аударылмаған сөйлемдер	33	266

Қорыта келе, әлеуметтік-саяси реалиялардың орыс тіліндегі аудармаларында сөздік реалиялар, транскрипция тәсілдері, ағылшын тіліндегі аудармада транскрипция тәсілдері басым. Саяси, таптық, әлеуметтік ерекшеліктердің ұлттық бояуын көрсету мақсатында аудармашылар осындай тәсілдерді пайдаланған.

**3. Туыстық реалиялардың берілу барабарлығы.** Романдағы *бажа, бәйбіше, жамағайын, жамағат, жезде, жекжат, жеңге, жеті ата, жиен, көке, қайнаға, қайны, қайын сіңлі, құда, нағашы, тоқал, төркін* секілді туыстық атаулар 137 түрлі микроконтексте кездеседі.

Бұл тақырыптық топта ең жиі қолданылған аударма тәсілдеріне транскрипция/транслитерация жатады. Мәселен (162) микроконтексте *бәйбіше, тоқал* реалиялары аудармада транслитерацияланып, олардың мағынасын ашу мақсатында мәтін ішінде не мәтіннен тыс экспликация берілген. Орыс тілінде *бәйбіше* реалиясына *первой жены отца* (әкесінің бірінші әйелі), ал *тоқалға* *второй жены* (екінші әйелі) деген мәтін ішіндегі түсініктеме беріледі. Аудармашы реалияның мағынасын да, формасын да, ұлттық-тарихи бояуын да, сөйлемдегі қызметін де сақтаған. Ағылшын тілінде *бәйбіше* реалиясына мәтін ішінде *his father's first wife* (оның әкесінің бірінші әйелі) және мәтіннен тыс, сілтемеде *the baybishe is the senior wife* (*бәйбіше – үлкен әйелі*) экспликациялары беріледі. Біздің ойымызша, ағылшын тіліндегі сілтемедегі экспликацияның қажеті жоқ, себебі реалия денотативті мағынасы мәтін ішінде де ашылып тұр.

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(162)	“Әзберген анау, басына шапанын бүркеп жатқан Пахраддиннің інісі. Пахраддин – <i>бәйбішеден</i> , бұл <i>тоқалдан</i> туған” [55, б. 6].	“Азберген – младший брат Пахрадина, вот того, что лежит неподалеку, с головой закутавшись в чапан. Пахраддин – от <i>байбише</i> , <i>первой жены отца</i> , в он Азберген – от <i>тоқал</i> , <i>второй жены</i> ” [111, б. 8].	“He was Pakhraddin’s youngest brother, the one who was laying nearby, wrapped up in chapan from head to toe. Pakhraddin was the son of the <i>baybishe</i> , <i>his father’s first wife</i> , and he, Azbergen, had been born of the <i>tokal</i> , or <i>second, youngest wife</i> . <i>The baybishe is the senior wife</i> ” [112, б. 7].

Бірқатар туыстық атаулардың орыс тілінде баламасы бар. Мәселен, *бажа* реалиясына *свояк*, *құда* реалиясына *сват* лексикалық бірліктері беріледі. Аудармада да осы сөздік сәйкестіктер қолданылған.

Алыс туыстарды білдіретін реалиялар, негізінен, мәтін ішіндегі экспликация тәсілі арқылы аударылған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(163)	“Бұлыштың бұрынғы өлген әйелі Хансұлуларға жамағайын болып келетін” [55, б. 42].	“Покойная его жена была в дальнем родстве с Пахраддином...” [111, б. 47].	“His late wife had been a distant relative’s of Pakhraddin’s...” [112, б. 54].
(164)	“Қалтасында бұларға жекжат болып келетін Битемір дегеннің адресі... Андалы күйеу балаға жамағайын болады-мыс” [55, б. 334].	“В кармане лежал свернутый адрес Битемира, ее дальнего родича... Ихх связывало родство с зятем Битемира” [111, б. 352].	-

Түпнұсқада *жамағайын*, *жекжат* секілді туыстық реалиялар аталады. Аудармада оларға *алыс туыс* (дальнее родство, дальний родич, distant relative) деген жалпылама экспликация беріледі. Аудармада реалиялардың семантикасы толық ашылмағанымен, аударманы барабар деп есептейміз, себебі бұл реалиялардың толық семантикасы микроконтексте маңызды емес. Мәселен, жамағайын дегеніміз «жеті атаның арғы жағындағы аталардан барып қосылатын алыс ағайын» [145, б. 201]. Ал *жекжат* дегеніміз «қаны жағынан туыс емес жақындықты білдіретін атау... құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы, т.б.» [145, б. 279] Бірақ бұл ақпарат көркем мәтін реципиенті үшін артық деп санаймыз. Оған қоса, берілген микроконтекстерде реалиялардың контекстуалдық маңызы пассив.

Жоғарыда аталған тәсілдерден басқа, туыстық реалияларды аудару үшін гипо-гипероним тәсілі де жиі қолданылған. Мәселен, *нағашы* реалиясына *родичи* (туыстар) [111, б. 139], *көке* реалиясына *отец* [111, б. 20], *father* [112, б. 18] (әке), *бәйбіше* реалиясына *жена* (әйел) [111, б. 203], *wife* (әйел) [112, б. 210], т.б. гиперонимдері берілген. Гиперонимдер реалиялардың түрлік-типтік мағынасын бере алғанымен, ұлттық бояуды жоятыны белгілі. Мысалы:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(165)	“Қозбағар жалт беріп, шыға қашпақ боп есікті итеріп еді, аша алмады. Ар жағынан <i>жеңгелері</i> басып тұрған” [55, б. 62].	“Вместо ответа, Козбагар толкнулся было в дверь, да та не поддалась – <i>тетушки</i> подпирали ее, засмеялись...” [111, б. 69].	“Kozbagar stepped backward and was about to push open the door but it wouldn’t yield – the aunts were all pushing against it, laughing and whispering...” [112, б. 79].

Берілген микроконтексте *жеңге* реалиясы аталады. Жеңге дегеніміз «туысқандық атау. Ағаның әйелі қайны мен қайын сіңліге жеңге болады» [145, б. 310]. Қазақ қоғамында жеңгенің орны бөлек болған. Қайны мен қайын сіңлілеріне қамқоршы, ақылшы болып, ат қойып, ойнайтын да осы жеңге болған.

Берілген микроконтексте де осы жеңгелер мен қайының арасындағы достық, сыйластық, т.б. сезімдер суреттеледі. Орыс тіліндегі аудармада осы бір семантикалық компонент рең мәнін тудыратын -ушк жұрнағы арқылы берілген. Әрине, *тетушка* (ананың не әкенің әпкесі) гиперонимі *жеңгенің* семантикасын толық бере алмас, бірақ аудармашы ұлттық бояуды сақтауға талпыныс жасаған. Ағылшын тілінде бұл рең мәні берілмеген, *aunt* (ананың не әкенің әпкесі) гиперонимі арқылы аударылған.

Туыстық реалиялардың аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

23-кесте. Туыстық реалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	54	37
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	4	3
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	1	4
5	Функционалдық аналог	0	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	0	0
8	Экспликация	10	4
9	Гипо-гипероним	21	19
10	Контекстуалдық аналог	4	7
11	Грамматикалық трансформация	3	0
12	Түсіру	26	8
	Балама	8	0
	Аударылмаған сөйлемдер	6	55

Сонымен, туыстық реалияларды аударуда ең жиі қолданылған тәсілдерге транскрипция/транслитерация, гипо-гипероним және экспликация жатады. Жақын туыстық атаулардың сөздік сәйкестіктері табылғанымен, алыс туыстық атаулардың баламасы бола бермейді. Мұндай атауларды аударуда экспликация тәсілі қолданылған. Контекстуалдық маңызы төмен реалиялар гипо-гипероним тәсілі арқылы берілген.

**4. Қаратпа реалия-сөздердің берілу барабарлығы.** Бұл топтағы *аға, бәйбіше, келін, құдаша, ағай, жеңеше, жеңгей, ата, көке, құда, баба, жезде, қайнаға, ағайын, көкесі*, т.б. секілді лексикалық бірліктер мен ұлттық-тарихи бояуы бар *айналанын, арысым* секілді реалиялар 108 микроконтексте кездеседі.

Жоғарыда аталған аға, ата, жезде, жеңге, келін, қайнаға, құда секілді туыстық реалиялардың орыс және ағылшын тілдерінде баламасы бар. Дегенмен, романда олар қаратпа сөз ретінде қолданылады, сәйкесінше олар баламасыз лексика ретінде қарастырылады. Аудармашылар ұлттық бояуды сақтау мақсатында мұндай реалияларды аудармада транскрипция, транслитерация тәсілдері арқылы берген. Қаратпа сөз ретінде қолданылған туыстық атаулар жалпы туыстық реалиялардың 42% құрайды. Орыс тіліндегі аудармада олардың

70% жуығы, ағылшын тіліндегі аудармада 56% жуығы транскрипцияланған. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(166)	“– Ие, Шәріп аға! Қоныстарың құтты болсын! Айт құтты болсын! – деп ілтипат білдірді” [55, б. 53].	“С новосельем, Шарип-аға!... Пусть полнится радостью айт!” [111, б. 59].	“Happy house-warming, Sharip-aga!” He meant the arrival of the aul at the jaylyau. “Let your ayt be filled with joy!” [112, б. 68].
(167)	“Осы арада атасы: – <i>Келін!</i> Ау, <i>келін</i> , қайдасың? – деп дауыстады үйден” [55, б. 201].	“А свекор и сам позвал: - <i>Келин</i> , ау <i>келин</i> , ты где?” [111, б. 210].	“But her father-in-law called her himself. “ <i>Kelin</i> , oh, <i>kelin</i> , where are you?” [112, б. 218].
(168)	“– <i>Жеңеше</i> , бір ашуыңызды беріңіз!” [55, б. 24].	“– Не сердитесь, <i>женеше?</i> ” [111, б. 27].	“Don’t be angry, <i>jeneshe,</i> ” he said” [112, б. 29].

Түпнұсқадаға *аға, келін, жеңеше* секілді қаратпа сөз ретінде қолданылған реалиялар орыс және ағылшын тілдеріне транскрипция тәсілі арқылы аударылған. Бұл аударма, біздің ойымызша, өте сәтті шыққан. Себебі бұл қазақ халқындағы туыстық қатынастардың беріктігін тағы бір дәлелдейді. Қандық туыстығы жоқ болса да, қазақтар бір-бірін есімі арқылы емес, *ата, ана, аға, ағай, інім, қарындасым, сіңлім, жеңеше, келін*, т.б. сөздер арқылы қаратқан. Транскрипция аудармада реалияның ұлттық бояуын сақтауға мүмкіндік берген. Дегенмен, бұл транскрипциялардың мәні түсініксіз болуы ықтимал. Реалиялардың денотативті мағынасын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар микроконтекстерде оларға мәтін ішінде не мәтіннен тыс экспликация берілген. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(169)	“– Әуре болмаңыз, <i>жеңгей!</i> Біз асығыспыз!– деді бақабас” [55, б. 267].	“Не беспокойтесь, <i>женгей</i> , мы спешим, - откликнулся детина. <i>Женгей – обращение к жене старшего родича</i> ” [111, б. 274].	-
(170)	“Торқа <i>келін</i> , сен де отыр!” [55, б. 29].	“Торка-келин, и ты присядь! <i>Келин – невестка, обращение к младшей по возрасту замужней женщине</i> ” [111, б. 33].	“Torka- <i>kelin</i> , you sit down, too! <i>The suffix kelin indicates she is a sister-in-law</i> ” [112, б. 38].

Бірінші сөйлемде *жеңге* реалиясына орыс тілінде *обращение к жене старшего родича* (жасы үлкен туыстың әйеліне айтылатын қаратпа сөз) деген экспликация беріледі. Түсіндірме сөздіктер бойынша, *жеңге* дегеніміз «туысқандық атау.

Ағаның әйелі қайны мен қайын сіңіліге жеңге болады» [145, б. 310]. Аудармашылардың экспликациясын барабар деп санаймыз. Ал екінші сөйлемдегі *келін* реалиясына орыс тілінде *невестка, обращение к младшей по возрасту замужней женщине* (келін, жасы кіші тұрмыс құрған әйелге айтылатын қаратпа сөз) деген түсініктеме беріледі. Бұл түсініктеме нақты емес. Себебі, келін – «ата-ана үшін баласының және жігіттің ағалары мен апалары, туған-туысқандары үшін інісінің әйелі» [135, б. 45]. Яғни келін деп жасы кіші тұрмыс құрған әйелді емес, өзінен жасы кіші туысының, руласының әйелін атайды. Сол себепті, аудармадағы түсініктемені *обращение к жене младшего по возрасту родича* (жасы кіші туыстың әйеліне айтылатын қаратпа сөз) деп алу керек. Ағылшын тіліндегі аудармада келін сөзіне *The suffix kelin indicates she is a sister-in-law* (келін жұрнағы інінің әйелі дегенді білдіреді) деген түсініктеме беріледі. Аудармашы *келін* сөзін кейіпкерлердің есіміне қосарлап, жұрнақ етіп көрсеткен. Реалияның денотативті мағынасы келгенімен, оны жұрнақ етіп көрсетуге болмайды, себебі ол – өз мағынасы бар жеке сөз.

Транскрипциямен қатар қаратпа сөз ретінде қолданылған реалиялар экспликация тәсілімен де аударылған.

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(170)	“– Пай, пай, <i>бабам-ай!</i> Тауып кеттіңіз-ау. Сөз бар ма!” [55, б. 30].	“– Уай, <i>святой отец!</i> Прекрасное решение! Какой тут разговор?!” [111, б. 34].	“Уар, <i>holy father!</i> A wonderful decision! What question can there be?” [112, б. 7].

(170) микроконтексте *баба* реалиясының негізгі мағынасы *баланың әкесінің атасы, яғни арғы атасына* қатысты туыстық атау болғанымен, ол *ақыл-парасатымен ел құрметіне бөленген, ақылшы болған, ұрпаққа жақсы үлгі-өнеге қалдырған үлкен жастағы данагөй қарияны* меңзеп тұр [137, б. 470]. Сол себепті аудармашылар реалияның микроконтекстегі семантикасын ескере отырып, экспликация тәсілімен екі тілге де *әулие әке* (святой отец, holy father) деп аударған. Түпнұсқадағы қарияның әулие екендігі айқын, дегенмен, аудармадағы *святой отец, holy father* тіркестерінің діни коннотациялары бар. Мәселен, орыс тілінде *святой отец* тіркесін шіркеудегі дін қызметшілеріне, ал ағылшын тілінде *holy father* құдайға не Рим папасына қатысты айтылатын қаратпа сөздер болып табылады. Дегенмен, бұл аударма нұсқаларын барабар деп санауға болады, себебі түпнұсқада бұл реалия дін насихатшысы, қадірлі Лабах-ахуға қатысты аталады.

Ерекше аударма нұсқасы берілген, қаратпа сөз ретінде қолданылған туыстық атауға *көкесі* реалиясын жатқызамыз. *Көке* атауы қаратпа сөз ретінде қолданылған жағдайда «әке» деген мағынаны береді. Түпнұсқада *көкесі* реалиясы әйел адамның өзінің жарына қаратпа сөзі ретінде қолданылған, яғни «сі» тәуелдік жалғауы арқылы *балаларымның әкесі* деген мағынаға ие. Дегенмен, *көкесі* реалиясының мәні мұнымен шектелмеді. Әйел адамның өз жарын *көкесі* деп атауының бірнеше себебі болуы мүмкін. Біріншіден, *көке* сөзінің рең мәні



бар. Мысалы, балалар әкесіне еркелеп, оны *көке* деп атайды. Екіншіден, ұлттық ат қою дәстүрі бойынша әйел адам өз жары мен оның туыстарын атымен атамайды. Әйелдің жарына деген сыйластығы, сүйіспеншілігі меңзеледі. Үшіншіден, *көке* бірлігі *әке* атауының гипонимі болғандықтан, ал *әке* қазақ ұғымында үлкен құрметке бөленгендіктен, бұл контексте әйел адамның жарына деген құрметі меңзеледі. Көкесі реалиясының аудармаларына назар салайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(171)	“– <i>Көкесі</i> , аман келдіңдер ме? – деп, шешесі бәйек болып әкесінің қолындағы қоржынды алды” [55, б. 205].	“Добрались, <i>сокол мой?</i> – засуетилась мать, принимая из его рук коржун” [111, б. 214].	“You’re back home finally, <i>my falcon?</i> ” her mother bustled about, taken the korzhun from his arms” [112, б. 7].

Аудармашылар көкесі реалиясын екі тілде де *сұңқарым менің* (*сокол мой, my falcon*) контекстуалдық аналогымен берген. Сұңқар – өте сирек кездесетін құс. Оның алғырлығымен қатар, биіктікке жылдам самғап, кілт шүйіле алатын қасиеті бар. Сұңқар қайраттылықтың, алғырлықтың, ептіліктің, төс кеуделі сұлулықтың нышаны ретінде сомдалады.

Қазақ дүниетанымында ақ сұңқар деп ер-азаматты балайды. Жалпы, қыран құстарды әрекетіне, мінезіне, бітіміне қарай жіті таныған халық, оларды сыйсияпат беруде, адам мінезін сипаттауда символдық балама ретінде атаған. Мысалы, сұңқарды салтанатқа, атаққа ұстап, бекзадалықтың, паңдықтық, өрліктің символы ретінде балаған. Орыс тілінде де сұңқар ерліктің, ерік-жігердің, жеңістің символы. Ағылшын тілінде де сұңқар құстардың патшасы, сәйкесінше, патшалардың құсы ретінде зор құрметке бөленген. Осылайша, аударма нұсқасы әйел адамның жарына деген құрметін, яғни реалияның қызметін бере алады. Дегенмен, ұлттық бояудың жоғалатыны анық.

Туыстық қатынастардың ұлттық санаға терең сіңгені соншалық, олар тіпті қандық жақындығы жоқ адамдарға айтылатын қаратпа сөздерде де көрініс табады. Мәселен, *ағайын* реалиясының аудармасын қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(172)	“– <i>Ағайын</i> , мазамды алмаңдар!” [55, б. 24].	“Дайте покой, уважаемые! Уходите!” [111, б. 27].	“Leave me in peace, <i>dear people!</i> Go away!” [112, б. 29].

Түпнұсқадағы *ағайын* реалиясы қоғамға айтылатын қаратпа сөз болып табылады [52]. Ол орыс тіліне *уважаемые* контекстуалдық аналогымен, ағылшын тіліне *dear people* аналогымен берілген. Функционалдық барабарлық сақталғанымен, бұл аудармада да ұлттық бояу, атап айтқанда, туыстық қатынастарға қатыстылық жоғалып тұр. Бұл микроконтексте *люди* (адамдар) және *people* (адамдар) гиперонимін қолданған дұрыс деп ойлаймыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, *көке* реалиясының рең мәні болады. Баланың әкесін *көке* деп атауының өзіндік мән-мағынасы бар. Бұл баланың әкесіне деген еркелігін, сүйіспеншілігін, т.б. білдіреді. Осы ассоциативтік реңкті аудармашылар мәтін ішіндегі экспликация арқылы шебер жеткізе алған:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(173)	"Көке" деп еркелеуін доғарды" [55, б. 39].	"...но и обращаться к нему, как прежде, с нежным «коке» перестала" [111, б. 45].	"...but she ceased to call him with the tender name <i>koke</i> as she used to" [112, б. 54].

Орыс тіліндегі аудармада *көке* транскрипциясына *нәзік* (нежный) сын есімі қосылса, ағылшын тіліндегі аудармада *нәзік атау* (tender name) тіркесі қосылған. Қысқа ғана экспликация түпнұсқадағы реалияның ұлттық бояуымен қатар, ассоциативтік коннотацияларын да бере алған.

Қорыта келе, қаратпа сөз ретінде қолданылатын туыстық реалияларды аударудың ең оңтайлы тәсілі транскрипция екендігіне көз жеткіземіз. Мәдени аналог пайдаланылған жағдайда тек ұлттық бояу ғана жоғалмайды, сонымен қатар, қосымша діни, т.б. коннотациялар берілуі ықтимал.

*Айналайын, арысым* секілді ұлттық бояуы бар қаратпа сөздердің аудармаларына назар салайық. Бұл екі реалия түпнұсқада 9 микроконтексте аталады. *Арысым* дегеніміз *арыс* реалиясынан шыққан қаратпа сөз. Арыс «өнегелі ісімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, ерлігімен ел арасында айырықша беделге ие болған тұлғаларды» білдіреді [137, б. 268]. Бұл реалияның микроконтекстегі көрінісіне назар салайық:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(174)	"– <i>Арысым...</i> – деп, ыстық тынысы бетін жалындай шарпып, ұмтылып кеп жабысты" [55, б. 43].	"– <i>Супруг мой...</i> – шептала она, и ее горячее дыхание опалило ему лицо" [111, б. 49].	" <i>My hero...</i> ," she whispered, and her hot breath scorched his face" [112, б. 54].

Түпнұсқада *арысым* реалиясы келіншектің сүйгеніне айтылған қаратпа сөзі ретінде қолданылып тұр. Ол сыйластықты, сүйіспеншілікті, сенімділікті білдіреді. «Арыс атауы үйдің төбесінің негізгі ауыртпалығын көтеріп тұратын көлденең белағашының... метафоралық балама-образы болуы мүмкін» деген пікірлер де бар [137, б. 268]. Аудармашы Л. Космухамедова бұл реалияны контекстуалдық аналог арқылы берген. Орыс тіліндегі аудармадағы *супруг* (жар) лексикалық бірлігі соупражники (бір арбаға жегілген) деген лексикалық бірліктен шыққан. Ағылшын тілінде де контекстуалдық аналог беріледі – *hero* бірлігі батыр деген мағынаны береді. Қарап отырсақ, түпнұсқадағы реалияның ұлттық-тарихи бояуын сақтау мүмкін болмай тұр. Біздің ойымызша, орыс тілінде *моя опора* (тірегім) тіркесі *арысым* реалиясына гипероним бола алар еді.

Айналайын реалиясының аудармаларын сараптайық. Бұл реалия негізінен транслитерация/транскрипция не контекстуалдық аналог тәсілдері арқылы берілген. (175) және (176) мысалдарда *айналайын* реалиясы жеңгесінің қайын сіңлісі мен күйеу баласына деген сүйіспеншілігін, қимастығын, т.б. білдіру үшін қолданылған. Жалпы, айналайын «үлкен кісінің өзінен кіші адамды жақсы көргенде айтатын сөзі» деп анықталады [118, б. 163]. Бұл сөздің тамыры тереңде. Ертеректе қазақ отбасында баласы сырқатқа шалдығып ауырғанда ата-анасы немесе егде жастағы адам сол жастың сауығып, дертінен айығып, жанын аман алып қалу үшін осы ырымды жасаған. Баласы ауырғанда әкесі киімін терісіне аударып киіп, мойнына белдік іліп, оның "төменгі әлемге түскенін" білдіріп, баласын айнала бастаса, екінші жағдайда қарияларымыз киіз үйдің дәл ортасына науқасты жатқызып, үш мәрте айналып, есікке келген сәтте "айналайын" деп дауыстайды екен. Бұл ырымнан кейін, баласы сауығып кетеді екен. Содан бері бұл сөз қазақтың қасиетті сөзіне айналады. Сол үшін де қазақ баласын жақсы көріп, еміренгенде «Айналайын» деп мейірімін көрсетеді. Демек «айналайын» сөзінің мағынасы «жаным жолыңда құрбан» дегенге сайып келеді. Қарап отырсақ, бұл сөз қазақта ғана бар. Өзге ұлт өкілдеріне бұл сөздің қадір-қасиетін дәл өзіміз ұғынғандай жеткізе алмасымыз анық.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(175)	“Айналайын, жолдарың болсын! – деп Әзбергеннен бір, қайын сіңлісінен бір айрылған қам көңіл Рәш көз жасын тыя алар емес” [55, б. 128].	“– Айналайн!.. Доброга вам пути! – проговорила она, заливаясь слезами. Опять она оставалась одна – ни Азбергена, ни Хансулу” [111, б. 137].	–
(176)	“Атасы төрде Түгелханды алдына алып басынан емірене иіскеп малдас құрып отыр екен, – Отыр, айналайын! – деді. – Аман жүрсің бе?” [55, б. 201].	“Свекор на почетном месте, подобрал под себя ноги, жадно принохиваясь к макушке сидящего на коленях его Тугелбека – соскучился. – Присаживайся, <i>милая</i> . Как ты тут?” [111, б. 210].	“Her father-in-law was at the place of honor, his legs tucked under him, hungrily sniffing the crown of the head of Tugelkhan, who was sitting on his knees; clearly he had missed him. “Have a seat, <i>dear</i> . How are you here?” [112, б. 217].

Бірінші сөйлемнің аудармасында транскрипция тәсілі пайдаланылған. Бұл тәсіл мәтінге шығыстық бояу бергенімен, реалияның денотативтік мағынасын бере алмайды. Айта кететін жайт, *айналайн* транскрипциясына қосымша экспликация ешбір контексте берілмейді. Осындай ұлттық-тарихи бояуы қанық реалияның денотативтік мағынасының ашылмауы, біздің ойымызша, үлкен қателік. Екінші сөйлемде бұл реалияға *милая* (шырайлым) және *dear* (қымбаттым) контекстуалдық аналогтары беріледі. Бұл аударма нұсқалары реалияның тек қызметін ғана жеткізе алады.

Қаратпа реалия-сөздердің аударылу тәсілдері келесі кестеде келтірілген:

24-кесте. Қаратпа реалия-сөздердің аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	0	0
2	Транслитерация/транскрипция	72	24
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	2	0
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	4	4
5	Функционалдық аналог	0	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	2	3
8	Экспликация	7	4
9	Гипо-гипероним	5	5
10	Контекстуалдық аналог	14	14
11	Грамматикалық трансформация	0	0
12	Түсіру	12	8
	Балама	8	0
	Аударылмаған сөйлемдер	4	68

Қорытындылай келе, қаратпа реалия-сөздерді аударуда негізінен транскрипция/транслитерация, контекстуалдық аналог тәсілдерінің пайдаланылатынын анықтадық.

### 5. Діни реалиялардың берілу барабарлығы.

Бұл топқа *азат, аят, әптиек, жаназ, жайнамаз, кәлима, құбыла, Құран, қылкөпір, мазар, медресе, намаз, ораза, сәжде, таспақ, шейіт* лексикалық бірліктері жатады. Олар роман-трилогияда 41 контексте кездеседі.

Діни реалиялардың ұлттық-тарихи бояуы ерекше болады. Бұл тақырыптық топта *құран, намаз, медресе* реалияларының орыс тілінде бекітілген аударма нұсқасы бар. Бұл – сөздік реалия. Аударма барысында реалия осы сөздік сәйкестігі арқылы аударылған. Бұл аударманы барабар деп есептейміз, себебі барабарлық талаптарының барлығы орындалған.

Орыс тіліндегі аудармада негізінен транскрипция/транслитерация тәсілдері пайдаланылады. Келесі микроконтекстерді қарастырайық. Түпнұсқада *жайнамаз* реалиясы беріледі. Жайнамаз дегеніміз «намаз оқитын кезде арнайы жерге жаятын намаз кілемшесі» [145, б. 170]. *Жайнамаз* реалиясының орыс тіліндегі аудармасында бірізділік талабы орындалады. Мәселен, (177) сөйлемнің аудармасында транслитерациямен бірге *молитвенный коврик* (сыйынатын кілемше) мәтін ішіндегі экспликациясы беріледі. (178) және үшінші сөйлемдерде тек қана *жайнамаз* транслитерациясы беріледі, яғни бұл аударма нұсқасы реципиентке таныс болып есептеледі. Оған қоса, *жайнамаз* бірлігінің құрамындағы *намаз* түбірі де реципиентке таныс, сол себепті реалияның дінге қатысты екендігін оңай аңғаруға болады. Аудармашының нұсқасы барабар деп санаймыз.

(177) және (178) сөйлемнің ағылшын тіліндегі аудармасында бірдей мәтіннен тыс экспликация беріледі. Бұл – реалия аудармасындағы бірізділік ережесінің сақталмауының белгісі. Біздің ойымызша, екінші сөйлемдегі экспликацияны мәтіннен тыс емес, мәтін ішінде беру қажет еді. Үшінші сөйлемдегі *prayer rug* (сыйынуға арналған кілемше) мәтін ішіндегі экспликация ұлттық-тарихи бояуды жойып тұр. Бұл микроконтексте де жай транслитерация жеткілікті болар еді.

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(177)	“Пахраддин <i>жайнамазын</i> жинап, дегбірі қашып намазын бұзды” [55, б. 68].	“Пахраддин, собрав <i>жайнамаз</i> – <i>молитвенный коврик</i> , встал, раздраженный” [111, б. 75].	“Pakhraddin, gathering up his <i>jaynamaz</i> , <sup>113</sup> got up, irritated. His customary ritual was disturbed. <sup>113</sup> <i>The jaynamaz is a prayer rug</i> ” [112, б. 89].
(178)	“Қанша отырғанын білмейді, әйтеуір жаздың қысқа түні сұйыла бастаған шамада ахун буын-буыны күтірлеп <i>жайнамазын</i> жинап түрегелді” [55, б. 105].	“Не знал, сколько просидел, только когда очнулся, рассеялась густота короткой летней ночи. Встал, похрустывая суставами, собрал <i>жайнамаз</i> ” [111, б. 113].	“He didn’t know how long he sat there; only when he came to his senses, the thickness of the short summer night was already dispersing. He got up, his joints creaking, <sup>138</sup> and collected his <i>jaynamaz</i> <sup>138</sup> . <sup>138</sup> <i>A jaynamaz is a prayer rug</i> ” [112, б. 136].
(179)	“Жол-жөнекей таң намазы, бесін намазы кездерінде түйесін шөгере сап <i>жайнамазын</i> құм үстіне төсеп құбылаға бет бұрған Лабақ ахунды байқап қалса болды, Апанас шапшаң бұйрық етіп көшті іркеді” [55, б. 110].	“Стоит, скажем, Лабакахуну остановить верблюда и расстелить <i>жайнамаз</i> , а делал он это по утрам и вечерам, совершая молитву, как Афанасий Васильевич давал знак остановиться и кочевью, и отряду” [111, б. 118].	“No sooner did Labakakhun stop his camel and spread out his <i>prayer rug</i> (and he did this mornings and evenings) and begin praying, then Afanasy Vasilyevich gave the signal to both the nomads’ group and the detachment to stop” [112, б. 143].

Функционалдық аналог та аударма барабарлығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Мәселен, *аят* реалиясының аудармасын қарастырайық:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитұпатриктің аудармасы</i>
(180)	“ <i>Аяттың</i> орта тұсында ахун үні бұзылып қалтырап сала берді” [55, б. 97].	“Не дочитал <i>Корана</i> ахун – сорвал голос” [111, б. 107].	“The akhun did not finish reading the <i>surah</i> , <sup>132</sup> his shaking voice broke. <sup>132</sup> <i>A surah is a chapter in the Koran</i> ” [112, б. 126-127].

Түпнұсқада *аят* реалиясы беріледі. *Аят* дегеніміз «Құран сүрелерінің бөлігі» [137, б. 389]. Орыс тілінде аудармашы *Коран* (Құран) бірлігін келтіреді. Бұл сөз *аят* реалиясына гипероним болғанымен, ұлттық-тарихи бояуы болғандықтан, оны функционалдық аналог ретінде қарастырамыз. Бұл функционалдық аналог аударма реципиентіне таныс, сәйкесінше, аударма – барабар. Ағылшын тіліндегі аудармада *surah* (сүре) транскрипциясы, оған қоса мәтіннен тыс экспликация беріледі. *Сүре* дегеніміз Құранның бөлімдерінің бірі. Біздің ойымызша, аудармаға жаңа реалия енгізгеннен гөрі, Құран функционалдық аналогын пайдаланған жөн еді.

Ұлттық-тарихи бояуды жоятын гипо-гипероним тәсілі де бұл тақырыптық топта жиі кездеседі. Мәселен, *намаз* реалиясы *ритуал* [111, б. 75], *молитва* [111, б. 118], *prayer* [112, б. 221], *praying* [112, б. 143], *жаназа* реалиясы *похороны* [111, б. 478], ал *ораза* реалиясы *пост* [111, б. 494], *аят* реалиясы *молитва* [111, б. 107], ал *азан* реалиясы *prayer* [112, б. 210] гиперонимдері арқылы аударылған. Ерекше көзге түсетін аударма нұсқасы – гипероним мен мәтін ішіндегі транслитерацияның қатар келуі. (181) мысалда *таң намазы, бесін намазы* реалиялары аталады. Бұлар таңертең және күн батқанда оқылатын намаз уақыттары болып табылады. Орыс тілінің аудармашысы *делал он это по утрам и вечерам, совершая молитву* (ол мұны сыйыну кезінде таңертең және кешке істейтін) экспликациясымен аударған. Дегенмен, орыс тіліндегі аудармада таң намазы не бесін намазы міндетті намаз уақыттары ретінде емес, кейіпкердің таңдаған сыйыну уақыттары ретінде аңғарылады, яғни діни ақпарат бұрмалаған деп есептейміз. Мұның орнына *совершая утреннюю и вечернюю молитву* (таңғы және кешкі сыйыну кезінде) экспликациясы дәлірек, әрі үнемдірек болар еді деп ойлаймыз:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(181)	“Жол-жөнекей таң намазы, бесін намазы кездерінде түйесін шөгере сап жайнамазын құм үстіне төсеп құбылаға бет бұрған Лабақ ахунды байқап қалса болды, Апанас шапшаң бұйрық етіп көшті іркеді” [55, б. 110].	“Стоит, скажем, Лабак-ахуну остановить верблюда и расстелить жайнамаз, а делал он это по утрам и вечерам, совершая молитву, как Афанасий Васильевич давал знак остановиться и кочевью, и отряду” [111, б. 118].	“No sooner did Labakakhun stop his camel and spread out his prayer rug (and he did this mornings and evenings) and begin praying, then Afanasy Vasilyevich gave the signal to both the nomads’ group and the detachment to stop” [112, б. 143].

Ағылшын тілінде аудармашы *and he did this mornings and evenings* (ол мұны таңертең және кешкі уақыттарда істейтін) экспликациясы мәтін ішінде жақшаға алынып, көркем шығарма стиліне нұқсан келтірген. Ағылшын тілінде де *to do his morning and evening prayers* (таңғы және кешкі сыйыну үшін) мәтін ішіндегі экспликациясы оңтайлы болар еді.

Келесі кестеде діни реалиялардың аударылу тәсілдері келтірілген:

## 25-кесте. Діни реалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Сөздік реалия	9	0
2	Транслитерация/транскрипция	4	1
3	Транслитерация/транскрипция + мәтін ішіндегі экспликация	4	2
4	Транскрипция/транслитерация + мәтіннен тыс экспликация	2	5
5	Функционалдық аналог	1	0
6	Калька	0	0
7	Мәдени аналог	3	0
8	Экспликация	4	4
9	Гипо-гипероним	4	8
10	Контекстуалдық аналог	1	1
11	Грамматикалық трансформация	2	0
12	Түсіру	7	3
	Балама	0	0
	Аударылмаған сөйлемдер	1	18

Ең жиі қолданылған аударма тәсілдеріне транслитерация/транскрипция, экспликация және гипо-гипероним жатады.

Көптеген реалиялардың сөздік сәйкестігінің (сөздік реалия) бар екендігі анықталды. Жалпы діни реалияларды осындай сөздік реалиялармен берген дұрыс, себебі бұл тақырыптық топты аударуда абай болған жөн. Мәселен, бір дінге тән реалияларды өзге дінге қатысты сөздермен, яғни мәдени аналогпен аударған кезде, шығарманың тарихи шындығына нұқсан келеді. Бұл дінаралық қақтығыстардың көзі болуы мүкін.

Жалпы, діни реалиялардың бірқатарының сөздік сәйкестігі болғандықтан, реалияларға мәдени бояуы бар гиперонимдер таңдауға болады (аят – Коран). Бұл тәсіл реалияның денотативтік мағынасын да, ұлттық бояуын да жеткізуге мүмкіндік береді.

### 3.2 Метареалиялардың берілу барабарлығы

Реалия-сөздердің аудармаларында тақырыптық жіктеменің айтарлықтай мәні бар екендігі анықталды. Мәселен, төрт түлік түрлеріне қатысты реалиялардың негізінен гипо-гипероним тәсілі арқылы, ал ас пен сусын реалияларының көп жағдайда транскрипция/транслитерация тәсілдері арқылы аударылатыны белгілі болды. Яғни тақырыптық топқа қарай реалияларды аудару стратегиялары мен тәсілдері таңдалуы мүмкін. 2.3-тарауда метареалиялардың тақырыптық-формалық жіктемесі берілген-ді. Дегенмен, метареалиялардың аудармаларын талдау барысында тақырыптық жіктеме бойынша қандай да бір үрдістер анықталған жоқ. Сол себепті, метареалиялардың аудармаларын жіктемей, жалпы бір үлкен топ реалиялары ретінде қарастыруды жөн көрдік.

С. Елубайдың «Ақ боз үй» романынан 80-ге жуық метареалияны анықтадық. Бұл метареалиялардың аудармалардағы көрінісін талдай келе, метареалияларды аударудың бірнеше тәсілін анықтадық. Бұл тәсілдер де Л.Венутидің доместикация және форенизация стратегиялары бойынша таңдалады. Метареалиялар мәтінде меңзелетін, жасырылатын, т.б. болғандықтан, әрине, оларды аудармада «көрсету» мәселесін бірінші кезекте қарастыру керек. Бұл орайда аудармашының метареалияға қатысты ақпаратты қаншалықты деңгейде көрсететінін таңдайды. Егер аудармада берілген ақпарат метареалияның денотативтік мағынасы мен ұлттық бояуын толығымен ашатын болса, онда мұндай тәсілді доместикациялаушы, ал тек қана болмашы атап өтетін болса, онда форенизациялаушы деп атайтын боламыз (толығырақ төмендегі мысалдарда келтіріледі).

Метареалияларды аударудағы ең форенизациялаушы тәсіл – метареалиясы бар микроконтекстіні сөзбе-сөз аудару, яғни калькалау. Әдетте түпнұсқада метареалияны білдіретін белгілі бір лексикалық бірлік бар болады. Калькалау тәсілінде осы бірлік сөзбе-сөз аударылады. Егер аталған бірлік реалия-сөз болса, онда транскрипция не транслитерация арқылы беріледі. Дегенмен, метареалияның денотативтік мағынасы ашылмайды, аудармашы аударма реципиентіне белгілі бір микроконтексте қосымша, жасырын семантикалық бірліктердің бар екендігін құрылымы ерекшеленіп тұратын калька арқылы жеткізеді. Метареалияның денотативтік мағынасын ары қарай ұғыну – аударма реципиентінің міндеті. Орыс тіліндегі аудармада бұл тәсіл 36% жағдайда, ал ағылшын тіліндегі аудармада 30% жағдайда кездесті.

Калькалау тәсілі әдетте метареалияның ұғыну өте оңай болған кезде, яғни аударма мәтініне түсініктеме енгізудің қажеті болмаған жағдайда қолданылады. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(182)	“– Аумин! – деп, ақ сақалды, ақ шашты аққудай Лабақ ахун бет сипады” [55, б. 193].	“Ауминь! – благословил решение белобородый Лабак-ахун и провел ладонями по щекам” [111, б. 202].	“Amen!” the white-bearded Labak-akhun blessed his decision and ran his palms over his cheeks” [112, б. 209].



Аталған микроконтекстінде ым-ишаратқа жататын *бет сипау* метареалиясы келтірілген. Орыс тіліне *провел ладонями по щекам* (бетін алақанымен сипады), ағылшын тіліне *ran his palms over his cheeks* (алақанымен бетін сипады) калькаларымен аударылған. “Бет сипау – ғибадат соңында тілек айтып бата беруден кейін екі қолдың алақанымен бетті сипау арқылы орындалатын рәсім. Бетке қарсы жайылған қос алақанымен бетті жоғарыдан төмен қарай сипай жүргізу қимылымен жасалады. Дұға қылу, бата жасау дегенді бет сипау деп те атайды” [139, б. 72]. Христиан дінін ұстанушылардың бармақтарымен маңдайына, кеудесіне, екі иығына түртіп, кірес белгісін жасап шоқынатыны қаншалықты таныс болса, мұсылмандардың дұғадан кейін бет сипау рәсімі де соншалықты таныс. Сол себепті аудармада бұл метареалияға қосымша түсініктеме берудің қажеті жоқ.

Калькалау тәсілі, сондай-ақ, бір микроконтексте қатарынан екі немесе одан да көп рет қайталанған метареалияны аударуда қолданылады. Бұл жағдайда метареалияның бір қолданысына аудармада түсініктеме беріледі, яғни метареалияның түсінікті болуы қамтамасыз етіледі. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А. Жақсылықовтың аудармасы</i>
(183)	“...Сіздің бәйбішеңіз... <i>Мэлс</i> деген балаңызды бүкіл “Жаңа жолдың” көзінше жерден алып жерге салып қарғапты ғой...– деді <i>Сұржекей</i> ” [55, б. 313].	“Ваша жена... на глазах всего народа, всего “Жаназола” самими последними словами прокллинала вашего сына <i>Мэлса</i> , – выдалвил <i>Суржекей</i> ” [111, б. 327].
(184)	“–”...Жер жастанғыр, <i>Мэлс!</i> ” “Мола болғыр, <i>Мэлс!</i> ” депті, айқайлап бәйбішеңіз!” [55, б. 313].	“Чтоб смешался ты с глиной, <i>Мэлс!</i> Чтоб могила проглотила тебя, <i>Мэлс!</i> ” – вот так орала ваша байбише. <i>Мэлс</i> – казахское имя, аббревиатура из имен: Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин” [111, б. 327].

Бұл микроконтексте *Мэлс* аллюзиясы қарастырылады. Кеңес одағы кезінде Октябрь, Сайлау, Съезд, Кеңес, *Мэлс* секілді есімдер өте кең таралған. *Мэлс* есімі әйгілі Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин саясаткерлерінің есімдерінің алғашқы әріптерінен құралған. Бұл микроконтекстегі *Мэлс* есімін аудармада жай ғана транслитерациялау жеткіліксіз. Себебі түпнұсқа авторы бұл есімді романға қосымша экспрессия беру үшін таңдаған, есімнің артындағы метареалияның қызметі актив. Аудармашы А. Жақсылықов метареалияның осы қызметін ескеріп, аудармада сілтеме арқылы түсініктеме береді. Метареалияның екінші қолданысы аударма реципиентіне түсінікті болып шыққан, сол себепті жай ғана калькалау тәсілі пайдаланылған.

Калькалау тәсілін тек микроконтекстегі метареалияның денотативті мағынасын аударма реципиентіне түсінікті боларын нақтылап алған соң ғана қолдану керек, себебі орынсыз калька аударма реципиентіне қиындық келтіріп, көркем әдеби мәтін оқу эстетикасына нұқсан келтіруі ықтимал. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(185)	“– Пахраддинмен құда болғаның, шапан киіп ауыз жаласқаның өтірік пе, Шәріп?! Сөйте жүріп өзінді "белсенді кедеймін" деп төске ұрасың! – деді” [55, б. 80].	“– А что, неправда, что ты в сватах у Пахраддина был, лизался с ним, на чапан зарабатывая? А после этого в грудь себя бьешь, что голяк ты...” [111, б. 88].	“– And isn’t it true that you were a relation of Pakhraddin’s by marriage, and sucking up to him, and trying to get in good with him?” [112, б. 105].

Түпнұсқада *шапан кию* дәстүрі меңзелген. Қазақ қоғамының салт-дәстүрі мен ғұрпында шапан сыйлаудың орны ерекше. Ол көлденең көк аттыға емес, еліне сыйлы, халқына қалаулы жандарға ғана беріледі. Құдалар бір-біріне сый ретінде шапан жапқан. Орыс тіліне аудармашы *чапан зарабатывая* (шапан табу) калькасымен аударған. Бұл микроконтекст аударма реципиентіне түсініксіз болғаны рас. Біріншіден, зарабатывать етістігі табыс табу дегенді білдіреді, ал шапан кию – табыс табудың емес, сый алудың белгісі. Екіншіден, орыс аудармада құдалардың бір-біріне беретін сыйы емес, кедейдің байдан алатын табысы меңзеледі, яғни метареалия мәні бұрмаланған. Ағылшын тілінің аудармашысы экспликация арқылы *trying to get in good with him* (онымен жақсы қарым-қатынасқа түскің келіп) тіркесін береді, бірақ мұнда метареалия тіпті бейтарапталып кеткен. Біздің ойымызша, бұл микроконтексте *чапан в подарок получил* (сыйға шапан алдың) деген экспликацияны қолданған орынды болар еді.

Метареалиялар мәтіннен тыс ақпаратты білдіретіндіктен, оларды аударуда жиі пайдаланылатын тәсілдердің бірі экспликация тәсілі, яғни түпнұсқадағы жасырын ақпаратты аудармада түсініктеме арқылы көрсету тәсілі болып табылады. Экспликация метареалиялардың аудармаларында орыс тілінде 51%, ал ағылшын тілінде 46% жағдайда қолданылған, яғни бұл – ең жиі қолданылған тәсіл. Бұл тәсіл экспликацияның мазмұнына қарай форенизациялаушы не доместикациялаушы болуы мүмкін.

Форенизациялаушы экспликация дегеніміз аударма мәтінде метареалияның денотативті мағынасын толық ашпай, аударма реципиентіне қандай да бір микроконтексте метареалияның бар екендігі жөнінде болмашы, кей жағдайда тұспалданған ақпарат беру. Бұл тәсіл түпнұсқа авторының мақсатын, яғни қандай да бір ақпаратты жасыру, тұспалдау мақсатын сақтауға көмектеседі. Форенизациялаушы экспликация кезінде метареалия тұтас сөйлем не фраза емес, қысқа ғана лексикалық бірліктердің қосылуы арқылы беріледі. Бұл тәсілдің ең классикалық көрінісі – бір немесе екі сөздің қосылуы. Мәселен:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитұпатриктің аудармасы
(186)	“Шалдар құран оқып, бет сипасты” [55, б. 200].	“Старики пропели Коран, провели традиционно ладонями по лицам” [111, б. 202].	“The old men chanted from the Koran, passing their palms over their faces in the traditional manner” [112, б. 217].

Берілген микроконтексте де бет сипау метареалиясының аудармасы қарастырылады. Түпнұсқадағы *бет сипау* тіркесін сөзбе-сөз аударса да болар еді, дегенмен аудармашы Л. Космухамедова да, К. Фитцпатрик те *традиционно* (дәстүрлі түрде), *in a traditional manner* (дәстүрлі түрде) лексикалық бірліктерін қосқан. Сәйкесінше, аударма реципиентіне бет сипау метареалиясының денотативті мағынасы толыққанды ашылмаса да, роман кейіпкерлерінің іс-қимылы белгілі бір дәрежеде түсінікті болады, ал аударма мәтіннің стиліне нұқсан келмейді. Бір ғана лексикалық бірлік арқылы әрі ұзақ, әрі дидактикалық, әрі энциклопедиялық түсініктеменің қосылуына жол берілмейді, аудармашы “көрінбейді”.

Форенизациялаушы экспликация қолданысының тағы бірі шебер көрінісі – аудармада одағай сөздердің қолданылуы. (187) микроконтексте *босағада тұру* пресуппозициясы қарастырылады. Қазақ халқы адамның босағада тұруына тыйым салған. Бұл жамандық шақыратын, жетім балаған тән әрекет деп саналған. Қазақ әлдекімді босағаға тұрғызса, оны сыйламайтынын не жазалап тұрғандығын білдіреді. Қазақ сыйлы қонағын бірден төрге шығарған. Төр және босаға кеңістік категориялары “Ақ боз үй” романында терең қарастырылған.

:

	Түпнұсқа	Л. Космухамедованың аудармасы	К. Фитцпатриктің аудармасы
(187)	“– А-а, келдің бе, кіспұрыш! – деді Шәріп қозғалақтап кекетіп. – Отырсын солай! Босағада! Шәріптің сөзі Әзбергенді қамшымен маңдайдан тартып жібергендей болды” [55, б. 26].	“– А-а, головорез, явился? – оживился Шарип, смеясь. – Пусть-ка там и присаживается... на порожке... хе-хе... Реплика Шарипа Азбергену – как удар хлыста по лбу” [111, б. 29].	“Ah, the cut-throat has appeared?” Sharip laughed, growing animated. “Let him take a seat there...on the door jamb...haha...” Azbergen perceived Sharip’s remark like the blow of a whip on his forehead” [112, б. 32].

Берілген микроконтексте Шәріп есімді кейіпкер Әзберген есімді теріс кейіпкерді мазақ қылу үшін босағаға отырғызуды бұйырады. Аудармашы Л.Космухамедова осы пресуппозицияны аудармада *хе-хе* одағайы арқылы, ал орыс тілінен аударған К. Фитцпатрик *ha-ha* одағайы арқылы береді. Дегенмен, аударма реципиенті бұл одағайдың артында белгілі бір мәдени метареалияның бар екендігін емес, жалпы микроконтекстегі мазақ қылу жағдайын ғана ұғынуы ықтимал. Сол себепті аудармашы Л. Космухамедова метареалияны ұғынып, аудармада *босаға* реалиясының контекстуалдық аналогы *порог* лексикалық бірлігін алып, оған орыс тілінің диминутивті жұрнағын жалғап, аудармада *порожка* лексикалық бірлігін береді. Мұндай диминутивті жұрнақ қандай да бір затты кішірейту мақсатында ғана емес, сондай-ақ маңызын төмендету мақсатында да пайдаланылатыны белгілі. Л. Космухамедова осылайша метареалияны форенизациялаушы экспликация арқылы беруге тырысқан, әрі босаға туралы мәдени ақпаратты ұзақ түсініктемеде келтірмей-ақ, мәтін ішінде, әрі көркем әдеби мәтін стиліне нұқсан келтірмей бере алған. К. Фитцпатрик ағылшын тілінде босаға реалиясына door jamb (есік жақтауы) экспликациясын

береді. Ағылшын тілінде де диминутивті жұрнақтар баршылық, бірақ оларды аталған тіркеске қоса алмаймыз, себебі ағылшын тіліндегі мұндай жұрнақтар орыс тіліндегідей кез-келген сөзге жалғана бермейді. Жұрнақтың орнына *босаға* реалиясын қайталауға болады. Мәселен, “Let him take a seat there... *yes, there, on the door jamb... haha...*”; “Azbergen perceived Sharip’s remark *about the door jamb* like the blow of a whip on his forehead (Отырсын сонда... Ия, сонда... босағада, ха-ха. Шәріптің *босаға туралы* сөзі Әзбергенді қамшымен маңдайдан тартып жібергендей болды). Бұл жағдайда аударма реципиенті босағада тұру метареалиясының негізгі денотативті мағынасын ұғына алар еді. Сонымен, форенизациялаушы экспликация лексикалық бірліктердің, оның ішінде одағайлардың қосылуы, қайталануы не тіпті лексикалық бірліктерге морфологиялық өзгерістер жасау арқылы жүзеге асырылады.

Форенизациялаушы экспликацияны беру аудармашыға қиын соғары анық. Романдағы метареалиялардың аудармаларында доместикациялаушы экспликация жиірек қолданылған. Мұндай экспликация кезінде метареалияның денотативті мағынасы толық ашылады. Доместикациялаушы экспликация мәтін ішіндегі не мәтіннен тыс түсініктеме арқылы беріледі. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(188)	“Малын бағып, отын жағып, тек жатқан елді көз алдына келтіргенде шаруа ауылға Ауған жері бейне бір <i>Асан Қайғы</i> іздеген <i>Жерұйықтай</i> елес берді” [55, б. 195].	“Каждый представил себе обетованный край, тихий, мирный, очаги во дворах, скотина на пастбище, о чем еще мечтать? <i>Как сказочная страна Жер Уюк, которую легендарный Асан Кайғы весь свой век проискал</i> ” [111, б. 201].

Берілген микроконтексте Асан Қайғы туралы фольклорлық аллюзия келтірілген. Ел-елді аралаған Асан қайғының ең үлкен арманы халыққа құтты, жайлы қоныс іздеу болғандығы баршамызға белгілі. Фольклорлық деректерде Асан Қайғы Қазақстанның жерін желмаясына мініп кезген ақылгөй болып суреттеледі. Түпнұсқа реципиенті бұл сөйлемді оқығанда Асан Қайғы туралы осы ақпаратты есіне алары анық. Ал аударма реципиентінде мұндай аялық ақпарат жоқ. Сол себепті аудармашы Л. Космухамедова бұл метареалияны жеке сөйлем етіп шығарып, *сказочная* (ертегідей), *легендарный* (аңызға айналған), *весь свой век проискал* (өмір бойы іздеп шыққан) сөздерін қосқан. Формасы бойынша созылыңқы экспликация болғанымен, аудармашының бұл еңбегін өте сәтті шыққан деп санаймыз. Біріншіден, Асан Қайғы мен Жерұйық туралы негізгі денотативті семантикалық компоненттер қамтылған. Екіншіден, аударма мәтініне стилистикалық нұқсан келтірілмеген, қосылған лексикалық бірліктер мәтінмен тұтасып кеткен, артық құрылым ретінде сезілмейді.

Доместикациялаушы экспликацияны пайдаланғанда қосылатын экспликацияға аса мән беру қажет, себебі дәл осы тәсілде стилистикалық нұқсан келтірілуі ықтимал. (189), (190), (191) мысалдарға назар аударайық. Аудармашылар *соблюдая степной этикет* (дала әдебін сақтап), *minding the proprieties* (әдепті сақтап), *красноречивый жест* (айқын іс-қимыл), *this was a*

*gesture* (бұл қимыл), *по степным канонам* (дала ережелеріне сай) атты тіркестер қосқан:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(189)	“Әйелдер жағы беттерін шымшылады” [55, б. 24].	“Женщины от возмущения защипали щеки – <i>красноречивый жест</i> : поведение Азбергена выходило за рамки приличий” [111, б. 27].	“The women pinched their cheeks from outrage – <i>this was a gesture that indicated that Azbergen had gone beyond the bounds of decency</i> ” [112, б. 24].
(190)	“Ат үстінен еңкейіп, жаяу келіп сәлем берген қызының бетінен сүйіп, ұзақ еміренді” [55, б. 19 б].	“...склонившись с коня, чмокнул в щеку дочь, которая прежде чем приблизиться к нему, спешила и, <i>соблюдая степной этикет</i> , с почтением и нежностью подошла к отцу” [111, б. 21].	“Pakhraddin... slid from his horse and lovingly embraced and kissed his daughter who had hurried toward him, and then, <i>mindng the proprieties</i> , had gradually approached her father with reverence” [112, б. 19].
(191)	“Адайдың ақкөз жігіттері аясын ба, Бұқарбайды мес қылып сабайды да, атына теріс мінгізіп келген жағына қарай айдап жібереді” [55, б. 187].	“А в ауле этом из рода адай разве пожалеют развратника? Избили, испинали, говорят, до полусмерти и, задом наперед на конский круп посадив, восвояси отправили. <i>По степным канонам</i> возвращаться на конском крупе да еще и задом наперед – позорнейший для джигита удел” [111, б. 197].	-

Экспликацияда мұндай тіркестердің болуы жарамайды деп санаймыз. Мұндай бірліктер көркем әдеби мәтіннің стиліне қарама-қайшы. Оған қоса, *жест*, *канон*, *этикет* секілді сөздер макроконтексте экзотикалық сипат береді. Мұндай бірліктер публицистикалық стильге тән. Мұндай тіркестерді қосу арқылы аудармашы берілген мәтіннің аударма екендігін білдірткен, ал аударма ісінің негізгі міндеттерінің бірі – аударма мәтіннің аударма екендігін білдіртпеуге талпыну. Аталған микроконтекстерде *жест*, *канон*, *этикет* секілді сөздерді алып тастасақ, аудармаға нұқсан келе қоймайды, себебі аудармашылар метареалияларды түсіндіретін экспликациялар жасаған.

Кей жағдайларда доместикациялаушы экспликация бір сөз арқылы да іске асады. Мәселен, түпнұсқадағы *ас* сөзі ұлттық ет тағамын білдіретіндігі барлық қазаққа аян. Аудармашылар осы мәдени ақпаратты тереңінен білген. Түпнұсқада қандай ас екендігі нақты жазылмағанымен, түпнұсқа реципиенті оның ет тағамы екендігін бірден аңғарады:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(192)	“Жыр бітіп кеш үйіріле ортаға тегене толы <i>ас</i> келгенде Хансұлу бой сергіткісі келіп сусып сыртқа шықты” [55, б. 20].	“Когда жыр кончился и с вечерними сумерками в самый центр между гостями поставили огромное блюдо, полное мяса, Хансулу, улуив момент, выскочила из юрты” [111, б. 23].	“When the jyr ended, as the evening twilight descended, a large platter with boiled, smoking meat was placed in the very center among the guests, Khansulu seized the moment to slip out of the yurt” [112, б. 22].
	<i>Түпнұсқа</i>	<i>А.Ж. Жақсылықовтың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(193)	“Бұларды түгел асқа шақыра келді” [55, б. 414].	“Он сообщил, что дед приглашает мужчин на бешпармак” [111, б. 443].	-

Сол себепті, бірінші сөйлемнің орыс тіліндегі аудармасында бұл реалия *мясо* (ет) деп, ағылшын тіліне орыс тілінен *boiled, smoking meat* (асылған сүрленген ет) деген экспликация арқылы аударылған. Біздің ойымызша, бұл аударманы барабар деп санауға болады, бұл тәсіл реалияның денотативті мағынасы да, ұлттық-тарихи бояуды да сақтауға мүмкіндік берген. Екінші сөйлемдегі *ас* реалиясы *бешпармак* (бешбармак) өзге реалиясы арқылы аударылған. Бұл аударманы өте сәтті деп санаймыз, себебі орыс халқы бізге жақын халық, бешбармақтың біздің ұлттық тағамымыз екендігі де көпшілікке аян.

Сонымен, метареалияның мәнін толық ашып беретін дидактикалық доместикациялаушы экспликацияға қарағанда форенизациялаушы экспликацияның артықшылығы басым екендігін аңғардық. Қорыта айтқанда, экспликация аударма мәтінінің стиліне нұқсан келтірмеуі қажет. Бұл әсіресе метареалия төл сөзде қолданылғанда айқын білінеді. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(194)	“Ау, хабарлас! Ау! Құдайы қонақпыз! – деп айқайлады әлгі дауыс” [55, б. 89].	“Так выходите! Божьи гости мы, нехорошо встречается!” [111, б. 99].

Берілген микроконтексте құдайы қонақ пресуппозициясы қарастырылған. Құдайы қонақ – қазақ халқына тән ерекше қасиет – қонақжайлылықтың нышаны болып табылатын күтпеген жерден келіп түскен қонақтың аты. Құдайы қонақ деп арнайы шақырылмаған, жол-жөнекей келе жатып түстеніп немесе бір күн түнеп шығатын бұйрықпен келген қонақты айтады. Қазақ мәдениетінде үйге келіп түсетін көп қонақтың ішінде (арнайы шақырылған, той-жиынға келген, т.б.) осындай қонақ түрін ерекшелеп бөліп алып, оған айрықша құрмет көрсетіп, қадірлеуінің ахлақтық қана емес, тарихи-әлеуметтік, тіпті елдік те маңызы зор. Құдайы қонақ институты қазақтардың үлкен территорияны емін-еркін жайлап, бір шетінен екінші шетіне қиындықсыз қатынап тұруына мүмкіндік берді [135, б. 642]. Бұл метареалия төл сөзде қолданылып тұр, сол себепті мәтін ішіндегі

ұзақ экспликацияны қолдануға болмайды. Аудармашы Л. Космухамедова бұл міндетті сәтті орындап шыққан. Ол *нехорошо встречается* (жақсы күтіп алмадыңдар) деген экспликацияға метареалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояуын сыйдыра алған.

Бұл микроконтекст қазақ халқының бөтен адамды бөтен демей, құдайындай сыйлап, құрмет көрсететінін көрсетеді. Сол себепті ағылшын аудармашысының бұл метареалияны түсіруі орынсыз деп санаймыз. Дегенмен, түсіру тәсілі ағылшын аудармасында тек 10%, ал орыс аудармасында тек 3% жағдайда ғана пайдаланылған.

Метареалиялардың аудармасында бейтараптау тәсілі орын алған. Бұл орыс аудармада шамамен 13% жағдайда, ал ағылшын тілінде шамамен 23% жағдайда кездеседі. Бейтараптау кезінде қандай да бір микроконтекст сөзбе-сөз аударылады, бірақ метареалия берілмейді. Калькалау кезінде аударма реципиентіне метареалияның бар екендігі ерекше сөз, тіркес, т.б. арқылы меңзелсе, бейтараптау кезінде аударма реципиенті мұндай ақпарат ала алмайды. Микроконтекстегі метареалия реалия-сөз арқылы меңзелсе, бейтараптау кезінде реалия-сөз, көп жағдайда, түсіріледі, оның орнына гиперонимі қолданылады. Мәселен:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>
(195)	“– Ау, <i>Еркежан!</i> – деп Рәш жеңгесі (Өзбергеннің келіншегі) сасқалақтап қайын сіңлісіне қарсы жүгірді” [55, б. 88].	“ – Что, <i>милая?</i> ...” [111, б. 98].

Берілген сөйлемде қазақ халқындағы келіннің ат тергеу дәстүрі меңзеледі. Ат тергеу – жаңа түскен келіннің атасы мен енесіне, қайнағалары мен абысындарына, қайын сіңлілері мен қайындарына, ауылдағы жасы үлкен адамдарға өзінше ат қою дәстүрі. Бұрынғы заманда келіндер "тентек", "тетелес", "еркем", "кенже" деп қайындары мен қайын сіңлілеріне өзінше ат қойған. Берілген микроконтексте Рәш есімді жеңгесі қайын сіңлісі Хансұлуды *Еркежан* деп атап тұр. Ат тергеу дәстүрі бір ғана микроконтексте меңзелгенімен, түпнұсқа авторының қазақ халқының осынау ерекше, әрі әдемі дәстүрін көрсеткісі келгендігі анық. Берілген метареалияны аудармада көрсету де оңай емес, себебі метареалия төл сөзде берілген. Аудармашы Л. Космухамедова *Еркежан* антропонимінің орнына *милая* (сүйкімдім) лексикалық бірлігін, атап айтқанда гиперонимін қолданған. *Милая* бірлігі кез-келген аруға айтылатын қаратпа сөз ғана. Осылайша, аударма мәтін метареалиядан бейтарапталған. Біздің ойымызша, бұл микроконтексте мәтін ішіндегі экспликацияны пайдаланып, *Что, Еркежан? – сказал Раиш. Так ласково она называла Хансулу.* (Ау, Еркежан! – деді Рәш. Ол Хансұлуды еркелетіп атайтын еді) деп беруге де болар еді. Мұндай экспликация әрине форенизациялаушы болады.

Келесі бір мысалда аудармашылардың бейтараптауын орынды деп санаймыз:

	<i>Түпнұсқа</i>	<i>Л. Космухамедованың аудармасы</i>	<i>К. Фитцпатриктің аудармасы</i>
(196)	“Шала туған баладай керегеге іліп қойған? Не қайыр көрдік сол мөрден?” [55, б. 15].	“Носишься с ней, как с дитем недоношенным!” [111, б. 18].	“You fuss about with it like with an unborn baby!” [112, б. 16].

Берілген микроконтексте қазақтың баланы тымаққа салу дәстүрі меңзеледі. Әлжуаз, кішкене болып уақытынан бұрын дүниеге келген балаларды қазақ дәстүрінде «шала туған бала», «шала», «жылбысқы» деп атайды. Ондай балалардың атын Шалабек, Шалабай деп қоятын дәстүрлері бар. Бала туылатын уақытына неше күн жетпей туылса, сонша күн шала туған сәбиді тымаққа салып, әрбір кереге басына сонша күн іліп қоятын ырым бар. Қазақтар баланы көп жасаған, даңсалы қария, киелі адамдардың тымағына салады. Тымақтан кейін басқа кимей сақтап қояды. Бұл метареалия да төл сөзде қолданылып тұр. Л.Космухамедова *носишься с ней, как с дитем недоношенным* (шала туылған балаға қарағандай әбігер боласың) деп бейтараптаса, К. Фитцпатрик *fuss about with it like with an unborn baby* (туылмаған балаға қарағандай әбігер боласың) деп бейтараптаған. Біздің ойымызша, метареалия осы бір дәстүрді көрсетуге емес, қандай да бір адамның әбігерге салынатынын экспрессивті түрде көрсетуге бағытталған. Сол себепті, аудармашылардың нұсқаларымен келісеміз. Ағылшын тілінде шала туылған бала емес, туылмаған бала аталады. Аудармашы *premature baby* (шала туылған бала) деп көрсетуі қажет еді.

Бейтараптау стратегиясы аудармашының метареалияны анықтай алмауы себебінен де орын алуы мүмкін. Мәселен:

*“Ет-бауыры езіліп кетті Хансұлудың. Көзден аққан бақыт жасы омырауын жуды. Бірақ, қуанышы ұзаққа созылмады. Алаңда ойын-сауық құрып жатқан жастар салтанатының, кенет, табан астында тас-талқаны шықты. Солдат па, мелиса ма, әйтеуір, бір қара шоғыр қарулы топ, әлгі жастар құрамын бықырт тигендей қылды. Шетінен ұстап жатыр. Қолдарын қайырып жатыр. Сүйрелеп әлдеқайда әкетіп жатыр. Осы ойдан жаны мұрын ұшына бір-ақ тақады Хансұлудың. Көз алдында әнеки солдаттар қашқан жастарды қым-қиғаш қуалап жүр [...] Көз алдында, сөйткенше, екі мелиса қызының екі қолтығынан шап беріп ұстап алып, дырылдатып сүйрей жөнелді”* [55, б. 445].

Берілген микроконтексте ұйықтап жатқан кейіпкердің түсі суреттеледі. Осы микроконтексті оқыған түпнұсқа реципиенті 1986 жылы елімізде орын алған Желтоқсан оқиғасын елестетері анық. Шығарма кейіпкері бұл түсін 1980 жылдары көрді деп есептесек (оған шығармадағы КОКП ОК бірінші секретарі Л.И. Брежнев туралы ақпарат дәлел [55, б. 414]), онда түпнұсқа авторы 1991 жылы шығарманы жаза отырып, өтіп кеткен Желтоқсан оқиғасын ерекше қасиеті бар жағымды кейіпкер Хансұлудың түсіне “енгізген”. Мұны автор да растайды [Қосымша А]. Дегенмен, автор бұл оқиға туралы аллюзияны жасырған. 1991 жылы Желтоқсан оқиғасы туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынған болатын. Бұл метареалияны анықтау да қиын, себебі оның бар екендігінен хабар беретін реалия-сөз де жоқ. Сол себептен болар, аудармашы А. Жақсылықовтың аудармасында метареалия туралы сөз жоқ, ал аударма реципиентінің ойында



мұндай терең тарихи аллюзия туралы ақпараттың туындауы екіталай. Біздің ойымызша, дәл осы микроконтексте аллюзияны мәтіннен тыс экспликация арқылы *автор имеет в виду декабрьские события 1986 года* (автор 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын меңзеген) деп беру қажет еді.

26-кесте. Метареалиялардың аударылу тәсілдері

№	Аударма тәсілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
1	Калькалау	28	14
2	Форенизациялаушы экспликация	15	6
3	Доместикациялаушы экспликация	25	15
4	Бейтараптау	10	11
	Аударылмаған сөйлемдер	1	33

Қорытындылай келе, “Ақ боз үй” романындағы метареалиялар калькалау, экспликация, бейтараптау және түсіру тәсілдері арқылы аударылған. Бұлардың ішіндегі ең жиі кездесетіні – экспликация. Жоғарыда аталған мысалдарды талдай келе, көркем әдеби мәтіндегі метареалияларды аударуда форенизациялаушы экспликацияны пайдалану қажет деген тоқтамға келдік [162, б. 120]. Мұндай экспликация кезінде метареалияның денотативті мағынасы мен ұлттық бояуы толығымен ашылмайды, жай ғана қысқа қосымша сөздер, тіпті жұрнақтар мен одағай сөздер арқылы қосымша ақпараттың бар екендігі меңзеледі. Бұл тәсіл көркем проза стилін сақтай отырып аударуға мүмкіндік береді. Дегенмен, метареалияның денотативті мағынасын ұғу жеңіл болса, онда жай ғана сөзбе-сөз, яғни калькалап аударған жөн.

Ең бастысы – автордың тұспалдаған, меңзеген не жасырған ақпаратын танып білу. Ғалым Ж. Дәдебаев «Аудармашы өзі аудармақшы болып отырған шығарманың көркемдік жүйесін терең білумен бірге оның жазылу тарихын, жазушы еңбегінің барлық сатылары мен кезеңдерін жете танып, таразылауы шарт» деген пікір білдіреді [163, б. 54]. Шынында да, метареалиялар осындай саралаудың нәтижесінде анықталады.

### 3-тарау бойынша тұжырым

1. Қазақ тіліндегі реалиялардың кез-келген тақырыптық тобы өте бай, сол себепті бұл жағдай аудармашыларға айтарлықтай қиындық тудырады. Реалиялары ең жиі қайталанатын тақырыптық топтарға әлеуметтік-саяси, киім-кешек, жиһаз бен үй бұйымдары топтары жатады (27-кестені қараңыз).

2. Реалия аудармасына белгілі бір факторлар әсер етеді. Аудармашының белгілі бір аударма нұсқасын таңдауына аударма скопосы, аударма реципиенті, аудармашы стратегиясы, аударманың жасалу уақыты, түпнұсқаның тақырыбы, жанрлық типі, ондағы этномәдени ақпарат тығыздығы әсер етеді. Сондай-ақ, тілдік факторларды алар болсақ, оларға реалияның контекстуалдық маңызы (актив не пассив реалия), реалияның лексикалық мағынасындағы белгілі бір семантикалық компоненттердің белсенділігі, реалияның тақырыптық тобы, микроконтекстегі көрінісі (формасы, бірыңғай мүше болуы, бірнеше рет

қайталануы, компенсация жасайтын сөздермен тіркесуі, реалия траекториясы, т.б.), қызметі (ақпараттық не экспрессивтік) және мәтінде суреттелетін мекен, уақыт, кейіпкерлердің бейнесі жатады.

3. Реалияны тақырыптық топтарға жіктеу нәтижесінде белгілі бір тақырыптық топқа тән аударма стратегияларын, тәсілдерін, техникаларын анықтауға, нәтижесінде сол аудару заңдылықтары мен ережелерін тұжырымдауға болады.

4. Орыс тілі аудармашылары Л. Венути бойынша доместикация стратегиясын басымдық ұстанған. 1-суретте көріп отырғанымыздай, форенизация тәсілдерінің (транскрипция/транслитерация, функционалдық аналог, калька) пайыздық көрсеткіші 23% құрайды. Доместикация тәсілдерінің көрсеткіші шамамен 65% құрайды. Реалиялардың 12% қолданысы аударылмаған.

Орыс тілінде ең жиі кездесетін тәсілдерге транслитерация, транскрипция, гипо-гипероним тәсілдері екендігін анықтадық, ал ең сирек кездесетін тәсілге калька жатады. Орыс тіліне еніп үлгерген сөздік реалиялар 22% құрады (1-суретті қараңыз).

5. Ағылшын тілі аудармашысы да доместикация стратегиясын ұстанған (2-сурет). Форенизациялаушы тәсілдер (транслитерация, транскрипция, калька, функционалдық аналог) шамамен 37% жағдайда кездеседі. Доместикациялаушы тәсілдердің көрсеткіші 51% жуық болды. Реалиялардың 12% қолданысы мүлде берілмегені анықталды. Ең жиі қолданылған тәсілдер транскрипция/транслитерация және гипероним. Функционалдық аналог тәсілі мүлде қолданылмаған. 1.6 тараушада аталған тәсілдердің барлығы дерлік реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында кездеседі. Тек бөгде реалиямен аудару тәсілі ғана кездескен жоқ.

6. Сөздік реалияларға *аул, чапан, домбра, джигит, ахалтекинец, кумган, батрак, хан, камча, казан, малахай, калым, чалма, дастан, кумыс, мулла, сундук, аргамак, камзол, бешимет, торба, чабан, Коран* секілді бірліктер жатады. Бұл лексикалық бірліктер аударма реципиентіне таныс, орыс тілінің түсіндірме сөздіктеріне еніп үлгерген, аудармаға ұлттық, тарихи-мәдени бояу бере алады, аударма барабарлығын қамтамасыз етеді. Сөздік реалиялар әлеуметтік-саяси реалиялар тақырыптық тобында жиі кездеседі (27-кестені қараңыз). Ағылшын тіліне еніп үлгерген сөздік реалия анықталған жоқ.

7. Транслитерация/транскрипция тәсілі – реалияның ұлттық бояуын сақтауда ең үнемді, әрі жеңіл тәсілдердің бірі. Бұл тәсіл реалияның ұлттық бояуы контексте актив болғанда әсіресе орынды. Сондай-ақ, ол бірнеше рет қайталанатын реалиялардың екінші және одан кейінгі қолданыстарын аударуға қолайлы, себебі бірінші қолданысында реалияға көп жағдайда экспликация беріледі. Транслитерация мен транскрипция қаратпа реалия-сөздерді аударуда ең жиі пайдаланылған, оның себебі қаратпа сөздердің төл сөзде қолданылуында. Төл сөзде ұзақ түсініктемелердің болуына жол берілмейді [164, б. 1368]. Орыс тіліндегі аудармада бұл тәсіл қаратпа сөздер, туыстар, жиһаз, әлеуметтік-саяси тақырыптық топтарында, ал ағылшын тілінде әлеуметтік-саяси, киім-кешек

27-кесте. Реалиялардың тақырыптық топтары бойынша орыс тіліне берілу тәсілдерінің пайыздық көрсеткіштері

МС – микроконтекст саны

СР – сөздік реалия

ТТ – транслитерация/транскрипция

ТЭ – транслитерация/транскрипция мен

мәтіннен ішіндегі экспликация

ТС – транслитерация/транскрипция мен мәтіннен

тыс экспликация

ФА – функционалдық аналог

К – калька

МА – мәдени аналог

Э – мәтін ішіндегі экспликация

Г – гиперониммен беру

КА – контекстуалдық аналог

ГТ – грамматикалық трансформация

Т – реалиялары түсірілген сөйлемдер

Б – балама

№	МС	Тақырып. топ / Аударма тәсілі	СР	ТТ	ТЭ	ТС	ФА	К	МА	Э	Г	КА	ГТ	Т	Б
1	8	Метеорологиялық реалиялар	0%	0%	0%	0%	0%	4%	0%	3%	0%	0%	0%	0%	0%
2	46	Төрт-түлік реалиялары	1%	0%	0%	0%	2%	0%	0%	2%	6%	1%	0%	0%	18%
3	106	Түйе түрлері реалиялары	0%	5%	8%	11%	4%	0%	0%	4%	8%	2%	2%	6%	0%
4	60	Ас реалиялары	1%	5%	8%	13%	4%	0%	5%	1%	2%	1%	0%	1%	0%
5	78	Баспана реалиялары	0%	0%	6%	2%	0%	36%	4%	5%	7%	4%	0%	4%	0%
6	184	Киіз үй бөліктері реалиялары	0%	8%	13%	11%	4%	8%	0%	17%	9%	18%	2%	9%	0%
7	265	Жиһаз реалиялары	3%	21%	10%	9%	22%	0%	16%	5%	11%	11%	6%	9%	8%
8	102	Бдыс-аяқ реалиялары	9%	2%	6%	4%	0%	0%	0%	0%	5%	1%	0%	5%	2%
9	130	Мал шаруашылығы реалиялары	6%	0%	2%	0%	11%	0%	8%	5%	7%	10%	12%	6%	4%
10	19	Малшы түрлері реалиялары	1%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	1%	1%	0%	0%	1%	12%
11	123	Шаруашылық реалиялары	10%	0%	3%	0%	2%	0%	1%	3%	7%	5%	0%	5%	0%
12	238	Киім-кешек реалиялары	13%	6%	6%	9%	7%	8%	23%	5%	9%	3%	0%	7%	16%
13	19	Әшекей реалиялары	0%	1%	2%	4%	5%	0%	0%	1%	1%	2%	0%	1%	0%
14	4	Ақша реалиялары	0%	0%	0%	0%	0%	0%	4%	1%	0%	0%	0%	0%	0%
15	30	Өлшем реалиялары	0%	0%	0%	0%	2%	0%	5%	5%	3%	1%	0%	2%	0%
16	82	Уақыт реалиялары	0%	0%	2%	2%	0%	16%	3%	11%	6%	9%	0%	4%	0%
17	101	Салт-дәстүр реалиялары	0%	2%	8%	8%	2%	0%	14%	11%	6%	5%	14%	3%	0%
18	23	Ұлттық ойындар	0%	0%	2%	4%	2%	20%	0%	1%	1%	0%	0%	0%	0%
19	91	Өнер реалиялары	6%	3%	3%	4%	5%	8%	0%	1%	3%	2%	2%	2%	0%
20	14	Наным-сенім реалиялары	0%	1%	3%	2%	2%	0%	1%	3%	0%	0%	0%	0%	0%
21	14	Ру реалиялары	0%	1%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	12%	0%	0%
22	509	Әлеуметтік-саяси реалиялар	48%	17%	2%	4%	25%	0%	7%	3%	1%	15%	40%	19%	10%
23	137	Туыстық реалиялар	0%	11%	6%	2%	0%	0%	0%	7%	5%	2%	6%	9%	16%
24	130	Қаратпа реалиялар	0%	15%	3%	8%	0%	0%	3%	5%	1%	8%	0%	4%	16%
25	42	Діни реалиялар	2%	1%	6%	4%	2%	0%	4%	3%	1%	1%	4%	2%	0%

28-кесте. Реалиялардың тақырыптық топтары бойынша ағылшын тіліне берілу тәсілдерінің пайыздық көрсеткіштері

МС – микроконтекст саны

СР – сөздік реалия

ТТ – транслитерация/транскрипция

ТЭ – транслитерация/транскрипция мен

мәтіннен ішіндегі экспликация

ТС – транслитерация/транскрипция мен мәтіннен

тыс экспликация

ФА – функционалдық аналог

К – калька

МА – мәдени аналог

Э – мәтін ішіндегі экспликация

Г – гиперониммен беру

КА – контекстуалдық аналог

ГТ – грамматикалық трансформация

Т – реалиялары түсірілген сөйлемдер

Б – балама

№	МС	Тақырып. топ / Аударма тәсілі	СР	ТТ	ТЭ	ТС	ФА	К	МА	Э	Г	КА	ГТ	Т	Б
1	8	Метеорологиялық реалиялар	0%	0%	0%	0%	0%	4%	0%	3%	0%	0%	0%	1%	0%
2	46	Төрт-түлік реалиялары	0%	1%	4%	0%	0%	0%	0%	3%	6%	1%	0%	0%	0%
3	106	Түйе түрлері реалиялары	0%	3%	11%	3%	0%	0%	0%	10%	3%	2%	0%	2%	0%
4	60	Ас реалиялары	0%	3%	0%	9%	0%	0%	0%	1%	1%	0%	0%	1%	0%
5	78	Баспана реалиялары	0%	0%	36%	3%	0%	43%	0%	4%	3%	1%	0%	5%	0%
6	184	Киіз үй бөліктері реалиялары	0%	7%	18%	5%	0%	7%	0%	10%	9%	6%	0%	14%	0%
7	265	Жиһаз бен үй бұйымдары реалиялары	0%	11%	0%	9%	0%	0%	6%	6%	17%	8%	0%	10%	0%
8	102	Бдыс-аяқ реалиялары	0%	6%	0%	8%	0%	0%	6%	1%	4%	1%	0%	6%	0%
9	130	Мал шаруашылығы реалиялары	0%	0%	0%	2%	0%	0%	3%	4%	7%	9%	83%	4%	85%
10	19	Малшы түрлері реалиялары	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	1%	0%	0%	17%	0%	15%
11	123	Шаруашылық реалиялары	0%	0%	0%	3%	0%	0%	24%	14%	11%	14%	0%	7%	0%
12	238	Киім-кешек реалиялары	0%	13%	0%	14%	0%	0%	21%	6%	13%	9%	0%	2%	0%
13	19	Әшекей реалиялары	0%	0%	0%	1%	0%	0%	0%	1%	0%	5%	0%	1%	0%
14	4	Ақша реалиялары	0%	0%	0%	1%	0%	0%	0%	0%	0%	1%	0%	0%	0%
15	30	Өлшем реалиялары	0%	0%	0%	0%	0%	0%	6%	5%	1%	0%	0%	1%	0%
16	82	Уақыт реалиялары	0%	0%	0%	0%	0%	21%	0%	14%	4%	0%	0%	6%	0%
17	101	Салт-дәстүр реалиялары	0%	1%	4%	8%	0%	0%	12%	7%	5%	3%	0%	4%	0%
18	23	Ұлттық ойындар реалиялары	0%	0%	0%	2%	0%	18%	0%	1%	1%	0%	0%	1%	0%
19	91	Өнер реалиялары	0%	1%	0%	8%	0%	0%	0%	0%	1%	0%	0%	1%	0%
20	14	Наным-сенім реалиялары	0%	0%	0%	1%	0%	0%	6%	0%	0%	1%	0%	0%	0%
21	14	Ру реалиялары	0%	0%	11%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	7%	0%
22	509	Әлеуметтік-саяси реалиялар	0%	40%	0%	9%	0%	7%	9%	2%	1%	14%	0%	15%	0%
23	137	Туыстық реалиялар	0%	8%	11%	4%	0%	0%	0%	3%	7%	7%	0%	5%	0%
24	130	Қаратпа реалиялар	0%	5%	0%	4%	0%	0%	9%	3%	2%	15%	0%	5%	0%
25	42	Діни реалиялар	0%	0%	7%	5%	0%	0%	0%	3%	3%	1%	0%	2%	0%

тақырыптық топтарында жиі қолданылған.

Ағылшын тіліне реалиялар орыс тілі арқылы аударылған. Осының салдарынан, К. Фитцпатрик реалиялардың 69 қолданысын бұрыс транслитерациялаған (аруана – aruana, айран – aryan, күлше – leryoshka–kulshe, отау – yurta–otau, туырлық – tyurlyk, уық – уук, кереге – kereg, ши – chia, көрпеше – korpeshkas, шолпы – sholps, sholpi, сүйінші – syuinsh, асық – asyki, ақсүйек – akseyek, ақын – akunay, кебеже – kebezh, алаша – alash, Алаш – Alasha). Аралық тіл арқылы транслитерациялағандықтан, орыс тілінде септеліп тұрған транслитерациялар сол күйінде ағылшын тіліне өтіп отырған. Бірқатар реалияларға мәтін барысында түрлі транслитерациялар беріліп отырған (koumiss, kumis, kumiss, sholps, sholpi, sholpy, korzhun, khordzhun, baibishe, baybishe), яғни бірізділік ережесі бұзылған.

Кейбір қисынсыз транслитерацияларға мәтіннен тыс және мәтін соңындағы сөздікте түсініктеме берілген (тақия – tybeteyka, киіз – koshma, қыстау – zimovka, күлше – leryoshki, сәлде – chalma, тымақ – treukh, шекпен – chekmen, көрпеше – korpeshka). Орыс тілінде де мұндай қателік бар (көрпеше – корпешка). Айта кететін жайт, *көрпеше* транслитерациясы да аудармада бар [111, б. 313]. Қорыта келе, реалияларды түпнұсқа тілінен, сөздік реалиясының бар-жоқтығын тексеріп алған соң ғана транслитерациялау қажет.


8. Мәтіннен тыс экспликациясы бар транслитерация/транскрипция тәсілі ең үнемсіз тәсіл болып табылады. Бұл куплет (екі тәсілдің қосындысы) ағылшын тіліндегі аудармада жиірек кездеседі (7%). Бұл тәсіл мәтіннің семантикалық компонентін мәтіннен тысқа, тіпті мәтін соңына шығарады. Бұл тәсілді “еріншек аудармашының тәсілі” деп атауға болады, себебі аудармашы жай ғана реалияның сөздіктердегі анықтамасын береді. Бұл тәсіл тек реалия мәтінде актив болғанда ғана, оның тек алғашқы қолданысында ғана қолданылуы тиіс. Мұндай тәсіл ағылшын тіліне киім-кешек реалияларын, орыс тіліне түйе түрлері, ас, киіз үй жабдықтары реалияларын беруде қолданылған.

Аталған тәсілді пайдалану кезінде ағылшын аудармашысы келесідей қателікке жол берген. Реалия түсініктемесі мәтін ішінде де, мәтіннен тыс та бір уақытта беріліп отырған (17 микроконтекст). Бұл реалия аудармасының үнемділік ережесін бұзатыны анық. Әрине, аудармашы реалия семантикасының реципиентке толық жетуін қамтамасыз еткісі келген, бірақ мұндай тәсіл көркем проза аудармасына кереғар. Көркем проза публицистикалық мәтін емес, сол себепті реципиентке аса көмек берудің, басқаша айтқанда дидактикалық аударма жасаудың қажеті жоқ.

Сілтемеде берілетін түсініктеменің мазмұнына да көңіл бөлген абзал. Ол барынша қысқа, реалияның актив семантикалық компоненттерін ғана қамту керек. Орыс тілінде де (тундук – отверстие в куполе юрты, шолпы – длинные серебряные сережки), ағылшын тілінде де (A chalma is a tunic) семантикалық қателер бар.

9. Транслитерация/транскрипция мен мәтін ішіндегі экспликация тәсілі екі тілде де тең дәрежеде қолданылған. Мәтіннен тыс экспликация секілді бұл куплетте де үнемділік ережесі сақталуы керек. Мәтін ішіндегі түсініктемеде

## 1-сурет. Реалиялардың орыс тіліне аударылу тәсілдері



CP – сөздік реалия

TT – транслитерация/транскрипция

ТЭ – транслитерация/транскрипция мен мәтіннен ішіндегі экспликация

ТС – транслитерация/транскрипция мен мәтіннен тыс экспликация

ФА – функционалдық аналог

К – калька

МА – мәдени аналог

Э – мәтін ішіндегі экспликация


Г – гиперониммен беру

КА – контекстуалдық аналог

ГТ – грамматикалық трансформация

Т – реалиялары түсірілген сөйлемдер

## 2-сурет. Реалиялардың ағылшын тіліне аударылу тәсілдері



аудармашылар көркем проза стилін бұзатын бірліктерді қосуы ықтимал (кереге – деревянные решетчатые переплетения юрты, баурсаки, курт, иримшик, жент и другие яства национальной кухни, Аттан! – традиционный боевой клич). Ғылыми анықтамаға ұқсас, дәстүрлі, ұлттық деген секілді бірліктердің қосылуы шығарма стиліне нұқсан келтіреді, эстетиканы жояды. Мұндай куплетте транслитерация жанына реалияның мәнін ашатын сын есімді (воинственный род адай), оның гиперонимін (верблюды-нар) не осы реалияның мәнін аша алатын етістік (мәселен, готовила куырдак, играл в аксуйек) қосқан да жеткілікті болуы мүмкін. Бұл куплет әсіресе бірыңғай реалиялардан тұратын сөйлемдерді аударуда тиімді (трех родов здесь люди – из алима, адая, табына). Сонымен, дұрыс қолданылған жағдайда бұл куплет актив реалияларды аударудың ең тиімді тәсілі болып табылады. Орыс тілінде киіз үй, жиһаз тақырыптық топтарында, ағылшын тілінде баспана, киіз-үй тақырыптық топтарында жиірек кездеседі (27, 28-кестелерді қараңыз).

10. Функционалдық аналог тәсілі өте сирек қолданылған. Орыс тіліндегі аудармада 2% микроконтекстілерде ғана кездеседі, ал ағылшын тілінде мүлде анықталған жоқ. Бұл тәсілді өте үнемді тәсілдердің қатарына жатқызамыз, себебі бұл тәсіл кезінде реалия семантикасы оқырманға таныс түпнұсқа реалиямен беріледі (кебеже – сундук, жалшы – батрак, келе – табун, шашбау – шолпы, үлек – нар, айран – кымран, т.б.). Оқырманға таныс түпнұсқа реалия ретінде сөздік реалия не алдыңғы контекстерде таныстырылған транслитерациялар алынады. Бұл тәсілді реалияның ұлттық бояуы актив кезінде пайдаланбаған дұрыс, себебі реалияның лексикалық мағынасы дәл ашылмайды. Орыс тілінде бұл тәсіл жиһаз, мал шаруашылығы, әлеуметтік-саяси тақырыптық топтарында жиі пайдаланылған.

11. Транслитерациялауға келмейтін, транслитерациясы қисынсыз болып шығатын реалияларды аударғанда калькалау тәсілін пайдалануға болады. Бұл тәсіл өте сирек қолданылған. Реалия сөз тіркесі түрінде келсе, әрі бір бөлігі баламасы бар сын есімнен болса, калькалау тәсілі қолданылуы мүмкін. Мәселен, соқыр, ақ, ақ боз (соқыр теке, ақ боз үй) сөздерін транслитерациялауға болмайды, себебі олардың баламасы бар. Бұл тәсіл орыс және ағылшын тілдерінде метеорология, ойындар, баспана, өнер реалияларын аударуда жиірек қолданылған.

12. Мәдени аналог тәсілі реалияның денотативті мағынасы актив болғанда пайдаланылады. Мәдени аналогты сәйкестендіру кезінде бірқатар талаптарды есте ұстау керек. Ең біріншісі – хронологиялық сәйкестік талабы (ауыл – аул, поселок, ақын – акын, поэт, шақырым – верста, километр). Тарихи реалияға орынсыз заманауи мәдени аналогтың берілуі реалияның анахронизмі деп аталады (шақырым – километр). Екіншісі, мекендік сәйкестік талабы. Бұл реалия аудармасының қолдану локациясының тарихи шындықпен сәйкес келмеуін білдіреді (сом – рубль), мұндай қателіктерді аналоцизм деп атайды. Сондай-ақ, реалия кейіпкерін ескеру талабы да бар. Реалия аудармасының реалия кейіпкерімен келіспеуі салдарынан туындайтын қателік анантропизм деп аталады (қамзол – camisole).

Мәдени аналог тәсілі доместикациялаушы тәсіл болып табылады. Ол аудармадағы мәтін шындығын бұрмалауы ықтимал (ақсүйек – игра в кости, шоңқайма етік – morocco boots). Форенизациялаушы стратегияны таңдағанда, әсіресе дін тақырыптық тобын аударғанда, мәдени аналог тәсілін қолданудан мүлде бас тартқан жөн (кесе – chalice, баба – holy Father). Бұл тәсіл орыс тілінде киім-кешек, жиһаз, салт-дәстүр реалияларын, ағылшын тіліне шаруашылық, киім-кешек, салт-дәстүр реалияларын аударуда пайдаланылған.

13. Тағы бір доместикациялаушы тәсілге экспликацияны жатқызамыз. Орыс тіліндегі аудармада 6%, ағылшын тілінде 10% микроконтекстінде кездеседі. Бұл тәсілде реалия бейтарапталып, оның семантикалық компоненттері түсініктеме арқылы көрініс табады, ұлттық-тарихи бояу жоғалады (шымылдық – занавес на шнурах, шұбат – верблюжье молоко, жамағайын – дальний родич). Бұл тәсіл реалия семантикасы пассив болғанда қолдануға тиімді, дегенмен үнемсіз тәсілдердің қатарына жатпайды. Қисынсыз экспликациялардың да болуы ғажап емес (тай шаптырым – at the distance of one gallop by a three-year-old stallion). Бұл тәсіл орыс тілінде киіз үй бөліктері, уақыт реалияларын, ағылшын тілінде шаруашылық, уақыт реалияларын беруде кездеседі.

14. Ең жиі кездесетін тәсілдердің бірі – реалия семантикасын жалпылайтын не нақтылайтын гипоним не гипероним тәсілі. Нақтылауға қарағанда жалпылаушы бірліктер жиірек қолданылады. Бұл доместикациялаушы тәсіл реалияның ұлттық, тарихи-мәдени бояуын толығымен жояды, сол себепті пассив реалияларды тәржімалауда қолданылуы тиіс, кері жағдайда реалияның маңызды семантикалық компоненттері жоғалып кетуі мүмкін (куырдақ – еда, кереге – стена, wall, бәйбіше – жена, wife, бөрік – шапка, hat). Екі тілде де ең жиі жалпыланған тақырыптық топ – жиһаз бен үй бұйымдары тобы.

Гипо-гипероним тәсілінде ұлттық, тарихи-мәдени бояу жоғалғанымен, орыс тілінде реалия семантикасының кейбір компоненттерін рең, тек мәнін тудыратын жұрнақтар арқылы беруге болады (бөрік – шапчонка, шапочка, жеңеше – тетушка, аруана – верблюдица, тайлақ – верблюжонок).

15. Контекстуалдық аналог тәсілінің мәні – реалия қызметін атқара алатын, бірақ семантикалық тұрғыда алшақ лексикалық бірліктің таңдалуында (босаға – порог, келсап – мотыга, ауыл – двор, қазан – kettle). Бұл тәсіл де доместикациялаушы тәсілдерге жатады. Контекстуалдық аналогты пайдалануда мәтін шындығы бұрмалануы ықтимал (жаулық – handkerchief, шолпы – сережки, ойсыл-қара – животи́на). Бұл тәсіл орыс тілінде киіз үй жабдығы, әлеуметтік-саяси реалияларды, ағылшын тілінде қаратпа сөз, шаруашылық, әлеуметтік-саяси реалияларын аударуда қолданылған.

16. Ең жиі кездесетін тәсілдердің тағы бірі – түсіру. Түсіру орыс тіліндегі аудармада да, ағылшын тіліндегі аудармада да 12% микроконтексте кездеседі. Бұл тәсілді таңдауға бірнеше фактор әсер етеді. Біріншісі – реалия семантикасының пассив болуы. Бұл жағдайда аудармашы аударма мәтіндегі ақпарат тығыздығын кеміту үшін, экзотизмдердің санын кемітеді. Сондай-ақ, бір реалия бір микроконтексте бірнеше рет қайталанған жағдайда, реципиенттің назарын экзотизмге аудармас үшін, реалия түсірілуі мүмкін. Дегенмен, актив



реалиялардың түсірілуіне жол беруге болмайды, себебі ол мәтіндегі актив семантикалық компоненттердің түсіп қалуына әкеледі. Реалия қолданыстары ең жиі түсірілген тақырыптық топ: екі тілде де әлеуметтік-саяси реалиялар.

17. Реалиялардың аудармаларында грамматикалық трансформация (көрпеше – постелила, жекжат – породнить, ауыл – сельский) техникасы қолданылған. Ол көбінесе орыс тіліндегі аудармада кездеседі (2%). Бұл техника көркем мәтін стилін сақтау үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, П. Ньюмарк атаған белгі беру техникасы ағылшын аудармасында пайдаланылған (реалиялардың курсивпен берілуі).

18. Жоғарыда аталған үнемділік ережесімен қатар, реалия аудармасында өзге мәдениет пен тарихқа, ұлтқа деген сыйластық ережесі де өте маңызды. Аударма мәдениет пен түпнұсқа мәдениет қаншалықты алшақ болса да, аудармашы мәдениет аралық коммуникация жаршысы ретінде өзге мәдениетке сый танытуы тиіс. Бұл тек қана түпнұсқа мәдениетін бұлжытпай жеткізуде ғана емес, түпнұсқа мәдениеті жайлы қосымша ізденуінде көрініс табуы қажет. Қазіргі таңда аударма ісін оңтайландыратын бағдарламалар да біршама. Дегенмен, оларды көркем аудармада пайдаланудың жөні жоқ (қыстау – зимовье – winter, тайтұяқ – small livestock). Жоғарыда аталған сыйластық ережесі осы машиналық аударманы қолдану жөнінде.

19. Жоғарыда транслитерациялардың біркелкі болуы керектігін айта отырып, бірізділік мәселесін көтерген болатынбыз. Реалия аудармасының бірізділігі дегеніміз бірнеше рет қайталанатын реалияны аудармада бір немесе екі түрлі нұсқамен ғана беру. Үш тілді параллель корпусты қараған кезде, реалиялардың аударма траекториясында негізсіз әрқилылық анықталды. Мәселен, романдағы *купі* реалиясы орыс тіліне *телогрейка*, *фуфайка*, *стеганка*, *куфи*, *купи*, *верхняя одежда*, *безрукавка* секілді жеті түрлі нұсқамен аударылған. Сол сияқты, тон реалиясына орыс тілінде *тулуп*, *полушубок*, *шуба*, *мех* секілді төрт түрлі нұсқа беріледі. Біздің ойымызша, нұсқалардың тым көп болуы аударма тілін байытпайды, керісінше, түпнұсқа шындығына нұқсан келтіреді, әрі аударма рецепциясын ауырлатады.

20. Аталған ережелермен қатар, реалия аудармасында тіркесімділік ережесі де аталуы тиіс. Бөгде мәдениеттің референті болғандықтан, аудармашы реалияның сөйлемде қандай сөздермен және қалай тіркесетінін, мәтін шындығымен жанасатынын білмей жатады (шымшым ірімшік – щепотка изюма, қаймақ қатқан шай – чай со сметаной, керегелердегі шилердің сарнауы – зашелестели чий на крышах, бесікке сүйеніп баласын емізу – склонилась над колыбелью, и стала кормить сына – leaning over the crib, she began to nurse her son). Көп жағдайда мұндай қателіктерге қостілді паронимия құбылысы себепші болып жатады (кебеже қарын кәрі мая – большой старый стог – a great old haystack, ақ жаулық, иегінің астынан орап тартып алған – на голове белый жаулык, перетянутый туго под мышками).

21. “Ақ боз үй” романындағы метареалиялар калькалау, экспликация, бейтараптау және түсіру тәсілдері арқылы аударылған. Бұлардың ішіндегі ең жиі кездесетіні – доместикациялаушы экспликация.

22. Метареалияларды аударудағы ең форенизациялаушы тәсіл – метареалиясы бар микроконтекстің сөзбе-сөз аудару, яғни калькалау. Калькалау тәсілі әдетте метареалияның ұғыну өте оңай болған кезде, яғни аударма мәтініне түсініктеме енгізудің қажеті болмаған жағдайда қолданылады (бет сипау – провести ладонями по лицу). Калькалау тәсілі, сондай-ақ, бір микроконтексте қатарынан екі немесе одан да көп рет қайталанған метареалияны аударуда қолданылады (Мэлс).

23. Метареалиялар мәтіннен тыс ақпаратты білдіретіндіктен, оларды аударуда жиі пайдаланылатын тәсілдердің бірі экспликация тәсілі, яғни түпнұсқадағы жасырын ақпаратты аудармада түсініктеме арқылы көрсету тәсілі болып табылады. Экспликация – метареалиялардың аудармаларында ең жиі қолданылған тәсіл. Бұл тәсіл экспликацияның мазмұнына қарай форенизациялаушы не доместикациялаушы болуы мүмкін.

24. Форенизациялаушы экспликация дегеніміз аударма мәтінде метареалияның денотативті мағынасын ашпай, аударма реципиентіне қандай да бір микроконтексте метареалияның бар екендігі жөнінде болмашы, кей жағдайда түспалданған ақпарат беру. Бұл тәсіл түпнұсқа авторының мақсатын, яғни қандай да бір ақпаратты жасыру, түспалдау мақсатын сақтауға көмектеседі. Форенизациялаушы экспликация лексикалық бірліктердің, оның ішінде одағайлардың қосылуы, қайталануы не тіпті лексикалық бірліктерге морфологиялық өзгерістер жасау арқылы жүзеге асырылады.

25. Доместикациялаушы экспликация жиірек қолданылған. Мұндай экспликация кезінде метареалияның денотативті мағынасы, ұлттық бояуы барынша толық ашылады. Доместикациялаушы экспликация мәтін ішіндегі не мәтіннен тыс түсініктеме арқылы беріледі. Метареалияның мәнін толық ашып беретін дидактикалық доместикациялаушы экспликацияға қарағанда форенизациялаушы экспликацияның артықшылығы басым екендігін аңғардық. Қорыта айтқанда, экспликация аударма мәтінінің стиліне нұқсан келтірмеуі қажет.

26. Метареалиялардың аудармасында бейтараптау стратегиясы да (бейтараптау) орын алған. Бейтараптау кезінде қандай да бір микроконтекст сөзбе-сөз аударылады, бірақ метареалия берілмейді. Калькалау кезінде аударма реципиентіне метареалияның бар екендігі ерекше сөз, тіркес, т.б. арқылы меңзелсе, бейтараптау кезінде аударма реципиенті мұндай ақпарат ала алмайды. Микроконтекстегі метареалия реалия-сөз арқылы меңзелсе, бейтараптау кезінде реалия-сөз, көп жағдайда, түсіріледі, оның орнына гиперонимі қолданылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Берілген диссертациялық жұмыста С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде реалияның негізгі белгілері анықталды: бірінші белгісі – оның аударма мәдениетінде не тілінде баламасының болмауы және екінші – оның ұлттық, тарихи-мәдени бояуының болуы. Аударматану ғылымының объектісі ретінде реалия бір тіл тұрғысында емес, кемінде екі тіл тұрғысында, яғни аударма үдерісі барысында анықталады. Екі тіл географиялық, мәдени, тарихи белгілері бойынша неғұрлым алшақ болса, бұл жұп арасында реалиялар да соғұрлым көбірек болады. Мәселен, қазақ-орыс тілдік жұбында реалиялардың саны қазақ-ағылшын тілдік жұбына қарағанда азырақ.

Зерттеуде реалиялардың мәтіндегі формасы анықталды. Олар мәтінде тек қандай да бір баламасы жоқ сөз не сөз тіркесі арқылы ғана емес, сондай-ақ мәтіннен тыс, автордың интенциясы бойынша меңзелген не жасырылған ақпарат түрінде, мәселен, символдар, аллюзиялар, ассоциациялар, пресуппозициялар түрінде де көрініс табады. Сәйкесінше, реалияларды реалия-сөздер және метареалиялар деген екі топқа бөлуге болады.

С. Елубайдың “Ақ боз үй” романы ұлттық реалияларға өте бай. Трилогиядан 420-ға жуық реалия-сөздің 2555 қолданысы мен метареалияның 80-ге жуық қолданысы анықталды. Осының негізінде зерттеу міндеттерін орындау мақсатында үштілді параллель корпус жасалды.

С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы реалиялардың тақырыптық, мекендік, уақыттық, тілдік жіктемесі жасалды. Сондай-ақ, реалияларды лексикалық мағынасының контекстуалдық маңызы бойынша актив және пассив реалия деп жіктеуге болатыны анықталды. Мұндай жіктемелер аударма тәсілін таңдауға әсер етеді.

С. Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясындағы реалиялардың доместикация/форенизация деңгейі анықталды. Орыс тіліндегі аудармада сөздік реалия (22%), транслитерация/транскрипция (20%) және гипо-гипероним (17%) тәсілдері, ал ағылшын тіліндегі аудармада транслитерация/транскрипция (35%) және гипо-гипероним (20%) тәсілдері ең жиі қолданылған. Өзге де тәсілдердің жиілігіне қарағанда, орыс тіліндегі аудармада доместикация (65%), ағылшын тіліндегі аудармада доместикация (51%) стратегиясы басым. Айта кететін жайт, орыс тіліндегі аудармада реалиялар қолданысының 12%, ал ағылшын тіліндегі аудармада 11% түсірілген. Ең тиімді тәсіл ретінде транскрипция немесе транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликация анықталды. Ағылшын тіліндегі аудармада белгі беру (курсив), грамматикалық трансформация секілді техникалар қатар қолданылған.

Зерттеу жұмысымызда метареалиялардың аударылу стратегиялары мен тәсілдері анықталды. Метареалияларды беруде форенизация, доместикация стратегиялары, олардың ішінде калькалау, экспликация (доместикациялаушы, форенизациялаушы), бейтараптау, түсіру тәсілдері пайданылған. Ең жиі

қолданылатын тәсіл – доместикациялаушы экспликация. Ең ұтымды тәсіл ретінде форенизациялаушы экспликация анықталды.

“Ақ боз үй” романының орыс тіліндегі аудармасындағы қателіктердің саны (0,5% жуық) ағылшын тіліндегі аудармамен салыстырғанда (4%) азырақ екендігі анықталды. Мұның себебі – аударманың аралық орыс тілінен жасалғандығы.

Реалия аудармасында кездесетін негізгі қателіктерге бұрыс транслитерация не транскрипция, әр түрлі транслитерациялар, тіларалық омонимия салдарынан семантикалық қате, реалия-сөздің басқа сөздермен дұрыс тіркеспеуі, дидактикалық аударма, анахронизм, аналоцизм, анантропизм және т.б. семантикалық қателер жатады. Біздің ойымызша, аталмыш қателерді болдыртпау үшін, аударманы баспаға дейін отандық аудармашы (мәселен, ағылшын тіліндегі аударманы) редакциялауы қажет.

Зерттеу жұмысында реалия аудармасының барабарлығы ұғымы нақтыланды. Реалия аудармасында түпнұсқадағы лексикалық бірліктің денотативті мағынасы, ұлттық бояуы, формасы, сондай-ақ лексикалық мағынасындағы контекстуалдық маңызды семантикалық компоненттері, стильдік жүгі ескерілуі керек.

Зерттеу нәтижесінде көркем прозадағы реалия аудармасының бірнеше ережесі тұжырымдалды:

- бөгде мәдениетті сыйлау ережесі,
- үнемділік ережесі,
- бірізділік ережесі,
- тіркесімділік ережесі.

